Главными типами контроля являются: **итоговый** – он организуется по результатам учебного года, обычно в виде письменного анализа выполненной работы, с подведением ее итогов; **текущий контроль**, который проводится в течение учебного года, отображает деятельность каждого структурных подразделений; **обобщающий** учитывает комплексный синтез качества организации, процесса и заключений воспитательной работы за конкретный отрезок времени и **тематический контроль** – предполагает анализ конкретных направлений воспитательной работы, возможно на уровне университета, либо на уровне отдельных структурных подразделений.

Система контроля воспитательной работы предусматривает осуществление мониторинга динамики уровня воспитанности студентов и качества организации воспитательной работы, которое также оценивается на основе ежегодного анализа воспитательной работы соответствующих структур университета.

Результаты анализа, а также отчеты по отдельным проблемам воспитания обсуждаются и оцениваются на расширенном ректорате и ученом совете университета.

Анализ воспитательной работы куратора студенческой группы, в письменной форме представляется им заместителю директора соответствующего института в конце учебного года. Отчет куратора по воспитательной работе может быть заслушан и оценен на заседании ректората.

УДК 37.013
МРНТИ 14.01.11

Г.Р. Бахтиярова¹

¹ педагогика ғылымдарының кандидаты (PhD), доцент, Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

ДӘСТҮРЛІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ МӘНДІК СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті зерттелуінің ғылыми мәндік сипаты және оның өзектілігі туралы мәселелер қарастырылады. Мәдениет, дәстүрлі педагогикалық мәдениет проблемасының бүгінде түрлі ғылым салаларында тұтас және дара тарихи-мәдени, этномәдениет механизмі ретінде қарастырылып, оны зерттеудегі жүйелілік қатынасы түсіндіріледі. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті кешенді, тарихи қалыптасқан тұтас жүйе ретінде және оның мәні мен маңызын, мазмұнын мәдени қатынас тұрғысынан жан-жақты талдап, жүйекұраушылық белгілерін анықтау туралы ғылыми тұжырымдар айтылады. Осы орайда бірқатар ТМД елдері ғалымдарының зерттеліп отырған мәселе бойынша этнопедагогикалық еңбектері негізінде дәстүрлі педагогикалық мәдениет ұғымының мәнін ашудағы көзқарастарына талдаулар жасалады. Сонымен қатар мақалада көптеген ғылым салалары үшін ортақ «мәдениет» ұғымына нақты түсінік беру мақсатында, бірқатар ғылыми анықтамалар жүйеленіп ұсынылады.

Түйін сөздер: халықтық педагогика, мәдениет, дәстүрлі мәдениет, дәстүрлі педагогикалық мәдениет, этномәдениет, этнопедагогикалық мәдениет.

Бахтиярова Г.Р.¹

кандидат педагогических наук (Ph.D.), доцент, АРГУ имени
К.Жубанова, г. Актобе, Казахстан

НАУЧНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТРАДИЦИОННОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы исследования актуальности и научной сущности традиционно-педагогической культуры казахского народа. Дается пояснение проблемы культуры, раскрываются особенности традиционной педагогической культуры в различных научных отраслях как целостный и самостоятельный механизм и как отдельные историко-культурные, этнокультурные механизмы, а также системность отношений в их исследованиях.

Традиционная педагогическая культура казахского народа рассматривается как исторически сформировавшаяся целостная система, а сущность и значение, содержание всесторонне анализируются с точки зрения культурологического подхода и делаются научные выводы по определению системообразующих признаков. В этой связи проводится анализ взглядов ряда ученых стран СНГ в раскрытии сущности понятия традиционной педагогической культуры на основе этнопедагогических трудов по исследуемой проблеме. Кроме того, в статье систематизирован и представлен ряд научных определений с целью дать четкое представление понятию «культура», общее для многих отраслей науки.

Ключевые слова: народная педагогика, культура, традиционная культура, традиционная педагогическая культура, этнокультура, этнопедагогическая культура.

G.R. Bakhtiyarova 1

A candidate of pedagogical sciences (Ph.D.), associate professor, at K.ZhubanovARGU, Aktobe, Kazakhstan

THE SCIENTIFIC MEANING OF TRADITIONAL PEDAGOGICAL CULTURE

Abstract

This article examines the problems of the study topicality and scientific matter of traditional pedagogical culture of Kazakh people. It is given a clarification of the culture problem, the peculiarities of traditional pedagogical culture as holistic and independent mechanism and as separate historical cultural ethnocultural mechanisms in different scientific branches, and also a systematic attitude in their researches.

Traditional pedagogical culture of Kazakh people is considered as a historically formed holistic system and the matter and meaning, content are analyzed far and wide, from a perspective of culture approach and scientific conclusions are made by identifying systematically important features. In this connection it is made the analysis of the scientists from CIS in expansion of meaning to traditional pedagogical culture on the basis of ethnopedagogical works on studied problem.

In addition, the varieties of a scientific definition are systematized and presented for the purpose of giving a clear presentation to the meaning of culture, which is «common» for many branches.

Keywords: folk pedagogics, culture, traditional culture, traditional pedagogical culture, ethnic culture, ethnopedagogical culture.

Еліміздің бүгінгі саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени салаларының дамуындағы жаңа стратегиялық бағдарлар, рухани-мәдени бетбұрыстар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы бүгінгі Ұлы дала төсіндегі қазақ мемлекетінің білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер әкелуде.

Әсіресе, еліміздің келешектегі кемелденуіне бағдар беріп, Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етудегі мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты тұжырымдамалық мақалалары көтерген ұстанымдар мен жаңа бастамалар өз ұлтымызға тән рухани, мәдени өмірдің өркендеуімен үйлесім тауып, жас ұрпақты ұлттық болмысты тануға, салт-дәстүрге, тілге, ұлттық өнерге өз елінің және әлем халықтарының тарихын құрметтеуге барша қоғам болып жұмыла тәрбиелеудің жауапты, басты міндет ретінде жүзеге асырылуын айқындап отыр [1; 2].

Бұл ұрпақтар жалғастығының, ұлтымызға тән дәстүрлі мәдениет сабақтастығының нығайуына зор ықпалын тигізері сөзсіз. Этникалық даму процесінде әр халықтың қол жеткізген тарихи тәжірибесі із-түссіз жоғалып кетпейтіндігі белгілі, ол ұлттық санада, мәдени-әлеуметтік және тұлғалық құндылықтар жүйесінде белгілі ретпен жинақталып, жетіліп отырады. Оған өзіміздің отандық философия, тарих, әдебиет, мәдениеттану, педагогика және т.б. ғылым салаларының зерттеу нәтижелері мен таным жолындағы қол жеткізген жетістіктері дәлел. Бұл жалпы адамзаттық, халықтық тарихи-мәдени, тұлғалық маңызды құндылықтар, озық танымдық, тәрбиелік идеялар негіз болған қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің ғылыми-теориялық мәнін, маңыздылығын терең танып, талдау, зерделеу қашан да күн тәртібінен түспейтін, көкейкесті проблема болып қалатындығын тағы бір айқындай түскендей. Өйткені өзінің табиғи дәстүрлі ізін сақтап келе жатқан қайсыбір халыққа тән педагогикалық мәдениет ең алдымен ұрпақтар сабақтастығын сақтаушы, әрі жан-жақты білімді, білікті, заман талабына жауап бере алатын, әлемдік бәсекеге қабілетті ұрпақ тұлғасын қалыптастырудың басты құралы екендігі сөзсіз. Демек, түп тамыры халықтық, этникалық мәдениеттен бастау алмаған, халықтық педагогикамен тығыз байланыспаған тәрбие мен білім берудің болуы мүмкін еместігін қоғамдық өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Сондықтан тұлға болмысын қалыптастыру заңдылықтарын танушы педагогика саласында «халықтық педагогикалық мәдениет», «этнопедагогикалық мәдениет» және «халық педагогикасы», «дәстүрлі педагогикалық мәдениет» ұғымдарының арнайы ғылыми-зерттеу еңбектерінің нысанасына айналып, уақыт талаптарына сай көкейкесті мәселе ретінде қаралуы заңдылық.

Тағы бір ықпал етіп отырған басты себеп – *мәдениет* проблемасының бүгінде түрлі ғылым салаларында тұтас және дара тарихи-мәдени, этномәдениет механизмі ретінде қарастырылуының анағұрлым кең ауқымды сипатқа ие болуы.

Тарихи-этнографиялық зерттеулер кез-келген этнос мәдениеті өзге халықтар мәдениетінен тыс дамымайды, қайта тұтас әлемдік мәдениетті құрай отырып, өзара дамуға ықпал етеді деген тұжырымның дұрыстығын айқындап отыр. Бүгінгі ұрпақ өз халқының төл мәдениетінің ерекшелігі мен құндылығын өзге халықтар мәдениетімен салыстыра отырып меңгеруі тиіс. Міне, осындай бүгінгі қоғамдық даму жағдайында педагогика, психология ғылымдары өзінің тұлғаға бағытталған этнопедагогикалық, этнопсихологиялық функциясын бұрынғыдан да барынша арттыруы қажет. Этнофакторлар күшін ескеруді міндеттейтін қазіргі педагог қызметінің әлеуметтік-мәдени, қоғамдық ықпал ету ортасы бұрынғыдан да кең ауқымға ие. Бұл орайда, әсіресе, Қазақстан этнопедагогикасы үшін өзінің зерттеу пәні, ғасырлар бойғы қалыптасқан тәрбие негізі – *қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінкешенді, тарихи қалыптасқан тұтас жүйе ретінде, оның мәні мен маңызын, мазмұнын мәдени қатынас тұрғысынан жан-жақты талдап, ғылыми-теориялық негіздеу және қол жеткізген нәтижелерді бүгінгі білім беру парадигмаларына сай әр жүйеде тиімді пайдаланудың жолдарын айқындау көкейкесті мәселе*. Бұл бүгінгі қоғамдағы ұстаздың оқу-тәрбие процесін жүргізуінде этностың материалдық және рухани өмірінде көрініс тапқан, жалпы ұлы дала халқы мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын дәстүрлі педагогикалық мәдениетті терең танып, тәжірибеде пайдалануға мол мүмкіндіктер береді.

Бүгінгі таңда педагогикалық зерттеулердің басымбөлігі зерттеу нысанын тұтас жүйе ретінде қарастырып, көрсететін, яки, зерттеу міндеттерін шешуге қажетті жан-жақты білімдер алуға мүмкіндік беретін ғылымдағы жүйелілік қатынас негізінде құруда. Сондықтан педагогикалық құбылыстар мен процестердің мәнін тану жолындағы басты мәселе жүйе жасаушы байланыстар мен қатынастардың ерекшелігін, олардың механизмін терең тану қажет [3, 139 б.].

Тарихи қажеттіліктен туындаған күрделі ұйымдасқан жүйені зерттеудегі жүйелілік қатынас ғылыми зерттеулердің фундаментальды стратегиясының бірі болып табылады. Соңғы кездегі орындалған көптеген этнопедагогикалық зерттеулер нәтижесі зерттеу нысаны болып отырған мәдениет типі туралы тұтас және даму үстіндегі объекті ретінде толық білім алуға мүмкіндік беретіндей, мәдениетті жүйелі талдаудың жоғары нәтижелігін көрсетуде.

Ғылыми ізденістерімізге арқау болып отырған қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің тұтас жүйе ретіндегі мәнін түсініп, талдауда осы жүйелілік қатынасты қолдану әдіснамалық әдіс ретінде тиімді. Жүйелілік қатынасты ұйымдастырудың бүгінде үш бағыты ажыратылған, атап айтқанда: *құрылымдық-функционалды талдау, құрылымдық және жүйелі талдау*. Алғашқы құрылымдық-функционалды талдау әлеуметтік топтардың өмір сүру үрдісін зерттеуге бағытталса, ал, құрылымдық талдау бұл тарихи зерттеулер үшін анағұрлым тиімдірек. Жүйелі талдау болса 1) зерттеу объектісін шынайы жүйе ретінде тануға; 2) жүйе бөліктері мен элементтерінің ұйымдасуын, құрамы мен құрылымын, жетекші байланыстарды анықтауға; 3) жүйенің сыртқы байланыстарын, олардың ішіндегі ең бастысын анықтауға; 4) жүйенің атқарушы функцияларын, оның өзге жүйелер ішіндегі рөлін анықтауға; 5) жүйе функциялары мен құрылымының диалектикасын талдауға; б) осындай негізде жүйе дамуының тенденциялары мен заңдылықтарын табуға мүмкіндік береді [4].

Осы байланыстар жүйесін шартты түрде зерттеу объектісінің ішкі және сыртқы ұйымдастырылуын сипаттайтын екі бөлікке бөлуге болады. Дәстүрлі педагогикалық мәдениетті зерттеуде де ішкі және сыртқы құрылымдарды ажыратудың мүмкіндігі бар.

Ал, *құрылым* – бұл тұтас жүйені құрайтын арнайы өзара байланыстар мен өзара әрекеттер, оларды ұйымдастырудың ішкі амалы деп түсіндіріледі [5, 113 б.].

Жүйе зерттеу объектісінің ерекшелігін, тіпті өмір сүру жағдайының өзгеруінде өзінің сапалық ерекшелігін сақтап қалуға ықпал ететін, оның орнықтылығы мен тұрақтылығын сипаттайды.

Жүргізілген теориялық талдаулар дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің тұтас жүйе екендігін көрсетті, сондықтан біздің зерттеу нысанымыз болып табылатын қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті ғылымдағы жүйелілік қатынас тұрғысынан талдаудың пәні бола алады. Түрлі ғылыми пайымдаулар бізге мәдениет теориясын қарастырудағы жүйелі қатынас зерттеу объектісінің жүйеқұраушылық белгілерін анықтауға (яки, біздің зерттеуіміздегі дәстүрлі педагогикалық мәдениет ұғымының анықталуы); құрылымды талдауға; жүйе дамуының заңдылықтарын анықтауға; қажетті жағдайды нақты болмыстағы шынайылықпен салыстыруға; ғылыми-әдістемелік кешендер жасауға (қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетін бүгінгі жоғары білім беру жүйесінде пайдалану) мүмкіндік береді.

Ғылыми тұжырымдарды ескере келе, біз зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған дәстүрлі педагогикалық мәдениет мәнін сипаттайтын талдаулар негізінде алдымен «мәдениет» ұғымынан бастау алатын «педагогикалық мәдениет», «тәрбиенің дәстүрлі мәдениеті», немесе осы ұғымға жақын, бір мәнде кеңінен қолданылатын «дәстүрлі педагогикалық мәдениет», «халықтық педагогика» ұғымдарының өзара байланысын зерттеп, олардың ара-жігін ашып талдау қажет деп білеміз. Бұл орайда ең алдымен біздің зерттеулерімізде әр кезеңде орындалған, түрлі халықтардың ұрпақ тәрбиесімен байланысты этникалық материалдық және рухани өмір сферасын құрайтын дәстүрлі педагогикалық мәдениетті түрлі қырынан зерттеу пәні ретінде талдап, қарастырған ғалымдар: Б.А. Кадыров (Өзбек), А.Л. Бугаева (Сібір халықтары), Х.Х-М.Батчаева (Қарачай), В.Г. Закирова (Татар), С.А. Возняк (Сібір халқы), З.М. Урусова (Қарачай) және т.б. зерттеулері негізге алынды. Ескере кететінбір жайт, біздің көпшілік отандық этнопедагогика саласынан орындалған ғылыми зерттеулерде ізденушілердің басым бөлігі «қазақ халық педагогикасы», «қазақ тәлім-тәрбиесі», «қазақ этнопедагогикасы», «этномәдениет», «этномәдени білім мен тәрбие», «ұлттық тәрбие» ұғымдарын тірек етіп алатындығы аңғарылды.

Өткен ғасырдың соңы мен жаңа мыңжылдықтың бас кезеңінде ТМД елдерінің түрлі өңірлерінде халық педагогикасын «дәстүрлі педагогикалық мәдениет» ұғымы тұрғысынан зерттеуде бірқатар жұмыстар атқарылды. Жүргізілген жан-жақты талдаулар барысы осы уақыт ішінде докторлық және кандидаттық диссертациялардың, ғылыми еңбектер мен мақалалардың үлкен бір шоғыры жазылып, жарық көргендігін аңғартты. Олардың қатарында «халық педагогикасы», «тәрбиенің дәстүрлі мәдениеті», «дәстүрлі педагогикалық мәдениет» ұғымдарын арқау етіп, осы категориялардың ара-жігін ажыратып, талдап, тұжырымдауға талпынған жоғарыда есімдері аталған ғалымдар зерттеулері айрықша ғылыми құндылыққа ие. Осы зерттеулерде *халықтық педагогика* түсінігімен өзара тығыз мәнді байланыста қолданылатын *дәстүрлі педагогикалық мәдениет* ұғымы туралы тұжырымдар жасалып, түсініктер беріледі. Авторлар пайымдауынша түрлі халықтардың ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан бала тәрбиесі жөніндегі тәжірибесінің жиынтығын құрайтын халықтық педагогика мен жалпы халықтық мәдениеттің бір саласы ретінде қаралатын дәстүрлі педагогикалық мәдениет – тұтас жүйе ретінде қарастырылып, оның ұзақ уақыт ішіндегі тарихи, әлеуметтік-саяси және экономикалық өмір жағдайларындағы қалыптасу жолы, ерекшелігі, дерек көздері ашып көрсетіледі. Әр халықтың тарихи-этникалық қалыптасуы барысында жинақталған мәдени мұралары мен дәстүрлі тәрбие құралдарына, әдіс-тәсілдеріне мазмұндық тұрғыдан сипаттама беріледі және т.б. мәселелер сөз болады. Олардың ішіндегі ауқымды еңбектердің бірі ретінде Б.А. Кадыровтың докторлық зерттеуін айту орынды [6].

Онда өзбек халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің негізгі қалыптасу жолы талданып, озық педагогикалық идеялар ретінде халық даналығының классикалық дерек көздері анықталып, жүйеленген және оларды жас ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың мүмкіндіктері көрсетіліп, өзбек халық педагогикасын оқу-тәрбие мекемелерінде балалар мен жастарға түрлі бағыттарда тәрбие беру тәжірибесінде тиімді пайдаланудың принциптері мен өлшемдері жасалып, дәстүрлі педагогикалық мәдениет немесе автор көрсеткендей халықтық педагогика ұғымдарына анықтама беріледі.

Бүгінде саны аз Сібір халықтарының дәстүрлі педагогикалық мәдениетін кешенді зерттеуде А.Л. Бугаеваның докторлық диссертациясы – көңіл қоюға тұрарлық еңбек [7].

Бұл зерттеу Сібір халықтарының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің мәнін, факторларын және құралдарын негіздеп, этникалық тәрбие жүйесі ретіндегі Сібір халықтарының дәстүрлі педагогикасының негізгі идеялары мен тәжірибесін анықтап, оның ерекшеліктерін, айрықша мәнге ие әлеуметтік-мәдени функциясын талдап береді. Автор Сібірліктердің дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің қызмет ету формалары мен мазмұнын ашып, Сібір мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің демократиялық идеялары мен педагогикалық дәстүрлерінің сабақтастығын көрсетуге талпынады. Сондай-ақ еңбекте жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде халықтық педагогикалық тәжірибені пайдаланудың негізгі шарттары мен перспективалары анықталып, орта арнаулы педагогикалық оқу орындары үшін оқу құралдары, білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институттары үшін халықтық педагогика бойынша арнайы курс жасалып ұсынылады.

Дәстүрлі педагогикалық мәдениет теориясын жетілдірудегі ғылыми еңбектер бағытын кавказ халқы қарачайлардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің қалыптасып, даму процесін зерттеуді мақсат еткен Х.Х-М.Батчаеваның докторлық ізденісі де белгілі дәрежеде толықтырады [8].

Ол қарачай халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің қалыптасып, дамуына ықпал еткен тарихи-әлеуметтік шарттарды жан-жақты зерттеп, талдаған және оның тарихи даму кезеңдерін

анықтауға талап жасаған еңбек. Бұл зерттеудің тағы бір құндылығы – автор осы сөз болып отырған проблеманы жүйелі түрде шешуге талпынған. Еңбекте қарачай отбасының этнопедагогикалық кеңістігін құрайтын құрылымдық компоненттер теориялық тұрғыдан негізделіп, дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің маңызды элементі ретінде отбасы жағдайындағы дәстүрлі тәрбие жүйесінің тарихи даму кезеңдері анықталып, тұжырымдалады.

Ғылымда әсіресе, 2000 жылдардың бас кезеңінде ізденушілер отбасы тәрбиесінде көрініс тапқан дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің зерттелуіне аса көңіл бөле бастады. Осы орайда «Татар отбасының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті» атты В.Г. Закированың (2002 ж.) докторлық және З.М. Урусованың «Қарачай отбасының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті кіші мектеп оқушысы тұлғасын қалыптастыру факторы ретінде» деген тақырыпта орындалған кандидаттық диссертацияларын (2005 ж.) да ерекше атауға болады.

Сондай-ақ, ұлы дала мәдениетінің көрінісі ретінде біздің бүгінгі зерттеулерімізге арқау болып отырған қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті ерекшелігін этногенездік тұрғыдан анықтауда қазақ *философтары*: Н.Сәрсенбаев, Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, О.А. Сегізбаев, М.Орынбеков, Ғ.Есім, А.Тайжанов, Ж.Алтаев, Э.С. Сұлтанғалиева, қазақ тарихы жөніндегі орындалған ғалымдар: Л.Н. Гумилев, М.Қозыбаев, Б.Қ. Албани, С.Г. Кляшторный, Т.Омарбеков және т.б. мен танымал *этнографтар*: Ж.Артықбаев, Х.Арғынбаев, Ж.Қаракөзова, С.Кенжеахметұлы, Б.Кәмәләшұлы еңбектері талданып, негізге алынып келеді. Сонымен қатар *қазақ фольклористикасы* саласынан зерттеушілер: Ә.Диваев, В.Радлов, А.Қоңыратбаев, С.Мұқанов, С.Қасқабасов, Б.Адамбаев, А.Сейдімбек, Ә.Табылдиев, Н.Келімбетов, ал *қазақ мәдениеттану* ғылымы саласынан: Т.Х. Ғабитов, Ә.Хасенов, Х.Маданов, Г.К. Шалабаев, А.А. Мұқатаева, Қ.Б. Кемелбеков еңбектері ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан тірек болды.

Біздің пайымдауымызша, «мәдениет» ұғымы негіз болған *қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетін* зерттеуде ең алдымен «мәдениет» терминінің ғылымда түсіндірілу мәнін жоғарыда біз атап өткен танымдағы жүйелілік қатынас негізінде талдап, осы ұғымның қалыптасу жолын, тарихын жан-жақты танып, мәдениет теориясын кешенді талдап, түсіну қажет.

Сондықтан осы мақала мазмұнында біз ең алдымен бүгінде көптеген ғылым салалары үшін ортақ «*мәдениет*» ұғымына түсінік бере кеткенді жөн деп білдік. Қазірде философия, тарих, мәдениеттану, педагогика секілді гуманитарлық ғылымдарға тән «*мәдениет*» ұғымы бірнеше анықтамаларға ие. Ғылыми зерттеулерде осы «мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар өте көп, тек ағылшын тілді әдебиеттердің өзінде 160-тан астам, ал жалпы Батыс Еуропада 250-ден астам анықтама берілгендігі айтылады.

«Мәдениет» ұғымы аясында жүргізілген талдаулар, бұл категорияның адамзат өмірінде қолданыс табу тарихы өте тереңде жатқандығын және ол туралы бүгінгі ғылымда сан-алуан пікірлер мен көзқарастардың орын алатындығын аңғартты. Енді сол пайымдаулардың кейбіріне нақты тоқталып өтейік.

Бүгінгі отандық «Мәдениеттану» оқулықтарында ғалымдар «мәдениет» сөзінің этимологиясына, яғни, осы ұғымды білдіретін сөздің шығу тегіне тоқтала келіп, біздің ана тілімізге бұл термин арабтың «маданият» – қала, қалалық деген сөзінен енген деп түсінік береді [9, 6-7 б.].

Зерттеушілер бұл ұғымды ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланыстыра келе, көне замандағы «культура» сөзі (*cultura* – көне латынның өңдеу, жасау) «жерді өңдеу» деген мағынаны бергендігін айтады. Ғылыми еңбектердегі түрлі көзқарастарды талдау қоғамдық өмірдегі өркениет (цивилизация) барысында «мәдениет» ұғымының мағынасы көп өзгерістерге ұшырағандығын көрсетті.

Ресейлік мәдениеттанушы ғалымдардың талдауларына сүйенсек, ілкі уақыттарда жабайы өсімдіктерден ерекшеленетін тек адамдардың баптап, арнайы күтімімен өсірілген өсімдіктер дүниесіне қатысты ғана «мәдениет» сөзі қолданылған деген тұжырымдарды кездестіреміз.

Н.В. Голик өзінің «Этническое в культуре» атты зерттеуінде мәдениет сөзі көне латын тілінен алынған және ілкі уақытта ол *agricultura* – жер тынайтқышы деген тұжырымды білдірген деп жазады [10, 47 б.].

Бүгінгі ғылымдағы дәстүрлі түсінік бойынша мәдениет (лат. *Cultura* – *возделывание, обрабатывание*) – адамзаттың тұрмысы мен санасының барлық түріндегі әлеуметтік озық шығармашылық қызметі болып табылады.

Теориялық пайымдаулар тұтас мәдениеттанушылық қатынас тұрғысынан ағанда «мәдениет» терминінің кең ауқымдағы қолданысқа ие, универсалды топқа жататындығын көрсетті. Ол өзіндік

түрліше түсіндірілу ерекшелігіне байланысты танымның әр алуан саласында кеңінен қолданылады. Ғылым салаларына қарай философиялық, педагогикалық, мәдениеттанушылық әдебиеттерде «мәдениет» ұғымына берілетін анықтамалардың мағынасы мен мазмұндары да әр ғылымның зерттеу пәніне қарай түсіндірілуі де заңдылық.

Осыған орай біз өз зерттеулерімізде «мәдениет» ұғымын түрлі ғылым салалары (философия, қазақ тілі, әлеуметтану, саясаттану және т.б.) тұрғысынан мазмұндық тұрғыдан талдап, арнайы кесте бойынша бір жүйеге келтіріп қарауды ұсынамыз (кесте 1). Кесте мазмұнында орын алған анықтамалар жүйесі түрлі кезеңдерде әр түрлі ғылым салаларында «мәдениет» ұғымына өзіндік зерттеу пәндеріне орай түсінік беруге талпыныстар жасалып отырғандығын көрсетеді және осындай түрлі бағыттағы көзқарастар бірін-бірі мазмұндық жағынан толықтырып, этностық ерекшелікке негізделген мәдениет мәнін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан жан-жақты, терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен «мәдениет» ұғымына жүргізілген жан-жақты талдаулар барысы мәдениет саласына қарай *көп түрлі* (адамзат мәдениеті, әр түрлі дәуірлер мәдениеті, әр түрлі елдер мен ұлттар мәдениеті т.т.) және *аса күрделі, әрі көп деңгейлі* құрылымға ие жүйе (дүниежүзілік, ұлттық, материалдық, рухани) деген тұжырымның дұрыстығына көз жеткізуге мүмкіндік берді [11, 5-7 б.].

Кесте 1 – «Мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар жүйесі

Ғылым саласы	Анықтамалар
<i>Мәдениет дегеніміз:</i>	
Философия	– (лат. Cultura – өсіру, өндіру) адамзаттың болмыс пен сананың барлық салаларындағы әлеуметтік прогрестік шығармашылығы қызметі; бұл қызмет заттандыру (қазыналар, нормалар, т.б. жасау) және затсыздандыру (мәдени мұраны менгеру) процестерінің диалектикалық бірлігі болып табылады, өмір шындығын өзгертуге, адамзат тарихының байлығын жеке адамның байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін барынша айқындап, дамытуға бағытталады. Тар мағанадағы мәдениет материалдық (техника, өндіріс тәжірибесі, материалдық қазыналар). Кең мағынада рухани (ғылым, өнер, әдебиет, мораль, ағарту т.б) құндылықтар.
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі	– адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі» деген анықтама орын алған.
Әлеуметтану	– әлеуметтік қатынастарда заттарды, идеяларды, құндылықты түсініктерді жасауға, игеруге, сақтау мен таратуға бағытталған, алуан түрлі әлеуметтік ситуацияларда адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін әлеуметтік күрделі динамикалық құрылым ретінде қарастырылады. Адам мәдениетінің көрінісі әлеуметтану тұрғысынан үш негізгі белгімен анықталады. Біріншіден, адамның қоршаған табиғатқа қатынасы; Екіншіден, мәдениет – адамның басқа адаммен қатынасы; Үшіншіден, мәдениет – адамның өзіне өзінің қатынасы, яғни адамның үнемі өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі тануы, өзін-өзі дамытуы.
Саясаттану	– өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар, адамның өзін-өзі ұстауы жөніндегі жарлық, қаулылар жүйесі. Ол қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған ең алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың, топтардың, ұлттардың өзін-өзі мәдени ұстай білуі, осы жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті кіреді.
Педагогика	– (лат. Cultura – қайта жасау, тәрбие, даму, құрмет тұту) – қоғам дамуының белгілі бір деңгейі, адамдар өмірінің ұйымдастырылу типтері мен формаларында, қызметінде, олардың қарым-қатынасында және олар жасаған материалдық, рухани құндылықтарда көрініс тапқан адамдар қабілеттері мен шығармашылық күші. Білім берудегі мәдениет оның мазмұнын құрайтын табиғат, қоғам, қызмет амалдары жөніндегі білім көздері, адамдардың өзін қоршаған ортадағы адамдарға, еңбекке, қарым-қатынасқа және т.т. деген эмоционалды-еріктік және құндылықты қатынасы.

Осындай түрлі кезеңдерде, түрлі ғылым саласында қолданыс тауып отырған «мәдениет» түсінігіне берілген анықтамалар негізінде біз, *«мәдениет» – қоғамдық-тарихи тәжірибе барысында адамзат жасаған және жасай беретін, адамдардың өмірдегі қызмет ету формасынан, рухани және материалдық құндылықтардан көрінетін қоғамның белгілі бір даму деңгейінің көрсеткіші, адамдардың түрлі саладағы шығармашылық еңбегінде (ақыл-ой және қол еңбегі) қол жеткізген жетістіктері деген өзіндік тұжырымға келдік.*

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезеңінде «мәдениет» терминін екі жақты түсіндіруге талпынған көзқарастар пайда болып, этнография ғылымы саласында белсенді зерттеле бастады. Бұл көзқарастар *бір жағынан* алғанда мәдениетті тұлғаның ішкі рухани дүниесінің мазмұны деп сипаттаса, *екінші жағынан* сыртқы материалдық қоғамдық форма ретінде тұжырымдап беруге талпынды.

XIX ғасырда мәдениет проблемасымен етене айналысқан әйгілі ағылшын ойшылы Эдуард Бернеет Тайлор (1832-1917) мәдениетті үздіксіз дамудағы процесс деп түсіндіре отырып, «Мәдениет пен өркениет кең, әрі этнографиялық мағынада – білімнен, наным-сенімдерден, өнерден, адамгершіліктен, заңдардан, салт-дәстүрлерден және қоғамның мүшесі ретіндегі адамның игерген дағдылары мен түрлі қабілеттерінен құралады» деп тұжырымдады [12, 18 б.].

Бүгінде зерттеушілердің басым бөлігі мәдениетті материалдық және рухани деп екі салаға бөліп қарастырса, енді біреулері, мәселен М.С. Каган мәдениеттегі өнердің атқаратын рөлін анықтай отырып, мәдениетті үш салаға бөліп қарастыруды ұсынады: *материалдық, рухани және көркем мәдениет* [13, 188 б.].

Материалдық мәдениет адамзат қызметінің барлық сферасын, оның нәтижелерін, қоғам өмірі мен адамның физикалық өмір сүруінің материалдық жағдайын құрайтын барлық белгілі бір заттанған формадағы нәрсені қамтиды. Өндіргіш күштердің даму деңгейімен анықтала отырып, ол рухани мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының базасы ретінде қызмет атқарады.

Рухани мәдениет ретінде рухани құндылықтар жиынтығы (ғылым, білім беру, өнердегі ойлары мен жетістіктері), сонымен қатар өмірде осы құндылықтарды бөлу мен ұтымды пайдалануға бағытталған, адамдардың ерекше ұйымдастырылған, әлеуметтік маңызды шығармашылық қызметімен түсіндіріледі. Рухани мәдениет бірнеше сфераны ерекшелейді, оның ішінде, саяси, адамгершілік, эстетикалық, ғылыми, білім беру мен ағарту, еңбек мәдениеті және т.б.

Сонымен біз жоғарыда талдап өткен «мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар мазмұны мен оның қалыптасу тарихы бұл терминнің адамзат өмірінің өркендеуімен бірге өз мәнін өзгертіп, ұзақ дамудан өткендігін анықтап берді. Бір ерекше айтылатын жайт, қай ғылым саласында болмасын зерттеушілердің мәдениет түсінігі аясындағы берген тұжырымды ойларының негізінде осы ұғымды тәрбие және білім берумен тығыз байланыстырып қарастыратындығы аңғарылады. Бүгінде білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие жер бетіндегі барша халықтар мәдениетінің қайнар көзі, бастауы.

Мәдениетті адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ, олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі деп те түсінуге болады. Осы «мәдениет» ұғымының пайда болып, қалыптасуы көне дәуірлерден бастау алса ал, барша адамзатқа тән дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің, яки, адамзаттың дүниеге ұрпақ әкеліп, оны өркениет барысында тәрбиелеу – тәрбиелену, үйрету – үйрену, оқыту – оқу іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға (қоғамдық-тарихи тәжірибені үйрету процесі) бағытталған мақсатты іс-әрекеттері жүйесінің тарихы да сонау көне замандардан бастау алатыны ақиқат. Біз де өз еңбектерімізде қоғамдағы *тәрбие мен білім беруді* адамзат өмірінде айрықша орын алатын *рухани мәдениеттің маңызды, әрі ажырамас, міндетті элементтері* деп қарастырамыз. Өйткені, қай қоғамда болмасын тәрбие мен білім беру *біріншіден* мәдениеттің даму деңгейін бейнелесе, *екіншіден*, оны байытып, дамытушы, әрі оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру құралы қызметін де атқарады.

Бүгінгі ғылымда мәдениетті *материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі, адам қызметінің ерекше амалы, тұлғаның мәнді күшін шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіріп жүзеге асыру процесі деп қарастырушы* бағыттар бар.

Сонымен мәдениет теориясына жасалған талдаулар, бізге *біріншіден*, мәдениет ұғымының мәнін, оның құрылымын, құрылымды жүйелерінің атқаратын функцияларын анықтауға мүмкіндік берсе; *екіншіден*, мәдениет теориясының фундаментальды негізі этносқа қатысты алғанда мәдениеттің қандай орын алатындығын анықтап, мәдениет пен этникалық тәрбиенің өзара байланысын түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар дәстүрлі тәрбие жүйесіндегі мәдениеттің рөлін анықтап, дәстүрлі педагогикалық мәдениет мәнін, мазмұнын, этникалық тәрбие құралдарын, әдістерін негіздеп жүйелеуге жол ашады.

Сондай-ақ түрлі ғылым салалары тұрғысынан «мәдениет» ұғымы әр түрлі аспектілерде қарастырылған зерттеулерді талдау, оның қоғамдағы функционалды (қызметі) бағыттылығы туралы да түсінік берді. Демек, мәдениет адамзат болмысындағы барлық нәрсеге қатысты өмір сүреді. Мәдениеттің бүгінгі таңда атқаратын басты функцияларына қатысты маңызды объектілері: *қоғам, адам және оның ішкі әлемі* болып табылады. Әрине, қандайда болмасын мәдениет екі қызмет ету

объектісіне ие. Атап айтқанда, объективті – қоғам және субъективті – тұлға. Объективті жағы – қоғамдық қалыптасқан дәстүрлі педагогикалық мәдениет немесе қоғамның этнопедагогикалық мәдениеті болса, ал біздің танымдық саламыздағы субъективті жағы – педагог маман тұлғасының этнопедагогикалық мәдениеті болып табылады.

Сонымен тұжырымдай келе, осындай ғылыми ұғымдар мен құбылыстар, процестер арасындағы мәнді, тұрақты байланыстарды ажыратып түсіну, бізге бүгінгі педагогикалық процесс тәжірибесінде уақыт талабына сай жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыруда, әсіресе ұлттық кодымызды сақтап қалудағы жас ұрпақ бойында ұлттық сана мен рухты тәрбиелеуде, ұлы дала мәдениетін келешек ұрпаққа жеткізуші этнопедагогикалық мәдениеті жоғары, кәсіби құзыретті маман-педагогтар даярлығын жүзеге асыруда нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер береді. Ал бұл бізді бүгінгі ЖОО жағдайында сапалы этномәдени білім мен тәрбиенің жүзеге асуы нәтижесіндегі педагог тұлғасының этномәдени құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Өйткені ұлттық сана, ұлттық рух – жас ұрпақты терең ойлы тектілікке бастайтын негізгі рухани қару.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». //Егемен Қазақстан. – Астана, №70, 12 сәуір. 2017.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» Мақаласы. 2018. 21.11. <http://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-zheti-qyry>.
3. Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования. – М.: Академия, 2001. – С.208.
4. Котожеков Г.Г. Философско-социологический анализ национальной культуры: Автореф. дис. ...докт. филос. наук. – М., 1991. – С. 44.
5. Барг М.А. Категории и методы исторической науки. – М.: Наука, 1984. – С. 342.
6. Кадыров Б.А. Традиционная педагогическая культура узбекского народа. (История. Теория. Практика): Дисс. ...докт. пед. наук. – Термез, 1991. – С.354.
7. Бугаева А.Л. Традиционная педагогическая культура народов севера: Дисс. ...докт. пед. наук. – М., 1996. – 383 с.
8. Батчаева Х.Х.– М. Традиционная педагогическая культура карачаевского народа. (История, теория, практика): Дисс. ...докт. пед. наук. – Казань, 2002. –С. 440.
9. Габитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану. – Алматы: Қаржы-қаражат, 2003. – 408 б.
10. Голик Н.В. Этническое в культуре. – Санкт-Петербург, 2002. – С.256.
11. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 312 б.
12. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. /Пер. с англ. – М.: Политиздат, 1989. – С.573.
13. Каган М.С. Человеческая деятельность (Опыт системного анализа). – М.: Политиздат, 1974. – С.328.

УДК 37.017:39
МРНТИ 14.43.47

Аипова А.К.¹

¹Докторант 2 курса специальности 6D010300 – Педагогика и психология,
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар, Республика Казахстан,

Бурдина Е.И.²

²Д. п. н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова
г. Павлодар, Республика Казахстан

ПОНЯТИЕ «ЭТНОС» В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Аннотация

В данной статье авторы рассматривают одно из основных понятий этнопедагогике: этнос. В разные периоды известными учеными (Ю.В. Бромлей, В.В. Пименов, Л.Н. Гумилев, Н.Я. Данилевский, В.А. Тишков и др.) был создан ряд концепций этноса. Знакомя читателей с различными подходами к интерпретации понятия этнос, авторы статьи выявляют достаточно существенные различия между современными подходами. Однако, по мнению авторов, для психолого-педагогических исследований, где этнос рассматривается как психологическая общность, важны не различия, а то общее, что есть во всех подходах – признание этнического самосознания (этнической идентичности) одной из важнейших характеристик этноса.

Ключевые слова: этнопедагогика, этнос, этническое самосознание, этническая идентичность, национальное самосознание, национальная идентичность.

А.К. Аипова¹

¹6D010300 – Педагогика және психология мамандығының 2 курс докторанты
С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы,

Е.И. Бурдина²

²Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ «ЭТНОС» ҰҒЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада авторлар этнопедагогикадағы негізгі ұғымдардың бірі – «этнос» ұғымына көңіл аударады. Өртүрлі кезеңдерде белгілі ғалымдар (Ю.В. Бромлей, В.В. Пименов, Л.Н. Гумилев, Н.Я. Данилевский, В.А. Тишков және т.б.) «этнос» ұғымының бірқатар тұжырымда-масын жасаған болатын. Оқырмандарды «этнос» ұғымын түсіндірудегі бірнеше көзқараспен таныстыра келе, авторлар олардың елеулі айырмашылығын айқындайды. Алайда, авторлардың пікірінше, этнос – психологиялық қауымдастық деп белгіленетін психологиялық-педагогикалық зерттеулер үшін маңыздысы – көзқарастар арасындағы айырмашылықтар емес, ұқсастық – этникалық сана-сезімді (этникалық сәйкестілікті) этностың ең басты сипаттамаларының бірі ретінде қарастыру болып табылады.

Түйін сөздер: этнопедагогика, этнос, этникалық сана-сезім, этникалық сәйкестілік, ұлттық сана-сезім, ұлттық сәйкестілік.

Aipova A. K.¹

¹Candidate for a doctor's degree 2-doctoral course by speciality 6D010300 – Pedagogy and Psychology, Pavlodar State University named after S. Toraigyrov, Pavlodar, Kazakhstan,

Burdina E. I.²

²Doctor of Education, professor
Pavlodar State University named after S. Toraigyrov, Pavlodar, Kazakhstan

CONCEPT OF ETHNOS IN PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL RESEARCHES

Abstract

The article deals with the interpretation of one of the initial concepts of ethnopedagogics: ethnos. During different periods famous scientists (Yu.V. Bromley, V.V. Pimenov, L.N. Gumilev, N.Ya. Danilevsky, V.A. Tishkov, etc.) created a number of theories of ethnos. Acquainting readers with various approaches to interpretation of the concept of ethnos, the authors of the article reveal essential differences between modern approaches. However, according to the authors, for psychological and pedagogical researches where ethnos is considered as psychological community, the ethnic consciousness (ethnic identity) is recognized as the most important characteristic of ethnos.

Keywords: ethnopedagogics, ethnos, ethnic consciousness, ethnic identity, national consciousness, national identity.

Этнопедагогика изучает традиционную практику воспитания и обучения, которая исторически сложилась у различных этносов – народную педагогику. У науки этнопедагогика своя особенная система понятий и терминов. Сущность этнопедагогики выражают понятия, которые относятся не только к этнопедагогике, но и понятия, адаптированные ею к своей специфике из таких наук как этнология, культурология, этнопсихология, педагогика. Это понятия этнос, народ, нация, народная педагогика, традиционное народное воспитание, этническое воспитание, традиции воспитания, народная культура, этническая культура, этническая идентификация, национальная самобытность, национальный характер.

В данной статье мы рассмотрим одно из основных понятий этнопедагогики: этнос – «одного из удивительнейших творений природы и истории» [1, С. 3].

В научный оборот понятие «этнос» было введено в 1923 году русским учёным С.М. Широкогоровым. В советской этнографии термин «этнос» рассматривается как основной тип этнической общности. Хотя в разные периоды времени известными учеными (Ю.В. Бромлей, В.В. Пименов, Л.Н. Гумилев, В.А. Тишков и др.) был создан ряд концепций этноса, значение термина этнос до сих пор остается неоднозначным. В Большом энциклопедическом словаре мы читаем: «Этнос (ethnos — народ) — исторически сложившаяся на определенной территории биосоциокультурная общность людей, обладающая общими чертами и особенностями происхождения, культуры, психологии, языка, а также сознанием своей общности и самоназванием» [2].

Другие определения понятия этнос, отражающие различные подходы к изучению этого понятия, представлены в следующей таблице.

Сущность понятия «Этнос»

Понятие «Этнос»	Автор определения
Еще в 17 веке происхождение и развитие этносов рассматривалось как природное явление. Я. А. Коменский утверждал, что принципу природосообразности подчиняется какотдельный человек, так и целые народы. Ученый употребляет термины «микрокосм» («микро» – это отдельный человек) и «макркосм». «Макрокосм» – это весь огромный мир, населенный многочисленными народами. По мнению великого ученого все в мире подчиняется законам природы: зарождению, развитию, смерти. [3, С. 26].	Я.А. Коменский (1592-1670) – выдающийся чешский педагог.
Идеи подчинения процесса этногенеза всеобщим законам природы придерживался Н. Я. Данилевский: «Народы нарождаются, достигают различных степеней развития, стареют, дряхлеют, умирают не от внешних только причин, но и естественной смертью от старческой немочи» [4].	Н.Я. Данилевский. (1822-1885) – выдающийся русский историк, философ и естество-испытатель.

<p>«Этнос есть группа людей, говорящих на одном языке, признающих свое единое происхождение, обладающих комплексом обычаев, укладом жизни, хранимых и освященных традицией и отличаемых ею от таковых других групп» [5].</p> <p>По мнению ученого данное понятие необходимо для того, чтобы отличать сообщества, объединенные вокруг государств, от сообществ, объединенных на основе единства культуры, и осознающих это единство как основание для отличия от других подобных групп.</p>	<p>Широкогоров С.М. (1887-1939) – русский антрополог, этнограф и этнолог.</p>
<p>«...Это тот или иной коллектив людей, динамическая система, противопоставляющая себя всем прочим аналогичным коллективам ("мы" и "не мы"), имеющий свою особую внутреннюю структуру и оригинальный стереотип поведения» [6, С. 285].</p> <p>Согласно теории Л.Н. Гумилева основными признаками этноса являются психологические характеристики: самосознание (или идентичность) и стереотип поведения - нормы отношений между группой и индивидом и между индивидами.</p>	<p>Л.Н. Гумилев (1912 - 1992) – советский и российский учёный.</p>
<p>«Все племена, народности и нации едины по своим коренным природным и духовным свойствам, по своей общественно-исторической сущности. И в то же время они отличаются друг от друга не только по уровню экономического и социального развития, но и по образу жизни и быту, по языку и обычаям, по форме своих культурных ценностей, некоторым особенностям психологии и т. д.» [7, С. 4].</p>	<p>Н. Джандильдин (1918-1990) – советский философ.</p>
<p>Согласно социально-историческому варианту примордиализма этнос – это исторически сложившаяся на определенной территории устойчивая совокупность людей, обладающая общими, относительно стабильными особенностями языка, культуры и психики, а также сознанием своего единства и отличия от других подобных образований (самосознанием), фиксированным в самоназвании [8].</p>	<p>Коллектив ученых Института этнографии АН СССР (ныне Институт этнологии и антропологии РАН) во главе с Ю.В.Бромлеем(1921-1990).</p>
<p>В соответствии с конструкционистской моделью этническая группа рассматривается как особая форма социальной организации, структура которой создается людьми в процессе социальной категоризации — отнесения себя и других к определенным категориям [9, С. 9-38]. Исследуя проблему соотношения этнических и социальных границ выдающийся норвежский ученый указывал, что характеристики этносов не могут включать только культурный материал, содержащийся в пределах этнических групп. Главными характеристиками, по его мнению, являются те, которые члены этноса считают важными для себя и которые лежат в основе самосознания этноса. [10, С.60]</p>	<p>Ф. Барт (1928 - 2016) – норвежский антрополог.</p>
<p>Этнос – исторически возникшая и эволюционирующая сложная самопроизводящаяся и саморегулирующаяся социальная система, состоящая из ряда компонентов высшего порядка, таких как: расселение этноса, его воспроизводство как части населения и свойственная ему демографическая структура; производственно-экономическая деятельность и ее характер; система социальных отношений и институтов; язык и разнообразные формы речевой деятельности; создание, использование и сохранение культуры; быт, реализующийся в обычаях, привычках, обрядах; система личностного контактирования и взаимодействия [11, С. 28-29].</p>	<p>Г.Е. Марков(1923 – 2018), В.В. Пименов (1930- 2012) – советские и российские ученые этно-графы.</p>
<p>«Этнос предшествует нации и характеризуется «такими элементами культуры, как язык, определенное мировоззрение и способ поведения» [12, С. 38].</p>	<p>В.С. Лисовий. (1937-2012) – украинский философ.</p>
<p>Сторонниками инструменталистского подхода этнические общности рассматриваются как «...социальные конструкции, возникающие и существующие в результате целенаправленных усилий со стороны людей и создаваемых ими институтов, особенно со стороны государства» [13, С.61].</p>	<p>В.А. Тишков – советский и российский историк, этнолог, социальный антрополог.</p>
<p>«Этнос — группа людей, осознающих себя ее членами на основе любых признаков, воспринимаемых как естественные и устойчивые этнодифференцирующие характеристики» [14, С.19].</p>	<p>Т.Г. Стефаненко – советский и российский учёный-психолог.</p>

<p>«Этнос – системообразующая единица, предельно общая категория, объединяющая такие понятия, как племя, народность, нация. <i>Этнос как устойчивое сообщество людей, которое исторически сложилось на определенной территории, характеризуется комплексом геогра-фических, биологических, социальных, культурных, психологических особенностей, самосознанием</i>» [15, С.7].</p>	<p>В.В. Старостенко– белорусский историк философии и религиовед.</p>

Как видно из вышеприведенных определений между современными подходами имеются достаточно существенные различия. Сторонниками социально-географического подхода, ярким представителем которого был Л.Н. Гумилев, этнос рассматривался как явление, лежащее на границе биосферы и социосферы. Л.Н. Гумилев в своей теории этногенеза объясняет возникновение, развитие и угасание народов, империй, цивилизаций. По его мнению, этнос – это система, развивающаяся в историческом времени, имеющая начало и конец [16, С.128]. Основа данной теории – естественнонаучное положение о том, что человек – это часть природы: «Мы, люди, часть природы, и ничто натуральное нам не чуждо. В природе все стареет: животные и растения, люди и этносы, культуры, идеи и памятники и все, преобразаясь, возрождается обновленным; благодаря этому диалектическому закону развивается наша праматерь – биосфера» [17, С. 30].

По словам Л.Н. Гумилева, этносы рождаются, живут и умирают. По мнению ученого этот процесс продолжается 1000 –1200 лет. Этнос рассматривается ученым как географическое, природное явление. Этническое разнообразие он объясняет как адаптацию групп людей в разных ландшафтах: в разных климатических условиях географической среды образуются разные этносы и разные культурные традиции. Именно в географических условиях проявляется этническое многообразие.

Великий ученый считал, что человечество, как вид едино и в данном аспекте представляет собой антропосферу нашей планеты. Однако внутривидовое этническое разнообразие позволяет рассматривать мозаичную антропосферу как этносферу – часть биосферы Земли. Большинство этносов формировалось сложным путем. Этот процесс получил название этногенеза. Ученый доказал, что все процессы этногенеза разворачиваются единообразно, в соответствии с общей четкой закономерностью, названную им пассионарностью (от лат. *passio* – страсть) – непреодолимым стремлением людей к осуществлению своих идеалов, идей и целей. Ученым доказано, что пассионарность присутствует во всех исторических формациях. Главный вывод, к которому он приходит в своих трудах: пассионарность – это энергия подобная той, которую впитывают растения. Именно на этой энергии живого вещества биосферы – на пассионарности – работает этногенез. Движущими силами этногенеза являются как природные, так и биосферные факторы.

О природных факторах мы читаем в работах Н. Джандильдина – выдающегося советского ученого – философа, утверждавшего, что «человеческая психика имеет свойство приспосабливаться к условиям окружающей среды и отражать ее существенные черты и особенности». «Человечество состоит из различных групп, отличающихся друг от друга некоторыми особенностями своих физических признаков, объясняемых различием и генетической конституции, с одной стороны, и различием окружающей среды – с другой» [1, С. 3]. Отметим, что еще в середине двадцатого века вопрос о существовании национального характера как одного из важных структурных элементов национальной психологии оставался предметом серьезной дискуссии среди советских ученых. Ознакомившись с работами философов, этнографов и историков по проблеме национального вопроса, мы обнаружили, что изучению природы национально-психологических различий не уделялось должного внимания, вопросы этнической психологии затрагивались лишь вскользь. Монография ученого о природе национальной психологии внесла существенный вклад в понимание понятий этнос, этническое самосознание, нация, национальное самосознание и др.

В теории Ю.В. Бромлея ключевыми категориями являются «этнос» и «этникос» [18, С. 11]. По мнению ученого, этнос (этническая общность) – это особый исторически возникший тип социальной группы, особая форма коллективного существования людей. Такая общность складывается и развивается естественно-историческим путем; она не зависит непосредственно от воли отдельных входящих в нее людей и способна к устойчивому многовековому существованию за счет самопроизводства. И если в теории Л.Н. Гумилева этническое развитие не зависит от смены общественно-экономических формаций, то в теории Ю.В. Бромлея в развитии этноса выделяется именно социально-экономическая составляющая. Так ученым вводится термин «этносоциальный организм», устанавливающий связь этноса с исторической стадией его развития, и в первую очередь, с общественно-экономической формацией. По мнению ученого, этносоциальный организм – это ядро этноса, проживающего в условиях того или иного социума. Этнические характеристики могут

определенным образом меняться внешними социально-экономическими, естественно-географическими и другие факторами. Как пример этносоциального организма Бромлей приводит нацию, обладающую экономической и политической общностью. Тезис Ю.В. Бромлея «о несовпадении расового и этнического деления человечества» - главное положение в его теории. По мнению ученого, расовое единство не является обязательным единством любой этнической общности. Физические различия не могут служить основанием для определения этнических различий. Главным и решающим фактором в процессе этногенеза Бромлей считает социально – экономические трансформации [8].

Итак, учебная деятельность студентов педагогического вуза имеет ряд существенных особенностей. Во-первых, она профессионально направлена по своему содержанию. В силу этого, она наполняет особым смыслом мотивы и мотивацию учебной деятельности студентов педагогического вуза, формирует ее целевую, организационную и исполнительную составляющие. В процессе обучения в педагогическом вузе, студент получает вместе с узкопрофессиональными предметными знаниями и фундаментальную психолого-педагогическую подготовку, которые в совокупности обеспечивают его готовность и успешность в профессиональной деятельности. Во-вторых, процесс профессиональной подготовки студентов в педагогическом вузе способствует формированию у них научной системы знаний. В результате такого обучения у студентов педагогического вуза формируется широкий кругозор, обоснованность и аргументированность собственных взглядов, способность осуществлять научный поиск и решать различные учебно-познавательные задачи на основе комплекса научных методов. В-третьих, грамотно организованная учебная деятельность студентов педагогического вуза способствует полноценному формированию их личности и индивидуальности, развивает самостоятельность их суждений и взглядов, убеждений и принципов, в целом развивает критичность их мышления. Это подтверждает В.И. Загвязинский, который пишет: «...педагог воспринимает заинтересовавший его опыт не в качестве стандарта, а как разумный вариант, толкающий его к раздумьям и собственному поиску» [23]. В-четвертых, учебная деятельность студентов педагогического вуза может осуществляться индивидуально и быть коллективной. При продуктивном личностном взаимодействии, сотрудничестве студентов и преподавателей, а также студентов между собой учебно-профессиональные цели достигаются эффективнее, а сама деятельность становится более успешной.

Таким образом, мы уточняем сформулированное выше понятие проектно-исследовательская деятельность с учетом ее проявления в ходе учебной деятельности студентов педагогического вуза. Итак, проектно-исследовательская деятельность студентов педагогического вуза – это интегративный вид учебно-познавательной деятельности студентов педагогического вуза, осуществляемый поэтапно способами проектной и исследовательской деятельности, в ходе самостоятельного научного и творческого поиска, при продуктивном взаимодействии с преподавателем и студентами между собой, направленный на получение новых знаний, способов разрешения учебной проблемы или создание нового образовательного продукта.

Список использованной литературы:

1. Ракитов А.И. Новая философская энциклопедия: В 4 т. – М.: Мысль. [Электрон.ресурс]. – 2001: URL: <https://dic.academic.ru>.
2. Профессиональное образование. Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика. — М.: НМЦ СПО. С.М. Вишнякова. [Электрон.ресурс]. – 1999. URL: https://professional_education.academic.ru.
3. Новосёлов С.А., Зверева Т.В. Феномен проектно-исследовательской деятельности в образовательном процессе. – Педагогическое образование. – № 3.– 2009. – С. 38-42
4. Пентин А.А. Учебные исследования и проекты – понятия близкие, но не тождественные //Директор школы. – 2006. – №2.
4. Алексеев Н.Г. Концепция развития исследовательской деятельности учащихся / Н. Г. Алексеев, А.В. Леонтович, А.В. Обухов, Л. Ф. Фомина //Исследовательская работа школьников. – 2001. – № 1.

5. Гаранин О. Д. *История и философия науки: учеб. пособие* / О. Д. Гаранин. – М.: МГТУГА, 2007. – Ч. 1. – С.12.
6. Карпов А. О. *Фундаментальные структуры и перспективы исследовательского образования как проблема философии науки: автореф. дис. ... д-ра филос. наук* / А. О. Карпов. – М., 2015. – С.52.
7. Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А., Жексембинова А.К. *Сущность и структура исследовательской деятельности магистранта педагогических специальностей* // *Материалы VI международной научно-практической конференции «Сравнительное образование: методология, вопросы и современные тенденции»* – Алматы, 2014. – С.121-127.
8. Мухатаева Д.И. *Социально-педагогическое сопровождение процесса формирования проектной компетентности студентов в системе университетского образования.* – Дис.на соискание степени доктора PhD. – Алматы, 2018. – С.189.
9. Томюк О.Н. *Концепция опыта в инструментализме Дж.Дьюи* // *Эписистемы: сборник научных статей.* – Екатеринбург, 2011. – Выпускб. – С. 28-34.
10. Шацкий С.Т. *Избранные педагогические сочинения.* – М., 1958. – 432 с.
- 11.Каган М.С. *Системный подход и гуманитарное знание.* – Л., 1991. – С. 384.
- 12.Щедровицкий Г.П. *Избранные труды.* – М., 1990. – С. 800.
- 13.Июффе А. *Проектирование: теория и практика.* [URL:http://socialnauk](http://socialnauk).
- 14.Савенков А.И. *Методика исследовательского обучения младших школьников* /А.И. Савенков. – Самара: Изд-во «Учебная литература», 2005.
15. Пентин А.А. *Учебные исследования и проекты — понятия близкие, но не тождественные* /Директор школы. — 2006. — №2. —49 с.
16. Н.Г. Алексеев, А.В. Леонтович, А.В. Обухов, Л.Ф. Фомина // *Исследовательская работа школьников.* – 2001. –№1.
- 17.Фирсова М.М. *Исследовательская деятельность учащихся гимназии.* [Электрон.ресурс]. – 2002. URL: <http://www.eidos.ru/journal/2002/0419.htm>.
- 18.Сабитова Ш.А. *Исследовательская и проектная деятельность студента в современном образовании в свете послания президента РК.* – *Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Международная жизнь и политика».* – №1(48). – 2017. – С.105-110.
19. Биекенов К.И. *Социальное прогнозирование и проектирование: учебное пособие.* – Алматы. – 2012. – С.358.
20. *Государственный общеобязательный стандарт общего среднего образования/ Утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.*
21. Громова, Т.И. *Критерии сформированности исследовательской деятельности //Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве: Сборник статей/Под общей редакцией А.С. Обухова. М.: НИИ школьных технологий, 2006. – С. 108–110.*
22. Загвязинский В.И. *Исследовательская деятельность педагога: уч. пособие для студентов высших уч. заведений.* – М., 2008. – С. 61.

*МРНТИ 14.07.09**К.А. Жумагулова¹*

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты, п.ғ.к., доцент Алматы қ.,
Қазақстан,*

О.И. Турсыматова²

²*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, биология
мамандығының 2 курс докторанты, Қызылорда қ., Қазақстан,*

С.Ибадуллаева³

³*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, б.ғ.д., профессор Қызылорда қ.,
Қазақстан*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БИОФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жаратылыстану пәндері мазмұнындағы биофизикалық білімнің орны анықталып отыр. Жаратылыстану пәндері мазмұнындағы биофизикалық білімнің орнын анықтау үшін алдымен жалпы орта білім беру жүйесіндегі жаратылыстану пәндерінің берілуін анықтап аламыз.

Жаратылыстану пәндері маңызды табиғат заңдарын, қоғамның материалдық өмірін, әлемнің қазіргі заманғы ғылыми бейнесін танып білудегі биологиялық, физикалық және астрономиялық, химиялық білімдердің рөлі арқылы анықталады. Жалпы білім алушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығының негіздерін мектептің бастауыш сатысында «Жаратылыстану» атты кіріктірілген пәні арқылы қалыптастырылады да, мектептің негізгі және жоғары сатыларында әлемнің ғылыми-жаратылыстану бейнесінің мазмұны жеке пәндер арқылы жүйеленіп беріледі.

Сонымен қатар, биофизикалық білім биологиялық нысандардың құрылымын, физикалық қасиеті мен сипатын, молекулалар мен молекулярлық кешендердің іргелі әсерлесуін, физиологиялық реакциялар мен биологиялық құбылыстар негізінде қарапайым физико-химиялық, физикалық процестерді, сонымен қатар биологиялық нысандарға әртүрлі физикалық факторлардың (жарық, иондық сәулелер, температура, т.б.) өзара әсерлесу нәтижесін беретіндігі айтылады.

Түйін сөздер: биофизикалық ұғым, биологиялық, физикалық және астрономиялық, химиялық білім, физикалық процесс, молекулярлық кешен, интеграция, жүйе.

Жумагулов К.А.¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты, п.э.к., доцент,
Алматы қ., Қазақстан,

Турсыматова О.И.²

² Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, биология мамандығының 2
курс докторанты, Қызылорда қ., Қазақстан,

Ибадуллаева С.³

³ Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, б.э.д., профессор,
Қызылорда қ., Қазақстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ БИОФИЗИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ В СОДЕРЖАНИИ ЕСТЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН

Аннотация

В данной статье определена роль биофизического образования в содержании естественных дисциплин. Для определения места биофизического образования в содержании естественнонаучных предметов, в первую очередь, обозначаем естественнонаучные дисциплины в системе общего среднего образования. Естественные дисциплины определяют роль биологических, физических и астрономических, химических знаний в познании важнейших законов природы, материальной жизни общества, современного научного образа мира. Основы естественнонаучной грамотности обучающихся в общеобразовательных школах формируются в начальном звене школы посредством интегрированного предмета «Естествознание» и систематизируются в дальнейшем содержании естественнонаучного изображения мира на основной и старшей ступенях школы.

Кроме того, биофизические знания включают структуру, физические свойства и характер биологических объектов, фундаментальное взаимодействие молекул и молекулярных комплексов, элементарные физико-химические, физические процессы на основе физиологических реакций и биологических явлений, а также раскрывает результаты взаимодействия различных физических факторов (свет, ионное излучение, температура и т. д.) на биологические объекты.

Ключевые слова: биофизические понятия, биологические, физические и астрономические, химические знания, физический процесс, молекулярный комплекс, интеграция, система.

К.А. Жумагулова¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты, п.э.к., доцент,
Алматы қ., Қазақстан,

О.И. Турсыматова²

² Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, биология мамандығының 2
курс докторанты, Қызылорда қ., Қазақстан,

С.Ибадуллаева³

³ Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, б.э.д., профессор,
Қызылорда қ., Қазақстан

METHODOLOGICAL BASIS OF BIOPHYSICAL KNOWLEDGE IN THE CONTENT OF NATURAL DISCIPLINES

Abstract

This article defines the role of biophysical education in the content of natural Sciences. To determine the place of biophysical education in the content of natural science subjects, first of all, denote natural science disciplines in the system of General secondary education. Natural disciplines determine the role of biological, physical and astronomical, chemical knowledge in the knowledge of the most important laws of nature, the material life of society, the modern scientific image of the world. The basics of natural science literacy of students in secondary schools are formed in the primary school through an integrated subject "natural Science" and systematized in the future the content of natural science image of the world at the primary and senior levels of the school.

In addition, biophysical knowledge includes the structure, physical properties and nature of biological objects, the fundamental interaction of molecules and molecular complexes, elementary physico-chemical, physical processes based on physiological reactions and biological phenomena, and reveals the results of the interaction of various physical factors (light, ion radiation, temperature, etc.) on biological objects.

Keywords: biophysical concepts, biological, physical and astronomical, chemical knowledge, physical process, molecular complex, integration, system.

Жаратылыстану ғылымдары ғылым мен білімнің кіріктірілуі негізінде заманауи жаңа ғылым салаларының дамуына негіз болып отыр. Дәстүрлі ғылыми зерттеулердегі жеке ғылым немесе пән ретінде зерттелген нысандардың жиынтығын зерттейтін пән аралық салалардың, яғни жаратылыс-ғылыми пәндердің теориялық сараланып талдануынан жеке теориялық түсініктердің тасымалдану үдерісі қалыптасуда.

Жеке ғылым салаларының теориялық тасымалдану үрдісі ХХ ғ. ғылым салаларындағы ноосфералық (ақыл-ой сферасы) деңгеймен сипатталады. Ғылым салаларының теориялық тасымалдану үрдісі ғылыми фактілерді жете түсінудің әдіснамалық басымдылығын талдауды түсіндіруге мүмкіндік береді, бұл тәсіл жүйелеу теориясына сәйкес келеді. Жүйелеу теориясын ғылымға австрия биологы және философы Л.Берталанфи ұсынған [1]. Ол ұсынған жүйелердің жалпы теориясы болжамдары биологиялық ғылым саласында көп қолданысқа ие болды. Қазіргі уақытта жүйелеу тәсілі тірі табиғаттың өзара байланыстылығы мен бір-біріне өзара тәуелділігін зерттеуде ұтымды болып отыр.

Жалпы биология ғылымында Ч. Дарвиннің эволюциялық ілімінің әдіснамалық маңызы бар. Ол түр даралардың жиынтығы емес, ол кейбір особтардың, яғни біртектес элементтердің қарапайым мөлшерімен сәйкес келмейтін біртұтастыққа жататынын дәлелдеді. Бұл кезеңде жаратылыстану ғылымдары саласында: геология, физика, химия, математика жаңа әдіснамалық тәсілдер қолданыла бастады. Мәселен, статистикалық физика пайда болуы және математикада ХІХ ғасырда ірі оқиғалардың бірі симметрия тұжырымдамасының жариялануы біздің заманымыздағы теориялық-физикалық ойлаудың әдіснамалық негізі болып саналады.

Жаратылыстану пәндері мазмұнындағы биофизикалық білімнің орнын анықтау үшін алдымен жалпы орта білім беру жүйесіндегі жаратылыстану пәндерінің берілуін анықтап аламыз. Жаратылыстану пәндері маңызды табиғат заңдарын, қоғамның материалдық өмірін, әлемнің қазіргі заманғы ғылыми бейнесін танып білудегі биологиялық, физикалық және астрономиялық, химиялық білімдердің ролі арқылы анықталады. Жалпы білім алушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығының негіздерін мектептің бастауыш сатысында «Жаратылыстану» атты кіріктірілген пәні арқылы қалыптастырылады да, мектептің негізгі және жоғары сатыларында әлемнің ғылыми-жаратылыстану бейнесінің мазмұны жеке пәндер арқылы жүйеленіп беріледі.

Жаратылыстану пәндерінің мазмұнын дамытудағы маңызды бағыттардың бірі оның іргелі ғылымдар қатарын құрауында. Мұнда алдыңғы орынға іргелі білім, іс-әрекет тәсілдері және оған талдау жүргізе білудегі біліктер шығады. Жаратылыстану пәндерін ізгілендіру «табиғат-адам» жүйесімен тығыз байланысты. Дәл осы жаратылыстану пәндері қоршаған табиғи ортаны адамның тіршілік ортасы ретінде сипаттайды, адамның іс-әрекетінің табиғатқа әсерін және адамның антропогендік өзгерістерге тәуелділігін ашып көрсетеді.

Қазіргі кездегі жаратылыстану пәндері теориялық жағынан дами келе, биология ғылымындағы тірі ағзаның тұқым қуалаушылығы мен өзгергіштігінің генетикалық негіздерін молекулалық және жасушалық деңгейде зерттеу, медициналық генетика, молекулярлық биология, биожүйелеу, өсімдік пен мал шаруашылығы, фармакология салаларының; химия ғылымы бойынша Жер қойнауындағы химиялық құбылыстар аумағындағы химия ғылымының зерттеу объектілерінің елеулі түрде кеңейе түсуі; іргелі физикалық жаңалықтар яғни, арнаулы және жалпы салыстырмалық теориясының,

кванттық механиканың, элементар бөлшектер физикасының ашылуы дүниенің ғылыми көрінісіне, негізгі зат, кеңістік және уақыт заңдылықтарына біздің көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге әкелді.

Жаратылыстану және оның нәтижелері мен әдістерін пайдаланатын қолданбалы ғылыми білім ғылыми-техникалық прогрестің негізі болып табылады. Жаратылыстану пәндерін зерделеу барысында алынған білім адам мүмкіндіктерін үздіксіз арттыра отырып, оның техникалық прогресс жолымен сенімді алға басуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоғамдық сананың дамуына ықпал етіп, қоршаған ортамен жарастықта болуға әрі онымен саналы қарым-қатынас орнатуға тәрбиелейді. Ол адамды рухани дамытумен қатар, оның дүниеге көзқарасын қалыптастырып, мәдени құндылықтарға дұрыс бағыттануға үйретеді. Жаратылыстану-ғылыми пәндерде қарастырылатын негізгі дүниетанымдық идеялардың бірі – табиғаттың біртұтастығы идеясы. Табиғат құбылыстарының өзара бір-бірімен байланысы туралы білімдері табиғаттың географиялық, химиялық, физикалық және биологиялық бейнесін, олардың бірлігі әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі ұғымын құрайды.

Жалпы ғылыми дүниетанымның құрамдас бір бөлігі ретінде әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі ұғымы ХІХ ғасырдың екінші жартысында жаратылыстану ғылымдарының революциялық қайта құрылу кезеңінде пайда болып, кейіннен кеңейтіліп, толықтырылып, қазіргі кездегі қалыптасу шегіне жетті. Әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі жаратылыстану және философия ғылымдарының өзара байланысы мен қоршаған орта және ондағы биологиялық, физикалық және химиялық білімді жоғары деңгейде қорытындылап, жүйелейді.

Жеке оқу пәндеріне логикалық-құрылымдық талдау жасау арқылы жаратылыстану білім мазмұнын құрайтын нысандар туралы ұғымдар (жалпы түсініктер, ұғымдарға бөлу, жіктеу, неғұрлым ұсақ түрлерге бөлу; нысандардың құрылымы мен қасиеттері); нысандарды сипаттайтын негізгі заңдар мен заңдылықтар; жаратылыс-ғылыми нысандардың қатысуымен өтетін процестер мен олардың өзара әрекеттесуі; табиғи нысандар мен процестерді ғылыми тану әдістері сияқты мазмұндық желілер ажыратылды.

Ғылыми-техникалық прогрес және ғылымның қоғамдық өндіргіш күштеріне айналу кезеңі жаңа бір ғылыми дүниетаным туралы ұғымның туындауына себеп болып отыр. Ғылыми дүниетаным ұғымы өз кезегінде жалпы ғылыми, жаратылыстану-ғылыми, қоғамдық-ғылыми дүниетаным ұғымдарын құрайды [2].

Жаратылыстану ғылымдары – табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы және табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі. Еуропада қайта өрлеу кезеңінде (ХVғ. 2-жартысы) табиғатты жете зерттеуге байланысты қалыптасты. Кейін, ХVІІғ. жаратылыстану ғылымдары бірыңғай жүйеге келтірілді. Жаратылыстану ауқымы түрлі табиғат нысандарын (ғарыштық жүйеден бастап микродүниеге дейін), дүниенің жалпы қасиеті мен құрылымын, тірі табиғатты, біздің планетамыздан тыс жатқан нысандарды, сондай-ақ, Жерді қамтиды. Жаратылыстану ғылымдары біріншіден, ғылыми дәлдігімен және жүйелілігімен, екіншіден, табиғат қорларын пайдалану құралы ретіндегі өзінің практикалық мәнімен ерекшеленеді.

Жаратылыстану ғылымдарын зерттеу әдісіне қарай нағыз деректер мен байланыстарды зерттей отырып, ережелер мен заңдарды қорытып шығаратын сипаттаушы және дерекпен байланысты математикалық формалармен толықтырып отыратын дәл ғылымдар деп ажыратады. Табиғат туралы нақты ғылым зерттеулермен шектелсе, қолданбалы ғылым (медицина, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және техника ғылымдарын жалпы алғанда) ғылыми зерттеулерді және табиғатты өзгертуге пайдаланылады.

Жаратылыстанудың теориялық мәселелерін айқындау үшін табиғат заңдары қолданылады. Энергияның сақталу және айналу заңының, Эйнштейннің салыстырмалық теориясының, Дарвиннің эволюциялық ілімінің жасалуы, сондай-ақ, ғылымның жаңа салалары: кванттық механика, генетика, кибернетика, астрофизика, т.б. жедел дамуының нәтижесінде философия ғылымы теориялық жағынан байытыла түсті. Жаратылыстану ғылымдары қазіргі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудің негізі болып табылады.

Қазіргі әлемнің жалпы ғылыми бейнесі түсінігі табиғат, қоғам және олардың өзара байланысы мен өзара әсері туралы білімнің үнемі дамып отыратын ғылыми жиынтығын (философиялық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық және т.б.) қортындылау мен жүйелеудің жоғары деңгейін білдіреді. Жалпы ғылыми білім әртүрлі ғылым саласынан алынған іргелі білімді саралау нәтижесінде тұжырымдық жүйе ретінде қалыптасады. Ғылым салаларын саралау және кіріктіру негізінен философиялық ғылымдар арқылы жүзеге асырылады.

Әлемнің жалпы ғылыми бейнесінің маңызды құрамдас бөлігі – әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі болып табылады. Бұл ұғым ХІХ ғ. екінші жартысында жаратылыстану біліміндегі революциялық қайта құрылуларға байланысты пайда болып, бүгінгі күнге дейін кеңейіп, толықтырылып, қазіргі уақытта толық қалыптасты. Әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі жаратылыстану және философиялық білімнің өзара байланысын қортындылау мен жүйелеудің жоғары деңгейін білдіреді. Ол жаратылыстану ғылымдарының маңызды жетістіктері, олардың ұстанымдары, заңдары мен заңдылықтары, материяның қозғаушы күші ретінде оның дамуы, әлемнің және адамның пайда болуы туралы біртұтас түсініктеме береді. Әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі бақылаудан өткізіліп тәжірибеде нақтыланған қоршаған әлем туралы іргелі білімді қамтиды. Оны жаратылыстану ғылымдарының жеке ғылыми бейнелерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Жаратылыстану ғылымдарының ішінде әлемнің физикалық бейнесі жақсы зерделенген. Мысалы, 2 ғасыр бойы «Әлемнің ньютондық бейнесі» басымдық танытып келсе, ХХ ғ. басында ол жетілдіріліп, кеңістік, уақыт, атом, электромагнетизм, кванттық механика, салыстырмалық теориясы, релятивистік космология пайда болды. ХХ ғ. В.И. Вернадскийдің ілімдері әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесіне үлкен өзгерістер әкелді [3].

Қазіргі әлем ғаламдық бифуркация (жүйе жұмысының қалыптасқан режимінен ауысуы) нүктесінде тұр, ол әлемдік дамудың түрлі сфераларына, соның ішінде білім беруге де әсерін тигізуде. Білім беру жүйесіндегі өзгеріс тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі сияқты өркениеттік қызметті атқара келе, білімге негізделген экономиканың дамуының маңызды факторына айналып отыр.

Жалпы ғылым саласында ғылыми тиімділіктің жаңа типтері туындаған кезеңге айналуға, яғни ғылыми зерттеудің объект, субъект, құралдарымен қатар зерттеудің мақсаты мен мәніне де өзгерістер енгізілуде. Ғылымда табиғатқа объект ретінде қараудан адамның табиғатқа әсері қандай да бір мәдениетті тасымалдаушы, ғылыми мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырылуда. Осыған орай жаратылыстану-ғылыми білім де өзгеріске ұшырауда.

Жаратылыстану-ғылыми білімнің ХХ ғ. ортасына дейін нақтылы бір анықтамасы болмады, тек осы ғасырдың соңында жаратылыстану-ғылыми білімге биология, геология, география, физика, астрономия, химия, математика, т.б. жаратылыс ғылымдары бойынша мамандар даярлау тұрғысынан қарастырылды. Ал қазіргі кезеңде математика жаратылыс-ғылыми білім берудің құралы ретінде беріліп жүр. Ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек адамда жаратылыс-ғылыми білім, білік, дағды және танымдық және практикалық тәжірибе іс-әрекеттерін, құндылық бағдарлары мен қатынастарын қалыптастыратын мақсатты бағытталған процес және нәтижені жаратылыс-ғылыми білімнің анықтамасы ретінде ұсынып жүр. Жаратылыс-ғылыми білімнің нәтижесі кіріктірілген білім, білік, дағдының көлемі ғана емес, білім алушылардың креативтілігі (шығармашылық), сыни ойлауы, дүниеге жаратылыс-ғылыми көзқарасы, ғылыми көзқарастың қалыптасуы, күрделі, қарама-қайшылықты, бір-бірімен тығыз байланысты өмірге бағдарлана алуын айтамыз.

Қазіргі дүниедегі жаратылыс-ғылыми білімді зерттеушілердің (О.Н. Голубева, Л.Я. Зорина, В.С. Степин, А.Д. Суханов, т.б.) пікірі бойынша жаратылыс-ғылыми білім беру – дүниетанымдық, әдіснамалық, мазмұндық және танымдық мүмкіндіктерінің зор болуына байланысты тұлғалық және әлеуметтік маңызға ие болып отыр. Себебі, іргелі және қолданбалы зерттеу нәтижелері және жаратылыстанудың инновациялық сипаттағы бағыттары іс-әрекетке бағдарлануда. Мәселен, лазерлік, плазмалық физика, кванттық механика, қарапайым бөлшектер физикасы, микробиология, гендік инженерия, геохимия, т.б. өндіріске ендірілуде.

Л.Я. Зорина өз зерттеулерінде жалпы физикалық ұғымдарды қалыптастыруда білім алушыларда жүйелі білімнің жоқ болуы себептерін анықтайды. Оның басты себепін дидактикада ұғымдар жүйесінің нашар дамуымен, оны қалыптастырушы және жүйелі білімді жүзеге асырушы құралдардың жоқтығымен ұштастырады.

Дамыған елдердің бәсекеге қабілеттілігі ғылыми-техникалық инновациялар мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іргелі жаратылыс-ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып отыр. Мысалы, сол кездегі АҚШ Президенті Б.Обама энергетика мен медицинаға және математикалық білім мен жаратылыс-ғылыми білімді жақсарту арқылы бәсекелестікке төтеп беруге болатынын айтып кеткен. Оның бұл ойын Ел Президенті жалғастырып, елдің экономикалық, әлеуметтік әлеуетін жаратылыстану-математикалық білім беруді дұрыс жолға қою қажеттігін ҚР БЖҒМ-нің алдына басты міндет етіп қойып отыр.

Көптеген елдердің математикалық және жаратылыс-ғылыми білім беруді дамытуға қатысты стратегиялық шешімдері осы салада сапалы білім беру арқылы мамандар даярлауға бағытталған.

Мысалы, АҚШ, Қытай, Корея, Жапония, ЕО кіретін бірқатар елдердің мемлекеттік бағдарламалары жастарды іргелі зерттеулер мен жоғары технология салаларында білім алуға негізделген [4].

Біз ұсынып отырған мақала мазмұнында берілген жаратылыстану пәндері мазмұнындағы биофизикалық білімнің орнын анықтауда жаратылыстану пәндерінде берілетін биофизикалық білімнің алатын орны мен рөлін анықтап алуды қажет етті. Биофизикалық білім беру мазмұнының негізін құраушы элемент – білім болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде «білім» категориясы адамның қоғамдық материалдық және рухани іс-әрекетінің нәтижесі ретінде берілген [5].

Білім категориясына берілген философиялық анықтамалармен қатар зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес оның дидактикалық аспектілерін ашып көрсету біршама қызығушылық тудырады. Бұл тұрғыда В.И. Орлов «білім» ұғымын біріншіден, білім алушы нені игеруі керек, екіншіден, нені игерді (танымдық іс-әрекет), оны практикада пайдалана алды ма (іс-әрекет тәсілі) деп айқындап беріп отыр. Біздің зерттеуіміздің мақсат-міндеттеріне қатысты білім биофизикалық ұғымдар туралы түсінік қалыптастыра отырып, оған бағыт беретін және іс-әрекет тәсілдеріне үйрететін бірқатар қызмет атқарады. Бізді қоршаған материалдық дүниедегі барлық құбылыстар мен өзгерістер өзара тығыз байланыста екендігі белгілі. Биологиялық жүйелердегі құбылыстарды танып білуде физикалық және химиялық ғылым салаларының заңдылықтары мен ондағы түсініктерді қолдану арқылы одан ары дамытындығына көз жеткізді. Сондықтан биология және физика ғылымдарының кіріктірілуі биофизикалық жаңа ғылыми бағыттың пайда болуына әсер етті.

Биофизика – әртүрлі сатыдағы биологиялық жүйелерде, яғни тірі организмдерде болып жатқан физикалық және химиялық процестерді зерттейді. Тірі организм – үнемі динамикалық қозғалыста болатын биологиялық әрі гетерогендік әртекті жүйе болып саналады. Сондықтан физиканың өлі табиғатты зерттеу нәтижесінде пайда болаған заңдары мен заңдылықтарын сол қалпында тірі организмге қолдануға болмайды.

Биофизикалық білім биологиялық нысандардың құрылымын, физикалық қасиеті мен сипатын, молекулалар мен молекулярлық кешендердің іргелі әсерлесуін, физиологиялық реакциялар мен биологиялық құбылыстар негізінде қарапайым физико-химиялық, физикалық процестерді, сонымен қатар биологиялық нысандарға әртүрлі физикалық факторлардың (жарық, иондық сәулелер, температура, т.б.) өзара әсерлесу нәтижесін береді, 2-суретте биофизикалық білімнің құрамы келтірілген.



Сурет 1 -Биофизикалық білімнің құрамы

Мұндағы басты заңдылықтар ретінде материалдық дүниедегі барлық құбылыстар мен процестердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін айтамыз. Жоғарыда беріліп отырған биофизикалық білімнің барлығы да бір-бірімен өте тығыз байланысты, сондықтан оларды білім алушылардың игеруі үшін жүйелік тәсілді пайдаланған дұрыс. Жүйе – өзара байланысты қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті білдіретін білім элементтерінің жиынтығы. Жүйеге кіретін әрбір білім элементі кіші жүйе, жаңа жүйе ретінде қаралуы мүмкін. Осылай қарапайымнан күрделіге, жекеден жалпыға өту жүзеге асады, бұл ретте жалпының сипаттамасы жекеге де жарайды. Мысалы, ересектерге білім беру педагогикасындағы ғылыми зерттеулер логикасы, педагогикалық жүйеге қосымша кәсіби білім беруге сөзсіз жарамды. Ересектерге білім беру – қосымша білім беру жүйесіне қарағанда неғұрлым жалпы жүйе.

Осы заманғы ғылымда жүйелік тұғыр (нысаналарды, жүйелерді, құрылымдарды, үдерістерді) зерттеудің әмбебап әдісі ретінде қарастырылады. Зерттелуші нысананың үшкі байланысының көп бейнелілігін табу тұтас жүйенің қасиеттерін біріктіре қарауға мүмкіндік береді. Ішкі байланыстарды зерттеу ішкі келісім, сәйкестік есебінен жабық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйені қарауды көздейді. Ішкі қайшылықтарды, мәселелерді, қақтығыстарды игеру мүмкіндігі оның дамуын қамтамасыз етеді.

Жүйенің қызмет етуі оның ашықтығын, басқа жүйелермен сыртқы байланыстардың бар болуын көздейді. Байланыстарды барлық жағынан қамтитын зерттеу жағдаятты жан-жақты түсінуге, демек, оқиғалардың дамуын болжауға, үрдістерді басқаруға, көзделген нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Бүкіл әлемді белгіленген жүйелердің тәртіпке келтірілуі түрінде елестетуге болатындықтан, ғылымдағы жүйелік тұғырға табиғилық (табиғаттың өзі осылай жаратылған), әмбебаптық (табиғатта бәрі жүйе), моделділік (зерттелуші жүйелер моделдерінің құрылысы), модулдік жүйенің құрылымында біріктіруші өзара байланысты қасиеттер мен сапаларды анықтауға мүмкіндік беретін жүйе құрушы деп анықтама беруге болады.

Дегенмен олар бір-бірімен байланыста бола тұра әрқайсысының өзінің атқаратын қызметі бар.

Жоғары оқу орындарында жалпы жаратылыстану пәндерін оқытудағы биофизикалық білімнің алатын орны мен рөлі және жаратылыстану пәндерінде берілетін биофизикалық білім мазмұнын анықтауда біз алдымен білім мазмұнының құрамы мен сипатына тоқталдық. Білім мазмұны жалпы және кәсіби білімдерден құралады. Жалпы білім мазмұны негізінде тұлғаның жалпы мәдениеті, оның дүниетанымы, азаматтық бағдары, әлемге, еңбекке және қоғамдық өмірге болған көзқарасы қалыптасады. Кәсіби білім мазмұны іс-әрекетке, яғни практикада қолдануға бағытталған.

Педагогика ғылымында білім мазмұнын іріктеудің өлшемдері қабылданған. Білім мазмұнын іріктеу өлшемдері негізінде білім мазмұны:

- тұлғаның дамуы және оның базалық білімінің қалыптасуына қажет міндеттерді толық әрі біртұтас күйде берілуін қамтамасыз ету;
- оқу материалдарының ғылыми және практикалық маңызға ие болуы;
- оқу материалдары мазмұнының білім алушылардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы, т.б. талаптардың орындалуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Осы талаптарды ескере отырып, жаратылыстану пәндерінде берілетін биофизикалық білім мазмұнын анықтауда И.Я. Скаткиннің және В.И. Загвязинскийдің білім мазмұнын іріктеу өлшемдеріне сүйендік (1-кесте) [6, 7]:

Білім мазмұнын	Биофизикалық білім мазмұнын
І р і к т е у ө л ш е м д е р і	
1. Қолданбалығы	1. Биофизикалық білімнің қолданбалығы
2. Барлық пәндерге қатысы	2. Жаратылыстану пәндеріне қатысы
3. Білім мазмұнының толықтығы	3. Биофизикалық білім мазмұнының толықтығы
4. Тәуелсіздігі, жүйелігі	4. Биофизикалық білімнің жүйелігі
5. Жеткіліктігі	5. Жаратылыстану құбылыстары мен процестердің өзара байланысы

Кесте 1 – Білім мазмұнын іріктеу өлшемдері

Биофизикалық білімнің қолданбалығына келетін болсақ медициналық биофизика, бионика, космостық биология және т.б. биофизиканың қолданбалы бағыттары. Медициналық биофизика тәжірибелік медицинаның негізі, сонымен қатар медицинаның нақты ғылымдармен берік байланысын қалыптастыра отырып, патологиялық процестердің биофизикалық және физико-химиялық негіздерін,

қоршаған ортаның физикалық және химиялық факторларын зерттейді [8]. Бионика ағзалардың тіршілігі мен құрылысын талдау негізінде инженерлік есептер, машиналар мен приборлар жасау заңдылықтарын зерттейді. Сондай-ақ жердің жасанды серігінің ұшырылуымен ғарыштық биология дамуда.

Қазіргі кезде биофизика пәні басқа пәндермен қатар (молекулалық биология, биохимия, физиология, т.б.) өмір туралы ғылымдардың іргелі курсының негізі болып табылады. Биофизиканың медицина қызметкерлері, фармацевтер, ауыл шаруашылығы мамандары, ветеринарлар үшін қажеттілігі артуда. Негізгі зерттеу нысаны тірі ағза болатын биология ғылымдарының саласы бола отырып, биофизика негізгі физикалық заңдардың әмбебап сипатын және өмір сүру іс-әрекетін оқып үйренуде математикалық тұрғыда қолданылады.

Қазіргі ғылымның дамуындағы ерекшеліктердің бірі жекеленген ғылым салаларының кіріктіріліп, білімнің кешенді салаларының пайда болуы және оның қарқынды дамуы болып табылады. Осы орайда биофизика көптеген ғылым салалары мен өндірістің дамуына үлкен ықпал етуде. Мәселен, денеге әсер етудің физикалық тәсілдері (өріс, ультрадыбыс, элементер бөлшектер, т.б.) және талдаудың физикалық тәсілдері (электрондық микроскоп, биопотенциалды тіркеу, радиоактивті изотоптарды қолдану, т.б.) жаратылыстану циклінің барлық салаларында (биология, химия, т.б.) кең қолданыс тауып, кешенді ғылым салаларының пайда болуына әкелуде. Сондықтан биофизиканы тірі ағзаларға физикалық факторлардың әсерін қарастыратын ғылым саласы ретінде қарастыруға болады.

Биофизикалық білім мазмұнының толықтығы физикалық, химиялық және биологиялық заңдылықтардың әрекетін түсіндіруге мүмкіндік береді. Физика және химияның қалыптасқан заңдылықтарының сараптама үшін жеткілікті және ағзаның тірі жүйедегі биологиялық құбылыстарды молекулалық, жарғақшалық және жасушалық деңгейде түсіндіру оларды ағзалық, популяциялық, биоценоздық және биосфералық деңгейде қарастырады.

Биофизикалық білімнің жүйелігін қарастырмас бұрын, биологиялық жүйелеу тәсілінің басқа жаратылыстану цикліндегі пәндерге қарағанда айырмашылығы бар екендігін айта кетеміз. Биофизика – тірі табиғат туралы ғылымның бір саласы. Биофизикада жүйелеу тәсілінің маңызын әрі қарай талқылай отырып, біз биофизика синтетикалық пән ретінде қарастырамыз, оның мақсаты тірі табиғаттағы физика-химиялық және биологиялық аспектілердің диалектикалық байланыстарын түсіндіру болып табылады. Жүйелеу тәсілінің келтірілген дерегі бойынша биофизика физика-химиялық деңгейдегі элементтер биологиялық қасиеттері бар тұтас жүйе болып табылады. Осыған орай, биофизикалық білімінің жүйелігі ғылымның әрі қарай дамуындағы әлемдік көзқарас ұстанымын және тірі табиғатты танып білудегі оның рөлін анықтауда маңызға ие болады.

Жаратылыстану пәндері мазмұнында қоғам мен табиғаттың өзара әсерінің тиімділігі жетекші идеясы қоғам мен табиғаттың өзара қатынасының қайшылықты сипаты адамның табиғатты тұрақты түрде пайдалануымен және оның табиғи үрдістердің ағымына әсер етуімен сипатталады. Осыған байланысты ғылым жетістіктеріне негізделген техника және өндіріс технологиясын құрастыруда табиғи өзара байланыстардың ескерілуі, оның қоршаған ортаға теріс әсерін азайту немесе болдырмау қажет. Бұл жалпы жетекші идея жаратылыстану пәндеріне тән:

а) қазіргі өндіріс мәселелері және қоршаған ортаны қорғау;

ә) ғылыми техникалық прогресс және табиғи қоршаған орта сияқты жетекші идеялармен нақтыланады.

Жаратылыстану пәндері мазмұнының ғылыми негізі – адам мен қоршаған ортаның өзара байланысы, олардың бірлігі және табиғаттың біртұтастығы туралы ортақ идеялар. Бұл нысандарды кіріктіріп оқыту білім алушылардың санасында дүниенің біртұтастығы туралы түсінік қалыптастырады, сондай-ақ адам табиғаттың оған ықпал ететін саналы құраушысы ретінде қарастырылады.

Кіріктірілген нысандарды оқыту бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудің кешенді тәсілдерін құру мүмкіндіктеріне қол жеткізуге, білім алушылардың өмірлік маңызды практикалық біліктерін шыңдауға жағдай жасайды.

Жаратылыстану пәндері оқыту нысандарын, сонымен қатар олардың өзара әрекеттесуі, процестер, ғылыми таным әдістері туралы жаратылыс-ғылыми білімнен құралады. Табиғат құбылыстарының өзара бір-бірімен байланысы туралы білім табиғаттың географиялық, химиялық, физикалық және биологиялық бейнесін, олардың бірлігі әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі ұғымын құрайды.

Жалпы ғылыми дүниетанымның құрамдас бір бөлігі ретінде әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі ұғымы XIX ғасырдың екінші жартысында жаратылыстану ғылымдарының революциялық

қайта құрылу кезеңінде пайда болып, кейіннен кеңейтіліп, толықтырылып, қазіргі кездегі қалыптасу шегіне жетті. Әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі жаратылыстану және философия ғылымдарының өзара байланысы мен қоршаған орта және ондағы экологиялық білімді жоғары деңгейде қорытындылап, жүйелейді.

Қорыта келгенде, жаратылыстану пәндері мазмұнындағы биофизикалық білім биологиялық процестер негізінде тірі материяның түрлі деңгейлерінде жүретін физикалық және физика-химиялық механизмдердің өзара әсерлесуінен туындайтын биофизикалық білім туралы түсінік қалыптастыра отырып, оған бағыт беретін және іс-әрекет тәсілдеріне үйрететін бірқатар қызмет атқарады, осының барлығы биофизикалық ұғымдарды қалыптастыруға да қатысты.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Берталанфи Л. *Общая теория систем* Library UA <https://students-library.com/ua/library/read/51371-obsaa-teoria-sistem-l-bertalanfi> (дата обращения 05.10.2018)
2. Чакликова С.Е., Карбаева Ш.Ш. и др. *Научно-методические основы совершенствования естественно-математического образования. /Сб. Развитие общего образования в условиях становления национальной модели школы.* – Алматы, 2004. – С. 150-158.
3. Рузавин Г.И. *Концепции современного естествознания: Учебник для вузов.* – М.: ЮНИТИ, 2000. – С.287.
4. Старостина С.Е. *Естественнонаучное образование: содержание и стратегические ориентиры развития. //Гуманитарный вектор.* –№10. – С. 54-59.
5. *Российская педагогическая энциклопедия: В 2 т. /Гл. ред. В.В.Давыдов.* – М.: Большая Российская энциклопедия, 1993. – С. 608.
6. Скоткин М.Н. *Проблемы современной дидактики.* – Москва: Педагогика, 1980. – С. 96.
7. Загвязинский В.И. *Теория обучения: современная интерпретация.* – Москва: Изд. центр «Академия», 2006. – С. 192.
8. Көшенов Б. *Медициналық биофизика: оқулық.* – Алматы: Карасай, 2010. – 224 б.

МРНТИ 14.07.07

М.Т. Кудагельдин¹

¹PhD докторант, PhD 6D010300 – «Педагогика и психология»,
Қазақ инновациялық-гуманитарлық заң университеті,
Семей қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ БАТЫС ПЕДАГОГИКАСЫНДА ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ПОТЕНЦИАЛЫ

Аңдатпа

Мақала қазіргі англо-саксондық және неміс ғалымдарының ғылыми ортада тарихи сананың қалыптасуы мәселесіне қатысты көзқарастарының ерекшеліктеріне арналған.

Батыстық ғалымдар еңбегін зерттеу негізінде тарихи сананы қалыптастырушы механизм ретінде «тарихи сана» түсінігі мен тұжырымдары қарастырылады.

Мақалада батыс зерттеушілерінің еңбектеріне салыстырмалы талдау жасалынып, олар үшін тарихи сана мәселесі қаншалықты көкейкесті екендігі қарастырылады.

Тарихи сана құбылысын ғылыми пайымдау барысында оның педагогикамен соның ішінде тарих дидактикасымен тығыз байланысы атап өтіледі.

Түйін сөздер: тарихи сана, тарихи білім әдіснамасы, тарихи тәжірбие, тарих дидактикасы, нарратив, ұлттық иденттілік, тарихи сана деңгейі, тарихи сана нысаны

Кудагельдин М.¹

¹Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,
Докторант PhD 6D010300 – «Педагогика и психология»,
Семей, Казахстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ЗАПАДНОЙ ПЕДАГОГИКЕ : ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ

Аннотация

Статья посвящена особенностям рассмотрения проблемы исторического сознания в современном англо-саксонской и немецкой научной среде.

На основе изучения исследований западных ученых анализируется понятие «историческое сознание», выделяются его концепты. Они рассматриваются как механизмы формирования исторического сознания.

В статье рассмотрены научные взгляды западных исследователей и произведен сравнительный анализ разных взглядов и подчеркивается, что проблема исторического сознания имеет приоритетное значение среди современных исследований исторического сознания. Отмечается важнейшей особенностью всех попыток научного осмысления феномена исторического сознания является тесная связь с педагогикой и шире – дидактикой истории.

Ключевые слова: историческое сознание, методология истории, исторический опыт, нарратив, дидактика истории, национальная идентичность, уровни исторического сознания, формы исторического сознания

М.Т. Kudageldin¹

¹Kazakh Humanitarian Law Innovative University (KazHLIU), Semey, Kazakhstan
PhD student 6D010300 – «Pedagogy and Psychology»

METHODOLOGICAL PROBLEMS OF THE FORMATION OF HISTORICAL CONSCIOUSNESS IN MODERN WESTERN PEDAGOGY: EDUCATIONAL AND BRING UP POTENTIALS

Abstract

The article is devoted to the peculiarities of considering the problem of historical consciousness in the modern Anglo-Saxon and German scientific community. On the basis of studying the studies of Western scientists, the concept of "historical consciousness" is analyzed, its concepts are highlighted.

The article discusses the scientific views of Western researchers and produced a comparative analysis of different views.

It is emphasized that the problem of historical consciousness is a priority among modern studies of historical consciousness.

The article notes the most important feature of all attempts at scientific understanding of the phenomenon of historical consciousness is the close connection with education, especially the history didactics.

Keywords: historical consciousness, historical methodology, historical experience, narrative, history didactics, national identity, levels of historical consciousness, forms of historical consciousness

XXҒ. аяғы-XXI ғ. басында әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылым өкілдері *memory studies* мәселесіне көп көңіл бөле бастады. Зерттеудің өзегіне тарихи оқиғалар мен даталар емес осы оқиға мен дата жөнінде тарихи ұстанымдардың қалыптасуы негіз болды.

Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықтары үлкен болғанымен «Тарихи сана» терминін қолдануға байланысты түсінік аппаратының арасындағы қайшылықтар көп. Соған қарамастан, тарихи сананың негізіндегі педагогикалық, тәрбиелік потенциал қоғам мен оның дамуындағы адамгершілік, патриоттық және дүниетанымдық міндеттерді шеше алады. Қоғам және оның жекелеген адамдар тобы,

әсіресе ғалымдар қандай да бір тарихи оқиға мен тұлғаны есте сақтауға шешім қабылдағанда замандастары мен келешек ұрпақ үшін қандай да бір құндылықтар қалыптастырады.

Аталған жәйттер тарихи сананың тарихи мәдениетке түрлі ықпалын зерттеуге деген қызығушылықты арттырды. 1980-жылдары бұл мәселемен философтар мен тарихшылар ғана емес тарихи білім беру мен тарих дидактикасы мамандары алдымен Германияда, кейіннен еуропаның өзге елдерінде, біршама дәрежеде Құрама Штаттары, Канада мен Австралияда көңіл бөле бастады. Мысалы, Еуропадағы «Жастар және тарих» жобасы жасөспірімдер арасында тарихи сана мен саяси ұстанымдарының арасындағы салыстырмалы шолуды қамтыды [1]. Тарихи сананы күшейту 1990 жылдардағы Швеция [2] мен Нидерландыда (Wilschut, 2002) [3, 19-33 бб.] тарихи білім берудің жаңа дидактикасы оқу бағдарламаларының айқын мақсатына айналды.

Сол уақыт аралығында академиялық ғалымдар мен қоғамдық пікір көшбасшылары жастар арасында тарихи білімнің кемшіндігіне назар аудара бастады (Grever пен Stuurman, 2007; Kölbl and Straub, 2001). 2002 жылы Питер Сейксас (Peter Seixas) Ванкуверде (Канада) құрлықтық Еуропа мен өзге ағылшын тілді елдердегі философтар, тарихшылар мен тарихи білім беру мамандары арасында академиялық алмасуды ынталандыру мақсатында тарихи сананы зерттеу Орталығының негізін салды. Орталық, сонымен қатар, Канадада қазіргі қоғамдағы тарихтың ролі мен адамдар күнделікті өмірлерінде өткен тарихи оқиғалардың ықпалын зерттеуге үлес қосты.

Кейінгі жылдары өзге де көзқарастар пайда болды. *Тарихи сана* терминін қолдану аясы азайса да ол *тарихи таным* және *тарихи ойлау* терминдерімен қатар пайдаланып келеді (Wineburg, 2001), [4].

Ерекше атап өтер жәйт, қазақ тілімен қатар посткеңестік кеңістікте аталмыш мәселеде терминдерді қолдану біртекті емес.

Тарихи сананың сан түрлі ғылыми интерпретациясына қарамастан пән және жады нысаны ретінде адамдардың өткенді «қазір» және «сол кезде» қоғамдық пен жеке өмірдің бөлшегі ретінде қалай түсінгендігі не түсінетіндігі зерттеушілердің ғылыми қызығушылығын тудырып келеді.

Мақала барысында тарихи сана тұжырымдамасын және *тарихи мәдениет* және *тарихи таным*, *тарихи түсінік*, *тарихи ойлау* мен *тарихи сауаттылық* анықтамаларына тоқталамыз. Аталған терминдердің ұлттық дәстүрлер мен тілдік ерекшеліктерге байланысты ішінара өзара байланысы бар екенін түсінеміз. Тарихи сана түсінігінің оқытушы мен мұғалімнің эмпирикалық зерттеуі мен білім беру тәжірибесінде пайдасының тиюіне көмек беретіндігін түсіндіреміз.

«Тарихи сана» терминінің ғылыми көкжиек және дәстүр ретінде қалыптасуына неміс философы Г-Г. Гадамердің ықпалын атап өтпей кете алмаймыз. Гадамер тарихи сана «түрлі дауыстарға толы өткеннің жаңғырығы. Дауыстардың көптүрлілігі біз бөлісетін және қатысқымыз келетін дәстүрлер болмысын көрсетеді» [5,337 бб].

Гегельдің тарих тұжырымдамасына сүйенген тарихшы J. Vogt (1949) тек тарихи жазбалар ғана жоғарғы тарихи сананы қалыптастырып, «осы сатыда ғана ғылым ретінде пәнге айналады» деп есептейді. Өзгелер тарихи дерек көздерді асыра бағалауды Kölbl мен Straub (2001) және Diawara (2002) «скриптоцентризм» деп атайды. Олар материалдық құндылықтармен қатар қарым-қатынастың жест, ритуал, жерлеу, еске алу сияқты жазылмаған өзге де нысандарын қоғамдағы тарихи сананың көрінісі деп бағалайды.

Тарихи сананың қазіргі нысаны бүгінгі күн өткен күннен мүлдем өзге уақыт деп түсінген кезде пайда болды. Цицеронның «*Historia vitae magistra*» яғни, «Өткеннен сабақ алу» қойылған сұраққа толық жауап бере алмай қалды. «Кеше, бүгін, ертең» үш уақыт моделі алдымен батыс еуропалық ғылыми ортада, кейіннен қоғамда біртіндеп өзгерді. Өткенге, бүгінге және болашаққа қатысты тарихнамалық және философиялық дискуссия тарихи білім беруге қатысты пікірді де өзгертті. 1972 жылғы конференцияда неміс тарихшылары мен тарихты оқыту жөніндегі мамандар тарих ғылымы мен тарихи білім берудегі теория мен тәжірибенің арасындағы айырмашылық жөнінде мәселе көтерді. Рейнхард Коззелек неміс университеттері мен орта мектептерінде академиялық тарихнама мен тарих пәні бойынша оқу жоспарын «тарихи уақыт» идеясы негізінде қайта қарауды ұсынды. Оның түсінігінде академиялық тарихнама сияқты тарих дидактикасы да теорияға мұқтаж. «Тарих динамикасы» (*die Beweglichkeit der Geschichte*) мен «көпперспективтілік» (*Standortgebundenheit*) терминдері соғыстан кейінгі жанартылған бағдарламаның бастапқы дидактикалық тұжырымдамасы бола алады деген ой тастады.

Академиялық ортада тарихи сананың ғылыми және тұрмыстық көрінісінің айырмашылығы қарастырылды. *Ғылыми тарихи сана* орта мектептер мен колледждерде, университеттердегі тарих сабақтарында берілетін тарихи білім мен дағдыға негізделген. *Тұрмыстық тарихи сана* жаттыққан

санадан кем түспейтін көпшілік арасында кең тараған қалыптасқан мәдениетпен байланысқан жалпылама қатынас түрі болып табылады.

Өзге топтар мен ұйымдар арасында «Тарихты ғылыми тұрғыда қарастыру, мемлекеттік институттар мен естелік тәжірбиелер» бойынша өзара шамалы айырмашылықтардың болуы және соңғыларының тарихи фактілер мен ресми тәжірбиеге емес «жалпы көзқарастар, пікірлер мен құндылықтарға» сүйенуімен танымал [6,35-63]. Пікір таластарда қолданылған терминдер жеке бас немесе ұжымдық естеліктерге, тарихи туризмге, мұраға және үстірт не «шынайы» тарихи ынтаға сүйенеді.

Бұл түсініктердің қарапайым негізде болғанына қарамастан тарихи білім үшін маңыздылығы тарихи сананың бірнеше көзі бар екендігін көрсету фактісінде. Мектептегі білім, жария тарих және өткенді жалпы көпшіліктің талдауы өзгелермен қатар тарихи сананы қалыптастырушы құқығын бере алады. Тиісінше, Stephane Lévesque пікірінше «тарихи сананы оқыту адамдардың өткенді қалай пайдаланатындығын» білуге мүмкіндік береді. Зерттеу саласы ретінде ол тарих не үшін маңызды деген сұрақ қана емес, оның қоғамдағы функциясын да қарастырады.

Дегенмен, батыс қоғамының нарративтерге тәуелділігі әмбебап па? Адамдар өміріндегі тарихтың мәні қандай? Біздің индивидуалды және ұжымдық бірегейлігіміз қаншалықты тарих арқылы қалыптасқан?

Бұл тұжырымдарды қалыптастыруда батыстың ықпалының зор екендігін көруге болады. 2002 жылы Rüsen «Тарихты түйсіну» еңбегінің бірінші томында этноцентризм мен еуроцентризм сұрақтары арасында дискуссия жүргізеді. Рюссеннің түсінігінде нормативтік құндылықтар мен биліктің ықпалымен тарихи сана адамдарды жұмылдырды. Тарихи санаға әмбебап және жаһандық талаптар қоюға болмайды. Рюссен еңбегінде бұл сұрақтарға толыққанды жауап бере алмаса да батыстық басымдық көзқарастан алыстады.

Өзге теоретиктер «түрлі құрлықтардағы тарих пен мәдениеттің сенсублизациясын оның көптүрлілігі сипатында қамтамасыз етуді» қалады [7, 150 бб.]. Аталмыш теоретикалық пікір-таластың өзектілігі оның әлемнің түрлі бұрыштарындағы сыныптарда тарих дидактикасының алуандылығын көрсету маңыздылығында болды.

Тарихи сана мағынасының көптүрлілігіне қарамастан Карл Эрнст Джейсман мен Рюсеннің көзқарастары тарихи білім берудегі негізгі ғылыми көз болып табылады. Мысалы, Thoer. R [8] тарихи сана адамдар және олар құрған институттар мен формалар *уақыт* аралығында өмір сүреді, яғни оның шығу тегі мен болашағы бар. Clark пікірінше олар тұрақты емес, өзгеріссіз қалмайды және алғышартсыз пайда болмайды. Jeismann (1992) жай ғана білім немесе ынталы тарихи қызығушылықтан өзге тарихи сана өткенді, бүгінгі және келешек перспективаны байланыстырады (P. Seixas. 1989 ж.) «*Theorizing historical consciousness*» (63–85 бб.), атты кітабында Rüsen пікірінше тарихи сана «бүгінгі өтіп жатқан өмірлік жағдаяттарда арналған бағдар сияқты». Адамдар өткеннің оқиғасын болашаққа бағдар ретінде алып оны бүгінгі әрекеттерінде жүзеге асырады.

Бұл бағдар өмірдің екі саласын қамтиды: сыртқы, мұнда тарихи сана әлеуметтік шарттардың тұрақсыздығын түсінуден және ішкі, тарихи идентитілік нысанын қабылдайтын адам субъективтілігінің уақытпен өлшенетіндігін түйсіну мен ұғынуынан көрініс береді. Тиісінше, тарихи иденттілікті біртіндеп түсіну арқылы өзінің туу мен өлу шекарасынан шығып әр адам ауқымды тұтас бір бүгіннің бөлшегі екендігін түсінуіне мүмкіндік береді.

Адамдар өзін әрқайсысының жеке тарихы бар түрлі әлеуметтік топтармен және мекемелермен (мешіт, қоғамдық қозғалыс және т.б) идентификациялап өздерінің өмірлерінің шектеулілігін трансценденциялық тәжірбие алу арқылы жояды. Қазіргі уақытта танымал бұл «Уақытша ажалсыздық» ұлттық иденттілік және мемлекетпен иденттілік арқылы көрініс береді.

Әлбетте бұл шектеулі түсініктемені қарастыра отыра біз қазіргі уақытта тарихи сананы қарастырудағы екі заманауи көзқарасты: тарихнамалық және білімділікті атап өтпей кете алмаймыз. Екі көзқарасты да тарих философиясы астарында қарастырамыз.

1. Жумалиева Р.З., Кожяхмет К.Т., Сюрмен О.В., Атымтаева Л.Б., Джандильдинов М.К. Инвариант компетентностной модели полиязычного специалиста вузовской и послевузовской подготовки и общая методология формирования компетенций полиязычного IT-специалиста. - Научно-методический журнал КазНПУ им. Абая, Алматы. Изд-во Ұлағат, 3(36), Ноябрь 2018 – С. 11, – С. 9
2. Adelman, C. (2013). Competence, technology, and their discontents. Inside Higher Ed. Retrieved from <http://www.insidehighered.com/views/2013/06/06/higher-ed-discovers-competency-again-essay>
3. Буланкина Н.Е. Методологические основы гуманизацииполиязыкового образовательного пространства. – ИРОС РАО, Институт образования НГПУ, Новосибирск. Изд-во НИПКиПРО, 2004. – 200 с.
4. Жетписбаева Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования: Автореф. дис. д-ра пед. наук. – Караганда, 2009. – 46 с.

МРНТИ 14.35.09
УДК 378.02:37.016

Ж.И. Сардарова¹

¹ «Өрлеу» БАҰО АҚФ ББЖҚБАРИ доценті, п.ғ.д.,
Алматы, Қазақстан,

Н.С. Жұмашева²

² Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.,
Атырау, Қазақстан

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Қазіргі білім мен ақпарат үстемдік еткен қоғамда педагогтың білім, білік, дағды, тәжірибесін пайдалана отырып, өзгермелі өмір жағдайына бейімделу икемділігін ғана емес, үнемі кәсіби біліктілігін арттыру қажеттілігін талап етуде. Сол себепті бүгінгі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру күн сұранысынан туындап отырған өзекті мәселе. Авторлар ХХІ ғасырдың ақпараттар мен адами капитал ғасырына сипаттама бере отырып, білім берудің жаңа парадигмасы, өмір бойы білім алу» (Life Long Learning) тұжырымдамасы, оның өзіндік мәні, көпқырлы жақтарын, үздіксіз берудің тұлғаның шығармашылық әлеуетін өмір бойы байыту мақсатын көздеудегі өзіне тән ерекшелігінжете ашқан. Тақырыпқа сәйкес бүгінгі білім берудің өмір бойы білім алу тұжырымдамасына негізделіп, құзыреттілік тұрғысынан қарастырылуының басты негізгі себептері сарапталып, «кәсіби құзыреттілік» ұғымына берілген шетелдік, отандық ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасалған. Эмоционалды интеллектіні қазіргі педагогтың кәсіби біліктілігінің бір компоненті ретінде қарастыра отырып, авторлар жеке тұлғаның дамуында, кәсіби салада өзін жүзеге асыруы тек оның өмір тәжірибесіне, біліміне, дағды, қабілеттеріне ғана емес, сонымен қатар эмоционалды интеллект деңгейіне тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Түйін сөздер: білім беру парадигмасы, білім берудегі құзыреттілік тұғыр, өмір бойы білім алу тұжырымдамасы, үздіксіз білім беру, кәсіби құзыреттілік, кәсіби мәнді сапалар, интеллект, эмоционалды интеллект.

Сардарова Ж.И.¹

¹ д.п.н., доцент ФАО НЦПК «Өрлеу» РИПК СО,
Алматы, Казахстан,

Жұмашева Н.С.²

² к.п.н., доцент Атырауского государственного университета им. Х.Досмұхамедова,
Атырау, Казахстан

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТОСТИ ПЕДАГОГОВ В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ПАРАДИГМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В современном обществе, где доминируют знания и информация, от педагога требуется не только гибкости адаптации к изменяющимся условиям жизни, но и необходимости постоянного повышения профессиональной квалификации, используя знания, умения, навыки, опыт. Поэтому повышение профессиональной компетентности педагогов в условиях новой парадигмы современного образования является актуальной проблемой, вызванной запросом сегодняшнего дня. Авторы описывая XXI век как век информации и человеческого капитала подробно раскрывают новую парадигму образования, концепцию обучения в течение всей жизни " (LifeLongLearning), ее значимость, многогранность, специфические особенности непрерывного образования в целях творческого обогащения личности на протяжении всей жизни. В соответствии с темой проанализированы основные причины перехода современного образования на компетентностный подход, основанные на концепции обучения в течение всей жизни, на основе всестороннего анализа зарубежных и отечественных ученых сделан анализ понятия "профессиональная компетентность". Также авторы рассматривая эмоциональный интеллект как компонент профессиональной компетентности современного педагога, утверждают, что самореализация личности в развитии, профессиональной сфере напрямую зависит не только от его жизненного опыта, знаний, навыков, способностей, но и от уровня эмоционального интеллекта.

Ключевые слова: парадигма образования, компетентностный подход в образовании, концепция обучения в течение всей жизни, непрерывное образование, профессиональная компетентность, профессионально значимые качества, интеллект, эмоциональный интеллект

Sardarova Z.I.¹

¹*D.Sc., associate professor of RIDSES NSPD "*
Orleu», Almaty, Kazakhstan,

Zhumasheva N.S.²

²*Ph. D., associate professor of H. Dosmukhamedov, Atyrau state University*
Atyrau, Kazakhstan

TOPICAL ISSUES OF IMPROVING THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF TEACHERS IN THE NEW PARADIGM OF EDUCATION

Abstract

In today's society, dominated by knowledge and information, the teacher requires not only flexibility to adapt to changing living conditions, but also the need for continuous professional development, using knowledge, skills, experience. Therefore, enhancing the professional competence of teachers in the new paradigm of modern education is a pressing problem caused by today's demand. The authors describe the XXI century as the age of information and human capital in detail reveal the new paradigm of education, the concept of lifelong learning "(Life Long Learning), its importance, versatility, specific features of lifelong education for creative enrichment of a person throughout life. In accordance with the topic analyzed the main reasons for the transition of modern education to the competence-based approach, based on the concept of lifelong

learning, based on a comprehensive analysis of foreign and domestic scientists attempted to clarify the concept of “professional competence.” Also considering emotional intelligence as a component of professional competence of a modern teacher, they claim that self-realization of a person in development, professional sphere directly depends not only on his life experience, knowledge, skills, abilities, but also on the level of emotional intelligence.

Keywords: educational paradigm, competence-based approach in education, the concept of lifelong learning, continuing education, professional competence, professionally significant qualities, intelligence, emotional intelligence

XXI ғасырдың ақпараттар ғасыры, адам ғасыры деген сипаттамасына жүгінсек, *білім адам және ақпарат қорын қалыптастырудағы негізгі фактор* болып табылады. Сондықтан білімнің жаңа ғасырдағы мәні оның жеке тұлғатағдырындағы мәнділігімен жеке мемлекеттің қауіпсіздігін әлеуметтік, рухани, мәдени өрлеу арқылы қамтамасыз етумен және жалпы адамзаттың өркендеуіне ықпал етуімен сипатталады.

Бүгінгі таңда жоғарыда атап өткен білімнің төрт сипатында білімнің құндылық ретіндегі және білімнің нәтижеретіндегі қырларына аса мән берілуде. Сол себепті де білім жүйесінің соңғы нәтижесі білім алушының жекепәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып дамытылатын өмірлік дағдылар, құзырлықтар болып табылады.

Білім жүйесі американдық философ, әрі психолог Д. Дьюи атап өткендей, «Үлкен өзгерістерге ие болды. Ол маңызы жағынан, поляк астрономы К. Коперниктің жаңалығына (Күн астрономиялық орталық, басқа планеталар оның айналасында шоғырланады, оны айнала қозғалады) тең болып отыр, яғни «білім алушы тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі».

Қазіргі таңдағы білім беру саласындағы реформалар бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет бейнесін сақтауды көздейді.

Ресей ғалымдарының пайымдауынша, жалпы адамзат үшін бүгінгі күннің басты қаупі – адам қабілеттілігінің оны қоршаған әлемдегі өзгерістер легінен қалыс қалуы және оларды қабылдаудағы қарқынды кешігуі. Мұндай тұжырымды 1970-шы жылдардың өзінде-ақ батыстық ғалым – философтар, әлеуметтанушылар, эдукологтар (білім беруді дамыту теориясы саласы ғалымдары) жасаған еді [1].

Қазіргі кезде әлемдік деңгейде кең тарап, басты бағыт алған «өмір бойы білім алу» (Life Long Learning) тұжырымдамалық парадигма. Ол 1965 жылы ЮНЕСКО форумында Паул Ленградтың ұсынуымен қабылданып, адамның барлық өмір бойы жалғасатын және үздіксіз үдеріс ретінде білім берудің барлық формаларын, түрлерін, деңгейлерін қамтитын көпшілік мақұлдаған халықаралық заң нормасы. Бұл түсіндірмеге сәйкес үздіксіз білім беру барлық жастағы адамдарға арналған және қоғамның барлық білімі әлеуетін, барлық жағдаятты тұлғаның жан-жақты дамуында қолдану мақсатын көздейді. Яғни үздіксіз білім беру ортасында адам, оның тұлғасы, армандары мен қабілеттері және олардың жан-жақты дамуына басты назар аударылады.

Үздіксіз білім берудің негізгі мақсаты ретінде тұлғаның шығармашылық әлеуетін өмір бойы байыту қарастырылады. Бұл орайда ресейлік ғалымдардың пікіріне сүйенсек, үздіксіз білім беру – тұлғаның шығармашылық әлеуетінің үдетпелі дамуын және оның рухани әлемінің жан-жақты баюын қамтамасыз ететін тұтас үрдіс. Ол адамға әлеуметтік статусының жағымды түрде өзгеруіне көмектесетін арнайы ұйымдастырылған оқытудың бірізділікпен көтерілетін басқыштарынан тұрады [2].

Өмір бойы білім алу тұжырымдамасының көпқырлылығын ескерсек, біздіңше, оның басты құндылығы ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары сатысына көтерілудің және білімге негізделген ақпараттық қоғам идеяларын алға жылжытудың бір құралы болуында. Сондықтан да қазіргі ақпараттық қоғамның білім беру жағдайында объективті үдерістерді бейнелейтін жаңа анықтамалық ұғымдардың енуі заңды құбылысқа айналып отыр. Біз үшін интерактивті әдістер, виртуалды орта, интерактивті білім беру сияқты ұғымдарды қолдану үйреншікті болуымен қатар, қолдану қажеттілігіне айналуға. Олар ең алдымен, оқыту үдерісінде интербелсенділігімен, ынтымақтастығымен сипатталады, яғни кері байланысқа құрылған топтық жұмыстарды ұйымдастыруға, жағымды ахуал тудыруға бағытталуы.

Бүгінгі құзыреттілік тұғыры парадигмасы жағдайындағы өзекті мәселелердің бірі – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту. Жалпы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру проблемасы ең алдымен, оқушыны тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған іс-әрекет. Сол себепті де маңызды әлеуметтік

педагогикалық проблема болып табылады және ол педагогика, психология, акмеология, андрагогика, кәсіби психология сияқты бірнеше ғылымдар торабында тоғысқан, өйткені оның құрамын когнитивті, операционалды-технологиялық компоненттермен қатар, мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлық құрайды.

«Кәсіби құзыреттілік» ұғымы ХХ ғасырдың 80-шы жылдары педагогикалық еңбектің сапалық сипаттамасы ретінде қолданылғанмен, бұл ұғым құрамына енетін элементтер педагогикалық іс-әрекеттің бағасы ретінде түрлі тарихи кезеңдерде педагогтардың зерттеу жұмыстарында орын алды.

Соның дәлелі ретінде отандық ғалым Н.Н. Нурахметовтың жақсы мұғалімге берген өлшемдерін (критерийлерін) атап өтсек, «ең алдымен балаларды жақсы көретін адам; екіншіден, өзі оқытатын пәнінің негізін құрайтын ғылымды жақсы білетін адам; үшіншіден, психология мен педагогиканы білетін адам; төртіншіден, кез келген еңбек әрекетіне қажетті дағдыларды жақсы меңгерген, өз ісінің шебері... Білімі терең болған сайын мұғалімнің дүниетанымы кең, жан-жақты ғылыми білімдарлық және көп жағдайда ол тек оқытушы ғана емес, сондай-ақ тәрбиеші».

Құзыреттілікке қатысты ұғымдар бойынша шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары жеткіліктігіне қарамастан, толық бірізділік жоқ деп айтуға болады. Соңғы жылдардағы қазақстандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында құзырет, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік ұғымдарына келесі мазмұнда анықтама берілген: «құзырет» - жеке тұлғаның қандай да бір мәселелерді шешуге, іс-әрекетті орындауға деген құқықтылық мүмкіндігі; «құзыреттілік» – жеке тұлғаның теориялық білімі, іскерлігі, дағдысы мен тәжірибесімен өзара байланысқан сапаларының жиынтығы; «кәсіби құзыреттілік пәндік білімдер, іскерліктер жиынтығын күнделікті кәсіби қызметте шығармашылықпен қолдана алу.

Нақты кәсібіне сәйкес маманның шеберлігі кәсіби құзыреттілік ұғымымен сипатталады. Құзыреттілік кәсіп талаптары деңгейіне сәйкестігінің жеке сипаттамасы болып табылады, құзыреттілікті адам еңбегі қорытындысының сипатына қарай анықтауға болады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы педагогикалық міндеттерді өз бетімен және аса тиімділікпен орындауға мүмкіндік беретін мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін қамтиды. Сол себепті де мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің ең маңызды құрамын педагогикалық іс-әрекеттің нақты түрлерін өз бетімен орындауға деген дайындығы, кәсіби міндеттерді шешуге және өз еңбегінің қорытындысын бағалауға деген іскерлігі, өз бетімен мамандыққа сәйкес жаңа білім, білік жинақтау қабілеттілігі құрайды.

Қазақстандық ғалым С.З. Байхонованың пайымдауынша, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бұл ғылыми-теориялық, әдістемелік және педагогикалық-психологиялық дайындықты, сонымен қатар кәсіби және шығармашылық іс-әрекет іскерлігінің кіріктірілген сипаттамасы мен жеке тұлғаның кәсіби мәнді сапаларын дамытуын қамтиды. Сондай-ақ тұлғаның кәсіби мәнді сапаларына рефлексиялық, икемділік, эмпатия, коммуникативтілік, ынтымақтастық қабілеті, эмоционалды тартымдылық, студенттердің қажеттіліктеріне сезімталдық, өзін-өзі сынау, ұтқырлық, яғни бәсекеге қабілеттілікті жатқызады [2].

Бұл орайда біз ресейлік ғалым М.И. Лукьянованың тұлғаның кәсіби мәнді сапалары ішкі шарттар ролін атқаратынын және олар арқылы өткен сыртқы сипаттамалар мен іс-әрекет талаптары педагогтың құзыреттілігіне айналады деген тұжырымды толық қолдаймыз. Өйткені жеке тұлғаның мәнді сапалары әлеуметтік ортадағы кез келген іс-әрекеттің негізін құрайтыны анық. Сол себепті де бүгінгі таңда педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуда тұлғаның ішкі сапаларына, оның эмоционалды интеллектісіне ерекше мән бөлінуде.

Тұлғаның кәсіби жетістіктері ең алдымен оның білімімен, қабілеттерімен, дағдыларымен, жан-жақтылығымен және кеңінен ойлай білу қасиеттерімен, яғни жалпы интеллект деңгейімен байланыстылығы анық. Алайда шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, интеллект көрсеткіштері бізге өмірлік жетістікке жетудің басты факторы бола алмайтындығын дәлелдеп отыр. Мысалы, тұлғаны бағалаудың соңғы деректеріне сүйенсек, барлық жұмыс түріндегі адамның 34% – ақыл-ой интеллектісі және 66% – эмоционалды интеллект құрайтындығы анықталды. Яғни тұлғаның табыстылығында оның интеллект деңгейі мен әлеуметтік ортада тиімді әрекеттесу орнату арасындағы сәйкессіздіктердің орын алуы. Сол себепті де қазіргі таңда эмоцияға басты назар аударылып отыр [3].

Эмоционалдық қабілет – интеллектіні қоса алғандағы тұлғаның өз дағдыларын қаншалықты дұрыс пайдалана алатындығын анықтайтын метақабілет болып табылады [3].

Эмоционалды интеллект – өзінің және өзге адамдардың эмоциясын түсіну, сондай-ақ өзгермелі қоршаған ортаға және өзгермелі талаптарға эмоциялық бейімделу қабілетінен тұрады. Эмоционалдық интеллект деңгейі жоғары адамдар өзге адамдардың эмоциясы мен сезімдерін едәуір жақсы түсінеді,

өзінің эмоциялық өрісін басқара біледі, сондықтан олардың қоғамдағы мінез-құлқы анағұрлым лайықты, икемді болып келеді, әрі айналадағылармен өзара қарым-қатынаста өз мақсаттарына оңай қол жеткізеді.

Біздің пікірімізше, эмоционалды интеллектіні қазіргі педагогтың кәсіби құзыреттілігінің бір компоненті ретінде қарастырудың өзектілігі ең алдымен, бүгінгі ақпараттың жедел дамыған ғасырында оқытушының кәсіби міндеті оған кез келген жағдаятта жағымсыз ахуал тудырмай, үнемішкі эмоциясын тежеу жасауы негізінде денсаулығына, тұлғалық дамуына, кәсіби өсуіне деген елеулі зияндылығын ескермеуі. Екіншіден, бүгінгі күн талабына сай эмоционалды интеллектісі жоғары бәсекеге қабілетті құзыретті мамандарға деген қоғамдық сұранысқа сәйкестігімен түсіндіріледі.

Алғаш рет EQ - emotional quotient, эмоционалды коэффициент терминін IQ - интеллект коэффициентінің баламасы ретінде 1985 жылы клиникалық физиолог Рувен Бар-Он қолданған болатын. Ол эмоционалды интеллектіге «тұлғаның қоршаған орта талаптары мен әсерлеріне (қысымына) оңтайлы жауап бере алу қабілеттілігі, ортаға оңай бейімделуге ықпал ететін эмоциялық, жеке және әлеуметтік қабілеттер жиынтығы», – деп анықтама берді.

Кейін 1990 жылы Джон Майер мен Питер Салоеуей өздерінің бірлескен «Эмоционалды интеллект» атты мақаласын жарыққа шығарып, ғылыми айналымға «эмоционалды интеллект» түсінігін енгізді. Олардың тұжырымдауынша, эмоционалды интеллект – әлеуметтік интеллектінің компоненті, өз сезімдері мен өзге адамдар сезімін қадағалау, оларды ажырата білу және ол ақпаратты өзінің ойын, әрекеттерін басқару үшін қолдану қабілеті. Авторлар ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде эмоционалды интеллектінің дамуы тұлғаның үйлесімді, тұлғалық дамуына игі ықпалы басым деген қорытынды жасады. Соңғы кезде бұл мәселе бойынша ресейлік, қазақстандық психолог-ғалымдардың зерттеу жұмыстарының артуыносы тұжырыммен байланыстыра аламыз.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біз эмоционалды интеллект – бұл өзінің және өзгелердің эмоцияларын түсіну, өзінің және өзге адамдардың эмоцияларын басқара білу қабілеті, осы білімдерді белгілі бір мәселелердің туындау себебін анықтауда тиімді қолдану және оларды шешу қабілеті деп нақтылаймыз. Осыған орай, жеке тұлғаның дамуында, кәсіби салада өзін-өзі жүзеге асыруы тек оның өмір тәжірибесіне, біліміне, дағды, қабілеттеріне ғана емес, сонымен қатар эмоционалды интеллект деңгейіне тікелей байланысты деп тұжырымдаймыз. Бұл өз кезегінде, эмоционалды интеллектіні қазіргі педагогтың кәсіби құзыреттілігінің басты компоненті ретінде қарастыруға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының қарқындылығын арттыруды талап ететіндігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дуйсебекова Ж. Е. *Компетентностный подход как современная парадигма иноязычного образования в Казахстане // Молодой ученый. – 2018. – №23. – С. 415-418.*
2. Байхонова С.З. *Организационно-педагогические условия развития профессиональной компетентности педагогов в процессе повышения квалификации. : автореферат. на соис. ученой степени кандидата пед.наук. – Астана, 208.– С 24.*
3. *Под ред. А.М.Ким. Диагностика и развитие эмоционального интеллекта преподавателя вуза. – Алматы, 2016. – С.181.*

УДК 378

МРНТИ 14.01.85

Г.К. Наурызбаева¹, Г.Л. Габдуллина², Э.О. Куткельдиева³ ¹Докторант, әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ, Алматы қ., Қазақстан, ²ф.-м.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ, Алматы қ., Қазақстан,

³Докторант, Абай атындағы Қаз ҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҢҒЫРТУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ– БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада зерттеліп отырған тақырып бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалады, оқу процесінде жоғары оқу орындарының студенттердің техникалық құзыреттерін қалыптастырудың қажеттілігі негізделеді. Қазіргі заманғы жоғары білікті инженердің тұлғасы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі тұлғаларының бірі ретінде қоғамға объективті түрде ықпал етеді. Инженерлердің өздерінің кәсіби қызметтерін сәтті атқаруы үшін бұл маманның техникалық құзыреттілігінің қазіргі деңгейін көтеру жолдары көзделеді. Жұмыста білім беру үдерісінде студенттердің жоғары білімнің басымдықтарының бірі болып табылатын техникалық құзыреттілікті қалыптастыра алатын жағдайлар негізделеді. Осы мақалада техникалық құзыреттілік инженерлік-техникалық жұмыстардың тиімділігін анықтайтын, инженерлік-техникалық білімдерді қолдана отырып, инженерлік-техникалық құралдарды әзірлеу, зерттеу және жетілдіруге бағытталған білім, дағды және жеке қасиеттер жиынтығы ретінде қарастырылады. Кәсіби бағытталған оқыту білім алушының мамандық бойынша дайындалуында өзінің болашақ мамандығына деген оң көзқарасын қалыптастырудың және кәсіптің жеке тұлға қасиеттеріне қоятын білім, түсініктерін, олардағы қалыптасқан техникалық құзыреттерін дұрыс бағалаудың негізі ретінде қарастырылған.

Түйін сөздер: құзырет, техникалық құзыреттер, оқу үрдісі, кәсіби бағыттап оқыту.

Наурызбаева. Г.К.¹, Габдуллина Г.Л.², Куткельдиева Э.О.³. ¹Докторант, КазНУ им. Аль-Фараби, г.

Алматы, Казахстан, ²к.ф.-м.н., старший преподаватель, КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы,

Казахстан, ³Докторант, КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ТЕХНИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА В КОНТЕКСТЕ ВОЗРОЖДЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ-ОДНА ИЗ АКТУАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ СЕГОДНЯШНЕГО ДНЯ

Аннотация

В статье проводится обзор отечественных и зарубежных источников по исследуемой теме, обосновывается необходимость формирования технических компетенций (ТК) студентов технического университета в учебном процессе. Личность современного высококвалифицированного инженера объективно выдвигается в обществе как одна из ключевых фигур социально-экономического развития. Решающее значение для успешного выполнения инженерами своих профессиональных функций приобретает наличный уровень технических компетенций специалиста. Обосновывается создание в образовательном процессе условий, при которых у студентов могут сформироваться технические компетенции, являющиеся одной из приоритетных задач высшего образования. В работе технические компетенции рассматриваются как комплекс знаний, умений и навыков и личностных качеств, определяющих эффективность инженерного труда, основанный на применении научных и

технических знаний, и направленный на разработку, исследование и совершенствование инженерно-технических объектов. Как основа рассмотрено профессионально-направленное обучение в раскрытии положительного отношения к будущей профессии по профилю подготовки, в знании и понимании требований профессии к личностным качествам, в адекватной самооценке своих уже сформировавшихся технических компетенций.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, технические компетенции, учебный процесс, профессионально-направленное обучение.

G.K. Nauryzbaeva¹, G.L. Gabdullina², E.O. Kutkeldiyeva³

¹PhD student, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan,

²c.ph.-m.s., senior lecturer, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan,

³PhD student, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

FORMATION OF TECHNICAL COMPETENCE OF FUTURE SPECIALIST IN THE CONTEXT OF REVIVAL QUALITY EDUCATION ONE OF ACTUAL PROBLEMS TODAY'S DAY

Abstract.

The review of national and international references is provided in article, the need of formation technical competences of students of the technical university in educational process is proved. The personality of a modern highly qualified engineer is objectively promoted in society as one of the key figures of socio-economic development. Crucial to the successful performance of their professional functions by engineers is the present level of technical competence of a specialist. It justifies the creation in the educational process of the conditions under which students can form technical competence, which is one of the priorities of higher education. In this paper, technical competencies are considered as a complex of knowledge, skills and personal qualities that determine the effectiveness of engineering work, based on the application of scientific and technical knowledge, and aimed at developing, researching and improving engineering and technical facilities. As a basis, vocationally-directed training in disclosing a positive attitude towards a future profession is considered based on the training profile, in knowing and understanding the requirements of the profession for personal qualities, and in an adequate self-assessment of their already formed technical competencies.

Keywords: competence, technical competences, educational process, professionally-directed training.

Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу еліміздің ғылыми-техникалық әлеуеті деңгейімен анықталады, оның басты құндылығы инженерлік, ғылыми және техникалық маман болып табылады. Қазіргі заманғы жоғары білікті инженердің тұлғасы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі тұлғаларының бірі ретінде қоғамға айтарлықтай ықпал етеді.

Ғылыми-техникалық революцияның қазіргі кезеңінің жалпы үрдістері материалдық өндіріс пен коммуникация саласында өндірістік технологиялардың жылдам дамуына, компьютерлік және ақпараттық технологияларды кеңінен енгізуге, инженерлік-техникалық жұмыстың мазмұнын өзгертуге, оның интеллектуалды қанықтылығына және шығармашылық компонентін күшейтуге әкеледі. Жоғары білікті техникалық маманның кәсіби қызметінің жетістігі деп, өз білімдерін үнемі жаңартып, оны нақты мәселелерді шешу, оқиғаларды алдын-ала болжау және кәсіпқой қызметінің жылдам өзгертін жағдайларында тиімді әрекет ету, шығармашылық тәсілдерді табу және туындайтын проблемаларды шешу үшін қолдану тұрғысын айтуға болады. Басқаша айтқанда, инженерлердің кәсіби қызметтерін сәтті орындау үшін шешуші мәнге ие – маманның техникалық құзыреті. Осыған байланысты қазіргі заманғы білім беру үрдісі ақпараттық және өндірістік кеңістіктегі қажет құзыреттерді қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан білім беру үдерісінде білім алушылардың техникалық құзыреттерін қалыптастыруы мүмкін жағдайларды құру - жоғары білімнің басымдықтарының бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда отандық педагогиканың заманауи әдебиетіне талдау жасау кезінде көптеген жұмыстарда құзыреттілік білімнің, шеберліктің және дағдылардың тұтастығы ретінде анықталғаны, ал

құзырет идеалды тұлғаның элементі ретінде қарастырылғаны көрінеді (Н.Д. Хмель, Л.Х. Мәжитова, Ш.Т. Таубаева және басқалар) [1, 14-22 б.].

Педагогикалық энциклопедияға сәйкес «құзыреттілік» тұжырымдамасы кәсіптік білімдер мен дағдылардан басқа: «бастамашылдық», «ынтымақтастық», оқуға, бағалауға, логикалық ойлауға, ақпаратты іріктеуге және пайдалануға мүмкіндік береді, ал «құзырет» тұжырымдамасы объектілердің, процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты адамның өзара байланысты қасиеттері (білімі, шеберлігі, дағдылары, жұмыс істеу жолдары) және олармен байланысты сапалы жұмысы [2, 243 б.].

В.А. Арабаджи өз еңбегінде құзыреттілікті еңбек барысында көрінетін, жұмыс барысында оған кәсіби дайындығының деңгейі мен сапасын анықтайды, туындаған мәселені шешуде түрлі қиындықтарға қарамастан ұтымды шешуге қабілеттігін анықтайды деп көрсетеді [3, 26-28 б.].

Зерттеушілердің бірқатар жұмыстары құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық негіздерін дамытуға арналған, білім беру және шығармашылық үдеріспен бірлікте болу дағдыларын қалыптастыруда интегралдық жүйе ретінде қарастырылған (Атлягузова И., Пинский А.А., Агапов И.Г.) [4, 272 б.].

Ал шетелдік авторлардың шығармаларында бұл аталған терминді түсіндіруде біраз айырмашылықтардың бар екендігі байқалады. Мәселен, А. Санчес құзырет – бұл адам ресурстарын сипаттау, адамның еңбек өнімділігін бағалау үшін кеңінен қолданылатын термин, жұмыс өнімділігіне әсер ететін және оның тиімділігіне қатысты тиісті білімдер мен дағдылар жиынтығы ретінде анықтайды. Бұл жағдайда құзыреттілікті мінез-құлыққа негізделген атрибуттарға жатқызуға болады. Бургоин Д. өз жұмысында құзыретті тұлғаның өндірістік тапсырмаларды оңай орындай алуымен байланыстырады [5, 164-168 б.]. Басқа жұмыстарда (R.E., Clelland M., Boadzis M.) құзырет адамның осы ұйымның өндірістік міндеттерін тиімді орындау үдерісінде көрсеткен мінез-құлық болып табылады, бұл белгілі бір нәтижелерге (табысқа) іс-әрекеттердің және біртұтас мінез-құлық тәртібінің сақталуына, тиімді жұмыс ұйымдастыру тәртібіне және жағдайына байланысты екендігі айтылады, бұл құзыреттердің белгілі бір сипаттамаларын иеленуін алдын-ала анықтайтын және өндірістік қызметтің тиімділігіне әкелетінін дәлелдейді (Widdett A., Holliford J., Marshal P.), [6, 31-37 б.].

Шын мәнінде, мінез-құлық негізі, біздің ойымызша, қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті құзырет болып табылады. Құзырет дегеніміз бұл адам дәлелдеуге болатын нәрсе, оны анықтауға, бағалауға, қалыптастыруға болады.

Кейбір құзырет сипаттамалары критерийлер мен индикаторлар бойынша оңай анықталады және өлшенеді. Алайда көптеген зерттеушілер мұны қиындық деп санайды. Сонымен қатар, кейбір мамандардың қызметі басқалармен салыстырғанда тиімдірек екені анық. Құзыреттерді бағалау арқылы маманның жұмысының неғұрлым тиімді болатындығын және оның барлық құрушы факторларын анықтаудың себептерін талдауға болады.

Осылайша, шетелдік дереккөздерде «құзырет» термині көптеген мәтіндерде әртүрлі мағынада қолданылады. У. Бихамның жұмысында техникалық құзырет үш санатқа бөлінеді:

1. Жеке тұлғаларға бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін факторлар;
2. Қызметтік міндеттерін орындауға және өндірістік тапсырмаларды орындауға тиімділікке жету үшін маманның көрсететін жұмыс сапасы мен дағдылары;
3. Адам қызметінің дағдыларын, жетістіктерін және нәтижелерін білдіретін жеке аспектілер.

Осылайша, автор техникалық құзыретті жеке маманның тұлға бірлігі ретінде, оның сана мен белсенділігі, іс-әрекеттер мен қарым-қатынас процестерімен бірге қарастырады [7, 189-196 б.].

А.Ю. Славина, Н.А. Шматко, О.Ф. Фиралова және О.П. Корниенко өз жұмыстарында техникалық құзырет төмендегідей түсіндіріледі:

1. Мамандық бойынша жұмыс істеу үшін қажетті білімді, дағдыларды және қабілеттерді меңгеру, сонымен қатар, кәсіби проблемаларды шешуде икемділігі; әріптестермен және кәсіпқой тұлғааралық қарым-қатынастың дамығандығы.

2. «Құзырет элементтері» болып табылатын стандарттарды жобалау:– жұмыс критерийлері (сапа өлшемі);

- қолдану саласы;
- қажетті білім.

3. Жұмыс орнының талаптары бойынша кәсіби қызметті нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін қабілеттерді тиімді пайдалану. Бұл тұрғыда құзырет кәсіптік үштігі: «білім-шеберлік-дағдылар» шеңберінен шығып, бейресми және ақпаратты білім мен ноу-хауды (мінез-құлық, фактілерді талдау, шешім қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеу және т.б.) қамтиды.

Л.А. Борисованың жұмысында «Студенттің техникалық құзыреті» түсінігі жеке тұлғаның даму деңгейін сипаттайтын және техникалық білім, дағдылар мен интеллектуалды қабілеттердің синтезін, құндылық бағдарларының жиынтығын, студенттің кәсіби өзін-өзі жетілдіруінің себептері мен қажеттілігін сипаттайтын болашақ маманның жеке және кәсіби қасиеттерінің кешенді интегралдық жүйесі ретінде анықталған [8, 6 б.].

Өз кезегінде, Н.Агеева, инженердің аксиологиялық және әдістемелік негіздерін талдай отырып, техникалық құзырет – қызметкерлердің өздерінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті білімі, дағдылары мен қабілеттері деген қорытындыға келеді. Бұл құзыреттер басқалардан ерекшеленеді, өйткені олар арнайы білім мен дағдылар саласына әсер етеді. Адамның тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті білімі дағдылар мен қабілеттерде жүзеге асырылуы тиіс екендігін жазады [9, 14 б.].

Сонымен қатар шетелдік авторлардың (Джон Замбони, Лаура Брамбл және басқалар) шығармаларында техникалық құзырет былай сипатталады:

1. Тиімді жұмыс істеу үшін қажетті білім мен дағдыларды ұйымдағы белгілі бір рөлде немесе жұмыс орындарында қолдану. Олар мамандандырылған салаларда табысқа жету үшін қажетті білім мен дағдылармен тығыз байланысты.

2. Табысты жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларға және «ноу-хауға» назар аударатын басымдықтағы жұмыс профильдерін жасау үшін жалпы немесе жеке тұлға құзыретін бірге пайдалануы.

3. Жұмыс орындарын функционалдық аймақта ажырата білу қабілеті [10-11, 27 б.].

Осылайша, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау техникалық құзырет - бұл адамның білімі, дағдылары мен қабілеттері, өндірістік қызметтің талаптарына сәйкес дұрыс әрекет ету, техникалық жұмыста кәсіптік тапсырмалардың деңгелерін ұйымдастырылған түрде шешу, туындаған мәселелерге қарамастан қызметінің нәтижелерін өздігінен бағалау және техникалық еңбек саласындағы белгілі бір кәсіби рөлге дайындық. Психологиялық тұрғыдан кәсіптік қызметке дайындық – өз іс-әрекетін ғылым мен техниканың заманауи талаптары деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мамандардың білімі мен дағдысының болуы.

Осылайша талдаудың негізінде біз мынадай тұжырымдар жасадық: техникалық құзырет – инженерлік жұмыстардың тиімділігін анықтайтын, ғылыми-техникалық білімге негізделген және инженерлік объектілерді (техникалық жүйелер мен технологиялық процестер) дамытуға, зерттеуге және жетілдіруге бағытталған білім, шеберлік, дағдылар мен жеке қасиеттер жиынтығы. Біздің ойымызша, техникалық құзырет қоғамдық техникалық қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында оларды құру және қызмет көрсету үшін ұжымдық өндірісті және техникалық қызметті ұйымдастыруға мүмкіндік береді (техниканы, құрал-саймандар мен материалдарды дұрыс меңгеру және пайдалану, қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ету, жұмыс орнында тәртіп орнату, қондырғылар мен жабдықтарды күтіп-баптау, және т.б.).

Соңғы онжылдықтағы техникалық құзырет мәселелеріне ғалымдардың үлкен қызығушылығы ғылым мен техниканың жаңарып өсуімен қатар адамның технологиялық күштері де ғаламдық деңгейде айтарлықтай өскенімен түсіндіріледі. Техникалық құзырет пен адамның материалдық және рухани өндірісінің барлық салаларымен тығыз байланысы техникалық өрлеу қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылатындығын көрсетеді.

Жоғарыда аталған зерттеулердің ғылыми және практикалық құндылығын құрметтей отырып, ғалымдардың қызығушылығына және бүгінгі күнге дейін алынған нәтижелердің маңыздылығына қарамастан, білім беру процесінде студенттердің техникалық құзыреттерін қалыптастыру мәселесі әлі толығымен шешілмегендігін атап өту керек, себебі ғылыми және педагогикалық әдебиетте техникалық құзыреттің болуын және критериялы деңгейдегі құрылымын дамыту тәжірибесі аз, болашақ маманның кәсіби қызметінің мазмұнды түрлері жаратылыстану ғылымдарының типтік (жалпылама) тапсырмаларына негізделген түрде зерттеулер жеткілікті түрде жүргізілмеген.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерттеу болашақ мамандарды даярлаудың қазіргі заманғы жүйесі студенттердің техникалық құзыреттерін қалыптастыру мен дамытуға ерекше көңіл аударылмайтындығын және студенттердің арасында оның қалыптасуын зерттеу білім беру үрдісінің өздігінен қалыптасуы заманауи талаптарға сәйкес келмейтіндігін көрсетті.

Біз техникалық құзыреттерді қалыптастырудың тиімді әдістерінің жоқтығына бірнеше себептер бар деп есептейміз:

– студенттердің техникалық құзыреттерін қалыптастыру үшін теориялық және педагогикалық негіздердің болмауы;

– техникалық университеттің студенттерін кәсіби даярлау сапасын бақылау технологиясының жетіспеушілігі, күрделі құбылыстың техникалық құзыретті қалыптастырудың педагогикалық жағдайларын анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған шараларды қажет ететінін түсінбеу.

Талдау нәтижелері бойынша, көріп отырғанымыздай, әдебиетте «құзырет» және «құзыреттілік» терминдерінің анықтамаларына бірдей көзқарас жоқ, себебі техникалық мамандар даярлау жағдайында технологияларды педагогика теориясы мен практикасы және оларды қалыптастыру әдістері жоқ. Бұл әсіресе жаратылыстану пәндерін оқыту процесінде студенттерді дайындауға қатысты.

Әрбір студент өзінің білімі мен шеберлігі, дағдысы, өзінің жеке қасиеттері, үздік оқушы атануы, өз жоғарғы оқу орнына, оның басшылығына деген көзқарасы, университеттің ішкі жағдайларына бейімделуі мен белсенді атсалысуы жағынан сипатталуы мүмкін. Барлық осы көрсеткіштер студенттердің құзыреті түсінігін құрайды [12, 74-76 б.].

Сонымен қатар, техникалық құзырет студенттің немесе маманның күнделікті қызметіндегі кәсіби жұмысына жоғары деңгейде техникалық дайындығы мен қабілеті ғана емес, оның жеке тұлға қасиеттерінің мұғалімдер мен болашақ әріптестерге тиімді әсер ете алуымен сабақтастығы болып табылады.

Осылайша, техникалық құзыреттер студенттің жеке басының ең маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады. Құзырлы студент мәселенің өзін ғана түсініп қоймай, оны іс жүзінде қалай шешуге болатындығын білетіндіктен (дағдылар), құзыреттердің құрамына мазмұндық (білім) және үрдістік (шеберлік) құраушылар кіреді деп айтуға болады.

Жоғарғы білімнің инновациялық технологиялары бойынша ғылыми-зерттеу материалдары техникалық құзыреттерді студенттердің оқудағы және кейінгі кәсіби қызметте баыстылығының шешуші факторы ретінде (Л.Х. Мажитова, Б.К. Кенжебекова, Ю.В. Фролов, Е.В. Новосельский) қарастыруға болатындығын көрсетеді, сондықтан білім беру үдерісінің тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында студенттердің техникалық құзыреттерін қалыптастыруды төменгі курстан бастағана бзал.

Осыған байланысты біз техникалық университеттің төменгі курс студенттерінің техникалық құзыреттерін кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруда аса қажетті құзыреттердің құраушыларына бағдарланған кәсіби бағыттап оқыту негізінде тиімді қалыптастырудың технологиясын жасаудамыз. Өз кезегінде, техникалық құзыреттер өнімді жұмыс барысында туындайтын мәселелерді шешудің тиімділігін анықтайтын өзара байланысты білімдердің, шеберліктің, дағдылардың, жеке қасиеттердің жиынтығын қамтиды. Сонымен қатар, құзыреттілік – болашақта өздерінің кәсіби қызметін жақсы ұйымдастыру үшін анық сипатталған студентке қажетті стандарттар тізімі.

Осындай технологияны қолдану, студентке жаңа оқу ортаға өзін табысты бейімдеуге, кәсіби білім алып, шеберлігін шыңдауға және дағдылануға, университет талаптарын орындауға мүмкіндік береді.

Біз ұсынатын техникалық құзыреттерді қалыптастыру технологиясы маманның келешектегі кәсіби қызметінің объектісіне баса назар аудара отырып, кәсіби бағытталған оқытудың негізінде жүзеге асырылады. Бұл технология студенттердің танымдық белсенділігін болашақ кәсібімен тығыз байланыстыру үшін педагогикалық шарттарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл жағдайда университет студенттерінің техникалық құзыреттерін қалыптастыру кәсіби даярлауға құзыреттілік әдіске негізделген оқытудың мазмұны мен әдістемесі маманның іс-әрекет үлгісіне бағытталған жағдайда тиімді түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Педагогикада құзыреттілік әдісі ғалымдардың еңбектерінде (А.В. Звездова, В.Г. Орешкин, А.В. Самыкина, А.М. Митяева) анықталғандай, оқу үдерістерін модельдеу үшін кәсіптік бағдарланған оқытудың әдіснамалық негізін жасауға мүмкіндік береді. Физиканы кәсіби бағыттап оқытуды біз физика курсының жүйелік логикаға және болашақ маманның кәсіби жұмысының практикалық тапсырмаларына сәйкес келетін мазмұны мен оны меңгерудің ұйымдастырылуы деп түсінеміз.

Осылайша, кәсіптік бағытталған оқытуды студент бойында болашақ мамандығына оң көзқарас қалыптастыру, жеке қасиеттерге деген кәсіби талаптарын білу және оларда қалыптасқан техникалық құзыреттерді өзі бағалау кезіндегі негіз ретінде қарастыруға болады.

Кәсіби бағытталған – білім бұл ең алдымен, студент үшін болашақ мамандығына деген қызығушылықты және құндылықты сақтауға, танымдық қызығушылықты дамытуға және оның білімдері мен қабілеттерін жақсартуға ұмтылуға жағдайлар жасалатын процесс; екіншіден, болашақ мамандардың алдында болашақта мамандықты табысты игеру және кәсіби міндеттерді шешу үшін дағдылары мен қабілеттерін зерттеу барысында осы оқу пәнінің білім жүйесі мен әдістерінің қалыптасқан рөлі мен маңыздылығы айқындалады; үшіншіден, студенттер болашақ кәсіби қызметтің ерекшеліктерін, түрлері мен жалпыланған (типтік) міндеттерінің мазмұнын көрсетумен оқу мақсатына барабар білім беру, танымдық, зерттеу және іздеу іс-шараларына араласады (Мажитова Л.Х.).

Осылайша, бакалавриат білімінің кәсіптік бағдарлануы студенттердің білім алу және танымдық белсенділігін олардың болашақ кәсіби қызметімен біріктіруге мүмкіндік береді, бұл олардың техникалық құзыреттерін тиімді қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Осыған байланысты біз техникалық құзыреттер тұрғысында қажетті кәсіби-бағдарланған білімді, шеберлікті, дағдыларды және жеке қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін кәсіби бағытталған оқытуды пайдалануды ұсынамыз.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау негізінде біз «техникалық құзыреттер» тұжырымдамасын анықтадық және студенттердің алдын-ала сауалнамасы жаратылыстану пәндерін оқыту барысында студенттердің техникалық құзыреттерін қалыптастыруға болатындығын және қалыптастыру керек екендігін көрсетті (біздің жағдайда физика пәнінде). Осыған байланысты біз кәсіптік бағдарланған оқытудың көмегімен техникалық құзыреттерді қалыптастырудың технологиясын әзірлеуді бастаймыз. Осылайша, болашақ бакалавр қызметінің үлгісін жасау қажет, ол өндірістегі кәсіптік тапсырмаларды орындауда мақсаттарды анықтауға мүмкіндік береді. Оқытудың мақсаттары техникалық құзыреттерді қалыптастыру үшін білім беру үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтайды, ал техникалық құзыреттердің критерийлік-деңгейлік құрылымыолардың дамуын болжауға мүмкіндік береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мажитова Л.Х., Наурызбаева Г.К. Информационно-деятельностное обучение как основа организации самостоятельной работы студентов// Вестник АУЭС. – Алматы, 2014. – №3, С.14-22.
2. Большая российская энциклопедия. – Москва, 1993-1999.
3. Арабаджи В.А. Творческий поиск в работе с педагогами //Управление ДООУ. 2010. № 3, – С.26-28.
4. Атлягузова Е.И. Формирование базовых компетенций студентов технического профиля: дисс. канд. пед. наук. Тольятти, 2011. – С. 272 .
5. Martin L. Developing entrepreneurial competencies-an action-based approach and classification in education. Licentiate Thesis, ISSN: 1654-9732. Report number L2013:070. © Martin Lackéus, 2013.
6. Boyatzis L., Richard E. The competent manager: a model for effective performance. John Wiley & Sons, 1982.
7. W.C. Byham. Developing dimension-competency-based human resource systems //Development Dimensions International, Kevin W and Bernthal, 1996.
8. Борисова Л.А. Развитие технических компетенций студентов на основе информационных технологий обучения. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук, – Казань, 2006.
9. Агеева Н.В. Разработка модели технических компетенций // Кадровое Дело. – М, 2004.
10. Aldous H. Education and business: partners in building human capital, in Human Capital and Corporate Regulation, ed A. Carey and N. Sleight-Johnson. Institute of Chartered Accountants, London, 2000.
11. Armstrong M., Baron A. Managing Performance: Performance management in action, CIPD, London, 2004.
12. Мажитова Л.Х., Наурызбаева Г.К. К проблеме формирования профессионально-ориентированных компетенций студентов младших курсов втуза // Мат-лы III Республ.научно-практ.конф. «Сравнительный анализ модернизации системы образования Каз.-на и заруб.стран в контексте глобализации и интеграции». – 2010. – С. 74-76.

K. Smakova¹, A. Islam²

¹PhD Student, SuleymanDemirel University, Almaty, Kazakhstan,

²Doctor of Philology, professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

COMPETENCY-BASED APPROACH IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

Abstract

Owing to the recent reforms in Kazakhstani education, the role and the importance of foreign languages, particularly English, is immense. The challenges and changes of the integrated world and innovations in Kazakhstan prompt students to use foreign language in real-life contexts. The opportunities that are pursued in Competency-Based Approach (CBA) are closely interrelated with the demands of today's world.

This article provides a thorough analysis of the concepts of *competence* and *competency* with the subsequent overview of the historical development of competency-based approach as a shift from “knowledge-oriented” approach to “socio-constructivism-based” which focuses on learning outcomes and learner-centred education. It also traces the inevitable bound of Competency-Based Education with Competency-Based Language Teaching as an approach where language is taught in close relation to the social settings in which it is used.

Keywords: competence, competency, competency-based education, competency-based language teaching

Қ. Смакова¹, А. Ислам²

¹PhD докторанты, Сүлейман Демирель атындағы университет
Алматы, Қазақстан,

²ф. г. д., профессор, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛІ

Аңдатпа

Қазақстандық білім беру саласындағы жуырдағы реформалардың арқасында шеттілдерінің, әсіресе ағылшын тілінің рөлі мен маңызы зор. Қазақстанд интеграцияланған әлем және инновациялар себебінен орын алып жатқан өзгерістер мен мәселелер студенттерді күнделікті өмірде шеттілін пайдалануға ынталандырады. Құзыреттілікке негізделген тәсілде көзделетін мүмкіндіктер бүгінгі әлем талаптарымен тығыз байланысты.

Мақалада «құзырет» және «құзыреттілік» тұжырымдамалары толық талданады, одан кейін білімге негізделген көзқарастан оқуға және оқунәтижесіне бағытталған әлеуметтік конструктивизмге негізделген тәсілге көшуретінде құзыреттілікке негізделген білім беру тәсілінің тарихи дамуына шолу жасалады. Сондай-ақ, бұл зерттеуде құзыреттілікке негізделген білім беру тәсілі мен тілді қолданылатын әлеуметтік жағдаймен тығыз байланыста оқытатын, құзыреттілікке негізделген тіл үйрету тәсілінің тығыз байланысы байқалады.

Түйін сөздер : құзырет, құзыреттілік, біліктілік, құзыреттілікке негізделген білім беру тәсілі, құзыреттілікке негізделген тіл үйрету тәсілі

Смакова К.¹, Ислам А.²

¹ докторант, Университет им. Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан,

² д.ф.н., профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Аблай хана, Алматы, Казахстан

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

В результате последних реформ в сфере образования Республики Казахстан возросла роль и значимость английского языка. Казахстан в числе других государств также затронут процессами глобализации и возникновением инноваций, что побуждает молодежь к активному изучению иностранных языков. С этой целью поднялся вопрос эффективных методик преподавания, в частности, компетентностного подхода к обучению, который отвечает мировым требованиям преподавания иностранных языков и подтвержден международной практикой.

В данной статье представлен подробный анализ понятий «компетенция» и «компетентность», с последующим обзором исторического развития и трансформации подхода их «ориентированного на знания» в «социально-конструктивный», который нацелен на результативное обучение и интересы учащегося. Авторы также объясняют неразрывную связь компетентностного образования и компетентностного подхода в обучении иностранному языку, где язык преподается в том социальном контексте, где он впоследствии будет применяться.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, компетентностный подход, компетентностный подхода в обучении иностранному языку

The globally integrated world has been rapidly growing and has been requiring various skills and abilities that cause to bring changes and rethink the concept of teaching foreign language education. Due to the changing demands in the modern labour market and the world at all, nowadays, learner's competence has received considerable significance. Language proficiency cannot be the only aim of language learning and teaching, with accelerated internalization and globalization there has been an increased recognition in need for a social and intercultural focus on language education. Kazakhstan is not an exception; it also has been developing its policies and institutions in education with the aim of complying with international standards.

In 2011, Kazakhstan became a member of the Bologna Process in higher education, and so bound to fully comply with the European Qualifications Framework in Higher Education Area in order to be aligned with the process of worldwide recognition. This stage triggered the necessity for educational reforms and the involvement of not only higher education, but all educational institutions as well, including primary and secondary schools. Owing to the recent reforms in education, particularly a Cultural Project "Trinity of Languages", which was initially proposed by the president N.Nazarbayev, foreign language teaching has received a significant role [1].

The educational experience of developed countries such as Finland, Norway, and Sweden suggests as one of the ways to adjust to the European Framework, to reconsider and update the content of traditional education towards the competency-based approach. The opportunities that are pursued in Competency-Based Approach (CBA) are closely interrelated with the main focus of the European Commission and the Bologna process for modernization in education.

Thus, it is essential to provide a comprehensive overview and a thorough differentiation between the very concepts of *competence* and *competency* along with the main principles of Competency-Based Approach and its implementation at an effective and professional level.

The Concept of Competence versus Competency

Competency-Based Approach is widely discussed throughout the world by influential scholars such as N. Chomsky, Hymes (1972), Nunan (1988), Richards & Rodgers (2001), Zimnyaya (2004), Kunanbayeva (2010), therefore, there is a wide variety of definitions of concepts of *competence* and *competency* in the literature, which can be defined and used in several ways. Although the meanings of two terms seem interchangeable, there is a very fine line between them that needs to be drawn and clarified for further and deeper understanding to be used in the current paper.

Competence and *competency* are important notions in the concept of a competency-based approach that should be thoroughly discussed. In the educational context, these terms have become an issue to debate since Chomsky initially introduced the notion of *linguistic competence*, which refers to the person's innate linguistic knowledge of the rules and structure of his language [2]. Chomsky provides his vision of *competence* as "the speaker-hearer's knowledge of his language" which relates to knowledge, abilities, and skills of the learner, and *performance*- as "the actual use of language in concrete situations" [2, p.4].

Қорыта келе, Қазақстан патриоттарының сезімдері мен іс-әрекеттері Отанға (елге, Қазақстанға) және оның халқына бағытталған. Отансүйгіштік – бұл саяси идеология, оның басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Бұл өз еңбегімен, жанкешті ерліктерімен елінің беделін арттырып, халқының абыройын асыратын қазақстандық азаматтардың күнделікті өмірінде пайда болады. Бірақ ол Отан мен Қазақстан халқына қауіп төнген сындарлы жағдайларда, әсіресе айшықты әрі қарқынды түрде туындайды. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, сондай-ақ жауынгерлерді туған өлкені батыл қорғауға, өз халқының, елінің, Атамекенінің егемендігін, «құрмет көрсетіліп, қастерленуі» тиіс шекарамыздың бұзылмауын, қоғамдық құрылыстың мызғымастығын қамтамасыз етуге даярлайтын әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Назарбаев Ә.Н. «Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру» Қазақстан республикасы президентінің ресми сайты. Кіру режимі: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-attymakalasy.

– Атауы. экраннан. – (Өтініш берген күні: 12. 04. 2017).

4. Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: «Глобус» баспасы, 2013. – 468б.

5. Измайлов А. Халық педагогикасы: Орта Азия және Қазақстан халықтарының педагогикалық көзқарасы. – М., 1991. – 228б.

6. Ушинский К.Д. Таңдамалы педагогикалық шығармалар: 2 т. – М., 1974. – 56б.

7. Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: «Білім», 2004. – 288б.

8. <http://startinfo.kz/buisness/shahandany-ulttuk-masels/>

9. <https://apps.webofknowledge.com>

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ: МӘСЕЛЕЛЕР,
ЖАҒАШЫЛДЫҚ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ
ВУЗОВСКОЕ И ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
ПРОБЛЕМЫ, ИННОВАЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

ӘОЖ: 37.012
МРНТИ 14.07.07

А.Қ. Қозыбай¹, Н.Ә. Абуова², Л.А. Анарбек³

¹ п.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ҰПУ профессоры, Алматы қ., Қазақстан,

² п.ғ.к., Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

³ Оқытушы, магистр, Қ.Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орындарында қолданылатын түсіндірмелі-иллюстрациялы (дәстүрлі), проблемалы, бағдарламалы оқыту әдістерінің тиімді жақтары, оқытудың басқа түрлерімен салыстырғанда жаңа білімді меңгерудегі артықшылықтары және оқыту қарқынын арттырудағы мүмкіндіктері сипатталған. Бағдарламалық оқытуда техникалық оқыту құралдарын пайдалану арқылы білім алушының өзіндік жұмысын белсенді етуге және оқыту қарқынын арттыруға негіз болатын мәліметтер берілген. Проблемалық оқытуда білім алушының білетіні мен білмейтінінің арасында қарама-қайшылықтар пайда болады. Осы проблемаларды шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, мақалада проблемалық жағдаяттың пайда болу себептері мен осыған орай білім алушының ізденушілік әрекетінің қалыптасу кезеңдері сипатталған. Проблемалық оқыту – өзге технологиялар арасынан тиісті орын алады. Оның ерекшелігі өзге технологиялармен үйлесе алатын қасиетінде жатыр. Білім алушылардың танымдық белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше екені қарастырылған. Оқытудың бұл әсері арқылы оқытушы мен білім алушы алдында проблемалық жағдаят тудыратын танымдық-ізденушілік, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алатыны жайында толық мәлімет берілген.

Түйін сөздер: дидактика, оқыту теориясы, бағдарламалық оқыту, педагогика, алгоритм, түсіндірмелі-иллюстрациялы, мәселелік, ойлау, қағида, жағдаят, шығармашылық, мотив, әдіс, ізденуші, дәстүрлі

Козыбай А.К.¹, Абуова Н.А.², Анарбек Л.А.³ ¹ д.п.н., профессор КазНПУ им Абая. г. Алматы, Казахстан,

² к.п.н., КазНАУ, г. Алматы, Казахстан, ³ преподаватель КазНТИУ имени К.Сатпаева, г. Алматы,

Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ТЕХНОЛОГИИ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В статье описана эффективность обучения с использованием пояснительных иллюстраций (традиционные), проблемное обучение и программное обучение с указанием их преимуществ в высшем учебном заведении, отмечены преимущества новых знаний по сравнению с другими видами обучения и указываются возможности увеличения интенсивности обучения. Исследуется система самостоятельной работы студентов и его улучшение за счет использования технических средств

обучения и даны основы для увеличения интенсивности обучения. В проблемном обучении появляются на противоречия между тем, что обучающийся знает и не знает. Из-за отсутствия готовых методов для решения этих проблем в статье рассматриваются этапы формирования исследовательской деятельности обучающихся. Проблемное обучение занимает соответствующее место среди других технологий. Его особенность заключается в его способности сочетаться с другими технологиями. Значимость проблемного обучения велика в связи с тем, что оно совершенствует познавательные навыки обучающихся, развивает мыслительные навыки, помогает принимать решение и делать соответствующие заключения. Посредством использования такого метода указаны задания направленные на создание проблемных ситуации и развитие творческого подхода к решению ситуативных задач.

Ключевые слова: дидактика, теория обучения, программное обучение, педагогика, алгоритм, пояснительно-иллюстративные, проблемные, мыслительные, ситуативные, творческие, мотивированные методы, исследователь, традиционный

Kozybay A.K.¹, Abuova N.A.², Anarbek L.A.³ ¹professor, Abai KazNPU, k.anarbek@gmail.com, ²candidate of Pedagogy Science, KazNAU, nabat_71@mail.ru, ³master of pedagogy KazNTU after K.U.Satpaev, laura_L9@mail.ru

FEATURES OF THE PROBLEM TRAINING TECHNOLOGY

Abstract

The article describes the effectiveness of learning using explanatory illustrations (traditional), problem-based learning and programmatic training, indicating their advantages in university, highlights the advantages of new knowledge compared to other types of learning and indicates the possibilities of increasing the intensity of learning. The system of students' independent work and its improvement due to the use of technical means of training is investigated and the basics for increasing the intensity of training are given. In problem-based learning there are contradictions between what the learner knows and does not know, and therefore, as there are no methods for solving problems, the stages of searching for the learner's knowledge and the causes of problem situations are described. Problem learning takes the appropriate place among other technologies. Its peculiarity lies in its ability to be combined with other technologies. The importance of problem-based learning is great due to the fact that it improves the cognitive skills of students, develops thinking skills, helps to make decisions and draw appropriate conclusions. Through the use of such a method, tasks aimed at creating problem situations and developing a creative approach to solving situational tasks are indicated.

Keywords: didactics, learning theory, program learning, pedagogy, algorithm, explanatory and illustrative, problem, thinking, situational, creative, motivated methods, researcher, traditional


Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін технологияларды енгізу және тиімді пайдалану білім беру жүйесінің міндеттері ретінде белгіленген [1]. Осы міндеттердің негізінде қазіргі таңда заманауи білім беруде мамандарды шығармашылыққа дайындау басты тапсырма екені даусыз. Шығармашылық дегеніміз логикалық ойлау мен ғылыми іздену болып саналады, яғни жаңалық, жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс ашу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: оқытушы жаңа білімді дайын түрде баяндамай, білім алушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Оқыту теориясы мен тәжірибесі дамуының жалпы заңдылықтарының бірі – дидактикалық жүйелердің бірізділігі, сабақтастығы. Әрбір жаңа жүйе дәстүрлі жүйелердің тиімді қасиеттерін, идеяларын, тәжірибесін өзіне сіңіріп алады. Дидактикада оқытудың үш түрі қалыптасқан: түсіндірмелі-иллюстрациялы (дәстүрлі), проблемалы, бағдарламалы (компьютерлік). Енді осылардың жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталайық:

Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқыту. Оның дәстүрлі оқыту деп аталатыны тарихта ұзақ уақыт бойы өміршең болғанына байланысты. Дәстүрлі оқыту жаңадан пайда болған түсіндіру жолдары мен көрнекіліктерді өзіне кіріктіріп отырады. Бұл жүйедегі негізгі оқыту әдіс-тәсілдеріне көрнекіліктерді пайдалана отырып түсіндіру жатады. Білім алушылардың негізгі іс-әрекеті: берілген білімнің мазмұнын тыңдау, қабылдау, естерінде сақтау. Мұндай оқытудың талабы: оқушылар есте сақтаған өткен оқу материалының мазмұнын қатесіз қайталап айтып беруі. Оқытудың бұл түрінің төменде пайдалы жақтары келтірілген (1-сурет).

Сонымен қатар, оқытудың бұл түрінің мынадай кемшіліктері бар: білім алушылардың дайын

білімді жаттап алуы, олардың өз бетінше ойлауына қажетті көңіл бөлінбеуі; дара және бөліп оқыту мүмкіндіктерінің жетімсіздігі.



1-сурет – Оқу процесіндегі түсіндірмелі-иллюстрациялы оқытудың пайдалы жақтары

Бағдарламалы (компьютерлік) оқыту.

Бағдарламалы оқытудың негізгі мақсаты – оқыту процесін басқаруды жетілдіру, тексеруден өзін-өзі тексеруге, оқытудан өзін-өзі оқытуға көшу. Бағдарламалы оқытуда жаңа бағдарланған оқулықтар, оқыту құжаттары, үйрету (оқыту) машиналары қолданылады. Оқытудың бұл түрі 1960 жылдан бастап Б.Скиннер, Н.Краудер бастамасынан кейін, педагогика, психология және кибернетиканы ұштастырып пайдаланылады.

Бағдарламалап оқытудың үш принципі бар: сызықты, тармақты және аралас. Сызықты бағдарламада оқу материалы бірізділікпен беріледі. Тармақты бағдарламада әр білім алушы мақсатқа өз жолымен келеді. Қате жауап берген кезде ол керекті тармаққа өтіп, қайтадан оқып, қосымша түсініктеме алып, қатені жойып, негізгі сызыққа қайтып оралады. Мықты білім алушылар негізгі сызықпен жүрсе, әлсіз білім алушылар тармақтарға кіру арқылы нәтижеге жетеді. Аралас бағдарламада қиын тақырыптар тармақтарға бөлінеді, басқалары сызық бойынша орналасады [2].

Бұл оқыту машинасыз және машиналы болып екіге бөлінеді. Машинасыз бағдарлама оқыту үшін арнайы оқулықтар, перфокарталар пайдаланылады, негізгі деректер көзі қағаз болады. Оқу нәтижесі біраз уақыттан соң бағаланылады. Соңғы кезде машиналы бағдарламалап оқыту үшін компьютер кең қолданылуда. Тапсырмалар, мәтіндер, сұрақтар, жауаптар дисплей дидарында жазылып, сол мезгілде бағаланып тұрады.

Оқу бағдарламасы оқыту алгоритміне негізделген. Алгоритм-дұрыс жауапқа жетелейтін бірізді ақыл-ой және оқу іс-әрекеттерінің жүйесі. Білім мен біліктерді толық меңгеру үшін алгоритм білім алушыларға оқу әрекетінің құрамы мен орындау тәртібін белгілейді. Оқу бағдарламасын құрастырудан алдын-ала оқу барысын басқару үшін алгоритм жасалынады. Алгоритм сапасы компьютерлік оқытудың сапасына тікелей ықпал жасайды. Сондықтан, компьютерлік оқытудың сапасы оқу бағдарламасы мен техника сапасына тәуелді. Төменде бағдарламалап оқытудың ерекшеліктерін сипаттайтын схема берілген (2-сурет).



2-сурет – Оқыту процесіндегі бағдарламалық оқытудың ерекшеліктері

Суретте көрсетілгендей, техникалық оқыту құралдарын пайдалану – білім алушының өзіндік жұмысын белсенді етіп, оқыту қарқынын арттырады. Дегенмен, бағдарламалық оқытуды мектептегі компьютерлердің саны мен сапасына байланысты бағдарлама жасауға белгілі бір уақыт пен күш қажет болады.

Дидактикада оқытудың ең негізгі түрі болып проблемалық оқытусаналады.

Аталмыш оқыту жаңадан ғана пайда болған жоқ. Кезінде бұған өз үлесін қосқан педагог-ғалымдар: Сократ, Руссо, Дистервег, Ушинский. Мысалы, Дистервегтің дәлелдеуінше, «жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді»[3]. Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін білім алушыларға ұсынатын проблемалық сұрақтар жүйесін жасап шығу қажет. Ескеретін жайт: кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді. Проблемалы сұрақтың жауабы дайын болмайды, оны оқушы міндетті түрде өзі іздеуі шарт. Ол сұрақ баланың сана-сезімінде қиындық туғызуы қажет. Білім алушы іштей түйсінген ойлау қиыншылығы проблемалық жағдаят деп аталады. Проблемалық сұрақ, бір жағынан, қиын болуы, екінші жағынан, білім алушының шамасына лайық болуы керек. Осындай проблемалық жағдаят туғызу, проблемалық сұрақ қою – проблемалық оқытудың алғашқы кезеңі.

Келесі кезеңінде білім алушы іштей өз білімін талдап, таңдап, олардың жауап алуға жеткіліксіз екенін анықтайды да ізденіс жолына белсенділікпен түседі. Үшінші кезеңде ол сұрақтың жауабын дұрыс шеше білу амалдарын, жаңа білімді меңгереді. "Мен білдім!" деген қуанышты жағдайға жетеді. Кейінгі кезеңдерде дұрыс жауапты тексереді, алғашқы гипотезамен салыстырады, алынған білім мен білікті қорытындылайды, жинақтайды.

Проблемалық оқыту – оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.

Оқытушы проблемалық оқытудың барысында білім алушының ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отырып, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалық оқытудың ерекшелігі: білім алушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі. Төменде проблемалық оқыту түрінің негізгі сипаттамалары сұлба арқылы берілді (3-сурет).



Сұлбада көрсетілгендей, проблемалық оқыту негізінен білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бұл тәсілді соңғы жылдары көптеген әдіскер-мамандар сөз етуде. Проблемалық оқытудың теоретиктері Липецк озаттарындай мәселені мазмұн жағынан емес, көбіне форма жағынан бастайтын сияқты. Сұрақтарды: проблемалық сұрақ, міндет деп екіге бөледі.

Қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан қарағанда, болашақ маманға қойылатын талаптар білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарында белгіленген. Оқыту үдерісінде жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыта отырып білім беруге елеулі маңыз беріледі.

Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлауға, зерттеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеруде мәселелер қоюға мән берген. Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, оны өз тәжірибесінде қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервергтің еңбегі зор. Оқытудың осы әдісінің негізін қалап, оны жоспарлы түрде іске асырған Д.Дьюн болды. Кейіннен оқытудың осы түріне Д.Бруннер, И.Лернер, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин, зор үлес қосты.

Проблемалық оқытудың басқа әдістерден айырмашылығы – білім алушыларға дайын күйінде ұсынылмайды, керісінше, олардың алдына белгілі бір проблеманы өз бетінше шешу міндеті қойылады. Осылайша іздену әрекеті барысында шешімді білім алушылардың өзі тауып, білімді игеруге жол ашады.

Оқу процесінде әрбір оқытушы дидактикалық ережелерді типтік, стандарттық жағдайларда тиімді пайдаланса, күрделі педагогтық жағдайларда дидактикалық қағидаларға сүйеніп шығармашылық танытса қойылған мақсатына жетері сөзсіз. Ережелер қағидаларға сүйенеді, қағидалар ережелер арқылы жүзеге асады. Ережелер педагогтық тәжірибенің қорытындысы ретінде дидактика қағидаларды қолдану құралы болады. Сонымен, педагогтар принциптерге, оқытудың, сәйкес қалыптасқан белгілі ережелерге сүйеніп мақсат-міндеттерін іске асырады.

Проблемалық оқыту «проблема», «проблемалық сұрақ», «проблемалық тапсырма», «проблемалық жағдай» («жағдаят») деген ұғымдарды қамтиды. Проблемалық оқыту тек проблемалық жағдай тудырып қана қоюды емес, сонымен қатар оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгертуді де қажет етеді. Ол үшін оқытушы білім алушының тақырыпта кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгертуге өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйретуге тиіс. Мұның басты жолы – дұрыс ойлай білуге баулу.

Проблема дегеніміз субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен (білім, икемділік, іздену тәжірибесі және т.б.) шешуге болатын жағдай. Кез келген сұрақ, тапсырма проблемалы бола бермейді. Олардың проблемалық болуының негізгі шарты – оларға жауап іздеуде білім алушыға даяр жауап не үлгі болмайды және ол өзінің білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықты басқаша айтқанда, берілген проблеманы шешуге керекті білімнің немесе тәсілдің онда жетіспей тұрғанын сезінеді.

Бірақ түсінікті меңгертуде, білімді ортақтастыруда білім алушылардың белсенділігіне сәйкес ойлау операциясын қалыптастыруды ешқашан ұмытпау керек. Проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға, ғылыми іздену жолына бағыттайды. Проблемалы тапсырмалар сезімге молырақ әсер етеді де, білім алушының қызығушылығын, білімге іштей құмартушылығын дамытады. Құмартушылық, қызығушылық білім алушыны өздігінен ізденуге жетелейді. Ізденіссіз шығармашылық ойлау жоқ. Проблемалық тапсырма нәтижесі білім алушының өз бетінше еңбектенудегі дағдысы мен қабілетінің, іскерлігінің жетілген, ең жоғары дамыған сатысы деуге болады.

Жоғары оқу орынындағы оқу мен тәрбие, аудиториядан тыс жұмыстардың барлығы да білім алушылардың жас ерекшелігіне, психологиясына байланысты ұйымдастырылады. Сондықтан да проблемалық оқыту барысында проблемалық тапсырманы шешуге білім алушылардың психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы, сонымен қатар білім деңгейі де ескеріледі.

Білім алушылардың таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Оқытудың бұл түрі арқылы оқытушыбілім алушының алдында проблемалық жағдаят тудыратын танымдық-ізденушілік, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алады. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалының барлығы, барлық тақырыптық жағдаятты талап етпейді. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әр уақытта да жемісті болады деуге болмайды. Бұл әдіс-тәсілдер оның үстіне уақытты да көп талап етеді.

Проблемалық оқыту – өзге технологиялар арасынан тиісті орын алады. Оның ерекшелігі өзге технологиялармен үйлесе алатын қасиетінде жатыр. Ол үшін көптеген мысалдар мен дәлелдер келтіре беруге болады. Айталық проблемалық оқыту мен түсіндірмелі-иллюстрациялық оқытудың бір-бірімен үйлескен тұсына мысал келтіреміз: Ол мысалға келтірілетін мәтін В.Оконға тиесілі. Оның мәтіні біздің қалауымыз бойынша аздап өзгертілді, алайда мағынасы толығымен сақталды деуге болады: «Мектептің мәдени қажеттіліктерін құру ең қажетті іс болып табылады. Қажеттілік мотивтердің қайнар көзі болып табылады, ал мотив белсенділікке бағытталған және ішкі толқыныстарды сипаттайды.

Психологиялық зерттеулерден ежелден белгілі: кейбір мінезі әлсіз адамдардың жетістікке деген ынтасының деңгейі төмен болады да, сәтсіздіктің салдарынан іс-әрекеттегі тиімділігі төмендеп, қорытындысында мотивациясын жоғалтады; ал белсенділігі орта деңгейдегі адамдар өздерінің сәтсіздіктерінің арқасында іс-әрекетіндегі жетістікті артырады, мотивациясы жоғарылайды; жоғары белсенділікті қажет ететін адамдар өз сәтсіздіктерінен ләззат алады, яғни қиындықпен проблемамен күрескенді, оны жеңіп шыққанды қалайды, алайда тым жоғары қажеттіліктен мотивтің тиімділігі төмендейді.

Бұны қалай түсіндіруге болады? Неліктен, емтиханға жақсы дайындалғанына қарамастан, эмтиханнан алған күйзеліс оның нәтижесін төмендетеді? Бұл негізі былайша түсіндіріледі: жоғары саналатын мотивация қашанда эмоциямен байланысты қарастырылып, қанша жерден дайындық жақсы болғанмен эмоционалдық жай-күйі әсер етпей қоймайды. Ол үшін білім алушыға белсенділіктің талпынысын арттыратын және мотивацияның мәдени қажеттілігіне байланысты жаңа ақпарат берілуі тиіс. Сосын жетістікке жетудің және әртүрлі белсенділікті ескерген субъектілердің қажеттіліктеріне арналған үш сатылы ғылыми фактілері негізделген ұстаным беріледі. Автор біріншісінде белсенділігі төмен адамның нәтижелерінен ақпарат береді, екіншісінде, автор нәтижесін айтып, оның себептерін түсіндіреді. Үшіншісінде, проблема қойылып, оның нәтижесі және субъектінің әсері айтылады. Осы үшеуінің пайымына автор қорытынды жасап, талқыланатын проблеманы анықтайды да оны талқылауға бет бұрады, яғни жұмыс бағытын анықтады деген сөз. Оны шешумен бұл мәтін өз мәресіне жетеді [4].

Жоғарыда айтылғандарға сүйеніп, оқытушы өз дәрісін немесе баяндамасын осы сарында жасауға болмайтындығын, оның үстіне дайындалған дәріс оқыту әсерлерінің стратегияларын қамтуы мүмкін болатындығын, сол себепті, аталған технологияны барлық жерге орынсыз пайдалана беруге болмайтынын анықтаймыз. Оқытушы белгілі бір жағдайда ақпараттық технологияларды және яғни, алгоритмдік шешімдерге негізделген стандартты міндеттерді қолдана алады. Бірақ ұсынылып отырған ақпараттық ұйымдастыру тәсілдері және тыңдаушылармен жасалған қарым-қатынас әдістері бір

жақты болмауы керек. Олардың міндеттелген компоненті, дамыта оқу жүйесіндегі проблемалық оқыту әдістер мен тәсілдері болып табылады.

Жалпы, проблемалық оқыту өткізілген жаңа тақырып бойынша білім алушының талдап қорыту, негіздеу, нақтылау және ойлау логикасын қалыптастырып, проблемалық міндеттерді шешуге үйретеді. Сонымен қатар, білім алушы проблемалық оқыту технологиясы арқылы салыстыру, жағдайдан қорытынды шығару, фактілерді сәйкестіндіру, шешім шығару және сол шешімді жүзеге асыру сияқты қабілеттіліктерді қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

В Қазақстан Республикасы «Білім Туралы» Заңы. //Егемен Қазақстан. 15-тамыз, 2007 ж. № 254-256

В Қозыбай А.К., Каимова Р.Т. Новые образовательные технологии: учебное пособие. – Астана: Фолиант, 2015. – 135 с.

В Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: Учеб.пособие для студ.высш.

В Қозыбай А.К., Жексенбиева Н. Кәсіптік білім жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 152 б.

УДК 378.147
МРНТИ 14.35.07

Ж.З. Жантасова¹, А.С. Глебалдинова², А.Ә. Жұртпаева³

¹ т.ғ.к, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті,

^{4.} PhD доктор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті,

³ педагогика ғылымдарының магистрі, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті, Өскемен қ., Қазақстан

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ БЕЙНЕДӘРІСТЕРДІ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Білім беру тиімділігін арттыру жолдары мен құралдарын табу үдерістерін қарқындату бүгінгі күні білім беру үдерісіне құзыреттілік тәсілдерді қарқынды енгізуге байланысты. Мұндай тәсілдер өзара әрекеттесуге, мұғалімнің өзіндік позицияларын демократияландыруға мүмкіндік беретін білім беру үдерісінің мазмұнын өзгертуге, сонымен бірге студенттерді белсенді, шығармашылық, бірлескен және өнімді іс-әрекетке тартуды көздейді.

Мақалада бейнересурстарды оқу үрдісінде қолдану пәннің мазмұнын тиімді көрсету жолы екені қарастырылған. Бейнересурстарды жасау технологияларының авторлар классификациясы ұсынылып отыр. Бейнересурстарды жасау сатылары көрсетілген. Бейнересурстарды жасау тәжірибесі нақты пән мазмұнында сипатталған.

Түйін сөздер: инновация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бейнедәрістер, вебинар, эргономика.

Жантасова Ж.З.¹, Глебалдинова А.С.², Журтпаева А.А.³

¹ к.т.н, Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова,

² PhD доктор, Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова,

³ магистр педагогических наук, Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ТЕХНОЛОГИЙ РАЗРАБОТКИ ВИДЕОЛЕКЦИИ И ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ ИХ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

Активизация процессов поиска путей и средств повышения эффективности образования связана сегодня с внедрением в образовательный процесс компетентностного подхода. Такой подход предполагает изменение самого характера учебного процесса, который превращается в сотрудничество, обеспечивающее демократизацию позиции преподавателя с одновременным включением студентов в активную, творческую, совместную и продуктивную деятельность.

В данной статье использование видеоресурсов в учебном процессе рассматривается как один из путей эффективного представления контента дисциплины. Авторами предложена классификация различных технологий разработки видеоресурсов. Показаны этапы разработки видеоресурсов. На примере отдельно взятой дисциплины описан опыт разработки и применения в учебном процессе видеоресурсов.

Ключевые слова: инновации, информационные и коммуникационные технологии, видео-конференции, вебинар, эргономика

Zhantassova Z.Z.¹, Tlebaldinova A.S.², Zhurtpayeva A.A.³

¹ c.p.s, East Kazakhstan State University. S.Amanzholova,

² PhD doctor, Kazakhstan State University. S.Amanzholova,

³ master pedagogical sciences, Kazakhstan State University. S.Amanzholova, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,

TECHNOLOGIES FOR THE DEVELOPMENT OF VIDEO ELECTIONS AND THE PRACTICE OF THEIR APPLICATION IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract

The intensification of the processes of finding ways and means to improve the efficiency of education is today connected with the introduction of a competency-based approach into the educational process. Such an approach implies a change in the very nature of the educational process, which turns into cooperation, ensuring the democratization of the teacher's position while simultaneously involving students in active, creative, collaborative and productive activities.

In this article, the use of video resources in the educational process is considered as one of the ways to effectively present the content of the discipline. The authors proposed a classification of various technologies for the development of video resources. The stages of video resource development are shown. On the example of a single discipline, experience in the development and use of video resources in the educational process is described.

Keywords: innovation, information and communication technology, video conferencing, webinar, ergonomics

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кең таралуы, қол жетімділігі, таңдау құралдарының ауқымдығы оқытушыға пән тақырыбының мазмұнын білім алушыға ұсынылуын

жетілдіріп, жаңартып отыруға көптеген мүмкіншілік береді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар да білім беру талаптарына байланысты жаңартылып білім берудің жаңа деңгейлерге көтерілуіне жол ашады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологиялардың көптеген мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Жаңа инновациялық технологияларды оқу үрдісіне енгізу жүйесінің қызметтеріне:

- оқытудың әр түрлі интерактивтік әдістерін дамыту,
- оқу мен ғылыми бейне, аудио, электронды материалдар базасын жинақтау,
- профессорлық-оқытушылық құрамды технологиялардың жаңа түрлерімен таныстыру,
- оқу үрдісін инновациялық тұрғыдан бағалау және талдау,
- қажетті инфрақұрылыммен, құрал-жабдықтармен қамту жатады.

Осы жоғарыда аталғандардың қатарында бейнедәрістер ерекше орын алады. ҚР Президентінің 2018 жылғы жолдауында «Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабактары мен видеолекцияларын Интернетте орналастыру қажеттілігі нақтыланған. Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады» екендігі айқын [1].

Бейнедәрістер жасаудың тәжірибелік негіздерін қалаушылар қатарында Ю.Н. Белоножкин, С.С. Ананьев, Е.А. Ахромушкин, О.В. Куфлей, В.Н. Серов [2-6]. Білім беру үрдісінде жаңа технологиялардың Интернет желісін оқыту аймағында дидактикалық мүмкіндіктерінің әдістемелік аспектілерін зерттеген авторлары Б.Ю. Дерешко, Л.А. Тавгеридзе және т.б. [7]. Қазақстан педагогтарының бейнедәріс жасау тәжірибесіне тоқталсақ «100 жаңа оқулықтар» бағдарламасы шеңберінде бейнедәрістер жасалуда. Ұлттық аударма бюросының мәліметтеріне сәйкес әр оқулық бойынша 25 бейнедәріс қазақ және орыс тілінде даярлануда. Электрондық форматтағы оқулықтар мен бейнедәрістер Қазақстанның kitap.kz ашық кітапхана сайтында орналасатын болады [8]. Бейне материалдар қолдану тәжірибесі вебинар немесе вебконференциялар ұйымдастыруда кең қолданылып жүр. Бүгінгі күннің тәртібінде «Оқу үрдісінде бейнедәрістер мен бейнежазбаларды жасау және қолдану» атаулы шебер-сыныптар ұйымдастырылып талқыланды [9]. Электрондық білім беру бағытында жүйелі түрде қазақстандық педагогтарының озық тәжірибелерін жинақтап, университет электрондық кітапханалары арқылы қолжетімділік ұйымдастыру жұмысы жүргізіліп жатыр (epigraph.kz).

Осы авторлардың тәжірибесі негізінде көрсетілген қағидаларды орындай отырып, жаңа технологиялардың мүмкіншіліктерін пайдаланып, оқу-әдістемелік материалдарын сапалы түрде ұйымдастырып, білім алушының ақпаратты қабылдау деңгейін арттыру көп оқыту міндеттерін шешуге жол ашады.

Бейнедәрістердің оқу үрдісінде тиімділігін жоғарлату үшін екі басты мәселені атап өту керек:

– бір жағынан, бейнедәрісті көру арқылы студентке дәріс мәтіні анық, түсінікті және қабылдауға оңай болуы керек. Бұл мәселенің шешімі көп жағдайда оқытушының кәсіби тәжірибесінің дұрыс құрылымданып, ұйымдастырылуында;

– екінші жағынан, бейне материал техникалық қолдау көрсету тұрғысынан ыңғайлы, қолжетімді, жеткілікті деңгейде жылдам инфрақұрылым ортасында жасалып қолданылуы тиісті. Айтылған нәтижелер материалдық техникалық базасымен қамтылған ортада бағдарламалық құзыреттіліктермен қатар бірнеше мамандардың ынтымақтастығын талап етеді.

Бүгінгі таңда бейнедәрістер түрлері және бағдарламалық нарығында қолданылатын заманауи технологиялары келесі суретте көрсетілген (Сурет 1).



Сурет – 1 Заманауи бейне жасау технологиялары

Егерде бейне дәріс жобалау үрдісін жүйелі тұрғыдан жоспарлап, қойылатын талаптарын орындауға жағдай жасап, негізгі сатыларын меңгере отырып жүргізсе, бейне дәріс оқытушының таптырмайтын көмекші құралы бола алады. Бейне дәріс жасау үрдісін бағдарламалық өнімдердің өмірлік циклы тәжірибесіне жеткізіп қолданған жағдайда, дәрістер жасау технологиялық тәжірибесін жетілдіріп күнделікті автоматтандырылған, жеңіл жөндеп өзгертіп, толықтырып отыруға мүмкіншілік беретін, оқытушыға бүгінгі күнде өте қажетті, құзіреттілік қалыптасады.

Қарапайым сөйлеу құрылымдарын қолдану кез-келген бейне фрагментке қарап отырған адам алдымен «суретке» қарайды және содан кейін ғана тыңдайды. Сондықтан студенттерді тақырыпты талдау барысында неғұрлым егжей-тегжейлі түсініксіз нақты терминдермен қорқытпай, танымдық қызығушылық танытатын мысалдарды көрсету керек. Бейне дәріс ыңғайлы уақытта жазылуы және қолданылуы мүмкін. Банк немесе бейне дәрістер пакеті құрылғаны тіпте жақсы.

Бейне дәрістерді жасаған кезде білім беруде қолданылатын дидактикалық принциптер жаңа мазмұнмен толтырылып, оларға жаңа талаптар тұрғысынан қарауды талап етілгені дұрыс. Компьютерленген оқытуда келесі принциптерге ерекше назар аудару қажет:

- теориялық білімнің жетекші рөлі;
- білім беру, тәрбие және даму функцияларының бірлігі;
- топтап үйрету мен жеке оқытудың үйлестірілуі;
- қолжетімділік;
- оқытудың тұлғаның белсенділігіне бағытталуы;
- оқу ақпараттық деректер базасының оқу мазмұнына сәйкестігі.


Материалды жақсы меңгеру үшін бейне дәрісті 6 - 12 - 24 минут ұзақтығы бар бөліктерге бөлуге болады. Бұл бөліктер қолданыстағы баспа құралдарына қосымша ретінде жасалған және қағаз нұсқасының қарапайым дыбысталуы болмауы керек. Бейне дәрісті жасаған кезде табиғи, ауызша қарым-қатынас тілін және графикалық бейнелердің әдеттегі тілін (статикалық және динамикалық иллюстрациялар) және математикалық, химиялық, логикалық формулалар мен өрнектердің тілін пайдаланасыз.

Адам қоршаған орта туралы ақпараттың үлесін көру арқылы алатынын есте ұстайық. Сондықтан, бірінші кезекте бейне дәрістің басты ерекшелігі, ондағы көрнекі ақпараттың және әдетте «бейне-

қатардың» қолданылуы. Оқу материалын жеткізу біркелкі, монотонды болмауы керек. Әдетте, бір тақырыпта көрерменнің назарын аударатын 4-5 белгіні көрсетуге болады (тосын, таңданыс, эмоционалды қалпына келтіру әсері).

Қазіргі уақытта оқу үрдісінде бейнедәрістерді қарап шығумен бірге күнделікті материалды қарапайым ететін 50 минуттық слайд-дәрістер қолданылады. Олар оқытушының немесе диктордың дауысымен слайдтар қатарын сүйемелдейді. Анимациялық слайдтар дәрістердің мәтіндік және графикалық сүйемелдеуін береді.

Бейнедәрістер дидактикалық жүйенің педагогикалық тиімділігін айтарлықтай жақсартатын оқытудың маңызды элементі болып табылады. Бейнедәрісті жасау мұғалімге студенттердің танымдық қызметін басқаруға арналған құралдардың кең ауқымын және білім мазмұнын жүзеге асырудың мол мүмкіндігін береді. Қашықтықтан оқытуда және күндізгі бөлімде оқитын студенттердің өзіндік жұмысын жандандыру үшін бейнедәрістерді қолдану әсіресе пайдалы. Бейнедәрістерді жасаудың негізгі сатылары келесі суретте көрсетілген (Сурет 2).



Сурет – 2. Бейнедәрістер жасау сатылары

Оқу материалына музыка қолдану талқылауды қажет ететін сұрақ болып есептеледі. Фондық дыбысты бейнедәрісте өндірістік кәсіпорындардың панорамасын немесе саяси оқиғалардың хроникасын көрсету кезінде, кезеңдік қозғалыс үрдістерінде, эксперименттік көрсетілімде қолданған өте жақсы. Фондық дыбыс көлем пайызы ағынының жалпы дыбыс көлемінен 10-15% құрауы талап етіледі.

Оқу фильмін қабылдаудың психологиясы туралы айтатын болсақ, оның көрсетілімі барысында көрерменмен кері байланыс жоқ екенін атап өту керек. Фильм жасаған кезде тек қана режиссер ғана емес, авторлар командасының барлық мүшелері өздігінше, көрерменнің функцияларын атқарады.

Бір тақырып бойынша бейне дәрістердің мәтіндерін бір автор, құрастырушы режиссер мен бір баяндамашы құрастырған дұрыс. Автордың, режиссердің, суретшінің және дыбыстаушының бейне жасау барысында өзара әрекеттесуі маңызды.

Бейнедәрістің мазмұны курстың тақырыбына және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Барлық ақпарат ғылыми тұрғыдан дұрыс болуы, нақты терминологияны қолдана отырып, ғылымның қазіргі заманғы көзқарастарынан шығуы, әрине, өзекті міндеттер қатарында. Тақырыптың ашылуы теориялық материалдарды нақты мысалдармен үйлестіріп, ұсынылған теориялық ұсыныстардың

тәжірибелік маңыздылығын айқындауға тиіс. Мәтін қысқа, грамматикалық және стилистикалық түрде дұрыс болуы маңызды.

Бейнедәрістің құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

– Ақпараттық блок-дәрістің тақырыбы, дәріс оқушы туралы қысқаша мағлұмат пен бейне, құрылған жылы;

– Кіріспе бөлім – оқытушының сәлемдесуі, тақырыпты таныстыру, тақырыптың мақсаттары мен міндеттері, оқытылатын тақырыптың пәннің немесе пәнаралық орнын анықтау, тақырыптық жоспары, студенттерге бейнедәрістер бойынша ұсыныстар беру;

Негізгі бөлім – лектордың бейнесін арасында қосып, бейнеқатарларды қолдану арқылы бейнедәріс жоспарына сәйкес оқу материалы ұсынылады. Бейнеқатарға атақты ғалымдардың сөйлеген сөздерінің, эксперттердің сұхбаты, басқа оқытушылардың ойлары, процестер мен құбылыстардың көрсетілу үлгілері (табиғи, компьютерлік, графикалық, анимациялық), фотосуреттер, иллюстрациялар, графиктер, кестелер, диаграммалар, мәтіннен дәйексөздер, формулалар мен теңдеулер, негізгі анықтамалар мен түсініктер фрагменттері кіруі мүмкін.

– Қорытынды бөлімде – қорытындылар, бейнедәрісті тыңдағаннан кейін студенттерге ұсыныстар, ұсынылған әдебиеттер мен тақырыптарды әрі қарай оқу үшін интернет-дереккөздер, қорытынды сөз.

Бейне дәрістің кіріспе бөлімінде ұсынылған нұсқаулықпен қалай жұмыс істеу керектігі туралы ұсыныстар беру орынды (қай жерде бастау керек, фрагментті немесе бүкіл фильмді көргеннен кейін не істеу ұсынылады, қандай сұрақтарға жауап беру және т.б.).

Бейнедәрісті ұйымдастыру экран кеңістігін және уақытты ұтымды қолданумен анықталады. Бейнедәріс бір көлемі үлкен емес тақырыпқа арналуы керек. Бейнедәрістің тиімді ұзақтығы 15 минут, осы уақытта студент ақпаратты белсенді қабылдайды және игереді. Егер бейнедәріс үлкен және күрделі тақырыпқа арналса, кез келген кезекте қайталап көру мүмкіндігі бар бірнеше бөліктерге бөлген дұрыс. Бейнелердің саны бейнедәрістің ұзақтығымен ақпараттылығына тәуелді. Слайдта неғұрлым көп элементтер болса, адамның санасы үшін көбірек уақыт қажет. Бір бейнедәрісте графикалық бейнелермен және үлкен мәтіндерден тұратын слайдтардың саны 8-10-нан аспауы керек. Бейнеқатар мен оқылатын мәтін бір біріне қайшы келмеуі, бірақ олар бір бірін толықтай қайталамауы керек. Лектордың бейнесінің шығуы сюжетке байланысты экрандық кеңістіктің 25% тен 50%-ке дейінгі бөлігін алуы керек. Лектордың бейнесі ақпараттық блокта, кіріспе және қорытынды бөлімде болғаны міндетті.

Бейне дәрістің материалдарын ұсыну әдістемесі логика, дәлелдемелер және дәлелдеу қағидаттарына сәйкес болуы керек. Бейнедәрісті бір рет көргеннен максималды түрде меңгеруді қамтамасыз ететіндей ұсыну баяу түсінікті болуы керек. Негізгі ережелер мен тұжырымдарда ең маңызды ақпарат назар аударуға бағытталған көзбен көру параметрлері – суретті ұлғайту және кідірту, түстермен, кадрлармен ерекшелену, шрифттердің өлшемі және дыбыс параметрлері – дауыс интонациясы, кідірістерді пайдалану. Қарастырылған сұрақтардың соңында аралық нәтижелер, дәрістің соңында – соңғы қорытындылар өткізіледі. Лектор материалды еркін және жеткілікті түрде эмоционалды түрде беріп, студенттермен тікелей қарым-қатынас және қатысу әсерін тудыра алу маңызды нәтиже деп есептеуге болады. Монотонды бейнелік сүйемелдеу материалды қабылдауды және меңгеруді төмендетеді.

Бейнедәрістің эргонимикалық қабылдануы – оның дизайны мен дыбыстық сүйемелденуінің сапасына байланысты. Слайдтардағы түстер психофизикалық әсерлер береді: қызыл – назар аударады және жүйке жүйесін қоздырады, қызғылт-сары – тұрақты назар аударуға көмектеседі, сары – қызығушылығын оятады, көгілдір – тыныш ойлауға ықпал етеді, күлгін - назар аударады және ішкі белсенділікті арттырады. Слайдтарды әр түрлі түстерді шамадан тыс қолданбаған жөн. Лектордың фоны тыңдаушының назарын аудармау үшін бір түсті және бекітілген болуы керек. Дыбыс біркелкі деңгейлі, кедергісіз. Слайдта мүмкінгінше 3 шрифттен артық қолданбау. Слайдтың кестелік материалдарында 30-дан көп емес нөмірлер қолдану ұсынылады.

Бейнедәрістердің көрнекті құралдары, бейнематериалдарды іріктеу, жоспарды таңдау, монтаж, арнайы эффектілер, анимация, бояу түсін таңдау шешімі, фильмнің дыбыс қатары және лектордың дауыс ырғағы – бәрі студенттерге тақырыптың мәнін түсінуге, оқу материалын үйренуге көмектесу керек.

Бейнедәріс қолдану тәжірибеге келсек, түрлі технологиялар негізінде «Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау» пәнінің аудио-бейне қолдау кешені құрылды. Жалпы аудио-кешеннің құрылымы 1-ші кестеде берілген.

Кесте 1 – «Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау» пәнінің аудио-бейне қолдау кешенінің құрылымы

№	Тақырып	Бейнедеріс типі	Дәрістің қысқа сипаттамасы	Қолданылған ресурстар (программа)
1	Қауіпсіздік критерийлер негізінде ақпараттық қауіпсіздік деңгейін бағалау	Слайд-дәріс(скринкаст)	Мекеменің ақпараттық қауіпсіздік деңгейін бағалау. Қауіпсіздік саясаты туралы. Қауіпсіздік кластары	Camtasio Studio, ұзақтығы 50 мин және т.с.с
2	Хакер бейнесі	Аудиторияда жазылған бейнедеріс	Хакер образы. Киберкылмыс	Adobe Premiera Pro, Ұзақтығы 45 минут
3	Электрондық қызмет көрсетуде криптографиялық жүйелерді қолдану	Студияда жазылған бейнедеріс. Скрайбинг. Вебинар	Электрондық қызмет көрсету түрлері. Криптографиялық жүйелер және электрондық қызмет көрсету. Электрондық сандық қолтаңба.	Adobe Premiera Pro, VideoScribe, MyOwnConference қызмет көрсету сервисі

«Электрондық қызмет көрсетуде криптографиялық жүйелерді қолдану» дәрістің кіріспе бөлімі Premiera Pro бағдаламасында монтаждалып, студияда түсіріліп жазылды. «Электронды ресурстар мен қызмет көрсету түрлері», «Криптографиялық жүйелер және электрондық қызмет көрсету» тараулары скрайбинг технологиясы негізінде өңделді. «Электрондық сандық қолтаңбаның электрондық қызмет көрсетуде орындайтын рөлі» тарауы вебинар әдісімен жасалды [10-11].

Қорыта айтқанда, бейнедерісті жасай отырып, оқытушы білім мазмұнын көрнекті, пайлануға ыңғайлы, білім алушының дайындалу жағдайына сәйкес, қадағалауға да тиімді білім алу инфрақұрылымдық ортаның маңызды бір компонентін қалыптастырады. Ол осылай өзінің кәсіби білімдік электрондық базасын жинақтап жүйелей алады. Оны, әрине, тәжірибенің жеке «сандықшасы» деп есептеуге болады. Дегенмен, біртұтас нәтиже алу оңай жол емес екені айқын. Осы жолды таңдау жоғарыда айтылғандай көп технологиялардың қыр сырын меңгеруді, оларды өз тәжірибенен өткізуді, әрдайым бағдарламалық-техникалық құралдардың талаптарымен ұштастырып отыру қажет. Ал ол үшін, әрдайым ізденісте болу, белсенділік таныту, бейнедеріс жасау үрдісіне қызығу, қажетті де жеткілікті шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». – 2018. – URL: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar [дата обращения 15.10.2018]

Ахромускин Е. А. Интерактивные видеолекции с синхронными слайдами в системе дистанционного обучения / Е. А. Ахромускин // Образовательная среда - 2005 : тез. докл. Всеросс. конф. - М.: ВВЦ, 2005. - С. 93-95.

Ахромускин Е.А. Классификация видеолекций по педагогическим и технологическим признакам. // Образовательная среда сегодня и завтра. Материалы III Всероссийской научно-практической конференции - М.: Рособразование, 2006. – С. 63-66.

Ахромускин Е. А. Применение видеотехнологий в современных автоматизированных учебных комплексах (АУК) по техническим дисциплинам / Е. А. Ахромускин // Современная образовательная среда : тез. докл. Всеросс. конф. – М.: ВВЦ, 2002. - С. 47-51.

Серов В. Н. Основные концепции создания видеолекций для электронного учебника // Дистанционные образовательные технологии. Пути реализации / Серов В.Н. – Вып. 1: сб. науч. трудов. – М., 2004. – Вып. 1. – С. 145-149.

Белоножкин Ю.Н. Практические основы создания видеолекций для студентов. Обучающий курс для преподавателей. – 2012. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=JsudL_OZ_u8 [дата обращения 12.09.2018]

- Тавгеридзе Л. А. Видеолекции в учебном процессе// Язык, коммуникация и социальная среда
В Тавгеридзе Л.А. Выпуск 7. Воронеж: ВГУ, 2009. – С. 142-149.
- Жантасова Ж.З. Сенім көрсетілген компьютерлік жүйелердің қауіпсіздік критерийлері. Оқу-әдістемелік құралы. Өскемен: ШҚМУ «Берел», 2015 ж.
- Жантасова Ж.З. Жоғары білім беруде студенттердің ақпараттық қауіпсіздіктен сауаттылығын қалыптастыру/ Жантасова Ж.З., Болатова Қ.Б., Жаңабай А//Шығыстың аймақтық хабаршысы, – Өскемен.– Берел.– 2017. – №4(76), – б.23-30.

ӘОЖ 378.147.34
МРНТИ 14.35.09

Д.Н. Иманова¹, С.Б. Танирбергенова²

¹Б.з.к. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доцент м.а., Түркістан қаласы, Қазақстан,

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, Түркістан қаласы, Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Еліміздегі жоғары оқу орындарының басты ерекшеліктерінің бірі – білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті маман даярлау болып отыр. Қазіргі таңда электрондық оқулықтарды, компьютерлік оқыту бағдарламаларын, дыбыстық және бейнелік оқу материалдарын пайдалануда мультимедиялық технологиялар оқыту үрдісіндегі инновациялық әдістерді жүзеге асыратын бірден-бір жаңа ақпараттық технология болып саналады. Еліміздегі жоғары оқу орындарында білім беруге деген талап күн өткен сайын артып келеді. Білім беруде тиімді инновациялық әдістерді пайдалану өзекті тақырып.

Бұл мақалада ақпараттық технологияларды қолдану барысында студенттер берілген тақырыптың мағынасын кең көлемде қарастырып, берілген тапсырманы орындау кезінде ғылыми зерттеуге бет бұратындығы, ізденушілік пен мамандыққа деген қызығушылығы артатындығы туралы жазылған. Интернет көздерінен ақпараттар қарастырғанда әртүрлі көрнекіліктермен танысуға болатындығы және білім алуда ақпараттық технология құралдарымен жұмыс жасай алудың қажеттілігі туралы мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, молекулалық биология, компьютер, ғаламтор, оқулық, медицина, педагогика, ғылым.

Иманова Д.Н.¹, Танирбергенова С.Б.²

¹К.б.н., и.о. доцента Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан,

²Преподаватель Международного казахско - турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

Одной из главных особенностей высших учебных заведений страны является подготовка конкурентоспособных специалистов в образовательном пространстве. В настоящее время использование мультимедийных технологий в электронных учебниках, компьютерных обучающих программах, применение аудио и видео учебных материалов являются единственной новой информационной технологией, реализующей инновационные методы в процессе обучения. С каждым

днем повышаются требования в качественном образовании в вузах страны. В связи с этим использование эффективных инновационных методов в образовании является актуальной темой.

7. статье рассматривается вопрос о роли использования информационных технологий студентами с целью глубокого понимания смысла данной темы, позволяющие при выполнении конкретной задачи ориентироваться на научные исследования, повышая интерес к специальности. При просмотре информации из интернет-ресурсов можно ознакомиться с различными наглядными пособиями. Приведены примеры о необходимости работы со средствами информационных технологий в обучении.

Ключевые слова: информационные технологии, молекулярная биология, компьютер, интернет, учебник, медицина, педагогика, наука.

D.N. Imanova¹, S.B. Tanirbergenova².

¹C.b.s., senior lecturer of the Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan,

²Teacher, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

THE POSSIBILITIES OF USING INFORMATION TECHNOLOGIES IN THE LEARNING PROCESS

Abstract

One of the main features of higher education institutions of the country is the training of competitive specialists in the educational space. Currently, the use of multimedia technologies in electronic textbooks, computer training programs, the use of audio and video training materials are the only new information technology that implements innovative methods in the learning process. Every day the requirements for quality education in the country's universities are increasing. In this regard, the use of effective innovative methods in education is an urgent topic.

The article discusses the role of the use of information technology by students in order to deeply understand the meaning of this topic, allowing the implementation of a specific task to focus on research, increasing interest in the specialty. When viewing information from online resources, you can find a variety of visual aids. Examples of the need to work with the means of information technology in training.

Keywords: information technologies, molecular biology, computer, Internet, textbook, medicine, pedagogy, science.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғы шарттардың санатында», – деген болатын [1].

Болашақ мамандарымыздың қай салада болмасын бәсекеге қабілетті, аса білімді сонымен қатар ғылыми-техникалық прогреске ілесіп отыруы қажет екені нақтыланып айтылған.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаты - жеке тұлғаның өзіне және қоғамға қажетті қабілеттерін дамыту, өзін-өзі тану және өздігінен білім алуды тиімді қамтамасыз ететін әлеуметтік құндылықтардың белсенділігін қалыптастыру болып табылады [2,3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [4].

Ақпарат технологиясы – [ақпаратты](#) өңдеу үшін пайдаланылатын [технологиялық](#) элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология (немесе көпшілікке ІТ атымен

танымал ұғым) – қазіргі [компьютерлік технология](#) негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [5].

Ақпараттық технология (ағылшын тілінен information technology, IT) – саланың ауқымды негізі бола отырып, мәліметтерді басқару мен өңдеудің, сонымен қатар есептеу техникаларында қолданылуына қатысты әрекеттер аумағы. Соңғы уақытта ақпараттық технологиялармен бірге компьютерлік технология ұғымы бірге айтылады. Ақпараттық технологиялардың компьютерлерді пайдалану мен ақпаратты сақтауда, түрлендіруді, қорғауды, өңдеуді, жіберуді, және қабылдауда бағдарламалық қамтамасыз етумен ортақ байланысы бар екенін білеміз.

С.А. Дружилов тұлғалық және кәсіби өмірлік табыс деп бөліп көрсете отырып, субъектілік пен отбасылық жайлылықты сезінумен байланысты тұлғалық жетілу деңгейін, екіншіден, шығармашылық өзіндік ерекшеліктің нәтижесі және оның іс-әрекетінің өнімін, үшіншіден, тұлғалық пен кәсіби табысты оңтайлы үйлестірудің қажеттілігін дәлелдейді. Оның көзқарасынша, кәсіби табыстылыққа жету кәсіби құзыреттіліктің қажетті деңгейін қамтамасыз етумен байланысты [8].

А.Н. Тесленко әлеуметтік табыстылықты дамытудың негізгі өлшемдерін бөліп көрсетеді: әлеуметтік мақұлданған жетістік, әлеуметтік белсенділік және табысты жағдаяттағы іс-әрекетті реттеу ерекшелігі. Педагогикалық мағынада табыстылық жағдаяты – бұл нақты өлшем (әлеуметтік маңызды нәтижеге жету, белсенділік (шығармашылық, ерік-жігер, қатынас) бойынша бағаланатын, педагогпен дайындалған стратегия мен тактика [9].

С.В. Славнов болашақ маманның кәсіби іс-әрекет табыстылығы мәселесін екі өзара байланысты контексте қарастырады: кәсіби жарамдылық өлшемі және кәсіби өсу болашағы. Кәсібилік субъектінің кәсіби іс-әрекетінің операциялық және мотивациялық саласы тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Операциялық жағы тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерді енгізеді және мотивациялық саланың кәсіби өсу үшін маңызды мәнін анықтайды. Оның пікірінше, мотивациялық саланың даму дәрежесі кәсіби өсу перспективасын айқындайды [10].

Сондықтан әлеуметтік табыстылық болашақ маман ретінде студенттің өз әрекетін және оның нәтижелерін, қабілеттілігін, мінез-құлық мотивтерін, идеяларын, сезімдерін, жалпы өзін-өзі бағалауы мен өмірдегі өз орнын түсінуін анықтайды.

Ғалымдардың пікірінше «әлеуметтік табыстылық» ұғымы «оқу бағдарламасындағы мақсаттар мен әлеуметтік мақсат іс-әрекетінің нәтижелерінің сәйкес келу өлшемі» ретінде анықталады. Онда «егер оқушы оқытудың барлық компоненттерін, атап айтқанда, білім, білік, дағдыны қанағаттанарлық деңгейде меңгерсе ғана оқытудың табыстылығы қанағаттанарлық түрде бағаланады» -деп атап көрсетеді Ж.Наурызбай.

Тұлғалық табыстылық белгілеріне: сана-сезім, «Мен»-тұжырымдамасы; әрекеттену және әлеуметтік мүмкіндіктер деңгейі; эмоциялық тұрақтылық, белсенділік; өзін-өзі жетілдіру жатқызылса, ал *кәсіби табыстылық белгілеріне* кәсіби-педагогикалық қабілеттілік, кәсіби-педагогикалық құзыреттілік, шеберлік, профессионализм/кәсіпқойлық; мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігінің жағымды нәтижесі, шығармашалық әрекетте өзін-өзі таныту, кәсіби жұмылдырушылық, мұғалімнің педагогикалық міндеттерді табысты шешуі арқылы оқушыны ұжымда өзін-өзі танытуына әбден әсер етеді.

Бүгінде әлеуметтік табыстылықтың жоғарыда бөліп көрсетілген деңгейлік мәселелерінің ішінде әсіресе, әлеуметтік табыстылықты іс-әрекет түріндегі құндылық ретінде қарастыруға деген ғылыми қызығушылық өсті. Бұл қоғамның сауатты және құзыретті болашақ мамандарға сұранысымен түсіндіріледі. Әлеуметтік табыстылық адамның санасында маңызды іс-әрекетке жетумен, қоғамның тарапынан қолдау және мойындау табуымен, қоғамда белгілі орынға, абырой мен беделге ие болумен байланысты.

Осы орайда «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша кәсіби қызмет түрлеріне:

– диагностикалық – оқушы тұлғасын зерттеу;

– ұйымдастырушылық-технологиялық, педагогикалық технологияларға аса басымдылық беріледі.

Сонымен бірге «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» бойынша бакалаврдың түйінді құзіреттеріне қойылатын талаптарына тоқталайық:

Арнайы құзіреттілік – пәндік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және әлеуметтік-гуманитарлық қабілеттілікті игеру;

Коммуникациялық құзіреттілік – басқа адамдармен қажетті байланыс орнатуға және қолдану, түсінікті болуы, өзін-өзі еркін ұстау және т.б.

Ақпараттық құзіреттілік – ақпараттық технологияларды меңгеру қабілеттілігі, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істеу, қажетті ақпаратты өз бетінше іздеп, талдап және сұрыптап ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау, жеткізу;

Зайырлылық құзіреттілік – өз міндетін атқаруға кешенді түрде қарау, барлық ойшыл істерді жоғары деңгейде меңгеруге, жеке тұлға ретінде өз пікірін және өзіндік даму әдістерін меңгеру;

Әлеуметтік құзіреттілік – әлеуметтік өзара әрекеттесуде қалыптасып өмір сүру қабілеттілігі: өзгеру және бейімделу; тиімді және жауапты пікір таласта басқалармен бітімгершілікке жету; өзінің кәсіби еңбегінің нәтижесіне әлеуметтік жауапкершілік алып жүру.

Дербес құзіреттілік – жеке тұлғаның өз дамуын ойластыру және бағалауы, кәсіби қызметіне қоғамдық өміріне талап және шектеуі; меншікті дарынын көрсету, тіршілік жоспарын құру және дамыту, физикалық, рухани және интеллектуалды өзіндік реттеу және өзін сүйемелдеу, өз жұмысының нәтижесін жақсартуға дайындығы және қабілеттілігі, өзінің жеке тұлғалық ерекшелігін және кәсіби-психологиялық мүмкіншілігін пайдалана отырып еңбегінің нәтижесін көтеру, өзі туралы, адекватты баға, ерекшелігі, талғамы, мақсаты туралы көрсетуі.

Кәсіптік-бағдарлық құзіреттілік – кәсіби бағдарлау жұмысына қабілеттілігі, кәсіби оқуына байланысты білім беру мазмұнын іріктеп алу, білім беру процессін жобалау және ұйымдастыру; инновациялық әдістерді модификациялау, кәсіби бағдарлау алдындағы және кәсіби сыныптарға бейімдеу; кәсіби сыныптағы оқушыларды зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды; ең озық қазіргі заманғы әдістемелер негізінде кәсіби сыныптағы оқышыларды өзіндік және өзіндік білім алу жұмыстарын ұйымдастыруға бейімделу.

Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мәселелері К.Абдуллаев, С.И. Волкова, В.Ф. Ефимов, Г.М. Коджаспирова, О.В. Тарасова Ш.А. Амонашвили, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, С.Н. Лысенкова, Н.Ф.Талызина, В.Ф. Шаталов, (Ресей) ғалымдарының еңбектерінде зерттелсе, бастауыш білім берудің әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілерін Қ.Аймағамбетова, С.Р.

Рахметова, Ш.Х. Құрманалина, Ә.С. Әмірова, С.Н. Жиенбаева, Жұмабаева Ә.Е. және т.б. ғалымдар Қазақстандық бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау, бастауышта білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын Р.К. Бекмағамбетова, Қ.Т. Ыбыраимжанов және т.б., бастауыштағы білім интеграциясы, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиелеу мәселесі тұрғысынан Ә.М. Мұханбетжанова, Р.К. Төлеубекова, А.Х. Аренова және т.б. зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған мол үлес болып саналады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі қазіргі өзгермелі әлеуметтік жағдайға тез бейімделіп, шығармашылықпен ойлай білетін, педагогикалық үрдісті жүйелі түрде алдын-ала болжай алатын, оқушылармен ынтымақтаса отырып, кәсіби психологиялық-педагогикалық-әлеуметтік қызметті жеке шығармашылық-табыстылық тұрғыда ұйымдастыра алатын болуы керек.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үрдісінде студенттік топ ретінде ұжымына, оның өзіндік белгілеріне баса назар аудару қажет дей отырып, ғалымдардың көзқарастарына тоқталамыз. Атап айтсақ:

а *Жалпы әлеуметтік маңызы бар ортақ мақсаттың болуы.* Мақсат қандай да болмасын топта болады. Мысалы, көлікке отырған жолаушыда, балалардың тұрғын жайындағы жолдастары ортасында және т.б. болады.

а *Әрекет етуде өзара бірлескен іс-қимылдың болуы.* Білім алушылар ортақ мақсатқа жетуде бірлесе іс-қимыл жасайды. Ол үшін оның әрбір мүшесі бірлескен өзара әрекетке белсенді қатысуы міндетті.

а *Өзара қарым-қатынаста жауапкершіліктің болуы.* Яғни, өзара әрекеттесу барысында, оның әрбір мүшесінен жоғары әлеуметтік жауапкершілігі талап етіледі. Соған сәйкес, ұжымның әрбір мүшесінің өзара ерекше қарым-қатынасы белгіленеді: көңіл-күйдегі әсерленушілікте, моральдық межеде, өзара пікір алмасуда, белгілі бір мәселеге қатысты бірыңғай ортақ көзқарастың пайда болуында.

а *Ортақ сайланған басқару ұйымының болуы.* Ұжымда демократиялық қатынас орнайды. Соған сәйкес белгілі бір басқару ұйымы құрылады. Ол тікелей және ашық сайлау негізінде қалыптасады [11].

Қоғамдағы өзгерістер адамзат өмірінің барлық саласына, тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытуға әсер етеді. Әлеуметтік табыстылықты қалыптастыру үрдісі әсіресе болашақ өмірдің негізі қалана бастайтын кіші мектеп жасындағы оқушылар үшін маңызды. Еліміздің болашағының дамуында әрбір оқушы және оның даму траекториясын анықтау бастауыш сынып мұғалімдеріне байланысты. Мұғалім бұл жаста әлеуметтік және тұлғалық өзгерістерге қарамастан әлеуметтендірудің рефренттік агенті болып табылады.

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы профессиограммасының күрделілігі мен өзіндік ерекшелігі бастауыш сынып мұғалімінің пән мұғалімі, сынып жетекшісі, кеңесші, әдіскер-зерттеуші қызметтерін біріктіреді.

Мұғалімдердің осы өзара байланысты рөлдерді бастауыш мектептің білім беру кеңістігінде тиімді іске асыруы педагогикалық іс-әрекеттің негізін құрайтын кәсіби біліктіліктерге, әлеуметтік құзыреттілікке байланысты.

Бүгінгі таңда бастауыш сынып мұғалімі бір мезгілде білімді тасымалдаушы, балалар әрекетін ұйымдастырушы, тәрбиеші, оқушымен және оның ата-анасымен қарым-қатынасқа және қоғамдық іс-әрекетке белсенді қатысушы, педагогикалық үрдісті зерттеуші, кеңесші, ағартушы болып табылады.

Қазіргі заман жағдайында жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңа әлеуметтік-тәрбиелік қызметтері пайда болды, олар: тұлғаның әлеуметтік дамуына қолдау көрсету, оқушының әлеуметтенуіне оқу іс-әрекеті мен тәрбиесі жағынан жағымды жағдай жасау; осыған сәйкес педагог тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін, әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру технологиясын меңгеруі, оны жобалауы қажет.

Жоғарыдағы теориялық әдебиеттерді талдау нәтижесі қазіргі заманғы *мұғалімнің кәсіби табыстылығын* педагогикалық еңбектің нәтижелілігіне құндылықтардың негізінде талпыныс тудыратын, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі тұлғалық жетістіктермен өмір сүруін сипаттайтын субъектілі-тұлғалық жағдайы деп, *тұлғалық табыстылықты* өзіне деген жағымды қатынасты қалыптастырған, өзін-өзі өзгерте алатын, оған қуана алатын табысты тұлғаның күйі деп түсінуге, *ал әлеуметтік табыстылықты* тұлғалық және кәсіби табыстылықты құрайды деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

В Рысбаева А.К. *Успешность деятельности как категория педагогики. Монография.* – Алматы,

2014. – С. 266.

Аминов Б.Г. *Задатки, способности и одаренность учителя*// Мир психологии. – М., 1997. – №2. – С.220.

Родина О.Н. *Предпосылки успеха в труде психолога*// Вестник МГУ (психология). – 2000. – №4. – С. 55-64.

Бандура А. *Теория социального научения*. – СПб.: Изд-во «Евразия», 2000. – С. 322.

Маркова А.К. *Психология профессионализма*. – М.: Междунар. Гуманит. Фонд «Знание», 1996. – С.140.

Митина Л.М. *Формирование профессионального самосознания личности учителя* // Вопросы психологии. – 1990. – №3. – С.58-63.

Ерофеева Е.В. *Факторы профессионально-педагогической успешности: автореф. ... канд педа. наук*. – Саратов, 2001. – С.22.

Дружилов С.А. *Психология профессионализма: Инженерно-психологический подход*. – Харьков: Издательский дом «Гуманитарный центр», 2011. – С 296.

Тесленко А.Н. *Педагогика*. – Астана, 2010. – С. 465.

10. Славнов С.В. *Структурно-динамические характеристики образа успешного профессионала* // Психология. Журнал. 2003. – Т. 24, №1. – С. 82-90.

Усенова А.М. «*Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту*». *Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация*. – Алматы, 2016.

МРНТИ 14.35.07.

Кобер И.Х.¹, Касымов С.Б.², Шарипова Г.К.³

¹ к.п.н., профессор Таразского Государственного университета имени М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан,

² профессор Таразского Государственного университета имени М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан,

³ старший преподаватель Таразского Государственного университета имени М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан

ТВОРЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ КАК МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ОБЪЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ

Аннотация

статье авторами раскрыто содержание творческой направленности будущих учителей, а также анализируются содержательные принципы подготовки учителей физической культуры. В данной статье освещаются современные научные взгляды ученых о развитии творческих способностей личности. Авторами представлены обоснованные теоретические и методические формы развития творческого потенциала будущих специалистов. В статье раскрывается сущность концепций, теоретических знаний и практических аспектов по формированию и развития творческих способностей будущих учителей физической культуры. В этой связи авторами рассматриваются вопросы о том, что в процессе профессионального обучения у будущих специалистов физической культуры формируются знания в разных областях науки. Одна из важнейших задач подготовки педагогических кадров – это развитие их творческого потенциала. В основе успешного осуществления педагогической деятельности лежит творчество.

Ключевые слова: учитель, творческая направленность, творческие способности, учитель физической культуры, творческий потенциал, педагогическая одаренность, студенты, будущие специалисты.

*И.Х. Кобер*¹, *С.Б. Касымов*², *Г.К. Шарипова*³

¹*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің п.ғ.к., профессоры
Тараз қ., Қазақстан,*

^В*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің профессоры
Тараз қ., Қазақстан,*

^{II.}*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
Тараз қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПӘНАРАЛЫҚ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ мұғалімдердің шығармашылық бағыттылығының мазмұны жан-жақты қарастырылған, сонымен қатар, дене мәдениеті мұғалімдерін болашақ білікті мамандарды дайындаудың мазмұндық қағидалары талданған. Мақалада тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту туралы ғұлама ғалымдардың заманауи ғылыми көзқарастары мен ой-пікірлері сипатталған. Осы орайда, болашақ білікті мамандардың шығармашылық әлеуетін дамыту мен қалыптастырудың теориялық және әдістемелік түрлері ұсынылған. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қалыптастыру бойынша қағидалар, теориялық білімдер мен практикалық қырларының мән-мағынасы ашылып сипатталған. Шығармашылық әлеуетті дамыту мен қалыптастыру жағдайы болашақ педагог кадрларын дайындаудың маңызды мақсат-міндеттердің бірі болы табылады. Педагогикалық қызметті сәтті де, сапалы жүзеге асыру жағдайының түп негізінде шығармашылық әрекет жатыр. Болашақ мұғалімдердің шығармашылық бағыттылық педагогикалық дарындылықтың негізгі құрайушы ретінде білім беру үрдісінде маңызды орын атқарады.

Түйін сөздер: мұғалім, шығармашылық бағыттылық, шығармашылық қабілет, дене мәдениеті мұғалімі, шығармашылық әлеует, педагогикалық дарындылық, студент, болашақ мамандар.

*I.Kh. Kober*¹, *S.B. Kasimov*², *G.K. Sharipova*³ *c.p.s, professor of M.Kh.Dulaty Taraz State University, Taraz,*

Kazakhstan, ²*professor of M.Kh.Dulaty Taraz State University, Taraz, Kazakhstan,*

^B*lecturer of M.Kh.Dulaty Taraz State University, Taraz, Kazakhstan*

CREATIVE DIRECTION OF TEACHER'S PERSONALITY AS A INTERDISCIPLINARY OBJECT OF RESEARCH

Abstract

In the article, the authors disclose the content of the creative direction of teacher's personality, as well as analyze the substantive principles of training future teachers of physical culture. The authors present modern scientific views of scientists on the development of the creative orientation of the individual. Substantiated theoretical and methodological forms of the development of the creative potential of future specialists. The article reveals the essence of fundamental ideas, concepts, theoretical knowledge and practical aspects of the formation and development of creative abilities of future teachers of physical culture. In this regard, the authors consider issues that in the process of vocational training, future specialists of physical culture form knowledge in various fields of science. One of the most important tasks of teacher training is the development of their creative potential. The basis of the successful implementation of educational activities is creativity.

Keywords: teacher, creative orientation, creative abilities, physical education teacher, creative potential, pedagogical talent, students, future specialists.

Социально-экономические преобразования, происходящие на современном этапе развития Республики Казахстан, требуют новых подходов к системе высшего профессионального образования. В Государственной программе «100 конкретных шагов» и в Послании «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, уделяя внимание развитию науки и образования, особый акцент делает на улучшении качества человеческого капитала и повышении качества высшего образования, образовательных программ [1]. В связи с этим, одной из приоритетных задач современного педагогического вуза является фундаментальная теоретическая подготовка специалистов с учетом социального заказа и расширение перечня профессиональных компетентностей выпускника вуза, что и намечено Государственной программой развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы [2].

На сегодняшний день любой личности важно осознавать свою значимость, сопричастность к успеху и общественно значимой деятельности, важно иметь позитивную Я-концепцию. Необходимо руководствоваться этим и при подготовке будущих учителей физической культуры. Стимулируя развитие креативных (творческих) способностей студентов в процессе обучения невозможно без создания атмосферы доверия на занятиях, без предоставления возможности высказывать свою точку зрения по рассматриваемому вопросу, не боясь вызвать негативную оценку.

Каждая деятельность предполагает конкретную цель. Способность достичь её формирует чувство уверенности в своих силах. Для учащегося – это успешное овладение учебным материалом, для учителя – чувство профессиональной компетенции. Именно взаимный успех совместной деятельности формирует чувство собственной значимости, компетентности, что очень важно для положительной Я-концепции как самому преподавателю, так и студенту, причем это имеет пролонгированные последствия. Позитивная самооценка педагога придает ему уверенности, в большей мере способствует раскрытию не только собственных креативных возможностей, но и способствует в большей мере раскрытию таковых у учащихся.

Формирование и укрепление позитивной Я-концепции в ходе подготовки кадров – важная направленность всего учебного процесса. Выявить свойства личности будущего специалиста, сделать их очевидными как для него самого, так и для ближайшего круга его профессионального становления помогают моделирование различных ситуаций, обыгрывание их в сценической форме. Важно освободить студента от искусственности проявления собственных свойств, ибо именно она придает закрытость реальному личностному содержанию, меняет естество потенциального специалиста и привносит ложность в межличностные отношения. Поэтому необходимо раскрепостить студента в его креативных устремлениях – как можно меньше оценочных осуждений и как можно больше информации о том, что каждый чувствует, ощущает. Иначе говоря, больше информации для рефлексии, как личностной, так и групповой, что является неременным условием реализации личностно-ориентированного обучения [3].

качестве основных параметров обучения, способствующих профессионально-личностному росту учителя и формированию его будущего авторитета, могут служить следующие принципы:

- исключение предъявления набора готовых профессионально-личностных ценностей;
- актуализация прошлого опыта студента и преодоление психологических барьеров, что создает предпосылки для более творческого овладения атрибутами профессиональной компетентности, методическим мастерством и технологическим разнообразием (профессиональный компонент авторитета учителя);
- обстоятельная информативная диагностика личностных особенностей и Я-концепции, позволяющая в большей мере реализовывать личностно-ориентированное обучение и предметный подход в плане личностного изменения в русле профессиональных потребностей;
- содействие ценностному обмену и деловому сотрудничеству в процессе межличностного общения на занятиях, совершенствование техники развивающегося диалогового взаимодействия;
- активное эмоциональное подкрепление когнитивной деятельности, стимулирование наряду с рационально-интеллектуальным философско-художественного освоения педагогической деятельности при активном стимулировании эмоционально-чувственной сферы и интуитивно-образных способов приобщения к педагогической культуре;
- деятельностная экстернизация (внутреннее содержание личности должно преобразовываться в

его внешнюю деятельность), развитие социально обусловленных способностей будущих учителей [4].

Таким образом, личностно-деятельностный подход можно рассматривать как основу учебной активности студентов. Личностно-ориентированное обучение позволяет соблюсти интересы и учесть меру развитости индивидуальных возможностей студентов. Специфическими свойствами содержания обучения при личностно-ориентированном подходе к обучению является целостность, актуальность.

Успех овладения профессиональными основами мастерства во многом зависит от направленности личности, её интересов, потребностей. Это тот потенциал, который будет определять меру готовности будущего специалиста воспринимать учебный процесс и активно в нём участвовать.

Следует заметить, что преподавание весьма осложняется, если педагогические проблемы, которые рассматриваются, приходится представлять абстрактно. Необходимо учитывать наличие предыдущего педагогического опыта у студентов.

Как правило, учителя не свободны в своей профессиональной деятельности от собственного предыдущего опыта, который они приобрели, будучи учениками, испытав на себе влияние поведения учителя, выражение им гаммы чувств, оценок, отношения. Достаточно проблематично, с нашей точки зрения, полностью скорректировать возможные негативные последствия школьной жизни потенциального учителя, к тому же нельзя исключить, что вузовский преподаватель не лишен недостатков. Видимо, будущему учителю физической культуры должна быть предоставлена возможность открыто высказываться о чувствах, которые у него остались со школы, общения с учителями, не менее важно помочь критически осмыслить установки, заложенные взрослыми в детстве. Здесь, нам кажется, уместно рассмотреть три аспекта личности, предложенные известным ученым Э. Берном [5]. В любом взрослом, по утверждению Э. Берна, могут обнаруживать себя три состояния. Неформально проявления этих состояний называются «Родитель», «Взрослый», «Ребенок». Важно развивать «Взрослого» в будущем профессионале.

Вести себя по – взрослому – значит самостоятельно и объективно оценивать ситуацию и непредвзято излагать ход размышлений, формировать проблемы и выводы. Человек перерабатывает информацию и прогнозирует вероятные ситуации, в которых придется ориентироваться, чтобы эффективно взаимодействовать с окружающим миром. «Взрослый» контролирует действия «Родителя» и «Ребенка», является посредником между ними. Состояние «Родителя» – это наши убеждения, верования и предрассудки, ценности и установки, многие из которых мы воспринимаем как свои собственные, как принятые нами самими, тогда как на самом деле они внесены извне посредством включения внутрь значимых для нас людей. Поэтому Родитель – наш внутренний комментатор, редактор и оценщик.

Взрослое Я воспринимает и перерабатывает логическую составляющую информации, принимает решения преимущественно обдуманно и без эмоций, проверяя их реалистичность. Взрослое Я, в отличие от Родительского, способствует адаптации не в стандартных, однозначных ситуациях, а в уникальных, требующих размышлений, дающих свободу выбора и вместе с тем предусматривающих необходимость осознания последствий принятого решения. Функция состояния «Взрослый» заключается в проверке информации, заложенной в нашем Родительском и Детском Я, и сопоставлении ее с реалиями окружающей действительности. На поведение существенно влияют скрытые чувства из детства. Детское Я проявляется, когда человек не чувствует достаточно сил для самостоятельного решения проблем, не способен преодолеть трудности или/и противостоять давлению другого человека.

позиции Родителя «играется» не только собственно родительская роль, но и роль педагога, начальника. Для оптимального функционирования личности с точки зрения контактного анализа необходимо, чтобы в личности были гармонично представлены все три состояния Я. Часто встречающаяся проблема – ослабление Взрослого Я. [6].

Существует несколько способов укрепления Взрослого: научиться распознавать своего Ребенка и Родителя; быть чутким к Ребенку в других; давать Взрослому время на обдумывание; выработать свою систему ценностей и т.п.

В определенной степени вышесказанное может служить ориентиром в процессе подготовки учителя. По сути, педагогическая деятельность, как уже говорилось, осуществляется в основном с позиции Родителя, поэтому в ней существенно будут сказываться родительские данные. Каждому будущему специалисту необходимо дать возможность разобраться, что именно в Родительских данных

б. них имеется и каков предшествующий опыт. С этих позиций, возможно, и воспринимается, и оценивается информации относительно их будущей профессиональной деятельности. Создавая ситуации, способствующие раскрытию Родительских данных, тем самым мы даем основание для развития рефлексии. Очевидно, что процесс подготовки специалиста в области педагогической деятельности должен носить личностно – ориентированную направленность. Это диктуется не только

индивидуальными психологическими, интеллектуальными различиями, но и имеющимся жизненным опытом.

В этой связи, важно как можно шире дать информацию будущему учителю о самом себе, что послужит содержательным моментом для рефлексии. Вооруженный данными о своем качественном состоянии, студент, рефлексировав полученную информацию, сможет найти личностный смысл в процессе обучения. Тренинги, практикумы, студии, различные модификации лекционных занятий, для которых отнюдь не характерно монологическое изложение, – все это является возможными способами реализации личностно-ориентированного обучения [7].

Следует также заметить, что личностно – ориентированное обучение предполагает создание творческой атмосферы в процессе обучения. Творчество студентов можно рассматривать как предпосылку построения их профессионального авторитета. Творчество – особый вид одаренности. Рядом исследователей утверждается, что проявление истинного творчества в большей степени определяется природными особенностями, чем воспитанием. По данным американского исследователя Торранса, подлинно творческих людей не более 2-5%. Однако положение, что творческие способности развиваются на фоне интеллектуальных, признается практически всеми. И творческие, и интеллектуальные способности проявляются очень рано, но в конечном итоге многое будет определяться личностной направленностью, на что существенное влияние оказывает воспитание.

Существуют различные направления проявления творчества. Так, ведущий ученый Г.Селье описал три типа направленности в деятельности ученых: творцы, генераторы идей; энциклопедисты, систематизаторы; ученые-критики. Наверное, эти направления вполне можно взять за основу, организуя учебный процесс в учебных педагогических заведениях. Как правило, крайне редко можно наблюдать интегральное проявление всех рассматриваемых направлений в одном человеке [8,9].

Для того чтобы развивать все типы творческой направленности, необходимо учебным занятием придавать разноплановый характер. В практике подготовки специалистов не имеет, например, широкой реализации вариант проведения занятий, посвященных критическому обсуждению статей, книг, идей. Еще очень важное условие – творческая личность должна быть, по сути, независимой, но комфортной. В системе подготовки специалистов – это самостоятельная задача. Демократическая, дискуссионная атмосфера общения, возможности объединиться единомышленникам в процессе подготовки проведения занятий позволяют формировать свободную, но комфортную личность. Однако в практике подготовки специалистов существует система оценивания, когда фиксируются и, следовательно, оцениваются преимущественно энциклопедические способности. Следует заметить, что уйти от этого не так просто, потому что обнаружить наличие или отсутствие знания по рассматриваемым проблемам можно с большей очевидностью, чем убедиться в творческих способностях [10].

В процессе подготовки будущего специалиста необходимо целенаправленно создавать ситуации, требующие проявления творчества студента. Конкурс идей, разработка открытых тем позволяют раскрыть творческий потенциал студентов. Однако существенной проблемой в реализации предложенного является мотивация студентов, их внутренняя активность.

Таким образом, для развития и реализации творческого потенциала личности существенными являются следующие условия организации учебного процесса: безоценочный климат отношений; устранение стрессовых факторов на занятиях; создание открытых, обучающих ситуаций (работа над нерешенными проблемами будущего, развитие предвидения, организация общения с людьми альтернативных взглядов по одному и тому же вопросу); снятие конформизма. В это связи, решение проблемы развития креативных способностей заключается не в навязчивом требовании творчества от всех, а в предоставлении возможности для всех его проявлять и в целеустремленном стимулировании этого процесса.

Список использованной литературы:

8. Программа «100 конкретных шагов» Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Газета «Казахстанская правда» от 06 мая 2015 г. №80 (27956); Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». 31 января 2017 г. - www.akorda.kz.
9. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. - Астана, 2011. – www.edu.gov.kz
10. Креативность как ключевая компетентность педагога. Монография / Под ред. проф. М.М. Кашапова, доц. Т.Г. Киселевой, доц. Т.В. Огородовой. Ярославль: ИПК «Индиго», 2013. – 392 с.
11. Асмолов А.Г. Психология личности: Учебник. – М.: МГУ, 1990.

- \endash Антонова Е. Е. Педагогическая креативность как ведущий компонент структуры педагогической одаренности. Педагогическое образование и наука, № 12, 2008, С. 92-98.
- \endash Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей: Учеб. пособие. – М.: Академия, 2002. – 320 с.
- \endash Рахимов А.З. Творческое мышление: Монография. – Уфа, 2008. – С. 224.
- \endash Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М., 1990. – С. 208.
- \endash Хуторской А.В. Развитие одаренности школьников: Методика продуктивного обучения. – М.: Владос, 2008. – С. 140.
- \endash Пашкова Л.В. Подготовка учителей физической культуры на основе творческой ориентации: дис. канд. пед. наук. – СПб., 1997. – С 205.

УДК 373.2
МРНТИ 14.23

Г.З. Таубаева¹

¹ п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУДЫҢ МІНДЕТТЕРІН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ЖОО-Ы МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аннотация:

Мақалада болашақ мектепке дейінгі тәрбиеші-педагогтарды кәсіби тұрғыда даярлау міндеттерін шешуге ЖОО-мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара байланысы туралы сөз болады. Өзара байланыс нәтижесінде тәрбиеші-педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейі, олардың ғылыми потенциалы, оқытуға дайындығы, педагогикалық инновацияны меңгеруі анықталады. Жоғары білім беру жүйесінде практикаға бағдарланған оқытудың бірнеше түрлері бар, студенттердің оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикасын ұйымдастыру, оны өткізу барысында болашақ мамандарда қалыптасатын білім, білік және дағдылар туралы сөз болады. Тәжірибеге бағдарланған білім берудің мақсаты - білімге, дағдыға, қабілетке және тәжірибеге бағытталған студенттердің кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттіліктерін қалыптастыру екендігі баяндалады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасын дамыту үшін (білім беру ортасының кеңдік, белсенділік, қарқындылық, үйлесімділік және т.б.) аса маңызды параметрлерін көрсетеді. Сондай-ақ, тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасын сақтауға және дамуына теріс әсер ететін бірнеше факторларға тоқталады. Абай атындағы ҚазҰПУ-де болашақ тәрбиеші-педагогтардың заман талабына сай білім алу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар туралы сөз болады.

Түйін сөздер: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары, тұлғаға бағдарланған оқыту, болашақ тәрбиеші-маман, жоғары оқу орны, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, өзара байланыс, білім, білік және дағды, практиканың түрлері (оқу-таныстыру, өндірістік және дипломалды)

Таубаева Г.З. ¹

¹ К.п.н., доцент Казахского Национального педагогического университета имени Абая,
г. Алматы, Республика Казахстан

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ВУЗОВ И ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В РЕАЛИЗАЦИИ ЗАДАЧ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация:

статье рассматриваются вопросы взаимосвязи между вузом и дошкольной организацией для решения проблемы профессиональной подготовки будущих воспитателей-педагогов. В результате такой взаимосвязи определяется научно-методический уровень воспитателей-педагогов, их научный потенциал, готовность к преподаванию, усвоение педагогических инноваций. В системе высшего образования существует несколько видов практико-ориентированного обучения, в связи с этим обсуждаются вопросы организации образовательной, производственной и преддипломной практики студентов, а также знания, умения и навыки, формируемые в будущих специалистах. Целью практико-ориентированного обучения является формирование у студентов профессиональных и социально-компетентных навыков в знаниях, умениях и практике.

Наряду с этим в статье освещаются наиболее важные показатели развития образовательной среды обучения (широта, интенсивность, мобильность, гармония, обобщенность образовательной среды). В статье отмечаются некоторые факторы, негативно сказывающиеся на развитии практико-ориентированной среды. Излагаются перспективы работы преподавателей КазНПУ им. Абая при подготовке будущих воспитателей-педагогов, направленных на современное образование.

Ключевые слова: государственный общеобязательный стандарт образования, образовательная программа, практико-ориентированное обучение, будущие воспитатели-педагоги, высшие учебные заведения, дошкольная образовательная организация, взаимодействие, знание, умение и навыки, виды практики (учебная, производственная и преддипломная).

Taubayeva G.¹

¹*cand. of ped. sc, associate professor Abay Kazakh national pedagogical university
Republic of Kazakhstan, Almaty*

THE INTERACTION OF UNIVERSITIES AND PRE-SCHOOL ORGANIZATIONS IN ACHIEVING THE GOALS OF PRACTICE-BASED LEARNING

Abstract:

The article discusses the interaction between the university and the pre-school organization to solve the problem of professional training of future educators and teachers. As a result of this interaction, the scientific and methodological level of educators, teachers, and their scientific potential, readiness for teaching, mastering of pedagogical innovations is determined. In the system of higher education there are several types of practice-oriented education; because of that, the organization of educational, industrial and pre-diploma practice of students, as well as the knowledge and skills that generated in future specialists, are discussed. The goal of practice-oriented learning is to develop students' professional and social-competent skills in knowledge, skills and practice.

Along with this, the article highlights the most important indicators of the development of the educational learning environment (breadth, intensity, mobility, harmony, generalization of the educational environment). The article points out some factors that adversely affect the development of a practice-oriented environment. It outlines the prospects for the work of Abay KazNPU teachers in the preparation of future educators, teachers, aimed at modern education.

Keywords: state obligatory education standard, educational program, practice-oriented education, future educators, teachers, higher educational institutions, pre-school educational organization, interaction, knowledge, skills and abilities, practices (educational, industrial and pre-diploma).

Кіріспе. Қазақстан Республикасы педагогикалық білім берудің даму жана сатысына, әлеуметтік-мәдени жағдайына, әлемдік үрдістерге сәйкес кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың жана формаларын қарастырады. Білім беруді жанашаландыру жағдайында мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары, нысандары мен технологиясының өзгермелілігі жағдайына өтеп бере алатын, педагогикалық қызметтің жеке стилін меңгерген, тек ғылыми ойлауы ғана емес, сонымен қатар өздігінен білім беру бағыттарын анықтай алатын, кәсіби мәселелерді шығармашылық түрде шешуге қабілетті, «жаңа әлеуметтік-мәдени» ортада өзін көрсете алатын тәрбиеші-педагог қажет. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы қазақстан халқына арнаған жолдауында «... жедел дамып келе жатқан

ортада өмір сүруге қабілетті; ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, ұлттық мәдениетті бойында сіңірген; шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» қарастырады [1].

Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім беруді тұрақты дамытудың механизмін құруға мүмкіндік берді. Кәсіптік білім берудің құзыреттілік негізі кәсіптік білімді жаңартудың практикалық бағыттылығын нығайту, оның негізгі сипатын сақтау болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді [3]. Бұл міндеттерді шешу үшін әрбір білім беру мекемесіндегі ұжымның, әрбір педагогтің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашатын жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.

Кәсіптік білім беруді дамытудың қазіргі бағыттары болашақ тәрбиеші-педагогтардың шынайы педагогикалық әрекеттерін кәсіби құзыреттілікке негізделген тәсілдерді енгізу болып табылады.

Болашақ педагогтардың кәсіби дамуы мектепке дейінгі ұйымдағы ұйымдастырылған оқу әрекетінде белсенді әдістерді қолдана отырып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталып, практикаға бағдарланған тұғырларды өзектендіру тұрғысынан жүзеге асырылады.

Практикаға бағдарланған тұғыр – педагогикалық білімнің мақсаты мен мазмұнын анықтауда құзыреттілікке негізделген тәсілдерді енгізудің жаңа әдіснамалық бағыты [4].

Практикалық бағдарланған оқыту – бұл аудиторияда емес, шын мәнінде, оқытудың нақты практикалық тапсырмаларын орындауға барысында студенттердің кәсіптік құзыреттіліктерін (жалпы кәсіби және арнайы) қалыптастыру.

Жоғарғы білім беру деңгейін жаңғыртудың негізгі мақсаты – практикаға бағдарланған мазмұнды оқыту болып табылады. Ал міндеті – нарықтың шынайы қажеттіліктерін ескере отырып, студенттердің білімі мен әлеуметтенуін дараландыру, бейінділіктің икемді жүйесін жасау және барлық сатыдағы (бастауыш, орта және жоғары мектеп) білім беру ұйымдарының деңгейін біріктіретін жүйесін құру. Практикаға бағдарланған оқыту дегеніміз оқу жоспарын әзірлеудің «идеологиясын» өзгертуді, қалыптасқан білік пен дағдылардың практикалық маңыздылығын түсінуге көмектесетін теориялық білімдерді таңдауды білдіреді [5]. Кәсіби білім беруге көшу тұлғаға-бағытталған және практикаға бағдарланған білім беру принциптерін жүзеге асыру арқылы білім беру мен дамытудың кең ауқымды мақсаттарын көздейді: - жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету; - жекелеген білім беру траекториясын құрудың кең мүмкіндіктеріне жағдай жасау; - білім беру мазмұнының қолданбалы, практикалық сипатын нығайту; – ерекше дамып жатқан тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасын құру; – оқу жоспарында қарастырылған негізгі әрекетті жүзеге асыруға байланысты практиканың мақсатын тұжырымдау; – студенттерді практикада туындаған жағдайларды шешуге дайындау; -теорияны тәжірибемен байланыстыру; – педагог пен студенттің өзара әрекеттесуінің тақырыптық сипаты.

Осылайша, тәжірибеге бағдарланған білім беруді құру қажеттілігі қоғамның әлеуметтік, білім беру, экономикалық мәселелерді жан-жақты шешуге негізделген және болашақ тәрбиеші-педагогтың құзыреттілігін қалыптастыруда жоғары оқу орны мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара байланысты ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Негізгі бөлім. Тәжірибеге бағдарланған оқыту жоғары оқу орындары мен мектепке дейінгі ұйымдардың арасында тығыз ынтымақтастықты талап етеді, нәтижесінде студенттерде кәсіби қызметтің негізгі көрсеткіштері, еңбек қызметін жүзеге асыру үшін қажетті біліктілік пен дағдылары қалыптасады. Мақсаты - болашақ тәрбиеші-педагогтарды кәсіби даярлау үдерісін жетілдіру, мектепке дейінгі білім беру саласында жоғары білікті мамандарды жұмысқа тарту мақсатында олардың практикалық бағыттылығын нығайту болып табылады [6].

Жоғары білім беру жүйесінде практикаға бағдарланған оқытудың бірнеше түрлері бар, студенттердің оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикасын ұйымдастырумен байланысты, өз кәсібіне деген көзқарасын нақты мамандық талаптарымен салыстырады, күнделікті іс-әрекетте оны пайдалана біледі. Практиканың түрлері кәсіпке бағдарланған оқыту технологияларын, кәсіптік қызметтің білім, білік және дағды сияқты кәсіби-маңызды қасиеттерін болашақ мамандарды қалыптастыруға бағытталады. Тәжірибеге бағдарланған білім берудің мақсаты – білімге, дағдыға,

кабілетке және тәжірибеге бағытталған студенттердің кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттіліктерін қалыптастыру, бұл тәжірибеге бағдарланған әдісті қызметтік-құзыреттілік тәсіл деп атайды.

Қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, кәсіптік білім беру білім, білік пен дағдыны сапалы жаңа деңгейге бағыттауы тиіс. Соңғы жылдары бітіруші-түлектерді жұмысқа орналастыру тәжірибесі мамандарды іріктеуде жұмыс берушілер арнайы білімнен гөрі, жұмыс тәжірибесі (еңбек өтілі) бар қызметкерлерге қызығушылық танытады. Басқаша айтқанда, мамандықтарымен қоса, практикалық білімді де талап етіледі.

Білім беру ортасының белгілі бір «бейнесін» алған соң оны одан әрі дамыту стратегиясы білім беру мақсаттары туралы идеялар негізінде анықталады. Жоғары оқу орындарында тәжірибелік-бағдарланған білім беру ортасын дамыту үшін (кеңдік, белсенділік, қарқындылық, үйлесімділік және т.б.) аса маңызды параметрлерді максималды мәнге келтіріп, арнайы шарттар жасалады.

Кесте – 1. Тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасын құрудың ұйымдастырушылық педагогикалық шарттары

Тәжірибеге бағытталған білім беру ортасының параметрлері	Тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасын дамытудың параметрлерін арттыру шарттары
Білім беру ортасының кендігі	Әлеуметтік әріптестіктің жақсы дамыған механизмі: – кәсіби бағыттағы білім беру ұйымдарына экскурсиялар; – студенттер мен оқытушыларды тағылымдамадан өту орындарын ұсыну; – студенттер мен оқытушыларға екі жақты білім алмасу бағдарламаларын дамыту; – студенттер мен оқытушылардың қарым-қатынасы барысында сұхбаттар, дөңгелек үстелдер, дискуссиялар, мастер-класс ұйымдастыру (жұмыс берушілер, қоғамдық білім беру ұйымдары және т.б.); – тәжірибеге бағдарланған білім беруге қызығушылық клубтарын ұйымдастыру; – жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес жақсы кабинеттер мен зертханалармен жабдықтау;
Білім беру ортасының қарқындылығы	– педагогтардың білім берудегі тәжірибелік-бағытталған нысандары мен әдістері нақтылығы; – оқу-әдістемелік талаптарға сәйкес білікті мамандармен жүйелі жұмыс жүргізу.
Білім беру ортасын біріктіру	– бірыңғай білім беру стратегиясын саналы түрде жүзеге асыру мақсатында педагогикалық ұжымды ұйымастыру; – білім беру ұйымының тұжырымдамасын ұжымның түсінуі және қолдауы;
Білім беру ортасының үйлесімділігі	– қажет болған жағдайда, мамандығы бойынша түлектерді жұмысқа орналасуға көмек көрсету; – жұмыс берушілердің өтініштеріне сәйкес бітірушілерге білім беруді жүзеге асыру; – қазіргі қоғамда табысқа жету үшін студенттердің тұлғалық және кәсіби қасиеттерін дамыту үшін ЖОО-да психологиялық-педагогикалық жұмыстарға бағыттау;
Білім беру ортасының белсенділігі	– мектепке дейінгі ұйым жетістіктерін тарату жұмыстарын ұйымдастыру; – білім беру ортасында тәжірибеге бағдарланған бітіруші-түлектердің бәсекеге қабілеттілігі;
Білім беру ортасының мобилділігі	– жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне қарай бағдарланған білім беру ұйымының профилін өзгерту; – тәжірибеге бағдарланған технологиялармен педагогтарды мақсатты оқытуды ұйымдастыру; – қосымша кәсіби дайындықтан өткеннен кейін педагогтар өзінің профилін өзгерте алады; – оқу үдерісі заманауи көрнекі құралдар оқытудың техникалық құралдарына негізделеді.

Тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасын сақтауға және дамуына теріс әсер ететін бірқатар факторларды бақылау қажет. Бұл факторлар 2-кестеде келтірілген.

Кесте – 2.

Тәжірибеге бағдарланған ортаны енгізу мен дамытуға жасалатын жағдайлар	Тәжірибеге бағдарланған ортаны дамытуға теріс әсер ететін факторлар
жұмыс берушілердің білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуге қатысуы	жұмыс берушілердің білім беру бағдарламалары мен жобаларға қатысуға қызықпауы
жұмыс берушілер ресурстарды өзара тиімді алмасу кезінде әлеуметтік әріптестік механизмін енгізу;	білім беру ұйымдары ауылдық жерлерде орналасқан, әлеуметтік серіктестермен байланыс орнату қиын
педагогикалық кадрлардың біліктілігін кәсіптік салалық жаңа технологиялар мен инновациялық тәсілдер арқылы арттыру және қалыптастыру;	педагог қызметкерлерінің жаңашылдығына назар аударылмайды
кәсіптік білім берудің мақсаты мен міндетіне сәйкес білім беру үдерісін материалдық-техникалық және ғылыми-техникалық кешенімен қамтамасыз ету	білім беру ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері
білім беру бағдарламаларының тәжірибеге бағдарланған параметрлерге сәйкес болуы	педагог қызметкерлерінің тәжірибеге бағдарланған параметрлерге сәйкес келмеуі, сағаттың дұрыс бөлінбеуі

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісін құру білім беру ортасын байытуға, өзара әрекеттесуге және болашақ тәрбиеші-педагогтардың біліктілігін арттырудың бірыңғай білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Білім беру ортасының мұндай интеграциясы студенттің нақты білім беру үдерісін «тәнті» етіп, олардың тәуелсіздігі мен жауапкершілігін дамытуға, оқытушылар мен тәрбиешілердің басшылығымен педагогикалық қызметтің өзіндік стилін дамытуға ықпал етеді.

ЖОО мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара байланысы оқытудың тәжірибеге бағдарланған кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды, студенттің еңбек функцияларын дамытуға ынталан-дырылуын, қолданылатын іс-әрекеттердің орындалуын түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл процесс мынадай кезеңдер арқылы жүзеге асырылады: ЖОО-ң оқытушының басшылығымен мектепке дейінгі ұйымда практикалық сабақтарды ұйымдастыруға, тәрбиешілердің жетекшілігімен кәсіби білік пен дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ, инновациялық технологиялар шеңберінде баланың даму ерекшеліктеріне, нақты жағдаяттарға сәйкес іс-әрекеттердің және кәсіптік іс-әрекеттер жүйесінің орындалуы [7].

Болашақ тәрбиеші-педагогтардың практикалық дайындығы бірыңғай кәсіптік қызметке игерілген еңбек функцияларын және кәсіптік іс-әрекеттерді синтездеуді қамтамасыз етеді. Бұл білім алушыны нақты білім беру ұйымдарындағы кешенді әлеуметтік өзара әрекеттесу жүйесіне қосуына ықпал етеді; педагогикалық тәжірибені және психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мазмұнын ғылыми тұрғыда негіздеу үшін қажетті эмпирикалық материалдарды жинақтауға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындары мен мектепке дейінгі ұйымдардың өзара байланысы ұйымдастырушылық деңгейде жүзеге асырылады, оқыту үдерісінде материалдық-техникалық базаны пайдалана отырып, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші-педагогының сипатын және дәрежесін айқындайды. Осы өзара байланыс нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымның педагогын кафедраның штаттық кестесіне қосқызметтілікке енгізуге болады, бұл оқу бағдарламасын бірлесіп әзірлеуге, оны жүзеге асыруға және оқу үдерісін практикалық тұрғыда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді [8].

Сонымен қатар, болашақ тәрбиеші-педагогтарды даярлау барысында студенттерді тәжірибеге бағдарланған оқытуға дайындаудың жалпы даму стратегиясы мен педагогикалық кеңестің мәселелерін талқылауды, оқу жоспарына сәйкес кейбір әдістемелік пәндердің бір бөлігін (негізгі, таңдау) мектепке дейінгі ұйымда өткізуге болады.

Әрине, мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші-педагогтың балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу деңгейіне ерекше назар аударылады. Осындай ынтымақтастықтың нәтижесі көрсеткендей, бұл талаптарды ғылыми дәрежесі бар оқытушылар, жоғары білімді білікті оқытушылар мен осы салада оқитын магистр-мамандар атқара алады.

ЖОО оқытушылары мен тәрбиеші-педагогтарының өзара байланысының нәтижесі ғылыми-әдістемелік деңгейі, олардың ғылыми потенциалы, дайындығы, инновацияның ашықтығы арқылы анықталады. Мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысы жағдайында білім беру ортасы байытылып, жоғары оқу орындары оқытушыларының педагогикалық қызметі арқылы ғылыми-әдістемелік құрамымен толықтырылады.

Тәжірибеге бағдарланған оқыту – бұл оқытудың бір түрі, оның басты мақсаты бүгінгі күні жұмыс берушілердің талап етіп отырған кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, сонымен қатар алынған

құзыреттілікті практикада қайда, қалай және не үшін қолданатынын түсінуін қалыптастыру. Оқытудың нәтижесі тәжірибелік қызметте өз іскерлік пен дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті маман болуды көздейді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология институтында тәжірибеге бағдарланған оқыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған. Біріншіден, болашақ мектепке дейінгі тәрбиеші-педагог мамандығының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС) сәйкес білім беру бағдарламаларының дайындалуы, жұмыс оқу жоспары жасалынып, ондағы міндетті және таңдау (элективті) пәндер тізбесінің нақтылануы, сонымен қатар практикаға үлкен мән берілуі. Педагогикалық практиканың 20 кредиттен кем болмауын қадағалау – оқу орнының міндеті екені белгілі. Әрине, практика – практикалық тәжірибенің негізгі «тұтқасы» болып табылады және кәсіби қызметтің түріне қарай білімдердің жинақталуына септігін тигізеді. Әрбір жұмыс беруші өздерінің ұйымдарына жаңадан жұмысты бастаушы емес, білімді де білікті маманды жұмысқа қабылдағысы келеді. Аталмыш институттағы 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша практиканың тәжірибесі көрсеткендей, әрбір академиялық топта мектепке дейінгі ұйымда тәжірибеден өткен студенттер сол ұйымға жұмысқа қабылданатындығы анықталып отыр. Бұл дегеніміз, студент-практикант бүкіл практика барысында өзін кәсіби маман ретінде өзін көрсете алғандығын байқатады [9].

Екіншіден, аталмыш институтта аудиториялық сабақтарды өткізу үшін тәжірибеге бағдарланған оқытуға жағдай жасалынған. Әдістемелік пәндерге арнайы жабдықталған аудиториялар қоры бар. Онда оқу үдерісіне байланысты оқу-әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдары, интернет желісі, демонстрациялық және үлестірмелі материалдармен қамтамасыз етілген. Оқу үрдісін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдану арқылы қол жеткізілді: мамандықтың жұмыс оқу жоспарларын құруда мектепке дейінгі білім беру ұйым мамандарын жұмысқа тарту; тәжірибелі педагог-мамандарды оқыту үдерісіне (диплом жетекшілігіне) жұмылдыру; кейбір әдістемелік пәндерді білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастыру және өткізу; практикалық тапсырмаларды орындау үшін студенттерді кәсіби жұмысқа орналастыру. Сонымен қатар, аталмыш институттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мектепке дейінгі ұйымдарда (жобалар дайындау, курстық және диплом жұмыстары, диссертациялар, ғылыми мақалалар) жүзеге асырылады. Институттың студенттік ғылыми үйірмелері, мамандық бойынша өткізілетін кейбір іс-шаралар, педагогикалық эксперименттер білім беру ұйымдарының базасында жүргізіледі.

Тәжірибеге бағдарланған оқыту нәтижесінде Абай атындағы ҚазҰПУ-і мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының арасында өзара тығыз байланыс орнатылған. Оқу үрдісіне студенттерді шынайы жағдайда бақылап, тәрбиешілердің еңбек әрекетін талдау, туындаған қиындықтардың себептерін түсіну, өз позициясын ұстану, болашақ педагогтардың кәсіби даму үдерісін күшейту, олардың педагогикалық мәселелерді шеше білуге баулу болып табылады. 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының студенттері ҚР БЖҒМ-н МЖМБС-на, жұмыс оқу жоспарына, оқу бағдарламасына және академиялық күн тізбесіне сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу, педагогикалық және өндірістік тәжірибеден өтеді [9].

Студенттердің әр тобына немесе әрбіріне тапсырмалар беріледі. Тапсырмалар алдын-ала кафедра және институт отырысында қаралып, талқыдан өтіп бекітіледі. Практикаға жетекшілікті кафедраның білімді де білікті профессор-оқытушылары жетекшілік жасайды. Студенттер мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлерімен танысып, жұмыс тәртібі мен ішкі ережелерін басшылыққа ала отырып, күнделікті балалармен білімдік-тәрбиелік жұмыстарды жүргізеді.

Қорытынды. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу қызметі мен ондағы өткізілетін іс-шараларды қадағалай отырып, біз теория мен практиканың тығыз байланыстылығына тағы да көз жеткіздік. Тәжірибеге бағдарланған оқыту танымдық және қызықты ақпараттар арқылы мамандардың қызығушылықтарын оятады, күтпеген фактілер мен мәліметтерге назар аударып, оқу қызметінің тек қызықтылығымен ғана емес, студенттер үшін қаншалықты маңызды екендігін түсінуге көмектеседі.

Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылған оқу қызметі барысында біз тәрбиеші-педагогтың имиджіне назар аудардық. Тәрбиеші-педагог өз мамандығын сүйетін, балаларды жақсы көретін, шығармашылыққа толы, жаңашылдыққа жаны құмар, білікті және жауапкершілігі мол кәсіби маман ретінде өзін танытты. Әрбір баламен жеке-дара жұмыс істейтін, бақылайтын және ішкі тәртіп пен іскерлік атмосфераны сақтауы тиіс. Сонымен қатар, тәрбиеші-педагог балалармен өте еркін, сенімді сөйлеседі, дауысы ашық, мәнерлі болуы тиіс. Оқу қызметінің мақсаттары дұрыс құрастырылып, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізіліп отырады.

Біз тәжірибеге бағдарланған оқытуды, атап айтқанда, кәсіптік білім беру деп есептейміз, себебі, бұл тәжірибеде қалыптасқан тұлғалық-кәсіби біліктері мен дағдылары қалыптасқан бәсекеге қабілетті

маман даярлауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оқытудың тиімділігін айтарлықтай жақсарты алады. Бұл білім алушыларға алған білімдері мен дағдыларының маңыздылығы мен практикалық мәнділігін бағалауға көмектесетін оқу материалының мазмұнын таңдауға көмектеседі. Тәжірибеге бағдарланған оқыту студенттердің өмірлік тәжірибесіне негізделіп, құзыреттілік тұрғыда жаңа тәжірибе белсенді түрде қалыптасады. Бұл тәжірибе студенттердің дамуына негіз болады. Демек, болашақ кәсіби маманның бәсекеге қабілетті тамаша үлгісі қалыптасады[10].

Осылайша, ЖОО-мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастық нәтижесінде болашық тәрбиеші-педагогтарды кәсіптік білім беру деңгейінде (бакалавриат және магистратура) кешенді оқытуға және оларды инновациялық қызметке белсенді тартуға мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

14. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 05 қазанындағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы <http://www.akorda.kz/kz> (қаралған күні: 26.02.2019).

15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / <http://adilet.zan.kz> (қаралған күні: 28.02.2019).

16. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» туралы Заңы 27.07.2007 (өзгерістер мен толықтырылудан кейін 21.02.2019 ж.). – [Электронный ресурс]: URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747 (дата обращения: 25.02.2019)

17. Скоткин М.Н. Совершенствование процесса обучения. – М., 1971.- С.135

18. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014

19. Захарова, Л.М. Профессионально-ориентированная направленность подготовки будущих воспитателей дошкольных организаций [Текст] / Л.М. Захарова, М.М. Силакова // Научное мнение, 2015. – №1 – С. 26-32.

20. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережелері. (ҚР Білім және ғылым министрінің 29.10.2018 №595 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) [Электронный ресурс]: URL: <http://online.zakon.kz> (қаралған күні: 12.12.2018).

21. Бұзаубақова К.Ж., Сарыбекова Ж.Т. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: жаңа стандарт, бағдарлама және технологиялар. – Тараз, 2011

22. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу Қазақстан Републикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2016

23. Инновационные образовательные технологии как средство оптимизации профессиональной подготовки будущего специалиста// Журнал Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 5 [Электронный ресурс]: URL: <https://www.science-education.ru/> <https://www.google.kz> (дата обращения: 28.02.2019).

УДК 37.002
МРНТИ 14.01.29

Г.К. Шолпанқұлова¹

¹*п.ғ.к., профессор м.а. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан,*

К.И. Исламова²

²*педагогика ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУДЫҢ МӘНІ

Аннотация

Бұл мақалада болашақ педагог-психологтардың ақпараттық мәдениетін дамытудың мәні ашып көрсетіледі. Бүгінде ақпараттық мәдениет педагогтың жалпы мәдениетінің маңызды құраушысы және мамандықтардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы барысында студенттерде оның негіздерін қалыптастыру қажет. Жаңа ақпараттық технологиялар білім және оны шығармашылық тәсілді талап ететін қалыпты емес жағдаятта пайдалану біліктілігі ақпараттық мәдениеттің бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі әртүрлі, соның ішінде педагогикалық білім саласындағы болашақ мамандардың ақпараттық мәдениет деңгейіне қойылатын жоғары талаптарына негізделеді. Бүгінде ақпараттық қоғамның жаңа мүшелерін оқыту және тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру үшін ақпараттық мәдениетті меңгерген педагог жоғары сұранысқа ие. Ақпараттық мәдениет ақпараттармен мақсатты бағытта жұмыс істей білу және оны алу, өңдеу және беру үшін компьютерлік ақпараттық технологияны, қазіргі заманғы техникалық құралдар мен әдістерді пайдалану біліктілігі болып табылады. Ол өзіне құрылымына басқа да ғылымдар саласынан өзінің дамуына және нақты іс-әрекет түрлеріне бейімделуіне мүмкіндік беретін білімді де енгізеді.

Түйін сөздер: мәдениет, ақпарат, ақпараттық мәдениет, ойлау, сыни ойлау, тиянақты ойлау, үнемді басқару, үнемді технология, білім беру үрдісі.

Шолпанқұлова Г.К. ¹

¹*к.п.н., и.о. профессор Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан,*

Исламова К.И. ²

²*кандидат педагогических наук, Актюбинский Региональный государственный университет им.
К.Жубанова, Актөбе, Казахстан*

СУЩНОСТЬ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ И ПСИХОЛОГОВ

Аннотация

4 данной статье раскрывается сущность развития информационной культуры будущих педагогов и психологов. Сейчас информационная культура рассматривается как важная составляющая общей

культуры педагога и ее основы необходимо формировать у студентов во время обучения с учетом специфики их специальности. Неотъемлемой информационной культуры являются знания новой информационной технологии и умения ее применять в неординарных ситуациях, требующих нетрадиционного творческого подхода. Эффективность использования современных информационных технологий обуславливает высокие требования к уровню информационной культуры будущих специалистов в различных областях знания, в том числе и педагогической. Педагог, владеющий информационной культурой, сегодня востребован для реализации задач обучения и воспитания новых членов информационного общества. Информационная культура является умением целенаправленно работать с информацией и использовать для ее получения, обработки и передачи компьютерную информационную технологию, современные технические средства и методы. Она включает в себя знание из тех наук, которые способствуют ее развитию и приспособлению к конкретному виду деятельности.

Ключевые слова: культура, информация, информационная культура, мышление, критическое мышление, бережливое мышление, бережливое управление, бережливые технологии, образовательный процесс.

Sholpankulova G.K.¹

¹*Candidate of Science (pedagogic), Associate Professor, L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,*

Islamova K.I.²

²*candidate of pedagogical sciences, Aktobe Regional State University after K. Zhubanov Aktobe, Kazakhstan*

THE ESSENCE OF INFORMATION CULTURE DEVELOPMENT FUTURE TEACHERS AND PSYCHOLOGISTS

Abstract

In this article reveals the essence of the development of information culture of future teachers and psychologists. Nowadays information culture is considered as an important component of the general culture of a teacher and its basics must be formed among students during their studies, taking into account the specifics of their specialty. Knowledge of the new information technology and the ability to apply it in extraordinary situations that require non-traditional creative approach are integral to the information culture. The effectiveness of the use of modern information technologies makes high demands on the level of information culture of future specialists in various fields of knowledge, including pedagogical. The teacher who owns the information culture is now in demand for the implementation of the tasks of training and educating new members of the information society. Information culture is the ability to work purposefully with information and use computer information technology, modern technical means and methods to receive, process and transmit it. It includes knowledge of those sciences that contribute to its development and adaptation to a particular type of activity.

Keywords: culture, information, information culture, thinking, critical thinking, lean thinking, lean management, lean technologies, educational process.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару қажеттілігін атап көрсетеді [1].

Бұл жиырма бірінші әлемдік қоғамдастықты белсенді ақпараттандыру ғасырының жаңа дағдыларды және біліктілікті меңгеруге қажетті ойлау парадигмасының да алмасуы, интернеттің адамдардың ақпаратты меңгеруіне және білім алуына қолжетімділік тәсілдерін өзгертуі талабына сай адамзаттық капиталға сұранысты зерттеуді талап етеді. Сонымен бірге сандық байланыс денсаулық сақтау, білім беру, коммуникация, демалыс, сондай-ақ өмір мен тұрмыс жағдайы саласында үлкен мүмкіндіктердің көзін ашуда.

Қарастырылып отырылған мәселе келесідей бағыттарда зерттелінген; әртүрлі сала мамандарының ақпараттық мәдениетін шетелдік ғалымдар постиндустриализм тұжырымдамасы арнасында (Д.Белл, К.Вербах, Р.Кан, Л.Робертс, Р.Рэддик, т.б.); ақпараттық мәдениеттің әдіснамалық негіздері (А.А. Гречихин, Н.Б. Зиновьева, В.А. Фокеев, Ю.А. Шрейдер, т.б.); тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық аспектісі (А.А. Виноградов, А.Г. Кушниренко, Е.А. Медведева, т.б.); әлеуметтік-педагогикалық контекстегі ақпараттық мәдениет теориясы (В.И. Загвязинский, А.В. Мудрик, В.А.Сластенин, Т.Ф.Яркина, т.б.) және т.б. Отандық ғалымдар (Д.М.Джусубалиева, Г.Н. Нұргалиева, т.б.) қашықтан оқыту жағдайында студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпараттық технология мәселесін зерттеді.

Жоғарыдағы ғалымдар зерттеулерін зерделеу әлеуметтік сала мамандарының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және дамыту ақпараттық қоғам өміріндегі маңызды алғышарттардың алдын алудың қажеттілігін көрсетеді, оның ішінде, қоғамның дамуы бойынша әртүрлі әлеуметтік институттардың ақпараттық әлеуетін үздіксіз өсіру басты орын алады.

Сондықтан кәсіби іс-әрекеттің әлеуметтік маңызды түрінде ақпараттық қажеттіліктердің үнемі өсуі байқалады; маманның кәсіби құзыреттілігі оның әлеуметтік қабілетінен бастап ақпараттық мәдениетінің дамуына байланысты болады. Мамандардың құзыреттілігі социумның ақпараттық әлеуетін пайдалана алу біліктілігімен анықталады, ал оны ары қарай дамыту болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін жетілдірісіз мүмкін емес.

Осы орайда әлеуметтік сала мамандарының, соның ішінде болашақ педагог-психологтардың ақпараттық мәдениетін дамыту үрдісін зерттеу әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан ерекше маңызға ие өзекті мәселе. Осыдан адам мен компьютер арасындағы білімнің қарқынды өсуімен, болашақ мамандар ретінде студенттердің ақпараттық-аналитикалық қабілеттері мен біліктіліктерін дамыту мәселесі өзектендіріледі.

Заманауи қоғамның ақпарат, коммуникация, мамандық немесе кәсіп және басқа саласындағы ғаламдық өзгерістері білім берудің мазмұндық, әдістемелік, технологиялық аспектілеріне түзету енгізуді, бұрынғы құндылық басымдықтарды, мақсатты ұстанымдар мен педагогикалық құралдарды қайта қарауды талап етеді.

Ғалымдардың пікірінше, бұл ресурс сапасын интеллектуалды құраушы, тәрбие, білім, ақпараттық жабдықталуы, инновациялық әлеует, сондай-ақ белгілі бір құзыреттіліктер жиынтығы анықтайды [2]

Осы орайда бүгінгі таңда адамға қойылатын талаптар бағыттары, атап айтқанда, лидерлік сапалар, еңбекке мотивация, жасампаздық, өз дағдысын жетілдіру, өздігінен білдім алу, шешім қабылдау және оған деген жауапкершілік және т.б. бақылануда. Күнделікті өмірде қазіргі заманғы жаңа техникалық құралдарды, жаңа ақпараттық техника мен технологияларды пайдалану жаңа типтегі компьютерлік сауаттылықтың пайда болуын анықтады. Сондықтан ақпараттық мәдениет ұғымы шетелдік практикада «ақпараттық сауаттылық» деп қолданылады.

Қазақ тілінде «сауаттылық» сөзі білім алудың алғашқы деңгейімен байланысты бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі мағынасын білдіреді. Осыдан отандық тәжірибеде «ақпараттық сауаттылық» ұғымын қолдану адам мен ақпараттың өзара әрекеттесуі секілді күрделі феноменге элементарлық, қарапайым мән берумен шектелген. Бірақ осы мағына бойынша термин кейде сауаттылықтың басқа түрлеріне де жатқызылады. Мысалы, функционалды сауаттылық, компьютерлік сауаттылық. Функционалды сауаттылық тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім, іс-әрекет) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі болса, ал компьютерлік сауаттылық функционалды сауаттылықтың құрамдас бөлігі және оны қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Жаңа ақпараттық технология саласында мамандар жұмысына ақпараттық мәдениет ұғымының жаңа мазмұнмен толықтырылуы ерекше әсер етеді. «Ақпараттық мәдениет» ұғымы алғаш рет 1970 жылы пайда болып, 1980 жылдың аяғында пәнаралық ұғым ретінде категориялық статус деңгейінде барлық ғылым саласында зерттеліне бастады. Г.Г. Воробьев ақпараттың басқару мен ұйымдастырудағы рөлін, ақпараттық жұмысты механикаландыру мәселесін зерттей отырып, бұл ұғымға өндірістік еңбекті арттыруға мүмкіндік беретін білім, қабілеттер мен практикалық дағдыларды енгізеді, яғни мұнда интеллектуалдық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру мәдениеті жайлы сөз қозғалады. Сондықтан оның пікірінше, ақпараттық мәдениет ақпараттық тәсілді қолдана білу, ақпараттық жағдайды талдай білу және ақпараттық жүйесін аса тиімді ету [3].

Философиялық көзқарас (А.А. Виноградов, Э.П. Семенов, А.Д. Урсул, С.М. Вишнякова) тұрғысынан «ақпараттық мәдениет» ұғымы тұтас қоғамның, әртүрлі әлеуметтік топтың, жеке тұлғаның

рухани маңызды компоненті ретінде қарастырылады. Қазіргі ғылыми-техникалық прогресстің дамуы барысында ақпараттық мәдениет ақпараттық дағдарыс мәселелерін (ақпарат теориясы, кибернетика, информатика, семиотика, т.б.) шешуді қамтамасыз ететін ақпараттармен жұмыстың жаңа тұғырларын жүзеге асыру үшін негіз болады. [4].

Компьютерлік сауаттылықты меңгеру үрдісінде мәтінді жазу және редакциялау, ақпараттар іздеу, сурет салу, қарапайым бағдарламаны құрастыру, міндеттерді шешу алгоритмін құру, т.б. компьютерді пайдалана алу біліктіліктері қалыптасады.

А.П. Ершов, В.М. Монаховтың тұжырымдамасында тек компьютерлік сауаттылықты ғана емес, компьютерлік мәдениетті қалыптастырудың жаңа тұғырлары қарастырылады. Мұнда тұжырымдамаға сәйкес компьютерлік сауаттылықтың негізіне математикалық моделдеу әдістері жөніндегі білім және қарапайым математикалық моделді құрастыру; негізгі алгоритмдік құрылымдау және оны математикалық модель міндеттерін шешуде қолдану, жоғары деңгейде бағдарламалау біліктіліктері алынады [5].

И.Я. Лернер педагогикалық көзқарас тұрғысынан, ақпараттық мәдениетті алғашқылардың бірі болып сипаттады. Оның пікірінше, тұлғаның ақпараттық мәдениеті жалпы оқу мәдениетіне тікелей қатынасын, яғни бұл басқа пәндер мәліметтерін табысты меңгеруі үшін өзара байланысты жалпы оқу біліктілігін сипаттайды [6].

Н.М. Розенберг ақпараттық мәдениетті көпкомпонентті құбылыс ретінде қарастырып, оның жалпыоқу мәдениеті, мәдениет диалогы, компьютерлік мәдениет секілді компоненттерін бөліп көрсетеді. Ол тұлғаның ақпараттық мәдениетін жалпы білім беру мазмұны контекстінде қарастырады, мұнда педагогикалық теория мен практикадағы ақпараттық мәдениетті жетілдіру мәселесін зерттеу, жаңа ақпараттық технология жағдайында оқытуды ұйымдастыру формасы мен тиімді әдістемесін үздіксіз білім беру жүйесінде зерттеуге басты назар аударылады [7].

Ғалымдардың пікірінше, жас ұрпақты болашақтың сұраныстарына сай дайындау үшін ойлау парадигмасын алмастырудың қажеттілігі туындауда. Үнемді ойлау ұғымы ұйымдастырушылық, жауапкершілік, мақсатқа бағытталушылық, тәртіптілік, талпынушылық, топта жұмыс істеу біліктілігі мен үздіксіз өзін-өзі жетілдіру секілді өлшемдерді сипаттайды. Бұл ұғым жапондық көлік өнеркәсібінен енді, белгілі ресурстарды ұтымды пайдалануға және басқаруға мүмкіндік беріп, есеппен ойлау деген мағынаны білдіреді. Сондықтан бұл ұғым экономика саласында қолданылатын үнемді өнеркәсіп және үнемді өндіріске ғана тиіс емес, педагогика және психология ғылымдарында да қолданысқа ие болуда [8].

Адамның білім, білік, дағдысын қалыптастыратын алғашқы саты мектеп болып табылады. Білім үрдісін өндіріске теңестіру өндірістің «өнімі» білім алушылардың білім, білік және қалыптасқан құзыреттіліктер деңгейі болып табылады. Мұнда адамның қалыптасуы мен дамуының негізгі факторларының бірі ретінде білім маңызды рөл атқарады [9].

Н.И. Гендина мұғалімнің ақпараттық мәдениетін адамның әлеуметтік табиғатымен байланысты және оның сан алуан түрлі шығармашылық қабілеттерінің өнімі болып табылатын тұлғаның жалпы мәдениетін құраушы деп түсіндіреді [10].

Жалпымәдени дағдылар деңгейінде көптілділік пен көпмәденилік; жоба мен үрдісті басқара отырып, шығармашылық жұмысқа қабілеттілік; сыни, үнемді немесе тиянақты, креативті ойлау арқылы интеллектуалдық әлеуетін көтеру негізінде конспектілеу, резюме жазу, өзінің көзқарасын дәлелдеу, каталог пен картотеканы пайдалану, т.б. Ол ақпараттық қоғам мәдениеті субъектісінің өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу үшін медиаиндустрия объектілерін тиімді қолдану, оны өз бетімен құра білу, рухани-адамгершілік және интеллектуалдық деңгейін қалыптастыруға ықпал ету дәрежесін және медианы адекватты қабылдау, талдау, бағалау қабілеттерінде байқалатын динамикалық біртұтас сапасы ретінде тұлғаның медиамәдениетін сипаттайды. Жалпы медиамәдениет ақыл-ой, сезім, әрекет мәдениетін біріктіріп, сипаттайды.

Е.В. Бурькованың пікірінше, ақпараттық құзыреттілік тұлғаның үнемі өзін-өзі жетілдіру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудағы бағдары есебінен ақпараттық үрдістерді жүзеге асыруға және кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шешуге қабілеттілігі [11].

В.П. Беспалько білім мен біліктілікті меңгеру деңгейлері түрінде білім сапасы жөнінде төмендегідей сипаттама береді: 1-деңгей – білім алушы меңгерілген материалды қайталау негізінде еске түсіріп, білуге қабілетті (үйренуші). Бұл деңгейде меңгеру құбылыс, объекті жөніндегі жаслпы түсінікпен шектеліп, сол секілді бұрыннан белгілі объектілерін қатарынмен тансуына мүмкіндік береді; 2-деңгей, білім алушы материал немесе оның жеке жақтарын сыртқы қолдаусыз өз бетімен меңгеруге қабілетті

(алгоритмдік); 3-деңгей, білім алушы нақты міндеттерді шешуге, зерттеу арқылы белгілі және белгісіз жағдаяттағы материалдарды өз бетімен өңдеу жолымен объективті ақпараттар алуға қабілетті (эвристикалық, әрекетті таңдау); 4-деңгей, білім алушы жаңа жағдаятта міндеттерді шешуге алынған ақпарат арқылы материалды құрылымдауға және трансформациялауға қабілетті (әрекетті іздеу), [12].

Қазіргі таңда іргелі білім беру үш қағидамен сипатталады: интеграция мен дифференциацияның бірлігі қағидасы, ол білімді өздігінен ұйымдастыру тәсілін көрсетеді; антропоцентризм қағидасы, ол интегралды білім беру жүйесінде білім алушы мен білім берушінің орнын анықтайды; мәденисәйкестілік қағидасы білімнің мәдени ортасына қатынасын сипаттайды.

Демек, осы үш қағида білім беруді ұйымдастырудың ішкі, адамзаттық, сыртқы аспектілерін қамтиды. Білімнің интеграциясы жаңа білімнің пайда болуына алып келеді, антропоцентрикалық, дамитын білімнің маңызды көрсеткіштері білім алушының жаңа мәтінді интеграциялау қабілеті болып табылады; дамитын типтегі білім беру жүйесіндегі педагог білім алушыға орталық орын беріп, оның санасын интеграция факторы ретінде мойындайды. Дидактикалық тұрғыдан бұл білім алушыға жұмыс істеуге мүмкіндік беретін оқу мәтіндері мен интеграциялық механизмдердің көптүрліліктен (тілі, ойлау стилі, әртүрлі ғылымға тиістілігі, мәдениеті, т.б.) тұратын жүйесін қамтамасыз етеді.

Қорыта келгенде, әрбір қоғам қандай да бір оқиғалармен сипатталады, ХХІ ғасырда ол өзгешілік ақпараттың жылдам өсуімен, техниканың қарқынды дамуымен байланысты ақпараттық коммуникативтік ресурстарды тиімді қолдану арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-білім беру ортасының базалық компоненттерін тандестіретін үрдіс.

Қоғам күнделікті ақпараттар ағымын қабылдап, оны үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға икемді етіп өңдеуді қажет етеді. Ақпараттық мәдениет дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологияны қолданумен кәсіби ақпараттық қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыру бойынша дербес іс-әрекетті қамтамасыз ететін білім, білік және дағды жүйесі және ақпараттық дүниетанымы, ақпаратқа және білімге қажеттілікті тудыру, ақпараттық сұранысты дұрыс қалыптастыру дағдысын дамыту, мәліметтерді алу, оны өңдеу және сыни тұрғыдан бағалау ретінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктерін белгілейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. www.akorda.kz.

Петрова В.С. Проблемы школьного экономического образования в России//Восемнадцатая Всероссийская студенческая научно-практическая конференция. г.Нижевартовск, 5-6 апреля 2016 года. Отв. ред. А.В. Коричко. – Нижевартовск: Изд-во Нижевартовского гос. университета, 2016. – С. 794-799.

Воробьев, Г.Г. Информационная культура управленческого труда. – М.: Экономика, 1971. – С.108

Вишнякова С.М. Профессиональное образование: словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика/С.М. Вишнякова. – М.: НМЦ СПО, 1999. – С.538 .

Еришов А.П., Монахов В.М. Изучение основ информатики и вычислительной техники. Методическое пособие для учителей и преподавателей средних учебных заведений в 2-х частях. Часть 1. - М.: Просвещение, 1985. –С. 96.

Лернер И.Я. Базовое содержание общего образования//Педагогика. – 1991. - №11. – С. 34-38

Розенберг Н.М. Информационная культура в содержании общего образования// Советская педагогика. – 1991. - №3. – С. 33-38.

Ковальчук Е.М. Управление бережливым производством в образовании/Актуальные проблемы экономики и бухгалтерского учета: Сборник научных статей. – Н.Новгород: ННГУ им. Н.И.Лобачевского. – 2017. – С. 618-621.

Вэйдер М. Инструменты бережливого производства. – М., 2007. – С. 125 .

Гендина Н.И. Информационная культура и медиаграмотность в России// Знание. Понимание. Умение. – 2013. - №4. – С. 77-83.

Бурькова Е.В. Формирование информационной компетентности будущих специалистов в области вычислительной техники: дис. ... канд. пед. наук. – Оренбург, 2006. – С.190.

Беспалько В.П. Параметры и критерии диагностической цели//Школьные технологии. – 2006 – №1. – С.118-128.

УДК 37.02
МРНТИ 14.07.01

Г.М. Мусина¹

¹аға оқытушы, магистр,

Т.Ж. Бисембаева²

²аға оқытушы, магистр, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті, Атырау қ.,
Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДПАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ӘЛЕУЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ мамандардың, соның ішінде болашақ педагог-психологтардың креативті әлеуетінің құрылымдық ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Креативті әлеует болашақ шығармашылық кәсіби іс-әрекет үшін негіз болып табылатын сипаттарды біріктіреді. Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау креативті бағыттылық, креативті сауаттылық, креативті біліктілік, креативті қабілеттерден тұратын креативті әлеуеттің құрылымын жасауға мүмкіндік береді. Болашақ мамандардың креативті әлеуеті құрылымының бұл құраушылары оның даму деңгейін анықтайды. Болашақ маман ретінде студенттердің креативті әлеуетін дамыту үрдісі бағыттылық, сабақтастық, кезеңдік, қайтымсыздық секілді кез келген үрдіске тән белгілермен сипатталады. Болашақ мамандарды шығармашылық іс-әрекетке үйрету студенттердің шығармашылық оқу-кәсіби іс-әрекетін ұйымдастырудан көрінеді және олардың креативті әлеуетін дамытуда маңызды болып табылады. Сондықтан, оқу-кәсіби іс-әрекет жүйелі сипатқа ие және кәсіби-тұлғалық сапалар мен әлеуметтік, коммуникативтік, когнитивтік, зерттеушілік, ақпараттық құзыреттіліктерді дамытуды қамтамасыз етеді, сонымен бірге студенттердің креативті әлеуетін дамытуға бағытталған.

Түйін сөздер: креативтілік, әлеует, креативті әлеует, ойлау, креативті ойлау, креативті бағыттылық, креативті сауаттылық, креативті біліктілік, креативті қабілет.

\endash Мусина Г.М.¹
старший преподаватель, магистр,

Бисембаева Т.Ж.²
²старший преподаватель магистр, Атырауский государственный университет
имени Х.Досмұхамедова, Атырау, Казахстан

СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КРЕАТИВНОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ И ПСИХОЛОГОВ

Аннотация

9. данное статье раскрывается структурные особенности креативного потенциала будущих специалистов, в том числе будущих педагогов и психологов. Креативный потенциал объединяет характеристики, которые являются основой для будущей творческой профессиональной деятельности. Теоретический анализ психолого-педагогической литературы позволяет сконструировать структуру креативного потенциала, которая состоит из креативной направленности, креативной грамотности, креативного умения и креативной способности. Данные составляющие структуры креативного потенциала будущих специалистов определяет уровень его развития. Процесс развития креативного потенциала студентов как будущего специалиста характеризуется такими признаками, как направленность, преемственность, этапность, необратимость, которые свойственны любым процессам. Обучение творческой деятельности будущих специалистов выражается в организации творческой учебно-профессиональной деятельности студентов и является значимой в развитии их креативного потенциала. Таким образом, учебно-профессиональная деятельность имеет системный характер,

которая обеспечивает развитие профессионально-личностных качеств и социальной, коммуникативной, когнитивной, исследовательской, информационной компетенций, а также направлен на развитие их креативного потенциала.

Ключевые слова: креативность, потенциал, креативный потенциал, мышление, креативное мышление, креативная направленность, креативная грамотность, креативное умение, креативная способность.

Mussina G.M.¹

¹ *senior teacher master,*

Bissembaeva T.Zh.²

² *senior teacher master, Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan*

STRUCTURAL FEATURES OF CREATIVE POTENTIAL OF FUTURE TEACHERS AND PSYCHOLOGISTS

Abstract

In this article reveals the structural features of the creative potential of future specialists, including future teachers and psychologists. Creative potential combines characteristics that are the basis for future creative professional activities. The theoretical analysis of psychological and pedagogical literature allows us to construct the structure of creative potential, which consists of creative orientation, creative literacy, creative skills and creative ability. These components of the structure of the creative potential of future professionals determines the level of its development. The process of development of the creative potential of students as a future specialist is characterized by such features as the direction, continuity, phasing, irreversibility, which are characteristic of any process. Training of creative activity of future specialists is expressed in the organization of creative educational and professional activity of students and is significant in the development of their creative potential. Thus, educational and professional activities have a systemic nature, which ensures the development of professional personal qualities and social, communicative, cognitive, research, information competencies, and also aims to develop their creative potential.

Keywords: creativity, potential, creative potential, thinking, creative thinking, creative orientation, creative literacy, creative skill, creative ability.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару қажеттілігін атап көрсетуі қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін айқындай түседі [1].

Болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыру үрдісі жоғары педагогикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде әртүрлі аспектіде зерттелінген: креативтілік феноменін зерттеу тәсілдері (Р.Стенберг, В.Н. Дружинин, М.А. Холодная және т.б.); болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыру (Б.А. Оспанова, А.С. Швайковский және т.б.), студенттердің креативтілігін қалыптастыру мақсатында инновациялық технологияларды пайдалану (Г.Қ. Нұрғалиева, Қ.М. Нағымжанова, және т.б.), мұғалімдерді шығармашылық әрекетке даярлау (В.В. Шахгулари, Р.Ш. Сыздықова және т.б.), педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту логикасы (Б.А. Тұрғынбаева және т.б.).

Болашақ педагог-психологтардың креативті әлеуетінің құрылымдық ерекшеліктері оның базалық ұғымдарының мазмұнымен сипатталады. «Әлеует» латын сөзі «rotēpiā» күш, бір нәрсеге қабілеттілік дегенді білдіреді. Түсіндірмелі әлеуметтік сөздікте «әлеует» белгілі рөлдерді немесе нақты өнімді орындауға қатысты жеке адамның, ұйымның немесе сектордың білім, білік немесе қабілеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады [2].

«Креативті әлеует» тұлғаның шығармашылық күштерінің жиынтығын, мүмкіндіктерін көрсететін сапа ретінде қарастырылып, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі іс жүзінде көрсету, өзін-өзі дамыту мүмкіндігі мен оған дайындығын анықтайды. Креативті әлеуеттің мазмұндық сипаттамасын ашып

көрсетуде оның құрылымына басты назар аударылады. Түсіндірмелі сөздікте құрылым «кез келген нәрсенің негізгі бөліктерінің жүйелілігі, өзара енуі және байланысы» деп анықталады [3]. Сонымен бірге кәсіби іс-әрекетке жұмылдандырылатын ішкі ресурс ретінде адамның шығармашылыққа қатынасын (ұстанымын, нұсқауын, бағыттылығын) бейнелейді, тұлғаның басқа адамдармен тиімді өзара әрекеттесуін және олардың іс-әрекеттерінің өнімділігін қамтамасыз етеді.

Б.А. Оспанованың ойынша, болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыруда белсенділік маңызды рөл атқарады, өйткені, белсенділік тұлғаның іс-әрекетін, мінез-құлық стратегиясын және қарым-қатынасын жобалайды [4].

Г.М. Марданованың пікірінше, креативті әлеует адамның ақыл-ой әрекетінің жоғары формасын сипаттайды. Жоғары креативті әлеуетті иеленген адам басқа адамдардан интеллектуальдық деңгейімен, шығармашылық ойлауымен, қарама-қайшылықты табу біліктілігімен, өзінің іс-әрекет нәтижесін құрылымдау қабілетімен, оқыту үрдісінде туындаған проблемалық жағдаяттарды шығармашылықпен шешуімен ажыратылады [5].

Демек креативті тұлғаға зерттеушілік қабілет тән, ол тұлғаны өзінің оқу әлеуеттерін өздігінен реттеуіне мүмкіндік береді. Болашақ мамандардың коммуникативтік, тәрбиелік, ұйымдастырушылық функцияларының мазмұнын аша отырып, бірқатар ғалымдар (Н.Ф. Гоноволін, Э.Ф. Зеер, В.А. Кан-Калик және т.б.) креативті әлеуетті жүзеге асыру ерекшеліктерін айқындаудың қажеттілігін дәлелдейді.

Н.Д. Никандров және В.А. Кан-Калик мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің үш саласын, атап айтқанда, шығармашылық өзін-өзі тәрбиелеуін, әдістемелік және коммуникативтік шығармашылығын бөліп көрсетеді [6].

Б.А. Тұрғынбаева «мұғалімнің шығармашылық әлеуеті оның арнайы білімдері, кәсіби, тұлғалық, рухани сапаларының, акмеологиялық бағыттылығының жиынтығынан тұратын, педагогикалық әрекетті жаңашылдықпен жүзеге асыруға негіз болатын кіріккен кешенді сапасы» деп анықтайды [7].

П.И. Пидкасистыйдың пікірінше, педагогикалық шығармашылық шығармашылыққа мотивация, педагогтың кәсіби-тұлғалық ерекшелігі, кәсіби құзыреттілік компоненттерінен тұрады [8].

Ғылыми әдебиеттерді талдау шығармашылық әлеуеті құрылымының келесі компоненттер жиынтығынан тұратынын көрсетеді:

– мотивациялық компонент (шығармашылық іс-әрекет мазмұны мен үрдісіне эмоционалдық оң қатынасы, шығармашылыққа бағыттылық, шығармашылық жетістікке талпыныс); мазмұндық компонент (білімнің саналылығы, тереңдігі және беріктігі, оларды қабылдау үрдісіндегі сыни ойлау, дербестік, білім жүйесін құрастыру, оны жаңа жағдайда қолдану); операциялық компонент (шығармашылық іс-әрекетке қажетті білік пен дағдыны қалыптастыру, ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін меңгеру, шығармашылық оқу-танымдық іс-әрекет тетіктерін игеру) (Е.А. Глуховская), [9];

– өзіндік-әлеуетті құраушы (жеке психикалық үрдістер, қабілеттер); мотивациялық құраушылар (ішкі құрылым ретінде сенім, дайындық, индивидтің мәнді күшін – қажеттіктерін, құндылық бағдарын, мотивтерін өрістетуге әлеуметтік-психологиялық нұсқауды және қабілеттердің өзектілігін қамтамасыздандыру тетіктері); когнитивтік құраушылар (білім алу нәтижесінде меңгерілген шығармашылық іс-әрекет, білім, білік, қарым-қатынас, іс-әрекет тәсілдерін әлеуметтендіру үрдісіне қатыстыру, өзін-өзі айқындау), (В.Г. Рындак) [10].

В.А. Слостенин педагогикалық іс-әрекет мұғалім тұлғасының кәсіби маңызды сапаларынан тұрады, педагогикалық бағыттылық (кәсіби іс-әрекетке қызығушылығын оятатын басымды мотивтер жүйесі) оның негізін құрайды деп тұжырымдайды [11].

Жоғарыдағы тұжырымдарға сүйене отырып, болашақ мамандардың креативті әлеуетін креативті бағыттылық, креативті сауаттылық, креативті біліктілік, креативті қабілет деп топтастыруға болады.

Креативті бағыттылық тұлғаның шығармашылық кәсіби іс-әрекетіне түрткі, кәсіби ұстанымына нұсқау, кәсіби-құндылық бағдары мен мотивтерінің жиынтығы негізге алынатын сапасы деп түсіндірілсе, креативті сауаттылық тұлғаның креативті әлеуетінің мәнін, оның құрылымын және дамыту үрдісін, қазіргі заманғы креативті оқыту технологиясын, креативті әлеуеттің өзін-өзі дамыту әдістері жөніндегі хабардарлығын білдіреді.

Креативті біліктілік креативті әлеуетті өздігінен дамыту әдісі, креативті оқыту технологиясы жөніндегі жалпы және интегративті білім негізінде өзінің педагогикалық іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру біліктілігі; педагогикалық іс-әрекетте креативтілігін рефлексиялау және өзін-өзі бағалау біліктілігі; өзін-өзі бағалау нәтижесін есепке ала отырып, іс-әрекетті коррекциялау біліктілігін

сипаттаса, ал креативті қабілеттер мәселені шешуде сан алуан түрлі стратегияны қолдануын болжау, шапшаңдық, икемділік, бірегейлік және жасампаздық қасиеттерімен сипатталады.

Ғалымдардың пікірінше, креативті бағыттылық табысқа талпынысын сипаттайтын жетістікке жету мотивациясына қажеттілігін, үнемі өзін-өзі жетілдіруге талпынуы, өзінің креативті әлеуетін дамытуға саналы, тұрақты қызығушылығының болуын сипаттаса, ал креативті сауаттылыққа «әлеует», «шығармашылық әлеует», «креативтік әлеует» ұғымдарының мәнін түсінуі және осы ұғымдар, оның мазмұны жайлы білімді меңгеруі, креативті оқыту технологиясын, креативті әлеуеттің диагностикалық әдістерін білуі жатады. Креативті біліктілік өзінің педагогикалық іс-әрекетін жалпы білім және шығармашылық іс-әрекет жайлы білім негізінде дербес жоспарлауы, өзінің педагогикалық іс-әрекетін өзгеше, өзбетімен ұйымдастыра білуі, оны дамытудың аса өнімді стратегиясын таңдауы, шығармашылық педагогикалық іс-әрекет нәтижесін өзіндік бағалауы және рефлексиялауы, коррекция енгізе білуі. Креативті қабілеттер күтілетін нәтижені жоғары деңгейде болжай білу, көптеген жаңа идеяларды өндіре білу, туындаған проблеманы егжей-тегжейлі талдай білуі [12].

Осыдан оқу-кәсіби міндеттерінің кешені креативті әлеуетті дамытудың негізгі құралы ретінде қолданылады. А.Н. Леонтьев психологиялық көзқарас тұрғысынан міндетті белгілі бір жағдайдағы мақсат деп сипаттаса [13], А.Я. Пономарев міндет субъектінің әрекетін анықтайтын, жағдаятты өзгерту жолымен қажеттілікті қанағаттандыру жағдаяттары, ал шығармашылық міндеттерді шешуде табысқа жетудің негізін іштей жоспарлау деңгейімен айқындалатын ақыл-ой әрекеті құрайды деп тұжырымдайды [14].

В.Ф. Спиридонов «міндетті» анықтаудың дәстүрлі үш анықтамасын ұсынады: міндет белгілі бір проблемалық жағдаятты сөзбен айту; міндет әртүрлі тәсілдермен шешілетін мақсат; міндет мақсат ғана емес, ол адамның әрекет бағытымен анықталатын, мақсатқа жететін тәсілді анықтау [15].

Жалпы теорияда оқу және кәсіби міндеттер жеке жеке жіктелетіні белгілі. Д.В. Элькониннің пікірінше, оқу міндеті қандай да бір практикалық маңызды әрекеттерді орындау тетігі немесе үрдісті, тәсілді, қағиданы меңгеруге мүмкіндік беретін жағдаят. Оқу міндеттері оқу әрекетінің негізгі құрылымдық компоненті, оқу үрдісінің бөлшегі, білім алушылар үшін минималды оқу жобасы, оқушыдан талап етілетін ақыл-ой әрекеті [16].

Демек, оқу-шығармашылық міндет осы бағыттағы іс-әрекеттерді педагогикалық ұйымдастыру құралы, оны шешуде белгілі алгоритм, іс-әрекет тәсілі, шығармашылық жағдаяттар қолданылады. Педагогикалық үрдістегі оқу-кәсіби міндет кәсіби теориялық және оны практикалық қолдануға, оқу әрекеті құрылымының маңызды элементі ретінде студентті болашақ кәсіби әрекетімен бірге белгілі әрекетті орындауға мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге оқу-кәсіби міндет жалпы және кәсіби білім, білікті қолдану негізінде шығармашылық үрдісті сипаттайтын тиімді кәсіби әрекеттерге дайындауға бағытталған проблемалық жағдаяттар. Олардың құрылымына пәндік сала, оның объектілері ретінде қарым-қатынас, қойылатын талаптар, орындаушы субъектілер (оқытушы-студент) жатқызылады.

Қорыта келгенде, креативтілік тұлғаның шығармашылық педагогикалық іс-әрекет үрдісінде дамытын интегративті сапасы ретінде үнемі жаңа ресурстармен толықтырылып отырылатын дамытын үрдіс. Оған бағыттылық, сабақтастық, кезеңдік, қайтымсыздық сипаттар тән, болашақ мамандардың креативті әлеуетін дамыту үшін шығармашылық оқу-кәсіби іс-әрекеттері қолданылады. Бұл шығармашылық оқу-кәсіби іс-әрекеттер болашақ мамандар ретінде студенттердің бірегей ойларын дамытуға, жаңа идеяларды өндіруіне бағдарлайды, тұтас алғанда, креативті әлеуетін дамытады. Сондықтан болашақ мамандардың, соның ішінде болашақ педагог-психологтардың креативті әлеуеті шығармашылық кәсіби іс-әрекетінің ары қарай табысты болуын интеграциялауға негіз болатын сапаларды (креативті бағыттылық, креативті сауаттылық, креативті біліктілік, креативті қабілет) жоғары оқу орнында студенттердің бойында дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

– Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. www.akorda.kz.

– Большой толковый социологический словарь: В 2 т.: русско-англ., англо-русский//Сост. Д.Д. Джери, Дж.Джери. – М.: Вече Аст, 1999. – Т 2; – С. 528.

– Большой толковый словарь русских существительных: Идеографическое описание. Синонимы. Антонимы/Под ред. Л.Г. Бабенко. – 2-е изд. стер. – М.: АСТ-ПРЕСС КНИГА, 1999. – С.864.

- Оспанова Б.А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования: автореф. дис. ... док. пед. наук. – Туркестан, 2006. – 44б.
- Марданова Г.М. Технология развития креативного потенциала учащихся общеобразовательной школы искусства: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Ижевск, 2005. – С.22.
- Кан-Калик В.А., Никандров И.Д. Педагогическое творчество. – М., 1990. – С. 144.
- Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2006. – 320б.
- Пидкасистый П.И. Подготовка студентов к творческой педагогической деятельности: учебно-методическое пособие. – М.: Пед. общество России, 2007. – 192с.
- Глуховская Е.А. Развитие творческого потенциала старшего школьника в учебной деятельности (на примере обществоведческих дисциплин): дис. ... канд. пед. наук. – Оренбург, 1997. – С.24.
- Рындак В.Г. Непрерывное образование и развитие творческого потенциала учителя (теория взаимодействия): Монография. – М.: «Педагогический вестник», 1997. – С.244.
- Сластенин В.А. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 2002. – С.576.
- Регуш Л.А. Психология прогнозирования: успехи в познании будущего. – СПб.: Речь, 2003. – С.352.
- Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. В 2-х т. – Т. 1. – М.: Педагогика, 1983. – С.392.
- Пономарев А.Я. Психология творчества и педагогики. – М.: Педагогика, 1976. – С.280.
- Спирidonов В.Ф. Психология мышления: Решение задач и проблем: учебное пособие. – М.: Генезис, 2006. – С.319.
- Эльконин Д.В. Избранные психологические труды. Проблемы возрастной и педагогической психологии/Под ред. Д.И.Фельдштейн. – М.: Международная педагогическая академия, 1995. – С.224.

УДК 378

МРНТИ 14.35.07

П.Е. Жарылгасова ¹

¹6D010300 – Педагогика және психология мамандығының I курс докторанты,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ

Аннотация

Мақала болашақ педагогтардың кәсіби дайындығын жетілдіруге арналған. Бұл міндет мемлекеттік тапсырысты және қоғамның уақыт талабына жауап бере алатын жаңа формациядағы педагогтарға деген сұраныстарын ескере отырып, бұрынғысынша өзекті және маңызды болып табылады. Автор бұл мақсатқа жетудің ең тиімді жолы ретінде оқу және кәсіби қызметтің барынша жақындауын қамтамасыз ететін педагогикалық кадрларды даярлаудың тәжірибеге-бағытталған оқыту бөліп көрсетеді, бұл болашақта студенттерге маңызды кәсіби міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Болашақ педагогтарды даярлаудың тәжірибеге – бағытталған оқытудың әдіснамалық негізі ретінде автор іс-әрекеттік тәсілді санайды.

Түйін сөздер: әрекет, тәжірибеге бағытталған оқыту, іс әрекет тәсілі, құзыреттілік, оқу әрекеті, өзін-өзі бағалау, өзара әрекеттесу, қарым-қатынас, мотивация, қимыл-қозғалыс, кәсіптік білім беру, болашақ педагогтарды кәсіби дайындау.

Жарылгасова П.Е.¹

¹ докторант 1-курса по специальности 6D010300 – Педагогика и психология, Каспийский государственный университет технологий и инжиниринг имени Ш.Есенова

СУЩНОСТЬ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

Статья посвящена совершенствованию профессиональной подготовки будущих педагогов. Эта задача является по-прежнему актуальной и значимой, учитывая государственный заказ и растущие потребности общества в педагогах новой формации, способных отвечать на вызовы времени. В качестве наиболее эффективной автор выделяет практико-ориентированную систему подготовки педагогических кадров, обеспечивающую максимальное сближение учебной и профессиональной деятельности, что в дальнейшем позволяет студентам эффективно решать значимые профессиональные задачи. В качестве методологических оснований практико-ориентированной системы подготовки будущих педагогов автор считает деятельностный подход.

Ключевые слова: деятельность, практико-ориентированное обучение, способ деятельности, компетентность, учебная деятельность, самооценка, взаимодействие, общение, мотивация, движение, профессиональное образование, профессиональная готовность будущих педагогов.

P.E. Zharylgassova¹

¹ *1-doctoral course by specialty 6D01030 – Pedagogy and psychology, Caspian state university of technology and engineering named after Sh. Yesenova Aktau, Kazahzstan*

THE ESSENCE OF PRACTICE-ORIENTED TRAINING IN THE TRAINING OF FUTURE TEACHERS

Abstract

The article is devoted to the improvement of professional training of future teachers. This task is still relevant and important, given the state order and the growing demands of society for teachers of the new formation, able to respond to the challenges of the time. As the most effective, the author identifies the practice-oriented system of teacher training, providing the maximum convergence of educational and professional work, which further allows students to solve important professional tasks effectively. As the methodological basis of practice-oriented system of training of future teachers, the author considers the activity approaches.

Keywords: activity, practice-oriented training, mode of activity, competence, educational activity, self-assessment, interaction, communication, motivation, movement, professional education, professional readiness of future teachers.

Білім беру міндеттерін шешудің заманауи тәсілдері оқу процесінің дәстүрлі және инновациялық құрамдас бөліктерін біріктіруі тиіс. Бұл, ең алдымен, болашақ педагогтарды гуманистік парадигманы жүзеге асыруға, ЖОО-да оқу процесінде өз бейнесін, өзін-өзі ашуға, алдағы кәсіби қызметте өзінің құнды әлеуетін анықтауға және белсендіруге дайындауға қатысты.

Алайда, мамандарды көп деңгейлі даярлауға көшуіне, білім берудің іргелі жоғарылауына, педагогикалық пәндер мен элективтік курстар көлемінің өсуіне қарамастан, әртүрлі бейіндегі педагог кадрларды даярлауда елеулі кемшіліктер сақталуда, соның ішінде төмендегілерді атап өтуге болады:

- студенттердің кәсіби қызметінің мазмұны туралы толық түсінігінің қалыптаспауы;
- оқу үдерісін шамадан тыс теорияландыруға байланысты кәсіби міндеттерді жоғары деңгейде шешуге дайын болмауы;
- педагогикалық өзара әрекеттестіктің стандартты емес жағдайларына дұрыс жауап бере алмауы.

Біздің ойымызша, оларды дәстүрлі білім беру ерекшеліктерімен түсіндіруге болады, А.А. Вербицкийдің пікірінше [1] келесі қайшылықтармен сипатталады:

– оқу іс-әрекеті дамыған танымдық мотивацияны көздейді, ал тәжірибеде кәсіби құзыреттілік талап етіледі;

– оқу пәні дерексіз ақпараттарды беруден тұрады, ал еңбек пәні – нақты табиғи, техникалық және әлеуметтік объектілер болып табылады;

– оқыту мазмұны өзара байланысты емес көптеген оқу пәндерінен тұрады, ал еңбекте оны жүйелі түрде қолдану қажет болады;

– оқу процесінде студенттер стандартты міндеттерді шешеді, ал өмір мен еңбек ықтималдық және проблемалық сипатқа ие;

– оқыту адамның қабылдау және есте сақтау процестеріне сүйенеді ("есте сақтау мектебі"), ал өмірде ол тән, жан мен рухтың үшбірлігін білдіреді ("ойлау және белсенді әлеуметтік әрекет және қылық мектебі»);

– оқушы пассивті, "жауап беруші" позицияда болады, ал өмірде және өндірісте одан белсенділік пен бастамашылық талап етіледі;

Жалпы біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты: оқытудың заманауи технологиялары саласында және еліміздің жоғары білім жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін оқыту мақсатында ЖОО-дағы педагогикалық мамандықтар бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру.

Біліктілік бағдарламасының міндеттері: педагогикалық кәсіби әрекетті жетілдіру, педагогикалық үдерісті заманауи технологиялар мен сандық технологияларды игеру. Біліктілікті арттыру курсының бірінші этапы – қашықтықтан оқыту түрінде өткізіледі. 4 модуль бойынша тапсырмаларды орындалды және ағылшын, орыс тілдерінде жалпы педагогика бойынша тест тапсырмаларына жауап берілді.

Екінші этапы Испания Королдігі, Валенсия қаласы, Валенсия политехникалық университетінде дәрістер тыңдалып, практикалық тұрғыда оқытушылар мен тыңдаушылар арасында диспут, тренинг, дөңгелек үстел, әңгімелесу түрінде әртүрлі іс - шаралар жүргізілді. Тыңдалған дәрістердің өзіндік ерекшелігі мен жаңашылдығына тоқталатын болсақ **«Жобалар негізінде оқыту»** дәрісін атауға болады. **Лектор: М Jose Ballester Bordes.**

Дәрістің мазмұны негізінен архитектуралық жобаларды дайындау мәселесін, оның эстетикалық, техникалық, конструктивтік жағын қамтыды. Архитектуралық жобаларды құрудың дидактикалық бірліктері алдын - ала талдау, алдын-ала жобалау, негізгі жоба, жобаны дайындауға (безендіруге) тоқталды.

Презентация жасауға дайындық жұмыстары, өздік жұмысқа тапсырмалар, бағалау, пайдаланатын ресурстар, топтық жұмыстарға тоқталды. Негізінен архитектуралық мамандыққа арналған. Жобалар

негізінде оқытуда педагогика саласы бойынша ғылыми жобаларға аса мән беріп отырғаны белгілі. Еуропалық көптеген жоғары оқу орындарда бітіруші студенттердің дипломдық жұмыстарының, дипломдық проекттерінің нәтижесі өндіріске енетін ғылыми еңбектер мен жаңалықтар тұрғысында дайындалатыны белгілі [1].

«Оқу процесін жоспарлау». Лектор Pilar Sacerec Gonzalez.

Еуропалық кредиттік жүйе бойынша (ESTS) жоспарлау, оқу бағдарламаларын құрумен таныстырылды. Бұл тақырып тренинг тұрғысынан дамыды. Тыңдаушылармен бірге еркін талқылау тұрғысынан өтті. Профессор Ж.А. Қараевтың технологиясы бойынша салыстырмалы түрде жүргізілді.

Еуропа ғалымдары Блум таксономиясын негізге ала отырып білім беруді ұйымдастыратынын байқадық. Блум таксономиясы негізінде ойлау дағдыларының деңгейі, ойлау әрекетінің деңгейлері бойынша білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау сатылы тұрғыда іске асатынын мысалдар келтіре отырып түсіндірілді.

Оқу үдерісін жоспарлауда американдық педагог Дж.Дьюи негізін салған жобалау технологиясының ерекшелігіне баса назар аударылды. Жобалау технологиясы, проблемалық оқыту технологиясының идеяларын өзара пайдалана отырып, олардың айырмашылығын ашып берді.

Жобалау технологиясы бойынша студенттің теориялық білімі мен практикалық байланысына аса мән берілген. Еуропада дуалдық оқыту жүйесінің теория мен практиканың өзара бірлігі жақсы қойылғанын көре білдік. Оқу үдерісін жоспарлауда коммуникативтік іскерліктер, сыни ойлау, жүйелі ойлау, логикалық ойлау, ақпараттық технологияны пайдаланудың ерекшеліктерін ашып берді [2].

Дуалдық жүйе бойынша білім беру Испания Корольдігінде жақсы дамып отырғанын байқауға болады. Үкімет 16 мен 30 жас аралығындағы жастар кәсіби білім алуының қажеттігі туралы қаулы қабылдады. Оқу орнында оқушының 1-3 жылға белгіленген оқу мерзімінің үштен бір бөлігі кәсіпорындарында өндірістік практикалық тұрғыда өтуі сапалық деңгейдің жоғарылығынан аса мән берілген. Осы уақытқа дейін кәсіптік мектептерде өндірістік практикаға мән берілмей келгені өндірістің дамуына кері ықпалы болғанына да испандық білім беру жүйесі баса назар аударып отырғанын көреміз. Испания Премьер-Министрі дуалдық жүйе бойынша білім беруге негізделген кәсіп орындарға 100 пайызға әлеуметтік тұрғыда жеңілдік жасады. Мұның себебі, көптеген кәсіпорындардың қызметкерлердің дуалды оқыту шығынына кететін қаржы өндіріс үшін тиімді емес екенін негізге алуына байланысты туындауы дуалды жүйенің дамуына ықпал ету.

Испаниядағы *Seat автомобиль концерні* кәсіптік білім беруге байланысты дуалдық үлгідегі жүйені енгізді. *Seat автомобиль концернінің* басшылары «Испания қазір кризисте. Біз болашақты ойлауымыз керек және жастарды нақты істермен айналысуға баулуымыз керек», – деген мақсаттарын нақты іске асырып отыр. *Seat автомобиль концерні* жаңа дуалдық жүйенің оқу жоспарын дайындап, қалыптасқан 2950 сағаттың орнынан 4625 енгізіп, сағаты санын 57 пайызға көтеріп отыр. Оқу бағдарламасы білім беру мекемесіндегі оқыту мен өндірістік практикаға теңдей екіге бөліп береді. Бұл жерде олар немістің дуалдық жүйесін емес, Вольфсбург концернінің тұжырымдамасын негізге аламыз деп атап көрсетеді.

Дуалды оқыту жүйесінің тиімділігі:

- теория мен практиканың тікелей байланысы тұлғаның кәсіби қалыптасуына ықпал етеді;
- білім беру мен кәсіпорын арасында тығыз байланыстың орнауына мүмкіндік жасайды;
- жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады;
- білім алушының теориялық және практикалық дағдысын қалыптастырумен қатар білім алушыны жан-жақты дайындайды;
- білім алушының жаңа технологияны меңгере отырып, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай жұмыс күшін қалыптастырады;
- дуалды жүйе бойынша білім алған колледж түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғарылайды және жұмыссыз қалу мүмкіндігі төмендейді;
- дуалдық білім беру жүйесі - бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізі болып табылады [3].

«Автодидакты». «Концептауалды карта». «Оқыту ресурстары». Лектор Eloina Garcia Felix.

Лектор оқытудың негізгі компетенциясы – автономно оқытуды қарастырды. Негізгі қағидасы тұлға өзінің оқуына байланысты саналы түрде жауапты: әр уақытта белсенділік көрсету, біліміне және жеткен жетістіктеріне әуақытта бақылау, оқытушының білімі, т.б.

Лектордың ұсынып отырған негізгі әдісі тұлғаға білімді жүйелі және мақсатты шешуге бағытталған мүмкіндіктер мен жағдаяттарды туғызу. Бұл жерде студенттер үшін не қажет және қалай білімді менгеру мәселесі басты орында тұр. Оқыту әдістерінің түрлерін таңдауда оқытушының қатысуы мен бақылауы және студенттің қатысуы мен өзін-өзі бақылауы, яғни субъект-субъект

қатынасы тұрғысынан қарастырып отыр. Негізгі әдістерге: автономды білім берудің негізгі аспектілерін сәйкестендіру, автономды білім беруге ықпал ететін тапсырмаларды дайындау; студенттердің автономды білім алуын әртүрлі техникалық көмектер арқылы бағалау. Бұл жерде студенттердің еркін қатысуымен дәріс, өзара қарым-қатынас үдерісі арқылы оқыту; өз бетімен оқуы (автодидакт). Аталған дәріс жаңашылдық тұрғысынан тыңдаушыларға қызықты болды. Негізгі жаңашылдық идея – тьютор мен студент арасындағы еркіндік, шығармашылық ізденістер, субъект – субъект қатынастар, дәрісті студенттердің еркін меңгеріп келуі, ізденістері негізінде іске асуында болып отыр [4].

«Кейс әдісі». Лектор Eugenia Babiloni Grifion.

Негізгі мақсаты: Нақты мәселелерді практикалық тұрғыда шешуде студенттердің дайындығы. Берілген мәселелерді альтернативтік тұрғыда нақты шешу, білу, бағалау, талдау, талқылау да студенттердің таным, белсенділік т.б. әрекеттерін дамыту. Еуропалық білім беру жүйесінде кейс әдісі кенінен қолданылады. Бұл да біздің оқу-тәрбие үдерісімізге кеңінен пайдалануға болатын әдістердің бірі деп бағалаймыз. Кейс әдісі студенттердің топта және жеке оқыту барысында белсенді оқытудың жолдарын табу таным қалыпт мүмкіндік туғызады. Топ жұмысы барысында меңгерген тәж сонымен қатар шындықты түсіну, жеке іс тәж талдау алатын қасиеттерімен бірге қажет емес шешімдерді болдырмауға мүмкіндік жасайды [5].

«Компетенция бойынша бағалаудың негізгі аспектілері». Лектор: Amparo Fernandes March.

Дәріс судья және тренер тұрғысынан тренинг түрінде өтіледі. Бағалау дегеніміз не, не үшін бағалаймыз, бағалаудың стратегиясы, қалай және қашан бағалаймыз. Лектор ХХ ғасырдағы бағалау мен бүгінгі талаптарға байланысты Еуропадағы бағалау жүйесіне тарихи шолу жасады. Бағалау үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптарға студенттің қатысуы және өзара әрекеттестігі: бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау, бағалау пікірі. Критериалды бағалау студенттің оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқу үдерісінде білім алушыларды қолдау, білім алушылардың оқуға деген ынтасын одан әрі нығайту, зерттеу, шығармашылық іс-әрекеттерге қатысу үшін пайдаланылады. Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінде білім алушылардың білімді меңгеруі мен дағдылары қалыптасуы деңгейін анықтау үшін қызмет атқарады, білім беру үдерісін түзетуге мүмкіндік береді, кері байланысты жүзеге асыру үшін жүргізіледі.

Білімнің когнитивтік моделі бастапқы, дебютант, компетенттік, эксперт тұрғысынан қарастыра отырып, даму индикаторларын айқындауы да жаңашылдық тұрғысынан қарастыруға болады [6].

«Технологиялық ресурстар». Лектор: Miguel Ferrando Bataller.

Оқытуда электрондық жабдықтарды және информациялық коммуникативтік технологияларды пайдалану, студенттерге ноутбукпен, мобильдік технологияларды пайдалануы, студенттердің оқу жоспарындағы білімді меңгеруі т.б. Лектор программалық жүйелерге тоқтала отырып, оның білім беру жүйесінде пайдалуы ашылды. «SAKAI» программалық жүйесі бойынша жаңашылдықпен таныстық. Қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша материалдармен танысуға мүмкіндік болды. Тыңдаушылар ақпараттық жүйе арқылы дәрістерді оқу тәжірибесінен өтті.

«Оқыту әдістерінің негізгі аспектілеріне талдау» тақырыбы бойынша топтық портфолио дайындалды, оны қорғауға мүмкіндік болды. *Портфолио* – студенттің оқу үдерісіне қалайша қатысатындығын көрсететін жұмыстарының жиынтығы ретінде оқудың тиімділігі деңгейін айғақтайды, оқу үдерісінің білім алушылар үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, олармен *кері байланыс* құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио білім алушылардың бірлесе жұмыс жасап, ұстаздармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені ол шәкірттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына білім алушылардың өздері мен ұстаздың қатысуын талап етеді.

Аталған білімді жетілдіру курсынан Еуропадағы білім беру жүйесінде болып жатқан жаңашылдықтармен танысуға мүмкіндік болды. Әсіресе олардың қолданып жатқан білім берудегі әдіс – тәсілдері, құзырлылық, білімді бағалау т.б. біздің білім беру жүйемізде пайдалануға еркін болады. Курстың ерекшелігі лектор мен тыңдаушылар арасындағы сұрақ-жауап, диспут, тренинг түрінде өтуі де білім жетілдіру курсының жоғары деңгейде өтуіне мүмкіндік туғызды [7].

Сонымен қатар, «Қүзіреттілікке негізделген оқытудың нәтижесін анықтау» тақырыбында өткен дәрісте: білім берудегі бағалау жүйесінің ролін талдай отырып, Еуропада бағалау жүйесі дегеніміз не, не үшін бағалаймыз, бағалау стратегиясы және қай мезгілде бағаланады деген сұрақтарға жауап алынды. Дәрістің мақсаты құзіреттілікке негізделген оқытудың нәтижесін анықтауда білім беру моделіне арналған логикалық бағалау жүйесіне талдау жасау; бағалау жүйесінің қажетті элементтерін анықтау; бағалау техникасын айыра білу. Бұл дәрісте құзіреттілік бойынша білімді бағалау, бағалау

студенттің және мұғалімнің көзімен, ұғымдарды нақтылай және түсіне білуі, бағалау жүйесі, әдісі, бағалау критерийлері т.б. қамтылды. Бағалаудың маңыздылығына тоқталатын болсақ, студенттер мен оқытушылардың менгеретін білімнің ақпарат көлемі, білімнің тереңдігі мен деңгейлері негізге алынады [8].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық бағдармасының [9] негізгі бағыттары қоғамды ақпараттандыру, жаңашылдық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институтының ұйымдастырып отырған ЖОО педагогикалық мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы іргелі іс атқарып отырғанын баса айту керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі :

- \endash *M Jose Ballester Bordes* Проектирование. Политехнический университет Валенсии. Курс лекции. 2015. – С. 45.
- \endash *Pilar Sacrec Gonzalez* Основные принципы университетской педагогики. Политехнический университет Валенсии. Курс лекции. 2015. -45 с.
- \endash Интернет көзі: <http://kaz.caravan.kz/news/qazaqstanda-ozyq-denggejli-zhanga-6-tekhnikalyq-kolledzh-qurylady-newsID168642.html>
- \endash *Eloina Garcia Felix* «Автодидакты». «Концептауалды карта». «Оқыту ресурстары». Испания Корольдігі. Валенсия политехникалық университеті. Дәрістер курсы. 2015. -25 б.
- \endash *Eugenia Babilioni Grifion* «Кейс әдісі». Испания Корольдігі. Валенсия политехникалық университеті. Дәрістер курсы. 2015. – 16 б.
- \endash *Amparo Fernandes March* Обице аспекты оценивания на основе компетенций. Политехнический университет Валенсии. Курс лекции. 2015. – 25 с.
- \endash *Miguel Ferrando Bataller* «Технологиялық ресурстар». Испания Корольдігі. Валенсия политехникалық университеті. Дәрістер жинағы. 2015. - 45 б.
- \endash *Др.Хосе-Луис Поса-Лухан, Др. Мигель Ребойо Педруэло* Технологические ресурсы поддержки образования: «Логбук». Политехнический университет Валенсии. Курс лекции. 2015. – 45 с.
- \endash *Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы. – Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2013. 36 б.*

УДК 37.013

МРНТИ 14.09.07

*Е.М. Мұхиддинов*¹

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, п.ғ.к., «Дене шынықтыру және спорт»
кафедра меңгерушісі,*

*Б.М. Доскараев*²

²*ҚазСТА Спорт ФЗИ директоры, п.ғ.д., профессор,*

*Е.Т. Алтынбек.*²

²*ҚазСТА Спорт ФЗИ, ғылыми қызметкер,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» АЯСЫНДА БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Аңдатпа

Дене шынықтырудың тәрбиелік мүмкіндіктері спорт аясында жинақталған және тәрбиелік түрде бағытталған қатынастар жүйесі арқылы іске асырылады. Спорт әлеуметтік-педагогикалық жүйеге

кіргендіктен дене тәрбиесінің ықпалды құралы болып табылады, ал спорттың күрес түрлерімен шұғылдану нәтижесінде еңбек және әскери қызметтің маңызды компонентіне айналады. Ал мұндай мәселелердің өскелең ұрақ тарапынан дұрыс жүзеге асуы үйретуші мұғалімнің екені баршаға аян.

Сондықтан бұл мақалада Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында және тарихи деректер негізінде адамзат өміріндегі ежелгі дәуірлерден бастап күрес спорты дамуының басталары туралы, оның Кеңестік дәуір кезеңінде және Қазақстан аумағында қалыптасып орнығуы, сондай-ақ, әлем елдеріндегі күрес түрлерінің дамуының кейбір тенденциялары туралы баяндалады. Мұнда, сонымен бірге қазақтың «Қазақша күрес», өзбектің «Кураш», грузиннің «Чаодоба» және т.б. осы сияқты ұлттық күрес түрлерінің ұмытылып кеткен түрлері жөнінде қызықты мысалдар келтіріле отырып тарихи экскурс жасалады. Мақалада кезінде ұмыт болған көне дәстүрлерді жаңғырта отырып, жалпы күрестің бүгінгі таңдағы мәні мен маңызы және оның әлеуеттік мүмкіндіктері туралы сөз қозғалады. Бұл мақала спорттық және тарихи сипатқа ие, сондықтан ол күрес дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді. Заманауи көзқарас және жаңаша тұрғыда, күрестің алғашқы бастауларын негізге ала отырып, оны әрі қарай дамытудың тенденцияларына қатысты мәселелерді талқылау айырықша қызықты болып табылады.

Түйін сөздер: тарих, дерек, күрес, ұлт, халық, спорт.

Мұхиддинов Е.М.¹

¹*к.п.н., профессор КазНПУ имени Абая, Кафедра «Физическая культура и спорт» зав.кафедрой,*

Доскараев Б.М.²

²*д.п.н., профессор, директор НИИ спорта КазАСТ,*

Алтынбек Е.Т.²

²*научный сотрудник НИИ спорта КазАСТ, г. Алматы, Республика Казахстан*

ИСТОРИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ КАЗАХСКОЙ БОРЬБЫ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В КОНТЕКСТЕ «СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

Аннотация

Образовательные возможности физической культуры реализуются через систему накопленных и образовательно-ориентированных отношений. Поскольку спорт представляет собой социально-педагогическую систему, он является эффективной формой физического воспитания и в результате занятий спортом становится важным компонентом труда и военной службы.

Поэтому в этой статье в рамках статьи Елбасы «Семь граней Великой степи» и на основании исторических источников излагаются об основных истоках развития борьбы в жизнедеятельности человечества, начиная с древнейших времен, о ее появлении и становлении в Советский период и на территории Казахстана, а также о некоторых тенденциях развития видов борьбы в разных странах мира. Здесь, также историческими экскурсами приводятся интересные примеры о забытых видах национальной борьбы, как «Казахша курес» у казахов, «Кураш» у узбеков, «Чаодоба» у грузинов и т.п.

В статье описываются значения и потенциальные возможности общей борьбы в современный период с возвратом старых забытых традиций. Эта статья имеет спортивный и исторический характер и дает возможность ознакомиться с традициями борьбы. Является особенно интересным обсуждение

вопросов касающихся тенденциям дальнейшего развития борьбы основываясь на ее первоначальные истоки, через призму современных взглядов и новых подходов сегодняшнего дня.

Ключевые слова: история, источник, борьба, нация, народ, спорт.

*Muhiddinov E.E.*¹

¹*k.p.s., professor of KazNPU named after Abay, Department "Physical culture and sport" head.department,*

*Doskarayev B.M.*²

²*d.p.s., professor, director of Research Institute of Sports of the KazAST,*

*Altynbek E.T.*²

²*researcher of Research Institute of Sports of the KazAST*

HISTORIC MEANING OF KAZAKH WRESTLING IN PREPARING FUTURE TEACHERS OF PHYSICAL EDUCATION IN CONTEXT «SEVEN FACES OF THE GREAT STEPPE»

Abstract

Educational opportunities of physical culture are realized through a system of accumulated and educational-oriented relations. Since sport is a socio-pedagogical system, it is an effective form of physical education and as a result of playing sports it becomes an important component of work and military service.

So, in this article, in the framework of the article "Seven Facets of the Great Steppe" by Elbasy and on the basis of historical sources, the main origins of the struggle in the vital activity of mankind, starting from ancient times, its appearance and formation in the Soviet period and on the territory of Kazakhstan, as well as some trends in the types of struggle in different countries of the world. Here, also historical excursions provide interesting examples about forgotten types of national struggle, such as "Kazahsha kures" among the Kazakhs, "Kurash" among the Uzbeks, "Chaodoba" among the Georgians, etc. The article describes the values and potential possibilities of the common struggle in the modern period with the return of old forgotten traditions. This article has a sporty and historical character and provides an opportunity to get acquainted with the traditions of the struggle. It is particularly interesting to discuss issues related to the trends of the further development of the struggle based on its initial sources, through the prism of modern views and new approaches of today.

Keywords: history, source, fight, nation, people, sport.

Кіріспе. Тарихқа терең үңілер болсақ, біз халықтық спорт түрлерін ұлттық мәдениеттің өзіндік бір элементі ретінде қарастыруымыз қажет. Өйткені олар, дене тәрбиесінің халықтық жүйесінің негізі ретінде заманауи міндеттерді шешудің құралы тәрізді қолданылуы тиіс. Әсіресе, күрестің дамуын талдау, оны үйретуші болашақ мұғалімдерді даярлау аса өзекті мәселеге айналып келеді. Мұнда, тарихи тәжірибе, оны дамытудың дұрыс жолдарын табуға мүмкіндік береді. Осы мәселеге қатысты құнды әрі ауқымды тарихи дәйектер Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айқын келтіріледі.

Зерттеу мақсаты: күрес спортының қалыптасуы мен даму процесін бақылау және дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаудағы күрес спортының алар орны туралы мәселелерді зерделеп көрсету.

Зерттеу әдісі: мақалалар, мамандардың жұмыс тәжірибелері мен пікірлерін, әдеби деректік қорытындылар мен тұжырымдарды, тарихнамалық және тарихи салыстырмалы түрде талдау.

Зерттеу нәтижелері. Табиғаттағы барлық нәрселерге тән нәрсе – бұл, олардың барлығының бастапқы себептері мен бастауының болуы есептеледі.

Осы орайда, Ел Президенті Н.Назарбаев : «Ұлы даланың жеті қыры» атты өз мақаласында, кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады дей отырып, дәйекті, негізді әрі мәнді шынайы тарихи мысалдарды негізге алған.

Елбасының осы аталған терең тұжырымды мақаласының бірінші қыры бойынша мынадай дәйектер келтіріледі: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны

тарихтан белгілі. ...Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. ...Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша, кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді» [1].

Бұл дегеніміз тарих қойнауында атқа міну, ат құлағында ойнау, ұрыс кезінде еркін қимылдау сияқты адамның физикалық дене күшіне қатысты элементтердің болуының, сол замандардан-ақ дене күшін арттыратын арнайы аударыспақ, күресу, секіру, жүгіру тәрізді жаттығулардың көпшілігінің ұлы дала қойнауында пайда болып, жалпақ дүниеге таралғанын көрсетеді.

Осы сөзіміздің айғағы ретінде аталмыш мақалада «...зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды» керемет негізді мысал мазмұндалған. Мәселен, осы орайда айта кетерлік нәрсе, ұлы даланы мекен еткен халықтар жер үстінде күресуден бөлек ат үстінде күресуді (аударыспақ) дүниеге әкеліп, меңгеріп қойған кезде, әлемнің басқа бөліктеріндегі халықтар жай ғана жерде жүріп күресуді енді үйреніп жатқан.

Күрес бұл тарихи қалыптасқан құбылыс. Ол адамзат қоғамының алғашқы кезеңдерінде өзіндік бір мектеп ретінде пайда болған, яғни онда адам физикалық дене күші беріктігі мен өзіндік бір іріктеуге ие болды. Қоғам мен мәдениеттің дамуы және жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастардың пайда болуы процесінде, күрестің мазмұны мен бағыттылығы өзгерді. Тарих беттерінен мәдениеттердің өзара ықпалдастығы, өзара байланыстары және өзара кірігулері анық байқалады. Сондықтан да тек осында жолда ғана ашылымдар мен шығармашылық жетістіктер жасауға мүмкіндіктер туады. Белгілі американ ғалымы Сэмюел Крамердің тұжырымдауы бойынша, жер бетінде алғаш рет күресті негіздеушілер шумер болып табылады екен.

Көптеген зерттеушілердің пікірлері мен қорытындыларында, шумерлер тілінің түркілер (қазақтар) тілімен ұқсастық жақтары байқалатыны айтылады. Осы мәселе жөнінде, соңғы кездері Қазақстанда жарыққа шыққан ауқымды еңбектің бірі болып саналатын «Великая степь и олимпийские игры древней Греции. Происхождение спорта» атты Ж.Г.Байжумин мен Қ.Қ.Закирьяновтың кітабында мынадай керемет зерттеулік үзінді келтіріледі: «Немецкий ассириолог Ф.Хоммель еще в 1915 году выделил в шумерских текстах 200 слов, совпадающих с тюркскими. Сегодня подобных слов исследователи насчитывают более 300. Являвшийся до этого противником такого сближения, после своего открытия Хоммель стал активно поддерживать гипотезу о генетическом родстве шумерского и тюркских языков» [2].

Осыдан бес мың жыл бұрын жазу өнері пайда болып, ол алғаш рет көне шумер халықтарының арасында тарады. Астарында қарсыласты тұтқындаудың әскери тәсілдері негіз болып жатқан, белдемшеден ұстап күресу культі көрініс тапқан қола статуя түріндегі ежелгі ескерткіш біздің дәуірімізге дейінгі 2800 жылы дайындалған екен. Ол Ирактағы Бағдат музейінде сақталған. Ал, жаңа жылдық мереке кезінде Мардук құдайының құрметіне арнап өткізілген ғұрыптық сайыстар, антикалық гректердің Олимпиадаларынан мың жыл бұрын пайда болған [3].

Антикалық дәуірде Олимпиалық ойындардан басқа Пифиялық, Истмиялық, Немейлік, Панафейлік ойындар да болған, оларда күрес ойынның орталық негізгі түрі болып табылған. Мысалы, әлемге әйгілі философ Платон (шын есімі Аристофан б.д.д. 450-370 жж.) күресу бойынша жарыстарда Истмиялық ойындардың жеңімпазы болған. Оның шәкірті Аристотель өзінің зерттеулерінде агонистиканы (грекше «агония» - күрес) сынап отырып, гимнастика мен күрестегі физикалық дене жүктемелері туралы тұжырымдар мен қорытындылар жасаған [4].

Сонымен қатар, айта кетерлік қызықты жәйттің бірі, атақты Шыңғысхан мен Әмір Темірлердің заманында күрес ресми саясаттың деңгейіне дейін көтерілген. Бұл жөнінде тарихшы Макагия келесідей тарихи дәйектер келтіреді: «бір ірі жарыстың кезінде екі атақты палуандар кездеседі, оның бірі Мангу ханның, екіншісі Хұлағу ханның ордасынан еді. Онда Хұлағу ханның Садун атты палуаны жеңіске жетеді. Осы жеңісі үшін ұлы хан оған арнайы «жазба қағазын» беріп, оның 9 қылмысын алдын-ала кешеді».

Келесі бір қызықты тарихи дәйектің бірінде, испан елшісі Гонсалес Клавиханың былай деп хабарлағаны айтылады: «Әмір Темір тұрақты түрде жауынгерлер арасында күрестен сайыс өткізіп тұруды қатаң тапсырды» [5].

Ерте ортағасырлардағы Орта Азия мәдениетінің өз заманындағы атақты жаңашыл новаторлары Махмұд Қашғари мен Жүсіп Баласағұн керемет бастапқы материалдарды жазып қалдырды. Онда халықтық ойындар мен сауықтар жарысқа қатысу мен табиғи берекені тұтыну ретінде мазмұндалады, оның көмегімен дені мен тәні сау ұрпақ дайындығын жүргізуге болады. Олар халық ойындарының рөлі туралы өздерінің трактаттарымен, басқа елдердің көптеген ойшылдарын, әсіресе, «Қайта өрлеу» дәуірінде дене тәрбиесінің пионерлері атанған Батыс Еуропаның гуманист-ғалымдарын (Верон, Фельтр, Верджеро т.б.) әлдеқайда басып озған еді.

Елімізде бекітілген «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде ғұлама ғалым әл-Фарабидің еңбектері кеңінен зерделенді, оның трактаттарында гимнастика мен денсаулық туралы айтылады. Сондай-ақ, күш, ептілік және төзімділік туралы ибн-Сина, Саади, Хафиздің еңбектері мен трактаттарында және «Қабуснамада» көптеп келтірілген.

Абай Құнанбаевтың шығармаларында халықтық дене шынықтыру мен халықтық спорт дене тәрбиесінің әдістері мен құралдарын айқын көрсететіндей жеке-дара түрде келтірілмейді. Бұл дүниелер ақынның ойларын толықтырып отырады, оның философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарына үлкен көрнекілік беріп тұрады. Абай шығармашылығының мұндай ерекшелігі, оның табиғат құбылыстарын өзара байланыс, үнемі қозғалыс пен даму түрінде қарастырғанымен түсіндіруге болады. Мысалы оның бір өлеңінде былай делінеді:

«Мінінді ұрлап жасырып, майданға түспей бәйге алма!».

Абай, мақтаншақтықтың адам баласын көрік бермейтіндігіне, мақтану – немқұрайдылықтың айқын белгісі екенін айтады. Ақын қарапайымдылыққа, шектен шықпауға, азды қанағат тұтуға және ашық көңілділікке шақырады. Абайдың өсиеттік нұсқамалары Аристотельдің идеяларымен сабақтасып жатыр [6].

Мұнымен бірге, осы тақырыпқа ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның Ж.Аймауытов, Д.Дулатов, М.Жұмабаев сияқты көптеген педагог-ғалымдары да өз еңбектерін арнаған.

Жалпы осы кезеңдерде Қазақстанда дене шынықтыруды дамыту бойынша басты тәжірибелік шараның бірі, жергілікті кеңестерге 1928 жылғы 1 қаңтарға дейін Дене шынықтыру Орталық кеңесіне қазақ ұлттық ойындары туралы барлық губерниялардан жиналған материалдарды ұсыну болып табылды. Осының нәтижесінде 1938 жылдан бастап тұрақты түрде жарыстар өткізіле бастады.

Сол кездері атақты болған Балуан Шолақ, Қажымұқандардан басқа, Қазақстанның алғашқы абсолютті чемпиондары Е.Досқалиев, К.Бакижанов, Н.Садуақасов, Ш.Бишаровтар да халық арасында танымалдылыққа ие болды. «Қазақша күресте» белгілі палуандар А.Айханов, К.Байдосов, Ж.Үшкемпіров, А.Бұғыбаев, А.Габсаттаров, Д.Тұрлыханов және басқалар өздерінің алғашқы кадамдарын жасады.

«Қазақша күрестің» ғылыми жағын айтар болсақ, оның теориясы мен әдістемесіне М.Гунер, М.Рахымкулов, М.Таникеев, К.Байдосов, А.Бүркітбаев, Б.Төтенаев, А.Асубаев, Д.Биткозов, М.Жахитов, Т.Досмұханбетов, Е.Мұхитдинов, М.Болғанбаев, Б.Жаналин, Е.Әлімхановтар өздерінің үлкен үлестерін қосты. Ал «қазақша күрес» спортын халықаралық дәрежеде танымалдылыққа жеткізуде сол кездегі Федерация президенті С.Тукеевтің еңбегін айтпай кетуге болмайды.

Бүгінгі таңда, Қазақстанда «Қазақ күресі» спортының атын әлемге паш етіп, оны республикалық және халықаралық дәрежеде толыққанды насихаттап, 2011 жылы тұңғыш «Қазақстан Барысы» турнирінің дүниеге келуіне «Қазақстан Барысы» қазақ күресін дамыту қорының Қамқоршылық Кеңесінің Төрағасы Шураев Арман Төлегенұлының жасаған еңбегі орасан зор болып табылады.

Ең негізгі мәселе ретінде халықтық дене шынықтырудың дамуына Ислам дінінің әсері зор, әрі оң болғандығын айтқанымыз жөн. Қасиетті Құран кітабында осы бойынша көптеген құнды нәрселер бар, мысалы, әке өз баласын тәрбиелеу процесінде оған жақсы есім беріп, атпен жүруге, күресуге, жүзуге үйретіп, соңында үйлену тойын жасап беруге міндеттеледі. Ислам тұрақты түрде дене жаттығулары, спорттық ойындар арқылы тән саулығын сақтап, нығайтуға кеңес етеді [7].

КСРО Еңбек сіңірген жаттықтырушысы П.Ф. Матушак, күрестің (грек-рим, еркін, самбо, дзюдо т.б.) танымалды болуының себебін, оның қазақтың ұлттық қазақша күресімен үздіксіз байланысынан байқауға болады деп есептейді [8].

Ұлттық спорт түрлерінің арасында өзінің бұқаралығы және танымалдылығы жағынан қазақша күрес алдыңғы қатарларды иеленеді. Ондағы басты қызмет, осы спорт бойынша Азия және Әлем

чемпионаттарын өткізіп келе жатқан Федерацияның еншісінде. Тарихи деректерге сәйкес, қазақтарда күрестің бірнеше түрлері болған, яғни шапан киіп күресу, белдемшемен күресу, шапансыз және белдемшесіз күресу. Ежелде түрлі мейрамдарда атлеттер жапонның «сумосына» ұқсас келетін, күрестің «отырып күресу» түрі бойынша күш сынасқан.

Қазіргі кезде күрестің мұндай түрлері ұмыт болған, сондықтан қазақша күрес ережелері бойынша мамандар арасында талас-тартыстар туып отырады және ол негізсіз емес.

Грузин ғалымы В.И. Элашвилидің пікірі бойынша, ол өзінің жерлес палуандарының әлемдік аренадағы жетістіктері мен күрестің Грузида шарықтап дамуының себептерін «Шидаоба», «Чаодоба» халықтық күресімен байланыстырып, әрі бүгінгі таңдағы көптеген спорт түрлерінің өкілдері сол мектептен өткен деп есептейді [9].

Көршілес өзбектерде қазіргі кезге дейін бұхара және ферғана ережелері бойынша «белбогликураш» және «кураш» деген сияқты күрестің түрлері сақталған.

Е.Әлімханов өзінің зерттеулерін былай деп жазады: «Дәстүрлі қазақ күресі, тарихи қалыптасқан ұлттық болмысынан алшақтап кетті, себебі, қазақ күресіне арналған ереже ХХ ғасырда Кеңес өкіметі ұсынған идеологияға сай, түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік болып өзгертілген еді» [10].

Жоғарыда аталғандарға сәйкес, спорттың ұмыт болған түрлері қайта қалпына келтірілуі тиіс, елде кем дегенде қазақша күрестің ұлттық нақыштағы екі түрі дамытылуы қажет. Біздің санамызды сіңіп қалған жалған нәрселерден тазартып, шынайы ұлттық мәдениетімізге оралатын кез жетті. Спорттың бұл түрі үлкен көңіл бөлуге және мемлекет тарапынан қолдау көрсетуге тұрарлық, өйткені оның астарында әлі ашылмаған әлеует жатыр. Мамандар мен ғалымдар қазақша күресті әрі қарай зерттеп, оның әдістемелері мен мүмкіндіктерін аша түсулері тиіс. Осы орайда, Қазақстанның «Қазақ күресі» Федерациясының алғашқы президенті, елге белгілі күрес спортының маманы, ғалым Е.Мұхиддинов өзінің бір мақаласында: «Қазақ күресі – белдіктен төмен ұстамай, аяқтың көмегімен тік тұрып күресетін спорттық өнер. Оның әдіс-тәсілдері де сан алуан. Қазақ күресінде алды-арттан шалу, қырқа шалу, іштен шалу, жамбасқа салу, кеудеден асыра лақтыру, арқадан асыра тастау секілді көптеген әдіс-тәсілдер қолданылады. Қалай болғанда да ұлттық күресіміздегі балуандар күрешке немесе шалақ шалбар кимеуі тиіс. Ұлттық бояумен көз тартатын спорттық киім түрі қандай болуы керектігін нақты бекіту болашақтың еншісіндегі шаруа» - деп мәнді де маңызды кәсіпқойлық көзқарастарын білдіреді [11].

Ол спорт қолдан әдейі түрде тоқтатылып, оның тамырына арнайы балта шабылған. Мәселен, шығыста орналасқан халықтар сумо, дзюдо, айкидо, таэквондо, киокушинкай сияқты спорт түрлерін біріктіруге мүлдем келіспес еді, ал біздің қазақ ағайындар мұндай келеңсіздіктерге кедергі келтірген де жоқ.

Қалай десек те, Елбасы айтқандай «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ» демекші, күрмеуі көп көне тарихтың небір сырлары Еуразияның ұлы даласында жасырулы жатыр. Осы мәселе төңірегінде, өзінің ғылыми мақаласында археолог-ғалым З.Самашев, басқа да белгілі зерттеушілердің пікірімен қатар, ресейлік тарихшы Б.И. Маршактың еңбегінен мынадай керемет үзінді келтіреді: «география распространения мотива борьбы очерчивает круг культур, унаследовавших традиции древних кочевников Евразии» [12].

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «...біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды» дегенін негізге ала отырып, күрес спортының алғашқы белгілерінің бастау көздерінің біздің ұлы даламыздың аумағынан шыққанын ауыз толтыра айтуымызға болады.

Қорытынды. Жалпы алғанда, халықтық спорт түрлерін пайдаланудың жаңа кезеңі басталды. Бұл - бірқатар әдістемелік және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу арқылы оның дамыту масштабын кеңейту қажет деген сөз. Ол үшін біз қазіргі кезде «қазақша күрестің» қалай дамып отырғанына үңіліп, түйсініміз керек. Есік алдынан бастап, алаңша, спорт алаңы, спорт зал мен стадиондарға дейінгі түрлі жағдай мен ортада халықтық ойынды дұрыс қолдану үшін әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді көптеп шығару аса қажет.

Сонымен қатар келесілерге көңіл бөлген жөн:

– елімізде көнеден сақталып келген ұлттық спорт түрлері мен ойындарының рөлі мен маңызын негіздеп, нақтылы тұжырымдамасын жасау;

– теориялық міндеттерді шешуде маңызды фактор болып табылатын спорттық-дене шынықтыру қозғалысын дамытудың прогрессивті тенденциялары негізінде, жасалған жұмыстар мен әрі қарайғы жетілдіру қажеттілігіне қарай, ұлттық спорт пен ойындарды ұлттық, этнопедагогикалық және этномәдени құбылыс ретінде қайта тұжырымдай отырып спорттық-дене шынықтыру жұмыстарының жаңа методологиясын жасау;

– дене шынықтыру және спорт бойынша елдегі уәкілетті органдар тарапынан, ұлттық спорт түрлерін маңыздылығына қарай олимпиадалық спортқа теңестіру, тарихи дәйектер негізінде «қазақ күресінің» ұмыт болған шынайы ережелерін, ұлттық нақыштағы киім үлгілерін қалыптастыру және онымен айналысудың бұқаралық сипатын дамыту үшін қолда бар үлкен, әрі жан-жақты әлеуеттерді пайдалану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 2 Н.Ә.Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. Астана, 2018.
- 3 Ж.Г.Байжумин, Қ.Қ.Закирьянов. Великая степь и олимпийские игры древней Греции. Происхождение спорта. Алматы: КазАСТ, 2018. – 244 с.
- 4 Zimmern: Das Babylonische Neujahrfest. Der Alte Orient, Leipzig, 1926. 3-я тетрадь, – С.17-18.
- 5 Л.Кун. Всеобщая история физической культуры. Москва: Радуга, 1982. – с. 65-66.
- 6 Б.М.Доскараев. Историко-педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане. Дисс.на соис. д.п.н. Алматы, 2009. – с.67-69.
- 7 Б.М.Доскараев. «Қазақ күресінің өткені, бүгіні мен болашағы» ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 2013 жыл 13 қараша. – 17 б.
- 8 Шамма Фреда. Исламское воспитание детей. Московский центр Карнеги, - М.: 2002. -190 с.
- 9 П.Ф.Матуцак. 100 уроков вольной борьбы. Алматы, 1990. – 65 с.
- 10 Б.М.Доскараев. «Қазақ күресінің өткені, бүгіні мен болашағы» ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 2013 жыл 13 қараша. – 19 б.
- 11 Е.Әлімханов. Қазақтың балуандық өнері: оқу құралы. Алматы, 2008. – 3-6 б.
- 12 Е.Мұхиддинов. «Қазақ күресінің өткені, бүгіні мен болашағы» ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 2013 жыл 13 қараша. – 15 б.
- 13 З.Самашев. «Қазақ күресінің өткені, бүгіні мен болашағы» ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 2013 жыл 13 қараша. – 24 б.

**ОРТА ЖӘНЕ ОРТАДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И
ВОСПИТАНИЯ**

УДК 377.12
МРНТИ 14.01.33

П.К. Искакова,¹ Г.Д. Ашикбаева²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

²аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТІ
БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Аңдатпа

Білім беруді басқару үдерісінің тиімділігі нақты даму процесінің логикасына, басқару субъектісі шешімдерінің жеделдігіне және шешілетін проблеманың барабарлығына, білім беру мекемелері басшыларының жағдайды бағалау қабілетіне, тәуекелдерді басқару және болжау дағдыларын меңгеруіне сәйкес келеді. Инновациялық үдерісті басқаруға сыртқы және ішкі ортаның түрлі факторлары әсер етеді және басқаруды өзара байланысты үдерістерді жиынтық басқару ретінде қарастыруға болады.

Мақалада білім беру мекемесіндегі инновациялық үдерісті басқару ерекшелігі қарастырылады. Инновациялық үдерісті басқаруды кешенді түрде жүзеге асырудың аспектілері қамтылған.

Инновацияны басқарудың маңызды құрамдас бөлігі инновациялық стратегия мен басқарудың инновациялық механизмі арқылы іске асырылатыны ескерілген. Сонымен қатар, инновацияны басқарудың әртүрлі міндеттерін орындау ережелері мен процедураларының жүйесі болып табылатын әр түрлі әдістері көрсетілген.

Түйін сөздер: білім беру мекемесі, инновациялық үдеріс, басқару, инновациялық стратегия, инновациялық механизм, әдістер.

P.K. Iskakova¹, G.D.Ashikbayeva²

¹ candidate pedagogical science, associate professor,

² senior lecturer, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Akhmet Yasawi, Kazakhstan. Turkestan

FEATURES OF MANAGEMENT OF INNOVATIVE PROCESS IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Abstract

On the problems of education management, the effectiveness of the management process is determined by the correspondence of the logic of the real process of development, efficiency of decisions of the subject of management and the adequacy of the problem to be solved, the ability to assess the situation by the heads of educational institutions, the possession of skills of forecasting and risk management on the management of innovation process is influenced by various factors of the external and internal environment and management can be considered as a total management of interrelated processes.

The article deals with the features of management of innovative process of educational institution. They cover aspects of integrated management of innovation processes. It is noted that the most important component of innovation management is implemented through innovation strategy and innovative management mechanism. In addition, various methods are presented, which are a system of rules and procedures for performing various tasks of innovation management.

Keywords: educational institution, innovation process, management, innovation strategy, innovation mechanism, methods.

Искакова П.К.,¹ Ашикбаева Г.Д.²

¹ кандидат педагогических наук, доцент,

² старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Казахстан, Туркестан

ОСОБЕННОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫМ ПРОЦЕССОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

Аннотация

По проблемам управления образованием, эффективность управленческого процесса определяется соответствием логике реального процесса развития, оперативностью решений субъекта управления и адекватностью решаемой проблеме, способностями оценить ситуацию руководителями образовательных учреждений, владению навыками прогнозирования и управления рисками на управление инновационным процессом влияют различные факторы внешней и внутренней среды и управление можно рассматривать как совокупное управление взаимосвязанными процессами.

3. статье рассматриваются особенности управления инновационным процессом образовательного учреждения. Охватывают аспекты комплексного осуществления управления инновационными процессами. Отмечается, что важнейшая составляющая управления инновациями реализуется посредством инновационной стратегии и инновационного механизма управления. Кроме того, представлены различные методы, являющиеся системой правил и процедур выполнения различных задач управления инновациями.

Ключевые слова: образовательное учреждение, инновационный процесс, Управление, инновационная стратегия, инновационный механизм, методы.

Кіріспе. Білім беру мекемесін басқаруға қазіргі таңда қалыптасқан көзқарастар тұрғысынан қарайтын болсақ, мұнда мектепті басқару объектісі ретінде қарастыру мен мектеп басшысының басқару әрекетіне қойылатын нақты талаптарының негізгі көзі ретінде қарастыру басым. Бүгін, мектеп, ең алдымен, мектеп басшысының ең маңызды болып табылатын білім беру үдерісімен ғана емес, сонымен бірге, осы әрекетті қамтамасыз ететін басқа да үдерістермен, мектеп ұжымымен, сыртқы ортамен өзара әрекетін қалыптастыратын күрделі де ашық жүйе ретінде қабылданады. Сондықтан басқарудың мәні кездойсоқтық пен белгісіздікті толық жоюда емес, оның мәні мен маңызы – оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларын: барлық әкімгерлер мен менеджерлерді, ұстаздар мен оқушыларды ортақ жағымды нәтижеге жету жолында бір мақсатқа жұмылдыру мен ұйымдастыру, олардың әрекеттерін бір ортаға үйлестіру, кіріктіру, шоғырландыру.

Материалдар мен әдістер. Мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар арасында жаңа педагогикалық идеяларды қалыптастыру бойынша іскерлік, рөлдік, эвристикалық ойындар өткізуге болады. Сонымен қатар, мектепті инновациялық режимде басқару бұл инновацияны басқарудың әртүрлі міндеттерін орындау ережелері мен процедураларының жүйесі болып табылатын әр түрлі әдістердің көмегімен жүзеге асырылады.

П.Н. Завлин, А.К. Казанцев, Л.Э. Миндели инновацияны басқаруда өзінің тиімділігін дәлелдеген әдістерді көрсетті:

5. пікірлерді анықтау әдістері (сұхбат, пікір, сауалнама, сараптама);
6. аналитикалық әдістер (жүйелік талдау, сценарий жазу, желілік жоспарлау, функционалдық талдау, экономикалық талдау);
7. бағалау әдістері (тәуекел, мүмкіндіктер, инновациялардың тиімділігі және т. б.);
8. идеяларды генерациялау әдістері (ми шабуылы, синектика әдісі, морфологиялық талдау, іскерлік ойындар және т. б.);
9. шешімдерді қабылдау әдістері (шешімдер кестесі, шешім ағаштарын құру, баламаларды салыстыру);
10. болжамдау әдістері (сараптамалық, ұқсастықтар, дельфи әдісі, имитациялық модельдер), көрнекі көрініс (графикалық модельдер, лауазымдық сипаттамалар және нұсқаулықтар);
11. дәлелдеу әдістері (презентациялар, келіссөздер жүргізу), [1].

Сондай-ақ, инновациялық қызметті басқарудың мынадай әдістерін пайдалануға болады: шығармашылық, зерттеу топтарын қалыптастыру; мотивация (ынталандыру, креативті алаң құру, ынталандырушы бақылау); педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби өсуі үшін жағдай жасау; ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды реттеу, мектептің даму мақсаттарына қол жеткізуде инновациялық үдеріс субъектілерінің күш-жігерін біріктіруші мектепшілік мәдениетті қалыптастыру.

Әдебиеттерге шолу. М.М. Поташник инновациялық үдерісті басқару – белгілі бір жүйе мен іс-әрекеттер жиынтығын қамтитын күрделі, көпфункционалды процесс деп көрсетеді. Оларға стратегиялық және тактикалық мақсаттар қою, тәуекелді ескере отырып сыртқы ортаны талдау, мекеменің инфрақұрылымы мен мүмкіндіктерін талдау, нақты қалыптасқан жағдайдың диагностикасы, мекеменің болашақ жағдайын болжау, шығармашылық идеялар мен оларды қаржыландыру көздерін іздеу, инновациялық қоржынды қалыптастыру, стратегиялық және жедел жоспарлау, ғылыми және әдістемелік әзірлемелерді басқару, ұйымдық құрылымдарды жетілдіру, инновациялардың тиімділігін талдау және бағалау және т. б. жатқызуға болады [2].

Т.И. Шамова мен П.И. Третьяков мектептің біртұтас даму контексінде инновациялық үдерісті басқару кешенді түрде жүзеге асырылуы және келесі аспектілерді қамтуы тиіс деп есептейді [3]:

- инновациялық-педагогикалық қызмет үшін алғышарттар жасауға бағытталған мотивациялық орта құру;
- мектепке енгізілген жаңалықтарға отбасының оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған ата-аналармен жұмыс жасау және ата-аналарды инновациялық үдеріске қатысуға тарту;
- мектепте бар ресурстарды барынша пайдалану мақсатында мектепшілік басқарудың барлық субъектілерін тарту (қамқоршылық, басқарушы кеңестер, мектептегі өзін-өзі басқару және т. б.);
- білім беру қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру және мектепке қосымша ресурстарды тарту үшін қоршаған ортамен байланысты жандандыру;

инновациялық қызметті ақпараттық қамтамасыз етуді, бақылауды, талдауды және реттеуді жүзеге асыру.

Инновацияны басқарудың маңызды құрамдас бөлігі инновациялық стратегия болып табылады. С.А. Репин инновациялық стратегияны – бұл маңызды бағыттарды анықтау, басымдықтарды таңдау, ұйымның даму перспективаларын және оларға қол жеткізу үшін қажетті іс-шаралар кешенін әзірлеу жөніндегі мақсатты қызмет деп санайды. Ал, В.С. Лазарев пен Б.П. Мартиросян мектептің даму стратегияларының келесі негізгі топтарын бөліп көрсетеді [4]:

– мектеп өмірінің жекелеген бөлімдерін жақсартуға, жаңартуға, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған жергілікті өзгерістердің стратегиясы (мысалы, жеке пәндер бойынша оқытудың жаңа әдістерін меңгеру және т.б.);

– бірнеше кешенді өзгерістер енгізуді көздейтін модульдік өзгерістер стратегиясы. Бұл стратегия мектептің көптеген бөлімдеріне бағытталған, демек, инновациялық үдеріске педагогикалық ұжымның едәуір бөлігін тартады, басқаруды күрделендіреді, кадрлық, материалдық, ақпараттық қамтамасыз етуді талап етеді;

– қызметтің барлық компоненттерін қайта жаңартуға бағытталған жүйелік өзгерістердің стратегиясы (мақсаты, мазмұны, ұйымдастырылуы, технологиясы және т. б.)

Аталған стратегияның барлығы терең өзгерістерді, қайта құрулардың біртұтас жүйесін жүзеге асыруға, бүкіл мектеп ауқымында инновациялық үдерісті реттеуге, бүкіл педагогикалық ұжымды жүйелі өзгерістерге тартуға мүмкіндік береді. Осылайша, инновацияның неғұрлым қуатты стратегиялық және жүйелік ресурсқа ие болғанын, білім беру мекемесін басқарудағы оның салдарын ескеру қиын екенін атап өтуге болады. Өйткені инновациялық үдеріс -бұл жоғары белгісіздікпен және тәуекелдермен, нақты және қатаң мақсатты қолдану мүмкін еместігімен сипатталатын ықтималдық процесс.

Инновациялық үдерісті тиімді басқару инновациялық механизм арқылы іске асырылатынын ескеру қажет. Н.Х. Розов инновациялық механизмді -бұл инновациялық қызметті табысты жүзеге асыруға және оның нәтижелерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық, басқарушылық, қаржы-экономикалық, құқықтық, ақпараттық, техникалық және моральдық-психологиялық факторлардың жиынтығы деп көрсетеді [5].

Демек, инновациялық механизмнің элементтеріне: инновациялық заңнаманы, инновациялық қатынастардың ұйымдық нысандарын, инновациялар нәтижелерінің тиімділігін басқару, қаржыландыру және бағалау әдістерін, инновациялық белсенділікке әсер етудің моральдық-психологиялық әдістерін, инновациялық үдерісті ақпараттық-технологиялық жабдықтау шараларын жатқызуға болады.

Нәтижелер және талқылау. Білім беру мекемелері басшыларының стратегиялық және тактикалық сипаттағы маңызды дербес шешім қабылдауларының маңыздылығы күннен күнге өсіп келе жатқан макро және микросоциум талаптары аясында күшейе түсуде. Мектеп басшысының басқару біліктілігінің кәсіби деңгейінің жоғарылауы білім берудегі инновациялық үдерістердің табыстылығының басты шарты болып табылады және ол білім менеджменті саласында да жүзеге асырылуы тиіс. Бүгінгі мектеп басшылары стратегиялық жобалау, мекемедегі болып жатқан процесстерді жүйелі модельдеу мен педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыру дағдыларын меңгеруге ынталы.

Тиімді басқару – толық деңгейде өзінің мақсатына, өзінің ұғымына сәйкес басқаруды айтуға болады. Сондықтан, басқарудың міндетін анықтаудың кез-келген нұсқаларында, ең алдымен, оны қоғамдық мұқтаждықты қанағаттандыруға, әлеуметтік маңызды құндылықтарға қызмет етуге және өз ұжымының ішкі мұқтаждығын, қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған әрекет ретінде қарастыру керек.

Білім беруді басқару үдерісінің тиімділігі нақты даму процесінің логикасына, басқару субъектісі шешімдерінің жеделдігіне және шешілетін проблеманың барабарлығына, білім беру мекемелері басшыларының жағдайды бағалау қабілетіне, тәуекелдерді басқару және болжау дағдыларын меңгеруіне сәйкес келеді. Сонымен қатар, инновациялық үдерісті басқаруға сыртқы және ішкі ортаның түрлі факторлары әсер етеді. Демек, басқаруды өзара байланысты үдерістерді жиынтық басқару ретінде қарастыруға болады.

Қорытынды. Білім беруді басқару тәжірибесінде инновациялық күштерді интеграциялаудың, инновациялық әлеуетті арттыру және мұғалімдерді инновациялық қызметке тартудың түрлі нысандары қолданылады. Оларға мектеп жұмыс істейтін өзекті мәселелер бойынша семинарлар,

тағылымдама, біліктілікті арттыру, сараптамалық-әдістемелік кеңестер, дөңгелек үстелдер, түрлі тақырыптағы пікірталастарды жатқызуға болады. Демек, білім беру мекемесіндегі инновациялық үдерісті басқару бұл мектептің жүзеге асыратын жұмыстарының мақсаты, мазмұны мен ұйымдастырылуы арқылы білім беру нәтижесін арттыруға бағытталған басқарушылар мен басқарылатын жүйелердің арнайы және белгілі бір түрде ұйымдастырылған өзара іс-қимылы деп қорытындылауға болады.

Айта кету керек, өмірдің барлық талаптарына сай келетін және барлық жағдаяттар мен талаптарға жауап бере алатын басқарудың әмбебап әдістері жоқ. Сондықтан, қазіргі жағдайда білім беру мекемелерін басқаруда тек жүйелі, кешенді тәсілдемені пайдалану ғана білім мекемесін табысты басқаруды және оқу мен тәрбие үдерісінің тиімділігі мен белгіленген мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

«Бағдарламалау» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді бірнеше шағын бөліктерге бөлінуі нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «бағдарламалау» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады.

Бағдарламалау – оқыту бағдарламасына негізделген. Бұл бағдарламада оқу материалының өзі, оны меңгерудегі оқушының іс – әрекеті, меңгерудегі бақылау формасы қатаң жүйеге келтірілген.[2].

Бағдарламалау арқылы оқу материалы бірнеше шағын бөліктерге бөлінеді, әр бөлік логикалық ойлау тұрғысында жасалынып, аяқталынады. Оқушылар бір бөлікті меңгергеннен кейін бірнеше вариантта құрастырылған бақылау сұрақтарына жауап береді. Жауап дұрыс берілсе, тапсырманың келесі бөліміне көшіріледі, жауап дұрыс берілмесе материал қайталанып беріледі.

Бағдарламалау оқытудың негізін салушы АҚШ ғалымы Скиннер бұл технологияның негізін екі талапқа сай құрған [3, 380б.]:

\\endash жай бақылаудан өзін-өзі бақылауға көшу;

2. педагогикалық жүйені оқушының өз бетімен білім алуына бейімдеу.

Бұл әдіс бір бағытты деп аталады. Келесі әдістің авторы да – американдық ғалым Краудер. Бұл әдіс көптармақты деп аталады. Бұл бағдарламада білім алушы қойылған мақсатқа өз жеке басы ерекшеліктеріне сай түрлі жолдармен жетеді. Білім алушы бақылау сұрақтарына берген жауаптарына сәйкес не келесі бөлімге, немесе сол бөлімнің тағы тармағына (вариантына) көшеді. Тармақтар бірнешеу болуы мүмкін. Белгілі бір тармақты немесе бұтақты өткеннен соң білім алушы бағдарламаның негізгі діңіне қайтып оралады. Дайындық деңгейіне, табиғи қабілетіне қарай тек қана діңмен жұмыс жасайтын білім алушыларда де болады, ал әлсіздері тармақтарға ауысып отырады. Бірақ барлық жағдайда да нәтиже біреу – білім алушылар берілген білім көлемін толық меңгеріп шығады [4, 221б., 5, 253б.].

Оқушылардың химияны бағдарламалап оқытуда қаншалықты дәрежеде қалыптасып, дамығанын айқындау мақсатындағы педагогикалық эксперимент Алматы қаласы Бостандық ауданына қарасты Ғабиден Мұстафин атындағы №191жалпыға білім беретін мектепте 9 сыныптарына жүргізілді. Эксперимент жүргізу барысында эксперименттік топ және бақылау топтары таңдалынып алынды. Барлығы 38 оқушы қатысты. Бейорганикалық химия пәні бойынша «Электролиттік диссоциациялану және электролиттердің қасиеттері» тарауы таңдап алынды.

Бағдарламалап оқытуды қалыптастырып, дамыту мақсатында «Электролиттер және бейэлектролиттер», «Электролиттік диссоциациялану механизмі», «Қышқылдардың, сілтілердің және тұздардың судағы ерітінділерде диссоциациялануы», «Электролиттік диссоциациялану дәрежесі» тақырыптары бойынша сабақ жоспарлары жасалынды.

Тараудың басында, ортасында және соңында оқушылардың бағдарламалап оқытуға қалыптастырып, дамытуға арналған тапсырмалар білім дәрежесіне қаншалықты әсер еткендігін айқындау мақсатында деңгейлік тапсырмалар және бақылау жұмыстары жүргізіліп отырды. Таңдап алынған тақырыптар бойынша жасалынған тапсырмалар төменгі кестеде көрсетілген (кесте 1), [6, 28б.].

Кесте-1. Оқушылардың бағдарламалап оқытудағы дамуына бағытталған деңгейлік тапсырмалар

I деңгей Қабылдаған білімін жүзеге асыру	II деңгей Нақты үлгі бойынша таныс жағдайда білімді қолдана білу	III деңгей Шығармашылық ізденіс. Білімді жаңа ситуацияда қолдану
<p>1.а) Электролит және бейэлектролит дегеніміз не? ә) Электролиттер мен бейэлектролитке үш мысалдан келтіріңіз. б) мына көрсетілген заттардың қайсысы электролиттерге жататынын бөліп жазыңдар: натрий гидроксидінің ерітіндісі, спирт, калий хлоридінің балқымасы, дистелденген су.</p> <p>2. Мына заттардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін жазыңдар: А) мыс (II) сульфаты; Ә) кальций хлориді; Б) натрий гидроксиді</p> <p>3. Мына заттардың: LiOH, CuSO_4, H_2SO_4, CuCl_2 электролиттік</p>	<p>1.а) Неге глицерин ерітіндісі электр тоғын өткізбейді, ал калий хлорид өткізеді? ә) Мына заттардың: а) дистелденген судың; ә) су құбырынан келіп тұрған судың; б) жанбыр суының қайсысы электр тоғын өткізеді? Тек біреуінің ғана электр тоғын өткізу себебі неде? б) Мына берілген заттардың: а) калий сульфаты; ә) кальций гидроксиді; б) натрий карбонаты; в) натрий бромиді құрамында қандай иондар бар?</p> <p>2. Төмендегі электролиттердің электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастырыңдар. Осы ерітінділердің барлығында бірдей зарядты қандай иондар бар екенін көрсетіңдер. А) калий сульфаты, мыс сульфаты, алюминий сульфаты;</p>	<p>1.а) Күкірт қышқылының сатылы диссоциациялану теңдеуін жазыңыз. ә) Электр өткізгіштігін тексеретін құралдың электродын барий гидроксидінің ерітіндісіне батырып, үстіне күкірт қышқылының ерітіндісін ептеп тамшылатып құцғанда электр шамының жануы қалай өзгереді? Түсіндіріңіз.</p> <p>2. Диссоциациялану кезінде металл катионы және гидроксид анионы түзілетін заттарға қайсысы жатады: 1) қышқалдыр; 2) тұздар; 3) негіздер;</p> <p>3. Мыналардың қайсысы күшті электролитке жатады: 1) көмір қышқылы</p>

диссоциациялану теңдеулерін жазыңдар.	<p>Б) темір хлориді, темір нитраты, темір сульфаты;</p> <p>3. Мына заттар ерітінділерінің қайсысы күшті электролитке жатады:</p> <p>А) көмір қышқылы Б) натрий гидроксиді В) аммиак Г) күкірт қышқылы</p>	<p>2) натрий гидроксиді 3) аммиак 4) күкірт қышқылы</p>
---------------------------------------	---	---

Кесте – 2. Оқушылардың білімдерін бағалау нәтижесі.

Денгей	Бақылау тобы: 19 оқушы				Эксперимент тобы: 19 оқушы			
	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін		Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	оқушы	%	оқушы	%	оқушы	%	Оқушы	%
Жоғарғы	4	20	6	30	6	25	8	40
Жеткілікті	5	30	6	40	6	40	8	40
Төмен	10	50	7	30	7	35	4	20

2 – кестеде көрсетілгендей, бақылау тобында экспериментке дейін 4 оқушы (20%) жоғарғы деңгейде, 5 оқушы (30%) жеткілікті деңгейде, ал 10 оқушы (50%) төмен деңгейде болды. Эксперименттен кейін бақылау тобында бұл көрсеткіштер былай өзгерді: 6 оқушы (30%) жоғарғы деңгейде, 6 оқушы (40%) жеткілікті деңгейде, 7 оқушы (30%) төмен деңгейде. Эксперименттен кейін бақылау тобында жоғарғы және жеткілікті деңгейлердегі оқушылар саны 20%-дан 30%-ға дейін өсті, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 50%-дан 30%-ға азайып, айырымы 20% болды.

Эксперименттік жұмыстың қорытындысы бойынша, қандай жағдайларға көңіл аудару қажеттігі де анықталады.

Кесте-3. Эксперимент және бақылау сыныптарындағы білім критерийлері

Критерийлері	Эксперименттік	Бақылау
1. Оқуға деген түрткі	Күшейеді	Біркелкі
2. Оқушы мүмкіндігін білуі	Біледі	Нашар ажыратады
3. Оқушы өз мүмкіндігіне қарай тапсырманы таңдай алуы	Таңдай алады	Таңдау мүмкіндігі төмен
4. Бағдарламалап оқыту нәтижесінде	Білім сапасы жоғарылайды	Білім сапасына нашар әсер етті
5. Білімді жетілдіруге деген қажеттілік пайда болуы	Білімді үнемі жетілдіруге деген қажеттілік пайда болды	Жетілдіруге деген қажеттілік пайда болмайды

Қорыта келгенде, зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектепте химия пәнін бағдарламалап оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқыту және химиялық автоматтандырылған циклдерін қалыптастырып, дамытуға арналған тапсырмалар жүйесін жасап, оны әр сабақта пайдаланып, оқушылардың білім дәрежесін көтеретіндігі сабақты қызықты да түсінікті өткізуге, білімді саналы түрде қабылдауға, өмірмен байланыстыра алуға, яғни жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге болатынын көрсетті. Химия пәнінде бағдарламалап дамытуға арналған оқыту әдістері мен тәсілдерін пайдалану теория мен практиканың алшақтығын жоюға бағытталған, оқушылардың білім дәрежесін арттыруға арналған болашағы бар әдістеме болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- \endash ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
- \endash Сарманов К.М.«Бағдарламалап оқыту технологиясы»
- \endash М.М. Муканов Основные идеи и понятия программированного обучения /Под ред. Ред. В.А. Поцелуйко – Алматы. 2008. – С.380-382.
- \endash Гебос А.И. Зависимость эффективности программированного обучения от способов активизации познавательной деятельности учащихся. Автореферат канд. дис. М., 2009. – С. 220-222.
- \endash Селевко Г.К.Современные образовательные технологии: Учеб. пособие для пед. вузов и институтов повышения квалю/ Селевко Г.К. – М.: Народное образование 1998. – С.250-256.
- \endash Нұрахметов Н.Н., Сарманов, К.М. Жексембина, Н. Заграничная, Ә. Темірболатов, «Мектеп» баспасы. – Алматы– 2012. 40б.

МРНТИ 14.07.01

Н.О. Мырзахметова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, х.ғ.к., қауым. профессор м.а.,

Г.У. Байташева²

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, а.ш.ғ.ғ.к., профессор м.а.,

К.О. Кишибаев³

^к Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, х.ғ.к., аға оқытушы,
Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ХИМИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ РОЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада химиялық эксперимент арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың жолдары қарастырылады. Химиялық эксперименттің білім берудегі негізгі атқаратын функциялары: білім берушілік, тәрбиелік, эвристикалық, түзету, қорытындылау, зерттеу көрсетілген. Танымдық белсенділікті қалыптастырудағы химиялық экспериментке жататын көрнекілік тәжірибелер, зертханалық тәжірибелер, сарамандық жұмыстар, эксперименттік есептердің өзектілігі айтылады. Көрнекілік эксперименттің педагогикалық тиімділігі, білім алушылардың білімі, білігі пен дағдысына әсері сипатталып, оның химиялық эксперименттің басқа түрлерінен айырмашылықтары, маңыздылықтары келтіріледі. Көрнекілік тәжірибе жеке күйінде білім алушыға қажетгі білім, білік, дағдыны толығымен бере алмайтындықтан оның зертханалық, сарамандық, эксперименттік тапсырмалармен байланысының маңыздылығы белгіленген. Зертханалық тәжірибелердің сарамандық сабақтардан ерекшелігі көрсетіледі. Зертханалық тәжірибенің міндеті айқындалады. Сарамандық жұмысқа сипаттама беріліп, оның маңыздылығы көрсетіледі. Эксперименттік тапсырмалардың оқушылардың білімдер жүйесін қалыптастырудағы ролі көрсетілген.

Түйін сөздер: химиялық эксперимент, көрнекілік тәжірибелер, зертханалық тәжірибелер, сарамандық жұмыс, эксперименттік есептер

Мырзахметова Н.О.¹

¹Казакский государственный женский педагогический университет, к.х.н., и.о. ассоц. профессора,

Байташева Г.У.²

\endash

Казакский государственный женский педагогический университет, к.х.н., и.о.

профессора, Кишибаев Қ.О.³

\endash

Казакский государственный женский педагогический университет, к.х.н., старший преподаватель, г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ХИМИЧЕСКОГО ЭКСПЕРИМЕНТА В РАЗВИТИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

\endash данной статье излагается пути повышения познавательной активности путем химического эксперимента. Показаны основные функции химического эксперимента в процессе обучения: образовательная, воспитательная, эвристическая, коррекционная, обобщающая, исследовательская. Рассматривается актуальность демонстрационных, лабораторных экспериментов и экспериментальных задач в формировании когнитивной активности. Характеризуется педагогическая эффективность

\endash влияние демонстрационного эксперимента на знания, умения и навыков обучающихся. Описывается тесная связь демонстрационного опыта с лабораторными работами, практическими занятиями и экспериментальными задачами, так как отдельно демонстрационные опыты полностью не формируют у учащихся необходимых исследовательских навыков. Показаны особенности лабораторных работ от практических занятий. Определена задача лабораторной практики. Дается характеристика практическим занятиям и их значимости. Показана роль экспериментальных заданий в формировании системы знаний учащихся.

Ключевые слова: химический эксперимент, демонстрационные опыты, лабораторные опыты, практическая работа, экспериментальные задачи.

N.Myrzakhmetova¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University, Candidate's degree in Chemistry,

G.Baitesheva²

²Kazakh State Women's Teacher Training University, Candidate's degree in Chemistry,

K.Kishibayev³

³Kazakh State Women's Teacher Training University, Candidate's degree in Chemistry, Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF CHEMICAL EXPERIMENT IN THE DEVELOPMENT OF COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS

Abstract

In this article describes ways to increase cognitive activity through a chemical experiment. Discusses the relevance of demonstration, laboratory experiments tasks in the formulation of cognitive activity. Characterized the pedagogical effectiveness of the demonstration experiments on knowledge, ability and skills of students.

The features of laboratory work from practical exercises are shown. Defined the task of laboratory practice. The characteristic practical exercises and their significance. The role of experimental tasks in the formation of students' knowledge system is shown.

This article outlines ways to improve cognitive activity through a chemical experiment. The main functions of the chemical experiment in the learning process are shown: educational, educational, heuristic, correctional, generalizing, research. The relevance of demonstration, laboratory experiments and experimental tasks in the formation of cognitive activity is considered. Characterized by pedagogical effectiveness and the impact of the demonstration experiment on the knowledge and skills of students. The close connection of the demonstration experience with laboratory work, practical exercises and experimental tasks is described, since separately the demonstration experiments do not completely form the necessary research skills of the students. The features of laboratory work from practical exercises are shown. Defined the task of laboratory practice. The characteristic practical exercises and their significance. The role of experimental tasks in the formation of students' knowledge system is shown.

Keywords: chemical experiments, demonstration practices, laboratory experiments, practical work, experimental assignments.

Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқа да өзгерістер білім беру жүйесіне әсерін тигізіп отырғаны мәлім. Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық, танымдық қызығушылығын арттыру- оқу үрдісінің басты мақсаттарының бірі болып отыр. Бұл мақсатқа жету химия сабақтарында химиялық эксперименттердің барлық түрлерін қолданумен тығыз байланысты.

Химиялық эксперименттің әдістемесі мен техникасын жетілдіру, оқыту құрал-жабдықтарын жаңартумен тығыз байланысты. Мектептегі және жоғарғы оқу орындарында оқытылатын химия курстарының әртүрлі бөлімдеріне арналған оқу құрал-жабдықтарын жасауға, химиялық экспериментті толығымен зерттеп, зерделеуге В.П. Артемьев, В.Н. Верховский, А.А. Жулин, Э.Г. Злотников, Р.Н. Князева, Т.С. Назарова, П.А. Оржековский, И.Ф. Раздымарин, В.В. Сорокин, Г.В. Пичугина, А.А. Цветков, С.Г. Шаповаленко сияқты ғалымдардың ғылыми жұмыстары арналған.

Таным – белгілі бір нәрсені (затты), құбылысты, процесті, фактіні сезіну және қабылдаудан басталады, одан кейін қорытындылау мен абстракциялауға ауысады.

Химиялық таным – химиялық құбылыстар мен процестерді қабылдау негізінде қалыптасатын, олардың маңызды белгілері туралы жинақталған білім.

Химияны оқыту кезінде білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруда химиялық эксперимент маңызды рөл атқарады.

Химияның эксперименттік сипаттамасы әр ғылыми ұғымның алдына қойылған міндетінен, практикалық негізі болу керектігінен шығады. Тану затты, құбылысты, үрдісті, фактілерді сезіну, қабылдаудан басталып, жалпылау мен абстракциялауға көшеді.

Химиялық ұғым – химиялық құбылыстар мен үрдістердің белгілері туралы білімді ортақтастыру. Оларды сараптау барлығына тән белгіні анықтау негізінде химиялық заңдылықтарды орнатады. Химиялық эксперименттің әр түрін пайдалана отырып, оқытушы теориялық білімді нақтылайды. Химиялық эксперимент оқушыларға олардың меңгерген химиялық ұғымын нақты мазмұнмен толтыруға, әртүрлі деректерден жалпы заңдылықты көруге көмектеседі. Химиялық эксперимент өз бетімен жұмыс істеуге, химияға деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді, себебі оны орындау үрдісінде оқушы бұл жұмыстың практикалық мәнін ғана емес, сонымен қатар бұл білімді қолдануға мүмкіндік алады [1, б.7].

Оқушының орындайтын химиялық эксперименттері оқу үрдісінің барлық бөліктеріне кіре алады. Химиялық эксперименттің негізгі атқаратын функциялары мынадай:

– Білім берушілік функциясы нәтижесінде білім алушылар заттар, олардың қасиеттері, химиялық реакцияның жүру жағдайлары туралы білім алады. Оқушыларда сарамандық білік, дағдылары қалыптасады.

– Тәрбиелік функция әлем туралы объективті ғылыми білім қалыптастыруда, химия ғылымына деген қызығушылықты жоғарылатуда, өз бетінше жұмыс жасай білу дағдыларының дамуында көрініс табады.

– Эвристикалық функция жаңа фактілерді, үлгілерді және тұжырымдарды анықтаумен анықталды.

– Түзету функциясы теориялық материалды меңгерудегі қиындықтарды еңсеруге, сондай-ақ оқушылардың қателіктерін түзеуге мүмкіндік береді.

5. Қорытындылау функциясы эмпирикалық қорытуды ұйымдастырудың алғышарттарын жасайды, яғни эксперименттер көмегімен жалпыланған қорытынды жасалуы мүмкін.

6. Зерттеу функциясы проблемалық оқытуда көрініс тапқан және оқушыларды заттарды талдау және синтездеу дағдыларын дамыту, аспаптарды құрастыру және зерттеу жұмыстарының мектептік әдістерін игеруімен байланысты.

Оқу үрдісіне оқушы экспериментін қосу кезіндегі әдістерді таңдауда негізгі және қосымша мақсаттарды анықтап алу маңызды. Жаңа материалды оқыту кезінде негізгі мақсат дерек пен теориялық білімді ортақтастыру болса, ал қосымша мақсаттар бұл логикалық ойлауды, білік пен дағдыны дамыту болады.

Химия пәнін оқытуда оқушылардың эксперименттерді өздерінің орындауының маңызы зор. Оқушының орындайтын эксперименттері: көрнекілік тәжірибелер, сарамандық жұмыстар, зертханалық тәжірибелер және олар сабақ барысында орындайтын эксперименттік есептер болып бөлінеді.

Көрнекілік тәжірибелер оқушылардың заттар, химиялық құбылыстар, химиялық ұғымдар туралы ойын қалыптастыру үшін жаңа материалды түсіндіру кезінде көрсетіледі. Көрнекілік тәжірибе көрсету маңызды нәтижелерді түсінікті етуге немесе химия тарапынан талқылауға, зертханалық тәжірибелерді орындауға үйретеді. Оқушылардың назары тәжірибені орындауға және оның нәтижесін талқылауға аударылады. Оқытушы тәжірибені көрнекі көрсете отырып, оны түсіндіріп жатса, оқушылар тәжірибені және түсіндіріліп жатқан материалды тек үнсіз ғана бақылап отырмайды. Олар назарларын тәжірибеге аударып, құбылысты барлық қырынан бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оқытушының іс-әрекеті сиқырлы манипуляция емес тәжірибені бұнсыз орындауға болмайтын қажеттілік. Тәжірибені көрнекі көрсету кезінде құбылысты бақылау зертханалық тәжірибені орындауға қарағанда ұйымдасқан түрде болады. Бірақ көрнекілік тәжірибелер қажетті біліктілік пен дағды қалыптастырмайды, сондықтан ол зертханалық тәжірибемен, сарамандық жұмыстармен және эксперименттік есептермен толықтырылуы қажет [2].

Көрнекілік тәжірибелер келесі жағдайларда жүргізіледі: оқушыларды қажетті құрал-саймандардың қажетті мөлшерлерімен қамтамасыз ете алмағанда; тәжірибенің қиын, оқушылардың өзі орындай алмайтын жағдайында; бұл тәжірибені орындау үшін қажетті техниканы оқушылар меңгермегенде; аз мөлшерлердегі заттармен немесе тәжірибе нәтиже бермегенде; тәжірибе қауіпті болғанда (сілтілік металдармен, жоғарғы кернеулі электр тоғын қолданатын жағдайда); сабақта жұмыс жылдамдығын арттыру қажет кезінде. Әр көрнекілік тәжірибенің оқытылатын құбылыстың сипаты мен оқу-тәрбиелік міндетіне байланысты өзінің ерекшелігі болады.

Көрнекілік эксперименттің педагогикалық тиімділігі, білімге, білік пен дағдыға әсері оның техникасына байланысты. Көрнекілік эксперименттің техникасы дегеніміз - осы экспериментті орындауға қажетті құрал-жабдықтардың, аспаптардың жиынтығы, көрнекі тәжірибе көрсету кезінде оның сәтті және айқын өтуін қамтамасыз ететін құрылғылармен және аспаптармен оқытушының жұмыс істей білуі. Оқытушы алдын-ала кабинеттегі құралдарды және олардың әрқайсысының жұмыс істеуін тексеріп, көрнекі тәжірибе көрсету техникасын жете меңгеруі қажет. Көрнекілеу әдістемесі дегеніміз - көрнекілеуді тиімді және оны жақсы қабылдау үшін қажетті жағдайлардың жиынтығы. Көрнекілеу техникасы мен әдістемесі бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан оларды бірге көрнекілік эксперименттің технологиясы деп атауға болады. Көрнекілік тәжірибені орындауда әр тәжірибені жүргізу техникасы, реактивтердің сапасын, аспаптар мен құбылыстарды оқушылардың барлығы көре алатындай мүмкіндіктер жасап, оларды қауіпсіздік тұрғысынан тексеріп алу маңызды. Кейде көрнекі көрсететін үстелдің үстіне екі құрал-жабдықтарды қойған дұрыс: біріншісі жинақталған, тәжірибе жасауға дайын, ал екіншісі құрастырылмаған, оны пайдаланып, құрал-жабдықтың құрылысын толық түсіндіруге болады [3].

Зертханалық тәжірибелер – оқушының өз бетімен орындайтын жұмысының түрі. Ол сабақтың кез-келген кезеңінде материалды тиімді меңгеру және белгілі, саналы, берік білім алуы үшін орындалады. Зертханалық тәжірибені оқушылар эксперименттік дағдысы мен білігін жетілдіре отырып, өз беттерімен орындайды және тәжірибені орындау ол сабақтың барлық уақытын емес, тек бір бөлігін алады. Зертханалық тәжірибені кез-келген заттардың физикалық және химиялық қасиеттерімен танысу кезінде немесе арнайы теориялық ұғым мен ережені, сирек жаңа білімді игеру үшін жасайды. Өйткені, жаңа білім алу мазмұнында әрқашан таным міндеті болады. Зертханалық тәжірибенің сарамандық жұмыстан ерекшелігі оқушылардың барлық зейінін, назарын түгел аудармайды, өз бетімен істеген жұмыстың бөлігінен кейін оқушылар мұғалімнің түсіндіруін қабылдауға дайын болады. Зертханалық

тәжірибелер мұғалімнің оқу материалын мазмұндауымен және көрнекі көрсетуімен қатар жүріп отырады. Сөйтіп, оқушының заттардың қасиеттері мен химиялық үрдістер туралы білімін қалыптастырады, бақыланған құбылысты қабылдауға үйретеді. Көрнекілік тәжірибе көрсетудің эксперименттен айырмашылығы эксперименттік білік пен дағдыны қалыптастырады. Зертханалық тәжірибенің міндеті – оқытылып жатқан белгілі құбылыспен оқушыларды тезірек, толығырақ таныстыру. Сондықтан пайдаланылатын техника 2-3 операциядан тұрады, бұл сарамандық білік пен дағдының қалыптастырылу мүмкіндігін шектейді. Зертханалық тәжірибе көрнекілік тәжірибеге қарағанда тиянақтырақ дайындалады. Зертханалық жұмысты әр оқушы өзі жеке орындауы қажет. Тым болмаса құралдардың бір жинағын екі оқушыдан артық пайдаланбауына қол жеткізуге тырысу керек. Бұл оқушылардың ұйымдасуы мен белсенділігіне, сонымен қатар, зертханалық жұмыстың мақсатына жетуіне оң әсер етеді. Тәжірибелер орындалған соң сарапталып, жасалған жұмыс жайлы қысқаша жазба жазу қажет [4].

Сарамандық жұмыс – оқушылар химия курсының белгілі тақырыбын немесе бөлімін оқып бітіргеннен кейін белгілі бір тақырыпта химиялық тәжірибені өз беттерімен орындауы. Өйткені, сарамандық жұмысты орындау өткен тарауларда алынған білімді пысықтауға және осы білімді пайдалана білуге, оқушылардың эксперименттік біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, жетілдіруге әсер етеді. Сарамандық жұмыс зертханалық тәжірибеге қарағанда оқушылардан өз бетімен көбірек жұмыс етуді талап етеді. Бұл балалардың жұмыстың мазмұны мен жұмыс істеу тәртібімен үйде танысып дайындалуымен, осы жұмысқа қатысты теориялық білімді қайталауына байланысты. Сарамандық жұмысты оқушы өз бетімен орындайды, бұл оқушылардың тәртіптерінің жақсаруына, жинақылық пен жауапкершілікке баулиды. Құрал-жабдықтардың жетпеген немесе басқа жағдайлар орын алған кезде ғана тек екі оқушының бір жұмысты орындауына рұқсат етілуі керек. Сарамандық жұмыс кезінде оқытушы тәжірибенің дұрыс орындалып жатқаны мен қауіпсіздік техникасының сақталуын, жұмыс орнының тазалығын қадағалауы керек және кеңес берумен ғана шектелуі керек. Сарамандық жұмыс кезінде оқушылар тәжірибе нәтижесін жазып отырады, ал сабақ соңында сәйкес қорытынды шығарады.

Эксперименттік есептер – экспериментті жүргізу мен шешу жолдарын оқушылардың өзі таңдайтын өз бетінше істейтін жұмыстың бір түрі. Бұл олардан теориялық білімді белсенді түрде қолдануды ғана емес, сонымен қатар, сәйкес тәжірибелерді орындай алуын талап етеді. Эксперименттік есептердің негізгі мақсаттары – білімді практикада қолданумен байланысты жүйелі жаттығулар, сонымен қатар, әртүрлі зерттеулерде қажет болатын эксперименттік білік пен дағдыны қалыптастырады. Зертханалық тәжірибе мен сарамандық сабақтардан эксперименттік есептердің айырмашылығы эксперименттік есептерді жаңа материалды оқыту және пысықтау кезінде де, білімді тексеру кезінде де, үй жағдайында да, химияның әр сабағында шешуге болады. Эксперименттік есептерді жеке, топпен немесе барлық оқушы бірге де орындауға болады. Эксперименттік есептерді шешу үрдісінде оқушылар алған біліктері мен дағдыларын жетілдіріп қана қоймайды, сонымен қатар, білімдерін қолдауды да үйренеді. Бұл алға қойған міндеттің теориялық шешімін тауып қана қоймай, алынған нәтижені тәжірибе жүзінде де тексеруге ықпал етеді. Басқа сандық есептермен салыстырғанда эксперименттік есептердің танымдық мәні зор. Себебі мұндай есептерді шығару үшін теориялық негіздеу аз, тәжірибе жасап, оның мәнін түсіндіру қажет. Эксперименттік есептерді шығару мұғалімге аз уақыт ішінде материалды оқушылар қалай меңгергенін және алған білімдерін тәжірибеде қалай қолданатындарын анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижені талқылау кезінде қателерді табуға, оның себебін анықтауға, оны жөндеуге, оқушыларға көмек көрсетуге және эксперименттік білік пен дағдыны жетілдіру жолдарын іздестіруге мүмкіндік беріледі.

Мектептегі ғылыми зерттеу жұмысы бірнеше сатыдан тұрады. Тәжірибе жұмыстарын дағдыларын және зерттеудің принциптерін меңгеруде химия саласындағы жобаларды жасаудың ары қарай дамуына септігін тигізеді. Оқушыларды синтездеу, анализдеу осыған ұқсас шығармашылықтың принциптерінің әдіснамасымен танысады (жағдаяттарды құрастыру, теориялық негіздемесі жеткен жетістіктердің нәтижелерін қорытындылау), мұғалім оқушыларды өз бетімен жасайтын зерттеу жұмыстардың бірнеше толық түрлерін ұйымдастыруда өзіндік шығармашылық потенциалы, өзін-өзі оңаша білуі мен өз бетімен жұмыс істеуге оқушыны дайындайды. Зерттеу дағдысын дамыту моделіне оқушылардың өзіндік шығармашылығын жалпы белсендіру аспектілері бірқалыпты сатылардан оқушының теориялық негіздің принциптерімен және химия пәніндей шығармашылық ізденушілік әдістерін химиялық тәжірибелерді жасаудағы дамытушылық дағдылар, тәрбиелік шығармашылықты жобалау үшін виртуальды лабораторияларды қолдану [5].

Оқушының шығармашылық ізденушілігін бастамас бұрын, ғылыми зерттеудің негізін және оның құрылымының маңыздылығына түсінік беру керек. Сонымен қатар, оқушылардың ізденуін ғалымдардың ғылыми зерттеулерімен ұқсастырады. Оқушылар негізінен жаңа ғылыми ойлар таппайды, бірақ танысып, өздері үшін тырысады. Оқушылардың ғылыми ізденіс негізімен таныстыру келесі жоспар бойынша мақсатты түрде ұйымдастырылуы керек:

I. Кіріспе (ізденушілік жұмыстың түрлері, ғылыми-практикалық конференция, оқушылардың конкурстары).

II. Ғылыми шығармашылықтың әдіснамасы (ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі түсінігі, ғылыми зерттеуді жүргізудің жалпы сызбасы, мәліметтер іздеу).

III. Ғылыми ізденушілік жұмыстың сатылары (тақырыпты таңдау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын құрастыру, әдебиетпен жұмыс, ақпараттарға түсінік беру).

IV. Зерттеу жұмысын әрлеу (зерттеу жұмысының мазмұнының құрылысы, ғылыми зерттеу жұмысын рәсімдеудегі негізгі ережелер).

V. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін көрсету (баяндаудағы психологиялық аспектілердің дайындығы, баяндамадағы талаптар, баяндаудағы мәдениеттілік пен пікірталастар).

Химиялық тәжірибе-химияға қызығушылықты арттырып, өзін-өзі қалыптастырады, яғни тәжірибені орындау процесі кезінде оқушылар жұмыстың практикалық біліктілігіне қол жеткізіп қана қоймай, өз білімін шығармашылық түрде игеру мүмкіншілігіне ие болады. Тәжірибе – бұл химияны зерттеуде әрбір оқушы ғылыми әдістермен танысуына қажет әдіс. Химиялық тәжірибе оқу-таныстыру шығармашылығында тиімді әдістің бірі болып табылады. Химиядағы кез келген тәжірибе келесі талаптарға сай болуы керек: көрнекілігі, орындалудың қарапайымдылығы, қауіпсізділігі, қажеттілігі мен түсініктілігі.

Химия сабағында тірек жазбаларды, нұсқаларды пайдалану оқушылардың деректер мен құбылыстарды бақылау, олардың мәнін түсіндіру білігін, эксперименттік және өзінің жұмысын жоспарлай алу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, химиялық эксперимент оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, экспериментті орындау барысында олар жұмыстың сарамандық маңызын ғана емес, сондай-ақ өздерінің білімдерін қолдану арқылы химияға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Химиялық эксперимент оқушылардың таным, ойлау қабілетін дамытады және олардың саналылығын, белсенділігін арттырады.

Келесі шарттарды дұрыс сақтаған кезде білік пен дағды тиімді түрде қалыптасады:

– Тәжірибенің жүргізу барысын көрнекі көрсете отырып, ауызша баяндау үйлескенде;

– Тәжірибені орындау кезінде жүретін құбылыстың мәнін түсіндіргенде;

– Эксперименттің қажеттілігін нақтылағанда және мүмкін болатын қателердің алдын алғанда;

– Мұғалім тарапынан бақылау болғанда және оқушыларға дифференциалды көмек көрсетілгенде.

Химиялық эксперимент оқушылардың таным, ойлау қабілетін дамытады және олардың саналылығын, белсенділігін арттырады [6,7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

– Бунькова Е. А., Евтюхина И. С. *Химический эксперимент как средство обучения химии. Студенческий форум.* – Москва. №12(12), 2017г. С. 7-10.

– Гатаулин А.. *Анорганикалық қосылыстардың негізгі кластарын оқыту.* – Алматы. Мектеп, 2005.

– Жадрин М. *Оқушыларды химиядан алған білімін пайдалануға дағдыландыру.* Алматы, «Рауан», 2003.

– Ходаков Ю.В. *Орта мектепте анорганикалық химиядан сабақ беру.* – Алматы. «Мектеп», 2006.

– Назарова Т.С., *Химический эксперимент в школе: Кн. для учителя / Т.С. Назарова.* – М.: Просвещение, 2000.- 239с.

– Мырзабаев А. *Химияны оқыту әдістемесінің практикумы.* – Алматы, «Рауан», 2006.

– Заграничная Н.А., Коротаева А.И. *Из опыта использования научного метода познания //Химия в школе.-2017.-№9.-С.9-16.*

8. Бунькова Е.А., Евтюхина И.С. *Химический эксперимент как средство обучения химии // Студенческий форум: электрон. научн. журн. 2017. № 12(12).*

УДК 373.1.02:372.8
МРНТИ 14.25.09

С.Д. Арыстанова.¹, Г.А. Абдукадирова², Т.М. Аралбаев³, Т.Н. Қауасбек³

\endash

PhD-доктор, оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент қ., Қазақстан,

\endash

магистр, аға оқытушы, Сырдария университеті, Жетісай қ., Қазақстан,

\endash

магистранттар, Сырдария университеті, Жетісай қ.,

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӨСІМДІКТАНУ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Бүгінде әлем тез өзгеріп, қарапайым ақпарат жинақтау тиімділігі аз болып келеді. Бұл ақпаратпен жұмыс істей білу өте маңызды: іздеу, таңдау, жүйелеу, қолдану, атап айтқанда, қандай жаңа білім қажет және оларды қайдан алуға болатынын түсіну, яғни өз әлем сезімінің бейнесін қалыптастыру. Білім беруде бұған қол жеткізу оқу қызметінің мақсатын және мұғалім мен оқушының өзара іс-қимылының сипатын түбегейлі өзгертіп, оны жаңасын іздеуге бағыттайды. Оқушылардың шығармашылық дамуына, ойдың белсенді жұмыс істеуіне итермелейтін проблемалық мәселелерді ұсына отырып, ерекше көңіл бөлу қажет. Орта мектептегі оқу процесін жетілдіруге оған шығармашылық бағыт беру, оқушының жеке тұлғасын шығармашылық дамытудың педагогикалық технологияларын жасау және олардың тиімділігін эксперименталды тексеру арқылы қол жеткізуге болады. Оқыту жүйесі мен процесі жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту үшін оңтайлы жағдай жасауы, оқушының ойлау белсенділігі, баламалығы және икемділігі сияқты қасиеттерді қалыптастыруы тиіс. Ақыл-ой қызметінің аталған сипаттамалары тұлғаның қазіргі әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін маңызы бар, өйткені оларға адамның кәсіби және өзге салалардағы табыстары немесе сәтсіздігі байланысты.

Мақалада өсімдіктану сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану ерекшеліктері берілген. Сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау технологиясының ерекшеліктері мен стратегиясының түрлері қарастырылған.

Түйін сөздер: өсімдіктану, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, оқушылар, өркен, бүршік, сабақ, стратегия.

Арыстанова С.Д.¹, Абдукадирова Г.А.², Аралбаев Т.М.³, Қауасбек Т.Н.³

В

PhD-доктор, преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан,

\endash

магистр, старший преподаватель, Университет Сырдария, г. Жетысай, Казахстан,

В

магистранты, Университет Сырдария, г. Жетысай, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ БОТАНИКИ

Аннотация

Сегодня мир быстро изменился и становится менее выгодным для сбора простой информации. Очень важно уметь работать с этой информацией: поиск, выбор, систематизация, применение, а именно понимать, какие новые знания нужны и где их можно получить, то есть формировать образ своего чувства мира. Достижение этого в образовании кардинально изменяет цели учебной деятельности и характер взаимодействия учителя и ученика и направляет ее на поиск новых. Особое внимание необходимо уделить, предлагая проблемные вопросы, способствующие творческому развитию учащихся, активному функционированию мысли. Совершенствование учебного процесса в средней школе может быть достигнуто посредством творческого направления, разработки педагогических технологий творческого развития личности учащегося и экспериментальной проверки их эффективности. Система и процесс обучения должны создавать оптимальные условия для самореализации личности, формировать такие качества, как мыслительная активность, эквивалентность и гибкость ученика. Данные характеристики умственной деятельности имеют значение для адаптации личности к современной социальной среде, так как от них зависят успехи или неудачи человека в профессиональной и иных областях.

и статье представлены особенности применения технологии критического мышления на уроках ботаники. Кроме того, рассмотрены особенности технологии критического мышления и типы стратегий.

Ключевые слова: ботаника, технология критического мышления, учащиеся, росток, шишки, урок, стратегия.

Arystanova S.D.¹, Abdukadirova G.A.², Aralbayev T.M.³, Kauasbek T.N.³

¹ *PhD-doctor, lecturer, M.Auezov South Kazakhstan State university,
Shymkent, Kazakhstan,*

² *master, senior lecturer, Syrdaria University,
Zhetysai, Kazakhstan,*

³ *master students, Syrdaria University, Zhetysai, Kazakhstan*

APPLICATION OF TECHNOLOGY OF DEVELOPMENT OF CREATIVE THINKING IN THE LESSONS OF BOTANY

Abstract

The world is changing so fast today that the mere accumulation of information becomes ineffective. It is much more important to be able to work with this information: to search, choose, systematize, apply, discard particular, to understand what new knowledge is needed and where to get it, i.e. to form your own image of the worldview. Achieving this in education radically changes the purpose of educational activities and the nature of the interaction of the teacher and the student, directing him to search for a new one. It is necessary to pay special attention to the creative development of students, offering them problematic issues that make active thought. Improvement of the educational process in secondary school can be achieved by giving it a creative focus, the creation of pedagogical technologies for creative development of the student's personality and experimental verification of their effectiveness. The system and the learning process should create optimal conditions for self-development of the individual, the formation of the student qualities such as activity, alternative and flexible thinking. These characteristics of mental activity are important for the adaptation of the individual to the modern social environment, because it depends on them the success or failure of a person in the professional and other fields.

The article presents the features of the use of critical thinking technology in botany lessons. In addition, the features of critical thinking technology and types of strategies are considered.

Keywords: botany, critical thinking technology, students, sprout, cones, lesson, strategy.

Бүгінгі мектеп алдындағы басты міндет – орта сынып сабақтарында сын тұрғысынан ойлау жобасын басшылыққа ала отыра, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға жағдай жасау. Оқу-тәрбие жұмыстары мазмұнының біршама өзгергенін есептегеннің өзінде, жаңа технологиялар арқылы оқушыны дамыту әдістемесін арнайы зерттеу мақсаты алға қойылмаған. Сондықтан мектеп оқыту жүйесінде мынадай қайшылықтар бар екендігі анық байқалады:

– Қазақстан Республикасының қабылданған «Білім беру тұжырымдама-сына» сәйкес орта сыныптарда меңгерілетін білім, білік, дағдылардың деңгейіне қойылатын мемлекеттік стандарт талабы мен бұрынғы оқу бағдарламаларының арасында;

– орта сынып сабақтарында оқушылардың тілін дамыту жұмыстарын тиімді әдістемемен қамтамасыз ету қажеттігі мен оның іс жүзілік тұрғыда жасалмауы арасында;

– оқушыларды дамытуда сын тұрғысынан ойлау жобасын қолданудың тиімділігі және ғылыми-педагогикалық тұрғыда негізделген төл тіліміздегі әдістемелердің жоқтығы арасында қайшылықтар туындап отыр [1].

Сол себептен, қайшылықтардың шешімін табуда біздің ғылыми – зерттеу жұмысымыздың мәселесі орта сынып сабақтарында оқушылардың сыни ойлауын дамытудың ғылыми – әдістемелік және теориялық жолдарын қарастыру болып табылады. Аталған мәселенің бүгінгі күнге дейін өз деңгейінде қарастырылмауы зерттеу жұмысымыздың тақырыбын: “Сын тұрғысынан ойлау технологиясын оқыту процесінде қолдану» деп таңдауымызға себеп болды. Осы қайшылықтардың шешімін табуда мынандай мақсат пен міндеттерді айқындадық.

– оқушыны дамытудағы сын тұрғысынан ойлау жобасын қолданудың тиімділігін анықтау;

– сын тұрғысынан ойлау технологиясының ғылыми теориялық негізін ашу;

– сын тұрғысынан ойлау технологиясын оқушылардың жан-жақты танып білуін қамтамасыз ететін шығармашылық жүйе жасау, әдістерін ұсыну;

– сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын қолдану арқылы оқушылардың өз бетінше ізденудің және жан-жақты дамытудың тиімді жолдарын анықтау;

– озат ұстаздардың іс-тәжірибелеріне талдау жасау.

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын пайдалана отырып өткен сабақтардың әсері мол. Сабақта оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау негіздерін қалыптастырудың алғы шарттары мыналар болды:

– сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру үздіксіз түрде жүзеге асырылуы керек;

– оқыту үрдісін айқын түрде демократияландыруды қадағалау;

Бұл бағдарлама негізінен мұғалімдердің де оқушылардың да алдына міндеттер қояды. Соның бірі өзінің оқыту жүйесінде сын тұрғысынан ойлауды және өз бетімен білім алуға көмектесетін кестені қолдану.

11. Қызығушылықты ояту (сұрақтар қою). Зерттелетін мәселені түсіндірумен шектеледі.

12. Мағынаны тану. (жауаптар іздеу, мәселені зерттеу). Оқушылар жұмысты талдайды, берілген сұрақтар бойынша өзіндегі білімдерді еске түсіреді, белсенді түрде жаңа мағлұматтарды іздеуге кіріседі.

13. Ой толғаныс.(ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау). Шешімі табылған мәселені жалпылау, алынған білімдерді пысықтау, жаңа материалды қайталау жүзеге асырылады [2].

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегиялары:

Венн диаграммасы – ақпаратты есте сақтау, таңдау және оқушының деңгейін көрсетеді.

Ұқсастығы мен ерекшеліктерін табу кезінде тақырыпқа тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Кубизм әдісі – тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы. Бұл стратегия бойынша ойлау мен жазуға көмектесу үшін кубикті және оның жан-жағындағы сөздерді қолданады.

Білгенім, үйренгенім, үйренгім келеді стратегиясында Білгенім бөлімінде оқушылар осы кезге дейін білгендерін жазса, Үйренгенім бөлімінде сабақ барысында үйренген және жаңадан меңгерген мәліметтерді алады. Үйренгім келеді бөлімінде пайда болған сұрақтарға оқушылар өздері ізденіп шығармашылықпен айналысады.

Оқушыларға мәтін бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқыту стратегиялары да бар. INSERT – белгі қойып оқу, мәтінді түсіну үшін керек бірден-бір құрал. Ол оқушыларға өзі оқыған әңгіме түсінігін тексеруге, өз ойын айтуға басшылық етеді. Бұл кезеңде оқушы тақырыпқа өз бетімен жұмыс істеп белсенділік танытады.

Қарама-қарсы элементтер стратегиясын қолдану арқылы мәтіндегі оқиға желісін түсінуге мүмкіндік туады.


Кластерлер – қандай да бір тақырыпты ұғынуда болатын ой үрдісін көрнекті ететін, материалды графикалық ұйымдастыру тәсілі. Кластер ойлаудың сызықтық емес форманың бейнесі болып табылады. Кейде осы тәсілді «көрнекті миға шабуыл» деп атайды [3].

Сөзімізді дәлелді болуы үшін, өз тәжірибемізден мысал келтіреміз. Жетісай қаласы №7 Тұран атындағы мектеп-гимназиясында тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында жаңа педагогикалық технологиялардың ішінен СТО технологиясын қолданды. Нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы өтілген сабақты қарапайым дәстүрлі сабақпен салыстырып көргендегі нәтижелердің көрсеткіштері төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – СТО технологиясын қолданған сабақты дәстүрлі сабақпен салыстыру

Р\с	Айқындау нәтижелері	Дәстүрлі сабақ түрі	СТО технологиясының стратегияларын қолданып өтілген сабақ түрі
1	Оқушылардың зейінінің бөлінуі	70 %	95%
2	Білім деңгейі	65 %	90%
3	Сабаққа қызығушылығының артуы	80 %	100 %
4	Шығармашылық ынтасының артуы	70 %	95 %

Айқындау экспериментінің нәтижелері 1– суретте көрсетілген.



Сурет 1. Айқындау экспериментінің нәтижелері

Айқындау экспериментінің нәтижелері көрсеткендей СТО технологиясын қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, олардың логикалық ойлау, өз бетімен іздені және үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын биология сабақтарында қолдану, оқушылардың дүниетанымын, өмірге көзқарасын, сыни тұрғыда мәселені талдай алуын дамытады. Сабақта сөйлемейтін оқушының да өз пікірін ашық, еркін түрде баяндап беруі қуантады.

Қай жастағы бала болмасын, табиғатынан сұраққа толы. Олардың сұрақтары білім алуда ең күшті жетекші болып табылады. Бұл бағдарламаны өз тәжірибелерімізге енгізгеннен бері жаңа бір күш, жаңаша серпіліс пайда болғанды. Осы орайда ойымызға ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинскийдің «Кімде-кім оқытамын десе, ол оқушы талабына, оның ішкі сырына көз салуы керек», – деген сөзі оралады [4].

Қорыта айтқанда, «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасын қолдана отырып өткен сабақтарда оқушы сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, келе-келе мұғалімнің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығу танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сонымен қатар, жекелей жұмыстар, жұптық және топтық жұмыстар жүргізу арқылы өз ойларын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру, ойланып жауап беру, жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалау білу, сыйластық, ұйымшылдыққа, білім деңгейлерінің жоғары болуына көп әсерлерін тигізеді. Оның ішінде ерекше бір жағдай: сынып бойынша көп сөйлемейтін, ойлау дәрежесі төмен оқушылардың да қызығушылығы туып, олардың өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысуы байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- \endash Athanassiou N., Mcnett J.M., Harvey C. *Critical thinking in the management classroom: Bloom's taxonomy as a learning tool // Journal of Management Education.* – 2003. – Vol.27(5). – P. 533-555.
- \endash Allen D., Tanner K. *Approaches to cell biology teaching: Questions about questions // Cell Biology Education.* – 2002. – Vol. 1 (3). – P.63-67.
- \endash Woolcott G. *Towards a biological framework for learning and teaching // International Journal of Learning.* – 2009. - Vol. 16. – Iss. 7. – P. 299-310.
- \endash Исламова Р. "Өсімдіктану" пәнін оқытудағы пәнаралық байланыс // Ұлағат. – 2010. – №2. – Б. 28-32.

УДК 373.1.02:372.8
МРНТИ 14.25.09

Abdukadirova G.A.¹, Arystanova S.D.², Kozhamberdieva Zh.K.³, Zhamalbek L.T.³

\endash master, senior lecturer, Syrdaria University, Zhetysai, Kazakhstan,

^{II} PhD-doctor, lecturer, M.Auezov South Kazakhstan State university, Shymkent, Kazakhstan,

³ master students, Syrdaria University, Zhetysai, Kazakhstan

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF BLOOM'S TAXONOMY IN THE TEACHING OF BIOLOGY

Abstract

In traditional teaching one of the most difficult problems is the formulation of the goals of the lesson. Very often the teacher has difficulties with a clear statement of goals. The problem of reliable assessment of students' knowledge, skills and abilities is extremely important and significant for the entire education system as a whole and for each individual. Teachers in practice constantly feel the inner contradiction of the requirements of the evaluation activities, and despite the desire to satisfy both of them; unwittingly violate the requirement of objectivity, preferring the interests of the pupil, the requirement of justice for the sake of objectivity. Evaluative judgments in the form of verbal assessments does not allow to evaluate the diversity of educational work of students, the degree of assimilation of educational material, the level of formation of their skills, their diligence, perseverance, activity, giftedness, non-standard thinking, etc.

Actual, today is the development of such an approach to the evaluation of educational results of students, which would eliminate the contradictions between the evaluation function and the existing evaluation system, would be able to link the assessment with the individual accumulation of educational resources (knowledge, skills, and competencies). In my work I use the taxonomy of American psychologist B. Bloom. This is a system of step-by-step building the purpose of the lesson.

Keywords: biology studies, Bloom's taxonomy, pedagogical technology, strategy.

Г.А. Абдукадирова¹, С.Д. Арыстанова², Ж.К. Кожамбердиева³, Л.Т. Жамалбек³

- 14 XX магистр, аға оқытушы, Сырдария университеті,
Жетісай қ., Қазақстан,
PhD-доктор, оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент қ.,
Қазақстан,
4. магистранттар, Сырдария
университеті, Жетісай қ.,
Қазақстан

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Дәстүрлі оқытудағы маңызды және күрделі мәселелердің бірі сабақтың мақсатын қою болып табылады. Мұғалім жиі мақсаттарды нақты тұжырымдауда қиындықтарға тап болады. Оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын дұрыс бағалау мәселесі жалпы білім беру жүйесі үшін және жеке әрбір тұлға үшін өте маңызды және маңызды. Педагогтар тәжірибеде бағалау қызметіне қойылатын талаптардың ішкі қарама-қайшылығын үнемі сезінеді және екеуін де қанағаттандыруға ұмтылуына қарамастан, оқушының мүдделерін қалай отырып, объективтілік талаптарын еріксіз бұзады. Вербалды бағалау түріндегі бағалау пікірлері білім алушылардың оқу еңбегінің барлық алуан түрлілігін, олардың оқу материалын меңгеру дәрежесін, олардың шеберлігі мен дағдыларының қалыптасу деңгейін, олардың ынтасы, табандылығы, белсенділігі, дарындылығы, ойлау мен т. б.

Бүгінгі күні өзекті болып бағалау қызметі мен қолданыстағы бағалау жүйесі арасындағы қайшылықтарды жоюға мүмкіндік беретін, бағалауды білім беру ресурстарының (білім, білік, құзыреттілік) жеке жинақталуымен байланыстыра алатын оқушылардың білім беру нәтижелерін бағалауға осындай тәсілді әзірлеу болып табылады. Өз жұмысымда қолданамын таксономия американдық психолог Б. Блум. Бұл сабақ мақсатын қадамдық құру жүйесі.

Түйін сөздер: биологияны оқыту, Блум таксономиясы, педагогикалық технология, стратегия.

Абдукадирова Г.А.¹, Арыстанова С.Д.², Кожамбердиева Ж.К.³, Жамалбек Л.Т.³

12. магистр, старший преподаватель, Университет Сырдария,
г. Жетісай, Казахстан,
14. PhD-доктор, преподаватель, Южно-Казахстанский
государственный университет имени М.Ауэзова, г. Шымкент,
Казахстан,
В магистранты, Университет Сырдария,
г. Жетісай, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТАКСОНОМИИ БЛУМА В ПРЕПОДАВАНИИ БИОЛОГИИ

Аннотация

В традиционном обучении одно из важных и сложных проблем является постановка целей урока. Очень часто учитель испытывает трудности с четкой формулировкой целей. Проблема достоверной оценки знаний, умений и навыков учащихся чрезвычайно важна и значима для всей системы образования в целом и для каждой личности в отдельности. Педагоги на практике постоянно ощущают

внутреннее противоречие требований, предъявляемых к оценочной деятельности, и, несмотря на стремление удовлетворить им обоим, невольно нарушают то требование объективности, предпочитая интересы ученика, то требование справедливости в угоду объективности. Оценочные суждения в виде вербальных оценок не позволяют оценивать все многообразие учебного труда обучающихся, степень усвоения ими учебного материала, уровень сформированности у них умений и навыков, их усердие, настойчивость, активность, одаренность, нестандартность мышления и т.п.

Актуальным, на сегодняшний день, является разработка такого подхода к оцениванию образовательных результатов учащихся, который позволил бы устранить противоречия между функцией оценки и существующей системой оценивания, сумел бы связать оценку с индивидуальным накоплением образовательных ресурсов (знаний, умений, компетенций). В своей работе я использую таксономию американского психолога Б.Блума. Это система пошагового построения цели урока.

Ключевые слова: изучение биологии, таксономия Блума, педагогическая технология, стратегия.

Заң әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдаудың формалары мен әдістерін анықтайды, мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді көмек жүйесін құруға, олардың тәрбиесіне, оқуына,

еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған. Қазақстан Республикасында 2000 жылдардан бастап білім беру саясатында ерекше қажеттілігі бар балаларға қатысты жаңа бағыттар қалыптасуда, балаларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу, білім беру, әлеуметтік қолдау және бейімдеудің тиімді жолдарын белсенді іздеу жүргізілуде. Жалпы білім беру жүйесіне ерекше қажеттілігі бар балаларды қалыпты құрдастарымен білім беру ортасына кіріктіру бойынша процестер енгізіле бастады.

Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға қоғам көзқарасы өзгерген сайын оларға әлеуметтік көмек көрсетудің қолайлы түрлерін іздеуге мүмкіндік тудырады. Әлеуметтік көмек мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мемлекеттік-әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады. Жәбірленген тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсету мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің құрамына кіреді.

Әлеуметтік бейімдеу – нысаналы әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеру мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі.

Әлеуметтік жұмыс – жекеленген адамдарға, отбасыларына олардың толық мәнді әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік көмек – бұл экономикалық жағдайы төмен, әлеуметтік әлсіз, психологиялық жағынан әлсіз адамдар тобына әлеуметтік ортада қалыптасуын жақсартуына бағытталған қызмет көрсету кешені. Ол зейнетақы төлемін қосымша төлеумен, сондай-ақ ұзақ қызмет көрсетуімен (медициналық, психологиялық, құқықтық, педагогикалық және т.б.) сипатталады.

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Ерекше қажеттіліктері бар балаларда бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Әртүрлі мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды. Бір сөзбен айтқанда, дезадаптация пайда болады. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделуі немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады. Дәлірек айтқанда, *коррекция (түзету)* ұғымы – психикалық және дене дамуындағы ауытқуларды, психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмігімен түзету.

Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға бағытталады. Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет итальян педагогы М.Монтессори жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді.

Көршілес мемлекет Ресейде түзету жұмысының теориясы мен тәжірибесін дамытуда жетекші рөлді А.Н.Граборов атқарды. Ол зиятында ауытқуы бар балалармен жүргізілетін сабақтардың біртұтас жүйесін жасады. Бұл жүйенің құрамына нелер кіреді? Оған ойлау, есте сақтау үдерістерін дамытуға ықпал ететін әр түрлі ойындар, шыдамдылықты, төзімділікті қажет ететін қол еңбегі, топтық саяхаттар тәрізді маңызды әлеуметтік мазмұндағы жұмыстар енеді.

Кемістіктердің орнын толтыруда психотерапияның рөлі ерекше маңызды. Ұзақ уақытқа дейін, психотерапевтік шаралар вербальды коммуникация, интеллект сияқты қалыпты дамыған адамға тән компоненттер негізінде ғана жүзеге асады деген теріс ұғым орын алып келді. Бірақ зиятында ауытқуы бар балаларда интеллекттуалды әрекеттің болатыны және психотерапияда вербальды емес әдістердің қолданылатыны дәлелденді, мысалы арттерапия. Зиятында ауытқуы бар балалармен психотерапевтік жұмыстар жүргізу барысында, нәтижесінде олардың зейін, қабылдау, есте сақтау қабілеттерінің артқанын, оқу әрекетінің арта түскендігін байқауға болады. Сондай-ақ, психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілген психотерапевтік жұмыстарда өз нәтижелерін көрсетіп келеді.

Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады. Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі

шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық түзету арқылы қолдаудың маңызы зор. Себебі, тұрмыс тіршілігіндегі шектелуді жою үшін жағдай жасауды қамтамасыз етіп, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау керек деп ойлаймын. Біздің Отанымызда да осы салаға байланысты арнайы сауықтыру орталықтары да жұмыс жасап келеді.

Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде. Осы топқа жататын арнайы мектептерде аңғарымына және басқа себептерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Егер, әлеуметтік педагогикалық үдерісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттей алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осыдан кейін әлеуметтік психологиялық үдерісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбекқор және тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі туар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең жетік меңгеруіміз керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психолог, емдік денешынықтыру, логопед, дефектолог мамандарының арнайы тапсырмалары өте қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделудегі, тәрбиелудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады.

Адамның ең маңызды игілігі –жеке басының бостандығы мен құқықтары. Ата Заңымыз Конституцияның «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңның 4- тарауында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15-бап мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-психологиялық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті. «Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны 23-баптарында нақты көрсетілген. Олардың мүмкіндіктері шектеулі болсада, мәртебесі қалыпты тұлғалармен тең дәрежелі. Атап айтқанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан да, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екендігі айтылған.

Қазіргі таңда, еліміздегі жалпы мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балалар санының көбеюі деңсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан жылға ерекше қажеттіліктері бар балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келеді. Еліміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүмкіндігі шектеулі балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі. Осы орайда арнайы мамандардың, әлеуметтік педагог-психологтардың міндеті мүмкіндігі шектеулі балалардың жан айқайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынастарын дамытып, қалыпты баламен араласауына жағдай туғызу болып табылады. Тәрбиелеу барысында, жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет.

Бұл ҚР білім беру саласындағы ауыр мәселенің бірі болып отырғаны ақиқат. Жалпы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды жыл санап артуы осы саланы зерттейтін ғалымдарды алаңдатып, өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Бүкіл әлемдік деңсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау ұйымдардың қызметінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен отбасына ерте жастан қолдау көрсету жетекші беталыс болып саналады. Отандық Ерсарина А.Қ,

Жалмұхамедова А.Қ, Сүлейменова Р.А т.б.ғалымдардың ғылыми зерттеулері бойынша ерте жастан кемістікті анықтау және дәл сол кезден кешенді түзету жұмысын бастау, кейіннен бала дамуында басқа ауытқушылықтарды алдын алуға жол ашады. Қазіргі уақытта инклюзивті білім берудің жетекші бағыты ретінде жалпы мектептерде пән мұғалімімен қатар екінші арнайы педагогты қосу мүмкіндігі шектеулі балалардың болашағын ойлаудың бірден-бір жолын мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жеке білім беру және түзету-дамыту бағдарламамен жүргізіледі. Әрбір жалпы мектептерде білімді, тәжірибелі арнайы педагог балаларға арнайы көмек көрсету мен мұғалімдерге кеңес беру қызметін атқарады. Осы атқарылып жатқан игі істердің барлығы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда өз орынын табуға, қалыпты балалар тәрізді білім алуына мүмкіндік жасайды.

Ойымды қорытындылай келе, қоғамда тек қалыпты балалар дүниеге келуі керек. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік психологиялық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғам өміріне өз пайдасын тигізуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруда сіз болып, біз болып белсенді жұмыс жүргізу басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

\endash Богданов О.В. «Методические рекомендации по проведению комплекса лечебно – восстановительных и реабилитационных мероприятий в Сенсорной комнате».

\endash Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед»./под ред. Н.Н.Назаровой. - М:изд центр "Академия", 2004. С. 10-11.

\endash Кушваха П. «Снузлин- уникальный сказочный мир ощущений».

\endash Браудо Т.Е, Кириченко Ю.А, Соловьева Е.А, Ряховская М.В. «Методическое пособие по использованию Сенсорной комнаты».

\endash Кириченко Ю.А. «Коррекция игровой деятельности в Сенсорной комнате».

Шеримова А. С. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы [Текст] / А. С. Шеримова, А. Н. Елюбаева // Молодой ученый. – 2015. – №8.1. – С. 41-44.

\endash Митчелл Дэвид. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования (Использование научно-обоснованных стратегий обучения в инклюзивном образовательном пространстве): Главы из книги: пер. Анисеев И.С., Борисова Н.В. М.: Перспектива, 2009.

Показатели инклюзии: практическое пособие / Тони Бут, Мэл Эйнскоу ; под ред. Марка Вогана; [пер. Игорь Анисеев]. - Изд. 2-е. – Москва : Центр исследований в обл. инклюзивного образования (CSIE), 2013. - 123 с. ISBN 978-5-91400-009-4

МРНТИ 14.07.07

К.О. Оразбаева.ⁱ, Т.Б. Бегімбай.ⁱⁱ

¹ доктор PhD, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ,

² магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ,
Көкшетау қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ КОЛЛЕДЖ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бәсекеге қабілетті дамыған мемлекеттің сауатты, кәсіби тұрғыдан жан-жақты, рухани дүниесі бай шығармашыл тұлғасын қалыптастыру үшін білім жүйесіндегі қазіргі заманғы жоғары білімнің мақсаты мен басты стратегиялық бағдары айтылған, онда білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген. Отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс тапқан студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлері және оқыту үрдісіндегі құзыреттілік ұғымына, терминіне берілген анықтамалар туралы баяндалған.

Соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының нақты айырмашылығы көрсетілген. Құзыреттілік түрлері берілген және оларға жеке анықтама берілген. Сонымен қатар мақалада педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы айтылған және оның бірнеше түрлеріне сипаттама берілген.

Түйін сөздер: құзырет, құзыреттілік, білім беру, кәсіби құзыреттілік, жаһандану.

Оразбаева К.О.¹, Бегімбай Т.Б.²

¹*доктор PhD, КГУ имени Ш.Ш. Уалиханова,*

\endash

магистрант, КГУ имени Ш.Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ КОЛЛЕДЖА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация

\endash данной статье изложены цели и основные стратегические ориентиры современного высшего образования в системе образования для формирования профессионально разносторонней, духовно богатой творческой личности конкурентоспособного развитого государства, в которой отражена необходимость замены содержательной компетенции, ориентированной на знания, то есть на содержание образования, ориентированного на результат. В трудах отечественных и зарубежных ученых, педагогов, психологов изложены мнения студентов о проблемах профессиональной компетентности и определения термина, понятия компетентности в процессе обучения. В последние годы в области педагогики отражено четкое различие понятий «компетенция» и «компетентность», внедряемых в результате особого внимания к субъективному опыту личности. Даны виды компетенции и им даны персональные справки. Кроме того, в статье дается описание нескольких видов профессиональной компетентности педагога.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, образование, профессиональная компетентность, глобализация.

Orazbayeva K.O.,¹ Begimbay T.B.²

¹*PhD doctor, Sh.Ualikhanov Kokshetau State University,*

²*Master student, Sh.Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, Kazakhstan*

PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS OF THE COLLEGE IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

Abstract

This article describes the goals and main strategic guidelines of modern higher education. In the education system for the formation of a competent, professionally versatile, spiritually rich, creative personality of a competitive developed state, which reflects the need to replace meaningful competence, knowledge-oriented, that is, the content of education, result-oriented. In the works of domestic and foreign scientists, teachers, psychologists presented the views of students on the problems of professional competence and the definition of the term, the concept of competence in the learning process.

In recent years, in the field of pedagogy is reflected a clear distinction between the concepts of "competence" and "competence", introduced as a result of special attention to the subjective experience of personality types of competence and they are given personal information. In addition, the article describes several types of professional competence of the teacher.

Keywords: competence, education, professional competence, globalization.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай білім беру ұйымдарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипатының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды қажет етеді. Соңғы жылдары болашақ мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелері жайлы көптеген пікірлер айтылып жүр. Соларға сүйене отырып, мұның өзі болашақ мамандарды қаршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ХХІ ғасыр педагогының тұлғасы мен қызметін жүйелі түрде ұғыну, оның Қазақстан және әлемдік қоғамдағы орнын объективті бағалау, сондай-ақ оның білім беру жүйесін одан әрі реформалауға дайындық дәрежесін анықтау үшін жаңа теориялық-әдіснамалық негіздер талап етіледі. Жаңа ғасырда «жаһандану» және «жаһандық білім» сияқты ұғымдар үнемі естіледі, олар ұлтаралық қарым-қатынас жағдайында ерекше мәнге ие болады, онда адамның әлемдік қоғамда өзара іс-қимылына үлкен көңіл бөлінеді.

Мектепке дейінгі ұйым педагогының алдында Қазақстан азаматы тәрбиелеу міндеті тұр: біздің еліміздің азаматы бүкіл әлемдік қоғамдастық алдында өзінің жауапкершілігін сезінуі тиіс.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2020: болашаққа жол» тұжырымдамасы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1]. Олай болса, Республика оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында құзырлы орта білім берудің мақсаты ретінде «... терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» - деп көрсетілді.

Осылайша, дамушы қоғамға заманауи білімді, адамгершілік, іскер адамдар қажет, олар таңдау жағдайында өз бетінше жауапты шешімдер қабылдай алатын, олардың ынтымақтастыққа қабілетті ықтимал салдарын болжай отырып, мобильділікпен, серпінділікпен, конструктивтілікпен ерекшеленеді, ел тағдыры үшін жауапкершіліктің дамыған сезіміне ие. Мұндай қасиеттерге тек құзыретті және өз күшіне сенімді адам ие бола алады.

Болашақ колледж мұғалімдері үшін «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын нақты ажырату маңызды. Олар психологиялық-педагогикалық қызметте қолданылады, бірақ әлі күнге дейін бұл терминдердің мәні түсіндірілген жоқ.

Бүгінгі күнде «құзыреттілік» түсінігі тек қана негізгі педагогикалық категориялардың бірі ретінде ғана емес, сонымен бірге пәнаралық зерттеудің, яғни, «**колледж мұғалімдерінің** кәсіби құзыреттілігі» түсінігінің мәнін анықтау мәселесі психологтардың, педагогтардың, маман-практиктердің және т.б. арасындағы дау мен қайшылықтардың объектісі болып табылады.

Жаңа психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта «құзыреттілік» түсінігінің мәнін анықтау үдерісінде, оның құрылысы мен мазмұнын толықтыруда бірліктің жоқтығын белгілеуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда бұл түсінік біліктілік пен кәсіпқойлықтың жоғары деңгейін көрсету үшін қолданылады. Кейбір авторлар «кәсіби құзыреттілік» ұғымын түсіндіруде кәсіби іс-әрекетке дайындық түсінігімен (В.А. Сластенин, Н.Н. Лобанова, А.И. Панарин және тағы басқалар), сондай-ақ педагогикалық кәсіпқойлық (А.И. Пискунов, В.В. Косарев және тағы басқалар) түсінігімен өзара байланыстырады.

Егер де құзыреттілікті кәсіпқойлық жүйесіндегі орнын анықтауға тырыссақ, онда ол мамандықты меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейін көрсететін орындағыштық пен жетілгендік арасында; көптеген

авторлармен белгілі бір іс-әрекетті орындауға дайындық ретінде жеке тұлғаның «тұлғаның ішкі дайындығы», өзгеше «алдын ала дайындық» жағдайы мен шеберлігі арасында болады [2].

Болашақ колледж мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі туралы барлық түсініктерді оқу барысында оның бірқатар маңызды өзгерістерге ұшырағандығын анықтауға болады: мұғалім жеке тұлғасының педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру негізін өңдеуден бастап (С.Т. Каргин, А.А. Орлов, И.Я. Фастовец және т.б. сонымен қатар жеке тұлғаның толығымен және оның бойындағы кәсіби маңызды қасиеттердің дамуы. (И.А. Колесникова, Н.В. Кузьмина, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, К.С. Оспанов және т.б.)

Педагогикалық шығармашылық көздерінің мәнін анықтауға

(В.И. Андреев, Ю.Н. Кулюткин, М.М. Поташник және т.б.) мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің психологиялық негізін талдауға (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин және т.б. және педагогтың кәсіпқойлығын қалыптастыру (Е.В. Андриенко, К.А. Абульханова, А.И. Пискунов және т.б.) сұрақтарына дейін өзгеріп отырды.

Құзыреттілік (лат. *competentia*) – бұл адам жақсы білетін, білімі мен тәжірибесі бар, демек, белгілі бір сала туралы негізді түрде айтуға және онда тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін тиісті білім мен қабілеттерге ие болатын сұрақтар шеңбері. Шетел сөздігінде құзыреттілік (лат. *competere* – қол жеткізу, сәйкес келу, сәйкес келу):

- заңмен, Жарғымен немесе өзге де актімен нақты органға немесе
- лауазымды адамға берілген өкілеттіктер шеңбері;
- белгілі бір саладағы білім, тәжірибе [3].

Л.В. Занина және Н.П. Меньшикова «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының синонимикалық айырмашылықтарын қарастырады:

- құзырет – өздеріне қатысты сапалы, өнімді қызмет үшін қажетті заттар
- мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты қойылатын жеке тұлғаның (білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері) өзара байланысты қасиеттерінің жиынтығын қамтиды;
- құзыреттілік – адамда тиісті құзыреттіліктің болуы, өз-өзіне және белгілі бір қызмет мәніне жеке қарым-қатынасы кіреді [4].

Алайда «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының күнделікті қолданыстағы білім, білік және дағдыдан айырмашылығын К.С. Құдайбергенова келесідей ажыратып көрсетеді:

- білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес,
- өнімді қызмет формасы түрінде байқалады;
- дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастырып,
- шығармашылықты пайдалана отырып, құбылыстар мен заңдылықтарды өзгерте алатын саналы қызмет;
- біліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе оны

алмастыру емес, керісінше, бірнеше пән бойынша дағдыларын біріктіру, жалпы қызмет негізін сезіну. Осыған байланысты «құзырет» – әр түрлі кенеттен пайда болған жағдайларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе іс-әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік жағдаяттар арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі; ал «құзыреттілікті» адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты, тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыруды ұсынады [5].

Білікті маман болу үшін, соның ішінде педагогикалық қызметте оның негізгі құзыреттіліктерін – *базалық және арнайы* құзыреттіліктерін игеру қажет деп саналады.

Базалық құзыреттілік – белгілі бір кәсіби салада, ал арнайы – нақты педагогикалық іс-әрекетті орындау, нақты проблеманы немесе кәсіби міндетті шешу кезінде көрінеді.

А.К. Маркова құзыреттілікті белгілі бір кәсіп талаптары ретінде анықтайды. Ол әр түрлі құзыреттілікті ажыратуды көздейді:

- арнайы құзыреттілік – өз кәсіби қызметін жоғары деңгейде меңгеру, өзінің әрі қарай кәсіби дамуын жобалау қабілеті;

– әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен (топтық) кәсіби қызметті, сондай-ақ осы кәсіпте қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру; өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік;

– жеке құзыреттілік – жеке тұлғаның өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту тәсілдерін, тұлғаның кәсіби деформациясына қарсы тұру құралдарын меңгеру;

– индивидуалды құзыреттілік-кәсіп шеңберінде өзін-өзі жүзеге асыру және даралықты дамыту тәсілдерін меңгеру, кәсіби өсуге дайындық, жеке өзін-өзі сақтау қабілеті [6].

Болашақ колледж мұғалімдерінің құзыреттілігі (белгілі бір жағдайларда) қызметті ұзақ орындау үдерісінде дамиды. Кәсіпқойлықтың қалыптасу бағыттары-бұл мұғалімнің құзыреттілігін дамыту болып табылады [7].

«Болашақ колледж мұғалімдерінің құзыреттілігі» ұғымы оқытушының, мұғалімнің, тәрбиешінің жеке қасиеттерін білдіреді, ол өзі немесе білім беру мекемесінің әкімшілігі тұжырымдаған педагогикалық міндеттерді өз бетінше және тиімді шешуге мүмкіндік береді. Педагогикалық құзыреттілігі деп біз мұғалімнің кәсіби қызметін жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігін түсінеміз. Міне, осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде мұғалімнің жаңашылдығы яғни қазіргі терминмен айтар болсақ, құзіреттілігінің алатын орны ерекше. Ал, құзіреттілік – тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы.

Қорыта келе, жаһандану жағдайында болашақ колледж мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік өз мәдениетінің нағыз өкілі бола тұрып, көптілділікті меңгерген, соның негізінде мәдениаралық қарым-қатынас біліктері қалыптасқан тұлға басқалармен бірлесе өмір сүруде қиындыққа тап болмайды, әлемдік ақпараттарды талдауға үйренген, адамдар айналасын танып білу, одан қорытынды жасау мүмкіндігі молаяды, болашақ колледж мұғалімдерінің бойындағы жергілікті және ғаламдық жауапкершілікке қатысты қабілеттері, өмір сүрудің жолдарын дұрыс таңдауға ықпал етеді деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

В Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 14 желтоқсан, 2012.

В Смятских А.Л., Туркина Т.М. Формирование профессиональной компетентности студентов педколледжей. – М.: Издат. центр НОУ ИСОМ, 2003. – С.

В Шетел сөздері мен сөйлемдер сөздігі / авт.-сост. Е.С. Зенович. – М., 2000. 299 с.

В Л. В. Занина, Н.П. Меньшикова. Педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. Ростов Н/Д: Феникс, 2003. 288с.

В Құдайбергенова К.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі //Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықаралық ғыл. -практ. конф. материалдары. – Алматы: ББЖ КБАРИ, 2008. – 30–36-б.

В Маркова А.К. Психология труда учителя. М. Просвещение, 1993. 192с.

В Педагогикалық құзыреттіліктің қалыптасуының теориялық мәселелері. – Самара, 2001. 132 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ӘОЖ 373.29
МРНТИ 14.23.09

Ә.І. Тәжігұлова¹, Е.В. Артықбаева², А.Ж. Арыстанова³

¹ педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ президенті, almirat@list.ru, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,

² педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ вице-президенті, artykbaeva@mail.ru, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,

³ педагогика ғылымдарының кандидаты, «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ департамент директоры, ainur_lev@mail.ru, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Білім беруді ақпараттандыру шартының аясында балаларды дамытуға және білім беруге, тәлім беруге, пәндік-дамыту ортасын кеңейтуге, мектепке оларды даярлауға деген мүмкіндіктерге жол ашылуға.

Мақалада отандық компьютерлік ойындарды жасаудағы тәжірибе туралы сөз қозғалған. Мектепке дейінгі балалардың тұлғалық дамуы мен мектепке даярлығындағы компьютерлік ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері ашып айтылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісіндегі ойындардың пайдалы екендігін растайтын сынақ нәтижелері алға тартылған. Жасалған сауалнама компьютерлік ойындардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың инновациялық ақпараттық-білім беру ортасын кеңейтетінін айқындайды, ол ойындарды қолдану балалардың ойлау қабілеттерін дамытады, логикалық ойлау қабілетіне жақсы әсер етеді, қарапайым оқу, жазу, санау, өз сөзін дұрыс жеткізе білу үлкенге ізет және т.б. сияқты қабілеттерді дамытатыны анық. Осылардың барлығы баланың мектепке дейінгі оқу мен бастауыш сынып оқуының жалғасты түрде жүруіне кепіл бола алады.

Түйін сөздер: компьютерлік ойындар, мектепке дейінгі баланың тұлғасы, мектепке дайындық, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.

Тажигулова А.И.¹, Артықбаева Е.В.², Арыстанова А.Ж.³

¹ доктор педагогических наук, доцент, президент АО «Национальный центр информатизации», almirat@list.ru, г.Алматы, Республика Казахстан,

² доктор педагогических наук, доцент, вице-президент АО «Национальный центр информатизации», artykbaeva@mail.ru, г.Алматы, Республика Казахстан,

³ кандидат педагогических наук, директор департамента АО «Национальный центр информатизации», ainur_lev@mail.ru, г.Алматы, Республика Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР ПОДГОТОВКЕ ДЕТЕЙ К ШКОЛЕ

Аннотация

В условиях информатизации образования, в том числе и дошкольного, открываются новые перспективы для воспитания, обучения и развития детей, расширения предметно-развивающей среды, подготовки их к обучению в школе.

статье рассказывается об опыте разработке отечественных компьютерных игр. Раскрываются педагогические возможности компьютерных игр в развитии личности дошкольников, в подготовке их в школе. Приводятся результаты апробации игр в процессе дошкольного воспитания и обучения, свидетельствующие, что компьютерные обучающие игры расширяют и обогащают инновационную информационно-образовательную среду дошкольного воспитания и обучения, их использование позитивно влияет на расширение кругозора детей, развитие логического мышления, формирование элементарных навыков чтения, письма, счета, опыта языкового общения, навыков безопасного поведения, уважительного отношения к старшим и сверстникам и т.д., что в целом обеспечивает повышение уровня подготовки детей к обучению в школе, преемственность и непрерывность дошкольного и начального образования.

Ключевые слова: компьютерные игры, личность дошкольников, подготовка к школе, дошкольное воспитание и обучение.

A.I. Tazhigulova¹, E.V. Artykbaeva², A.Zh. Arystanova³

¹ doctor of pedagogical sciences, assistant professor. President of JSC National Center of Informatization, almirat@list.ru, Almaty city, Republic of Kazakhstan,

² doctor of pedagogical sciences, assistant professor. Vice-president of JSC "National Center of Informatization", artykbaeva@mail.ru, Almaty city, Republic of Kazakhstan,

³ candidate of pedagogical sciences, Director of Digital Content Development of JSC «National Center of Informatization» ainur_lev@mail.ru, Almaty city, Republic of Kazakhstan

PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF COMPUTER GAMES IN THE PREPARATION OF CHILDREN FOR SCHOOL

Abstract

In the conditions of informatization of education, including preschool, new prospects are opened for education, educating and development of children, expansion of in-developing environment, preparations of them to educating at school. In the article told about experience to development of home computer games. Pedagogical possibilities of computer games open up in development of personality of preschool children, in preparation of them to school. Results over of approbation of games in the process of preschool education and educating testifying are brought, that computer teaching games extend and enrich the innovative informatively educational. Environment of preschool education and educating, their use positively influences on elevating mind of children, development of the logical thinking. Forming of elementary read, letter, account, experience of language communication, skills of safe behavior skills, valid attitude toward elders and to the coevals etc., that on the whole provides the increase of level of preparation of children to educating at school.

Keywords: computer games, the personality of preschool education, preparation for school, pre-school education and training

Үшінші мыңжылдықта білім беру саласы түбегейлі өзгерістерді бастап кешіп жатыр. Жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттар мен өзгерістер мектептегі оқыту саласына әмбебап инновациялық технологияларды іздестіру мен әлеуметтік белсенді тұлғаларды қалыптастыруды алға қойып отыр.

«Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ қызығушылық, ортақ болашақ» атты ел Президентіміз Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдауында астын сызып айтып кеткен болатын: «2020 жылға қарсы 3 жастан 6 жасқа дейінгі қазақстандық балалардың мектепке дейінгі білім беруін 100 пайыздық қамтамасыздандыру жоспарланған. Сондықтан оларға заманауи бағдарлама, оқыту әдістемесін, білікті мамандар беру қажет» [1].

Білім беруді ақпараттандыру шартының аясында, балаларды дамытуға және білім беруге, тәлім беруге, пәндік-дамыту ортасын кеңейтуге, мектепке оларды даярлауға деген мүмкіндіктерге жол ашылуда [2-4].

Жаңа цифрлік технологиялар мектепке дейінгі балалардың өмірінде нақ орын алған, көптеген балалар балабақша табалдырығын аттамас бұрын-ақ компьютерлік техникамен жақын танысады және

ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) негативті де, позитивті де қырларымен соқтығысады. Осыған орай, мектепке дейінгі білім беруде АКТ-ды пайдаланудың ұтымды, әрі пайдалы тұстарын іздестіру шарт. Сонымен қатар негізгі шарт АКТ баланың басым шұғылданатын ісі ретінде емес, мектепке дейінгі ұйымдардың тәлімдік-оқытушылық үрдісінің жалпы жүйесіне енгізу ретінде қолдану болып табылады.

Әлемде мектепке дейінгі және мектеп жастағы балаларға арналған компьютерлік ойындарды құрастыруда үлкен тәжірибе жинақталған. Дегенмен, шетелдік алуан түрлі компьютерлік ойындар қорының арасында ұлттық сананы қалыптастыратын немесе қазақ ұлттық ертегілер материалы аясында тапсырмаларды орындайтын отандық компьютерлік оқыту ойындары жоқтың қасы.

Одан басқа, көптеген шетелдік ойындар агрессивті тұрғыда жасалғаны баршамамызға аян. Көбінесе ойындар ешқандай пайдасы жоқ ақпаратқа толы болады, ол тек баланы еш нәрсеге үйретпей ғана қоймай, баланы тым ұзақ уақыт бойы компьютер алдында ойын ойнауға итермелейді.

Шетелдік тауардың отандық кеңістікте кеңейіп кетуіне жол бермеу үшін және педагогикалық үдерістің инновациялануын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі балалардың тұлғалық, әлеуметтік, интеллектуалдық дамуына бағытталған отандық компьютерлік оқыту ойындарын құрастыруға бар күшімізді сарп етуіміз керек.

Компьютерлік білім беру ойындарының мазмұнына ұлттық нақыштағы компоненттерді кірістіру – өскелең ұрпақта ұлттық танымдылықты, азаматтық ұстанымдықалыптастырудың пайдалы да, әрі өзекті жолы.

Мектепке дейінгі оқушыларға арнайы құрастырылған, орысша және қазақ тілдерінде 20 компьютерлік ойындарды Ұлттық ақпараттандыру орталығы жасап шығарған болатын: «Наурыз мерекесі», «Праздник Наурыз»; «Өрмекші, Құмырысқа және Қарлығаш», «Паук, Ласточка и Муравей»; «Аққайыңның шырыны неге тәтті?» «Почему у Березки сок сладкий?!»; «Кім күштілеу?», «Кто сильнее?»; «Жолдан өту», «Перейти дорогу»; «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік», «Домашняя и уличная безопасность»; «Тәрбиелі болу керек», «Быть воспитанным»; «Жануарлардыңайтысы», «Спор животных»; «Бұл қай кезде болады?», «Когда это бывает?»; «Піл мен маймыл», «Слон и обезьяна»[5].

Ұлттық ақпараттандыру орталығының құрастырған мектепке дейінгі оқушыларға арналған компьютерлік ойындар мектепке дейінгі тәлім-тәрбиенің пәндік-дамыту ортасының мазмұнын дамытуға бағытталған және «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру» ҚР-ның МЖМБС бойынша құрастырылған (№ 292 2016 жылдың 5 мамырынан ҚРҰҚ), [6].


Ойындар құрастыру барысында біз негізгі назарды баланың тұлғалық қасиеттерін дамытуға аудардық, яки танымдық саласына (ойлау қабілеті, елестету, жады, сөйлеу қабілеттері); эмоционалдық аясын дамытуға; ойындық, тәжірибелік, тәлімдік, шығармашылық белсенділікті дамытуға басты назар аудардық.

Тұлғалық-қабілетті методологиялық тәсілді принципке ала отырып, компьютерлік ойындар интерактивтілікті жүзеге асырады, сөйтіп ол мектепке дейінгі балаларды дербес өзіндік танымдық қабілеттілікке ынталандырады. Ол дегеніміз, ойындар бала мен компьютер арасындағы диалог ретінде, тікелей байланыс түрінде құрастырылған. Диалог балаға қойылған сұрақтар арқылы жүзеге асырылады, оған жобалап тұспалдау жауаптарын ұсыну арқылы және т.б.

Мектепке дейінгі оқушылардың жасына орай психологиялық ерекшеліктеріне сюжеттік, желілік негіздің принциптері сай. Сюжет ынталандыру және мазмұнды түрде баланы танымдылық қабілетке өрбіп жатқан оқиғаның белсенді қатысушысы ретінде кірістіреді. Бала ойын желісін ұғынады, оның ережесін түсінеді және сол ережеге сай әрекет етеді, қиындықтарды еңсеруді үйренеді, әрекеттерін бақылай алады, ал соңында барлығына баға бере алады. Сондықтан ойындардағы тапсырмалар бір сюжеттік желімен байланысты. Мәселен, «Аққайыңның шырыны неліктен тәтті» атты ойында балалар әртүрлі тапсырманың қиындықтарынан сыналып, өту барысында бұлтқа аққайыңды табуға көмектеседі, «Піл мен маймыл» ойынында үкіге алманы алып келуге көмектеседі, «Жолды өту» ойынында балаға Астана қаласында «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығына, жолда бірқатар тапсырмалар орындай отырып жетуге қол ұшын береді.

Компьютерлік ойындарды қолдану тұлғаның құлықтық және әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Мәселен, «Наурыз мейрамы» ойынын қолдану арқылы балаға отансүйгіштік қасиетті, өз отанын мақтан тұту сезімін қалыптастырамыз, ұлттық дәстүрге, ұлттық ойынға қызығушылықты оятамыз. «Тәрбиелі болу» ойыны арқылы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды бойына сіңіріп, өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырамыз, қоршаған балалар мен

ересектерге жақсы қарым-қатынаспен қарау, өз-өзіне ұқыпты қарау және т.б. дүниелерді ұғындырамыз. «Жолды өту» - далада өзін-өзі ұстаудың маңызды дағдылары, өзгелерге жылы қабақ таныта білу; «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» - әлеуметтік біліктілікті қалыптастыру, өмірде қауіпсіздік шараларымен таныс болу; «Ол қашан болады» - экологияның негізін білу (жан-жақты шашуға болмайды, қоршаған ортаны ластауға болмайды, құстарға ұя салу керек, ағаш отырғызып, оларға су құю керек, гүлдер мен басқа өсімдіктерге қарау және т.б.).



1-сурет
«Жолды өту» компьютерлік ойынның үзіндісі

Ертегілер мен әңгімелер арқылы балалар тәлім сабағын алады. Сол сияқты «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» ойыны еңбекті бағалауға баулиды; «Аққайыңның шырыны неліктен тәтті» ойыны достық көп нәрсені жеңіп шығатынын үйретеді; «Кім күштірек» қиындыққа төзу мен қайраттылықты үгіттейді, күшті үлкен немесе кішілік анықтамайтынын түсіндіреді; «жануарлар сөз таласы» балаларға барлық жануарлардың қажет екенін, олардың әрбірінің өз орны бар екендігін баяндайды; «Піл мен маймыл» өзара көмекті үйретеді, досыңның қиын сәтінде қол ұшын беру, қиындықты бірге еңсеру және т.б.

Компьютерлік ойындардың тапсырмалары жақсы пейілділікті қалыптастыруға бағытталған, тірі жандардың барлығына қамқорлық, қоршаған ортадағы болып жатқан нәрсе үшін жауапкершілікті сезіне білу, өзара көмек, қажет болған жағдайда жанында табылу сияқты керемет қасиеттерді бала бойына сіндіре біледі. Осылайша, «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» ойынында балалар қарлығаш ұясын басқа жерге орналастыруға ат салысады, көз үзіп қалған құмырсқаларды табуға қол ұшын береді; «Піл мен маймыл» ойынында ойын қаһармандарына қиындықтарды жеңуге, алма бағын табуға; «Аққайыңның шырыны неліктен тәтті» ойынында Аққайың мен Бұлтқа достарды қайта қауыштыруға; «Жолды өту» ойынында Алибиға жолды өтуге және белгіленген маршрутты өтуге көмектеседі; «Ол қашан болады» ойынында құс ұясын салады, қоқыс жинайды, ағаш отырғызады, балалар ойын алаңын жинастырады және т.б.



2-сурет

«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» компьютерлік ойынынан үзінді

Мектепке дейінгі балалардың ересек буынына арналған компьютерлік ойындардың негізгі ерекшелігі оларды мектепке даярлау мен келесі нәрселерді қалыптастыру болып табылады:

– қарапайым математикалық ұғымдар (10-ға дейін және кері санау, онға дейінгі сандарды азайту және қосу, математикалық салыстыру белгілерімен таныс болу, заттың бірдей және әртүрлі санын салыстыра білу және т.б.);

– қоршаған ортамен таныс болу (жыл мезгілдерін және олардың өзіне тән ерекшеліктерін білу, тірі табиғат жайлы ұғым, табиғи құбылыстарды, ересектер мен балалармен сәлемдесу түрлері, сәлемдесу мен қоштасу ережелері, жеке тазалық туралы, үйдегі тазалық, электр қондырғылармен қолдану шарттары, су мен газ қолдану ережелері);

– жазбаша және ауызекі тіл туралы хабардар болу (сөзді дұрыс айту, алфавит туралы білім, сөздің бірінші әрпін анықтай білу, буындардан сөз құрастыру, бірнеше сөйлемдерден әңгіме құрастыру, шағын әңгіменің мазмұнын айту, жұмбақ шешу, тақпақ жаттау және т.б.);



– шығармашылық қабілетті дамыту (суретке қызығушылық, түстерді ажырата білу, үлгі бойынша суреттерді бояу, баланы қазақ ұлттық ойындармен, ұлттық тағамдармен таныстыру, еңбекке баулу және т.б.)



3-сурет

«Піл мен маймыл» ойынынан үзінді

Қосу немесе азайту туралы тапсырмаларда балаға бірінші оны орындау үлгісі көрсетіледі, содан кейін ғана бала өзін сынап тапсырманы жеке орындайды.



4-сурет

Азайту мен қосуға арналған интерактивті тапсырмалардан үзінді

Есептерді шығару барысында балаға психологиялық тұрғыда жағымды әрі ыңғайлы жағдай жасалған: балаға міндетті түрде тапсырманы дұрыс орындау шарттары қойылмаған. Сонымен қатар оған бірден дұрыс жауабы бар кілт берілмейді, тек дұрыс жауапқа жетелейтін кеңестер беріледі. Тек қана 3 дұрыс емес жауаптан соң дұрыс жауаппен бірге түсіндірме беріледі. Жазу мен оқуды үйрету тапсырмалары әрбір ойында ең біріншіден қазақ және орыс алфавитімен таныстырудан бастайды, сонан соң ғана әріптерден сөз құрау, кубиктерден сөздер құрау және т.б.



5-сурет

Оқу мен жазуды үйретуге арналған тапсырмалар үзіндісі

Алфавит пернетақта арқылы іске асады, сол арқылы бір уақытта баланың пернетақтада жұмыс жасау қабілеті де дамиды, ал ол өз кезегінде қазіргі заманға қажетті біліктілік болып табылады. Оған қоса, виртуалды пернетақта планшетте ойынды қолдануға мүмкіндік береді.

Енді бір тапсырмада буындардан сөз құрау керек. Бірінші біз бірнеше буыннан құралған сөзден тұратын оңай сөздерді құрастыру үлгісін көрсетеміз. Мысалы: ү-кі, қас-қыр. Содан кейін бала өздігінен берілген сөзді құрастырып көреді (суреті берілген және буынға бөлініп айтылған). Сөздер жаймендеп күрделене түседі.

Педагогикалық технологияға сай әрбір ойында логикалық ойлау қабілетті дамытатын тапсырмалар бар: «артығын тап», «амалдар тізбегін тап», «пазлды орналастыр» және т.б.

«Бояуға арналған суреттер» түріндегі тапсырмалар балаларды бояу түрлерінің алуандығымен, заттардың пішіндерімен, олардың үлкен-кішісі және сандармен таныстырады.



6-сурет. Оқу мен жазуды үйретуге арналған тапсырмалар үзіндісі

Суреттерді бояу үрдісі баланың ұсақ моторика дағдыларын дамытады, баланы ұқыптылыққа үйретеді. Оған қоса баланың эстетикалық талғамы дағдыланады әрі жалпы талғамы биіктей түседі.

Аталмыш компьютерлік ойындардың ерекшелігі - байланысты сөйлеу қабілетті дамытатын арнайы тапсырмаларда. Ертегіні, әңгімені тыңдап болған соң, балаға мазмұнын қайта айтып беру, түйіндеген ойын, әсерленген жерлерін еске түсіру ұсынылады. Өз сөзін таспаға жазып алып, содан соң оны тыңдау баланың дұрыс, әдемі, қисынды сөйлеу мәнерін, байланысты сөйлеуді дамытуға зор үлесін қосатыны сөзсіз.

Берілген компьютерлік ойындар балаға қосалқы түрткі беруші факторлар арқылы оның тұлғалық қалыптасуына орасан зор әсерін тигізеді. Осындай ойындар арқылы баланың қоршаған ортаға деген көзқарасы кеңейе түседі.

Жасалған сауалнама компьютерлік ойындардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың инновациялық ақпараттық-білім беру ортасын кеңейтетінін айқындайды, ол ойындарды қолдану балалардың ойлау қабілеттерін дамытады, логикалық ойлау қабілетіне жақсы әсер етеді, қарапайым оқу, жазу, санау, өз сөзін дұрыс жеткізе білу үлкенге ізет және т.б. сияқты қабілеттерді дамытатыны анық. Осылардың барлығы баланы мектепке үлкен даярлықпен баруға өз септігін тигізеді [7].

Осылайша, бүгінгі таңда компьютерлік ойындарды балаға қызығушылықпен сабақ оқуға, білім алуға, интеллектуалды дағдылануға, дербестік пен жауапкершілікті бойына сіңдіруге көпір бола алатын білім беру құралы деп білеміз.

Қазіргі заманауи АКТ-ның жетістіктері баланың тұлғалық қалыптасуына жаңашыл мүмкіндіктер беруде. Ал педагог маманы иелерінің қызметі сол АКТ-ны пайдалана отырып, мектепке дейінгі балалардың тәрбиесі мен біліміне тиімді жағын пайдалану.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года.*

и *Калаш И. Возможности информационных и коммуникационных технологий в дошкольном образовании //Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании, 2011.–177 с.*

и *Lipinski, J.M, Nida, R.E, Shade, D.D, & Watson, J.A. The effect of microcomputers on young children //Journal of Computing Research. – № 2.–1986. – pp. 147-168.*

и *Кривич Е.Я. Компьютер для дошколят. – М.: Издательство ЭКСМО, 2006.*

и *Нурғалиева Г.К., Тажигулова А.И., Артыкбаева Е.В. и др. Методология и технология разработки компьютерных игр для дошкольников. – Алматы: АО «НЦИ», 2014.*

и *ГОСО РК «Дошкольное воспитание и обучение». Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (ППРК от 5 мая 2016 года № 292).*

и *Тажигулова А.И., Артыкбаева Е.В. Нурғалиева Э.Т. Влияние использования компьютерных обучающих игр на повышение уровня подготовки детей к школе //– Сб. мат. междунар. научн. конф. «Новые образовательные стратегии в современном информационном пространстве». – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2015.– С.178-184.*

А.А. Алимбекова¹, М.М. Садвакасова,² Ұ.К. Қияқбаева³

¹ *PhD.*, Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы,

² *Абай атындағы ҚазҰПУ 2 курс магистранты,*

³ *п.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҰЖЫМДЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Қазіргі кезде елдің әлеуметтік-экономикалық даму үрдісінде, білім беру жүйесінің күрделену кезеңінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен білім беруде шешуін табатын мәселелер әлі де болса жеткіліксіз. Тоқталар болсақ, ол балалардың психикалық дамуы мен жеке ерекшеліктерін, ішкі құбылысын анықтай отырып, тәрбие жұмысын балалардың нақты даму жағдайына бағыттау, сол арқылы ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Бала тәрбиесінің негізіне мектепке дейінгі кезеңнің ықпалы зор және ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбие бере отырып білім берудің маңызы басым. Сол себептен балалардың ұжымдық қарым-қатынас арқылы нақты іс-әрекетке бағыттайтыны туралы ғылыми мағлұмат алады.

Бұл мақалада кеңінен тараған «қарым-қатынас», «ұжымдық қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті», «қарым-қатынас әдебі», «тәрбие», «ойын», «театрланған ойын» жалпы ұжымдық қарым-қатынасқа деген жоғары қажеттілігі туралы талданып көрсетіледі. Қарым-қатынас еркіндігі және шексіздігі туралы айтылады және ұлы ғалымдардың ұжымдық тәжірибесі механизмінің заңдылықтары туралы қарастырылады.

Түйін сөздер: Әлеуметтік-экономикалық, психикалық дамуы, ішкі құбылысы, ғылыми мағлұмат, театрланған ойын, ұлы ғалым, ұжымдық қарым-қатынас, тәжірибе механизмі, заңдылық.

Алимбекова А.А.¹, Садвакасова М.М.,² Қияқбаева Ұ.К.³

Қазіргі жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасының мазмұнына енгізілген 8-жаңашылдық бағаттар арқылы: «пән мазмұнының шиыршыққағидатпен берілуі, бірі білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі; білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою; оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу), оқытудың тәрбиелік әлеуметін арттыру; оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру; оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру; бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы; Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы» – бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әректтерін жаңаша педагогикалық тәсілдер негізінде ұйымдастыруда олардың интеллектуалдық, эмоционалдық, іскерлік, коммуникативтік т.б. жағынан әлеуметтік орта мен ғылыми-дүниетанымын дамытуда (қоршаған ортаға ғылыми тұрғыдан көзқарастың қалыптасуы мен табиғатпен, басқа адамдармен, өз-өзімен, т.б.) өзара белсенді әрекеттестік қарым-қатынасқа бейімдеуде бастауыш сатының негізгі қызметінің мазмұны ашылды [3].

Педагогика ғылымы мен оның тәжірибелерінде оқушы тек қана тәрбие объектісі болып қана қоймай, сонымен бірге оқу-тәрбие үдерісінің субъектісі болып табылады. Сондықтан оқушыны тек білім алуға бағыттап оқыту ғана емес, оларды өз бетінше игеруі мен меңгеруіне негіз болатын әдістерді де үйрету қажет. Бұндай көзқарасты В.П. Вахтеров: «Жаңа педагогика негіздері» атты еңбегінде «баланы тек қазірде ақиқат деп танылатынға ғана емес, ең алдымен, ақиқатты қалай ашу қажеттігіне үйрету қажет», – деп жазған болатын. Бұл өз кезегінде қалыптасқан дәстүрлі оқытуға қарсы шыға

отырып, ол белсенді әдістерді қолдануды, оларды «дербестік пен шығармашылыққа» үйретудің қажеттілігін негіздейді. «Мұғалім міндеттерді қояды, материалдарды береді, ал оқушы өзі өз күштерімен оған дейін ашылған не жасалғанды жаңадан іздейді, ашады не игереді. Сонымен бірге, тек білім алып қана қоймай, өздігінен қалай білім алып, бақылап, ашып, жасап, салыстыруды да және т.б. үйренеді. Ол танымдағы белсенділік әдістеріне үйренеді» [4].

Яғни, оқушылардың өздігінен білім алу мен оқу әрекетімен айналысу дағдылары қалыптасады, олардың танымдық қабілеттері, ойлау, сөйлеу, өзіндік көзқарас тұрғысынан талдаулары дамиды. Өз бетінше білім алу, дамытатын оқыту идеясын ұстанды. Бұндай педагогикалық үдеріс бастауыш сынып оқушысының өз бетінше дамуы мен өз-өзін жетілдіруіне ықпал ететін құрал деп негіздеді. П.Ф.Каптерев «Дидактикалық очерктер» атты еңбегінде оқушылардың ақыл-ой дербестігін, өзіндік бастамашылығына ықпал жасап, септігін тигізетін дамытушы оқыту әдістеріне мән берген. Басту нәрсе деп, «эвристикалық» әдіске көңіл бөледі, яғни мектепке өмір тәжірибесін, еңбек пен іс-әрекет бірлігін ендіреді. Оқушылардың «эвристикалық» әдіс бойынша танымдық іс-әрекеті бірте-бірте жүзеге асады; басында олар жеке деректермен, заттармен және құбылыстармен танысады, олардың пайда болу көздерін анықтайды, сапасы мен қатынастарын талдайды; одан кейін әрбір дерек бойынша қорытындылар жасалады. Одан әрі синтез, алынған қорытындыларды біріктіру мен тұжырымдауды қалыптастыру жүреді деп негіздеді [5].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдағы белсенді әрекетін қалыптастыруда оқу үдерісін тиімді етудің жолын қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұнда оқушылардың оқу-білімге көз қарасын, өмір сүру мен қоршаған орта, дүниетанымының қажеттілігіне біртіндеп айналдыру, оқушы тұлғасының бұл негіздегі ерекшелігін қалыптастыру бірінші мәселе болуға тиіс. Осы ретте бастауышта қызмет атқаратын маманның өзін-өзі дамытуы, бақылауы мен бағалауы, кәсіби бағыттағы өзін-өзі тануы мен дамуындағы дербестік пен бастамашылық бірге жүреді. Онда, қажетті білімдер алу тәжірибесінің қалыптасуы, мотивациялық үдерістер, адамгершілік-психологиялық-қасиеттер осының бәрі кәсіби бейімдеушілік пен белсенділік қажеттіліктердің ықпалында болады және осының негіздегі әсерлермен дамиды, сапалық көрсеткішке өтеді.

Кәсіби қызығушылықты жасауға білімгерлердің оқу-танымдақ белсенділіктерін дамыту мен ЖОО-да оқыған кезеңінде және одан кейін де ұстап тұруға бағытталған оқыту әдістері ықпал етеді. Білімгерлердің белсенділігін қамтамасыз ететін шарттар ретінде төмендегілерді ұсынады: «ЖОО-дағы оқу үдерісінің мектеп тәжірибесімен тығыз байланысы, мұнда кейбір тақырыптарды мектеп жағдайында да оқытуға болады; білімгерлердің тұтынушылық мотивациялық саласына әсер ететін жағдайлар тудыру; оларға ЖОО-дағы дәріс кезінде мұғалім ролінде жұмыс істеу мүмкіндігін» беру [6,7].

Бастауыш сынып оқушысын жеке тұлға ретінде танып, оның өмірге деген белсенді ұстанымын, адами-руханилық мініз-құлқының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңірте отырып заманау талаптарға үйлесімді жастардың болмысын қалыптастыру мен дамыту бағытында жұмыстардың мазмұнын жобалауға мүмкіндік беретінін басшылыққа алу қажет. Ал, тұлғаның өзіндік белсенділігінің қандай қырларын осы мәселелермен байланыстыру оң нәтиже бермек. Бұнда оқушының танымдық іс-әрекеті алдымен ойлау белсенділігіне, сыртқы әсер ішкі белсенділіктің нығайуына өзек болуымен, оның барыстарына бақылау жасаушы ортаны байланыстыру заңдылық болып табылады және ол бірғана фактор болып табылмайды, әрине бұнда оқушының өз бетінше ойлауда ерекше мәнге ие болады. Яғни, мектеп оқушыларға тек білімді ұйымдастырып беретін орта немесе арнайы мекеме ретінде ғана емес, олардың өз бетінше ойлауға үйрететін, әрі тәрбиелейтін орын, ал бұл өз кезеңінде қоғамдық сананы қалыптастыру, келешекке белсенді азамат дайындайтын әлеуметтік бастау, иірім өзегі.

Қазіргі жағдайда мектептің алдында тұрған, сонымен бірге оқу мотивациясын арттырудың шарты болып табылатын негізгі міндеттердің бірі – танымдықтағы белсенді әрекеттің және оқушылардың танымдық дербестігінің деңгейін үздіксіз арттыру. Сонымен қатар, бұл мәселені оқушыларды оқытудың бастапқы кезеңінде табысты шешу неғұрлым өзекті бола бастауда, себебі, дәл осы кезеңде оның жеке қасиеттерінің негізі қалыптасады.

Қорытындылай келе, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің белсенділік деңгейінің көрсеткіші жас ерекшеліктеріне үйлесімді болып дамуы мен жетілуіне себепші, түрткі боларлық жағдайларды тудыра отырып ойлау белсенділігінің ерекшелігін ескеріп, содан кейін ғана өз бетінше іс-әрекет жасауын арттыру қажет. Оқушының танымдық ісіндегі белсенділік әрекет мотивациясын қарқынды ету барысында қатысты кешенді тәсілдердің бірі ретінде жаңа білімді белсенді қабылдауға даярлығын алуға болады. Бұл оқушылардың танымдық болмыстағы белсенділік әрекетіндегі ойлаудың бейнесін

көрсетеді. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық жұмыстырындағы белсенді әрекеттерінің көрінісін беретін психологиялық бейне үлгіндегі үдерісті жүзеге асырудың жолдарын педагогикалық қыр-сырын мәнін ашатын «орталық, өзекті, ұйтқы болушы» шеңбер деп қарастырмау қажет. Бұндағы ойлауды белсенді әрекетке түсіруші басты нәрсе - дидактикалық құрал. Бұл оқушылардың жаңа білімді қабылдауға іс-әрекетімен оған әзірлігін, өз бетінше ойлауды қалыптастыру үшін қолдануға болады. Сондай-ақ оқушылардың танымдық іс-әрекет мотивациясының бейнелік қырын бастауышта оқытылатын жеке пәндердің оқу материалдарының мазмұны мен оқу ерекшелігіне, жеке пәндерді оқыту әдістемесінің ғылыми негізіне және т.б. түрлі ықпал ететін жағдайлар мен себептерге де байланысты екені анық. Сондықтан, педагогика ғылымының теориясы тұрғысынан талдаулар жасап түсініктер беруді басшылыққа алдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

11. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы
12. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) жеке пәндерге арналған оқу бағдарламалар жиынтығы. – Астана, 2014, 2015, 2016 ж.ж. /Оқу бағдарламасын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен, жоғарғы оқу орындарының ғалымдарымен және жалпы орта білім беретін мектептердің мұғалімдерімен бірлесіп құрастырған /
13. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.
4. Вахтеров В.П. Избранные педагогические сочинения. - М.: Педагогика, 1987. - 400с.
- и Каптерев П.Ф. Избранные педагогические сочинения / Под ред. А.М. Арсеньева, – М.: Педагогика, 1982. - 704с.
- и Смирнова Н.Б. Чувашское народное декоративно-прикладное искусство в системе профессиональной подготовки студентов художественно-графического факультета: дисс. ... канд. пед. наук. – Чебоксары, 2001. –189 с.
- и Робу М.М. Формирование творческой педагогической деятельности у студентов в процессе освоения ими традиций народного декоративно-прикладного искусства: автореф. ... канд. пед. наук. – М., 1992. – 16 с.

МРНТИ 14.25.09

Ж.Карашева¹

¹6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рөлі қарастырылады. Орта білім беруде білімнің қалыптасуының қазіргі кезеңдегі басты міндеті – бала тұлғасын дамыту болып табылады. Сонымен қатар, коммуникативтік дағдыларды дамыту критерийлері анықталды. Қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құндылығы ретінде коммуникативтік дағдыларды дамыту мәселесі белгіленген. Қазіргі мұғалімнің кәсібилігі психологиялық-педагогикалық заңдылықтарды білуге сүйене отырып, коммуникативтік міндеттерді интуитивті емес, саналы деңгейде шешеді. Коммуникативтік дағды бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер: бастауыш сынып оқушылары, дағдылар, коммуникативтік, қабілет, меңгеру, қабілет, педагогикалық қызмет, білім беру, критерий, кәсіби маман, құндылық, құзыреттілік, қалыптастыру.

*Ж. Карашева*¹

¹ докторант 2-курса по специальности 6D010200 – Педагогика и методика начального обучения
КазНПУ имени Абая

АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье рассматривается роль будущего учителя начальных классов в формировании коммуникативных навыков учеников начальных классов. Главной задачей на современном этапе становления школьного образования является развитие личности ребенка. Определены критерии развития коммуникативных навыков. Обозначена проблема развития коммуникативных навыков как профессиональной ценности современного учителя начальных классов. Профессионализм современного учителя проявляется в том, что коммуникативные задачи он решает не столько интуитивном, сколько на сознательном уровне, опираясь на знание психолого-педагогических закономерностей. Коммуникативный навык является основной составляющей профессиональной компетенции учителя начальных классов.

Ключевые слова: учащееся начальных классов, навыки, коммуникативный, умение, владение, способность, педагогическая деятельность, образование, критерий, профессионал, ценность, компетенция, формирование.

*Zh. Karasheva*¹

¹ 2-doctoral course by specialty 6D010200 – Pedagogy and methodology of primary education,
Abai Kazakh National Pedagogical University, zhkb89@gmail.com

ASPECTS OF FORMATION OF COMMUNICATIVE SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

This article discusses the role of the future primary school teacher in the formation of communication skills of primary school students. The main task at the present stage of formation of school education is the development of the child's personality. Defined criteria for the development of communication skills. The problem of development of communicative skills as professional value of the modern primary school teacher is designated. The professionalism of the modern teacher is manifested in the fact that he solves communicative tasks not so much intuitively, but on a conscious level, based on the knowledge of psychological and pedagogical laws. Communication skills are the main component of the professional competence of primary school teachers.

Keywords: primary school teacher, skills, communicative ability, proficiency, ability, teaching activities, education, criteria, professional, value, competence, competence formation.

Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен 2015 жылғы 30 наурызда бекітілген Бастауыш білімге арналған оқу бағдарламасы басты құжат болып табылады.

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторлар

1	элементардына сай бiлiм беру;
2	бәсекеге қабiлеттi тұлға тәрбиелеу;
3	<i>табысты өмiр сүру дағдаларын қалыптастыру;</i>
4	элементарын тәрбиелеу;
5	тәжiрибелiк дағдыларды дамыту;
6	функционалдық сауаттылықты арттыру;
7	мұғалiмнiң кәсiби шеберлiгiн жетiлдiру.

Жаңартылған бiлiм беру бағдарламасының мақсаты мен мiндеттерi айқындалған. Айта кететiн болсақ, бағдарламаның мақсаты: – бастауыш сынып пәндерi бойынша бiлiм беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесiн енгiзу тұрғысынан мұғалiмдердiң педагогикалық шеберлiгiн жетiлдiру.

Бағдарламада бiрнеше мiндеттер жолға қойылды. Соның iшiнде: мұғалiмдердiң бойында орта бiлiм мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндерi бойынша жаңартылған бiлiм беру бағдарламасын iске асыру үшiн *қажеттi дағдыларды қалыптастыру* делiнген [1, 2].

Болашақ маман оқушының бойында қажеттi коммуникативтiк дағдыларды қалыптастырмас бұрын бағдарламада көрсетiлгендей өзiнiң бойындағы коммуникативтiк дағдылары дұрыс жолға қойылған болуы тиiс.

Жаһандану заманында бастауыш бiлiм беруде ең басты мiндет баланы тұлға етiп дамыту. Бiлiм алу мұғалiмнiң балаға тiкелей тек бiлiм беруiмен шектелмейдi, керiсiнше мұғалiм мен оқушының бiлiмдi меңгерудегi, олардың шешiмiн табудағы әмбебап iс-әрекеттер барысында бiрлескен жұмысы болып табылады.

Баланың тұлға болып қалыптасуы көптеген факторлардың әсерiне байланысты болады. Осыған сәйкес, болашақ маманның кәсiби дамуына, шеберлiгiне, құзыреттiлiгiне, эрудициясына, зияткерлiгiне және жалпы мәдениетiне жоғары талаптар қойылады. Бұл өз кезегiнде алдымен, бастауыш сынып оқушыларын қоғамда әлеуметтiк жағынан бейiмделуге дайындайтын бастауыш сынып мұғалiмдерiне байланысты болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалiмi кәсiби бiлiм, бiлiк дағдыларына ие болып қана қоймай, өзiнiң кәсiби мiндетiнiң мақсаты мен мiндетiн сезiне бiлуi қажет.

Болашақ маманға бастауыш сынып оқушыларының бойында қажеттi дағдыларды қалыптастыру мiндетi тұрғынын ескере отырып, оқушылармен қарым-қатынаста бастауыш сынып мұғалiмiнiң қолданатын коммуникативтiк бiлiктерi мен дағдыларының құрылымына назар аудару қажеттiгi туындайды.

Осы мақсатта бастауыш сынып мұғалiмiнiң бiлуге тиiс арнайы коммуникативтiк бiлiктерi мен дағдыларын ажыратып көрсетсек. Олар:

- басқа адамдарды тани алуы, қарым-қатынастағы жағдаяттарды дұрыс түсiну және бағалай алуы;
- адамды алғаш көргендегi тұлға ретiнде жалпы бағалауы; оның тұлғалық қасиеттерiне, сыртқы келбетi мен iшкi жан дүниесiне жеке баға беру; ым-ишарат, мимикасын түсiне алуы;
- өзiн-өзi тануы; өзiнiң бiлiм, қабiлет, тұлғалық қасиеттерiне баға бере алуы; сырт көзге қалай көрiнетiнi;
- қарым-қатынас жағдаяттарына дұрыс баға бере алуы: жан-жақта болып жатқан нәрселердi бақылау, оның ең көп ақпараттылық белгiлерiн таңдай бiлу және жағдаят барысында туындаған әлеуметтiк-психологиялық мәнiн бағалай алу.

Коммуникативтi дағдылардың даму критерийлерi мұғалiмнiң негiзге кәсiби iс- әрекетiнде көрiнiс табуы және төмендегiдей бiлiктерде бейнеленуi қажет:

- ақпараттың вербальды және вербальды емес түрлерiмен алмасу, сонымен қатар, тiлдесушiнiң (сұқбаттасушының) жеке қасиеттерiне талдау жасай алуы;
- адамдармен өзара қарым-қатынаста тактика мен техниканы бiлуi, стратегияны жасай алу бiлiктiлiгi, әлеуметтiк маңызы бар мақсаттарға жетуде бiрлескен iс-әрекеттi ұйымдастыра алуы;
- сұқбаттасушымен өзiн сәйкестендiру [3].

Бастауыш сынып – әлеуметтiк мiнез-құлықты белсендi меңгертудiң, ер балалар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас, коммуникативтiк және ауызша дағдыларды игерту, әлеуметтiк жағдайларды ажырату жолдарын қалыптастырудың оңтайлы кезеңi.

Оқу үрдiсiнде қарым-қатынас дағдыларын дамыту А.А. Бодалев, А.А. Брудный, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, И.А. Зимняя, М.С. Каган, М.И. Лисина, Н.И. Шевандрин және басқалардың еңбектерiнде қарастырылады.

Мектеп табалдырығын аттағанда, бала әлеуметтік қатынас кеңістігінде өзінің жаңа орнын табады. Оқу іс-шараларымен бірге тұрақты міндеттері пайда болады.

Д.Б. Эльконин және В.В. Давыдовтың пайымдауынша, бала бастауыш сыныпта арнайы жазба, арифметикалық операциялар, оқу, дене тәрбиесі, сурет салу, қолмен жұмыс және басқа да білім беру іс-әрекеттерін айқындайтын арнайы психофизикалық және психикалық әрекеттерді меңгереді. Оның негізінде, оқу жағдайы үрдісі барысында баланың психикалық дамуының жеткілікті деңгейінде теориялық сананың және ойлаудың алғышарттары пайда болады [4, 85].

Бастауыш сынып оқушыларының «әлеуметтік сөйлеуін» дамытудағы мәселе - бұл басқа адамға бір нәрсе туралы ойын жеткізу әрекетінің жеткіліксіздігі. Ж.Пиаже балалардың әңгімелерін бақылау арқылы, әлеуметтік сөйлеу эгоорталыққа қарсы деп тұжырымдайды яғни, балалардың басқалармен етене араласуына арналмағанын анықтады. Басқалардың алдында баланың өз - өзімен ұзақ сөйлесуін ғалым ұжымдық монолог деп атады. Бұл үрдіс эгоцентрлік сөйлеуден, әлеуметтендіру – балалардың қарым-қатынас жасау үрдісі кезеңінен бір-бірін байланыстыратын ұжымдық монологқа біртіндеп көшуіне негізделген деп түсіндіреді [5, 65]. Бізде кездесетін кедергілер - ол баланың өз ойын ашық айта алуына, басқа адаммен тез қарым-қатынасқа түсіп кетуіндегі кедергілерді жоя отырып, оқушының басқалармен етене араласып кетуіне жағдай жасау.

EGOCENTRIC SPEECH (ағылшын эгоцентрический сөйлеу) - баланың эгоорталық ұстанымының сыртқы көріністерінің бірі. Дж.Пиаженің айтуы бойынша, балалардың сөйлеуі эгоорталықта қалыптасады, себебі бала тек өзінің ойында тұрғанын ғана жеткізеді, онымен тілдесушінің пікірімен санаспайды. Бала өзін басқалар (өзі сияқты) түсінеді деп ойлайды да, тілдесушімен тілдік қатынасқа түсуге де ынталанбайды. Ол үшін әңгімелесушінің өзіне деген қызығушылығы маңызды болып табылады.

Л.С. Выготский «Эгоорталықта сөйлеу балалардың ойлау мен белсенділігін дамытады, балаға ересектер сияқты, бұрынғы мәселелерді шешуде көмектеседі» деп санайды. [6, 89].

Баланың коммуникативті қабілеттерін қалыптастыру тіл құралдарын игеру негізінде жүзеге асырылады: сөйлеу құралдарын пайдалана отырып, ойларын еркін білдіруі, әртүрлі сөйлем түрлерін қолдануы, берілетін ақпараттың логикасын сақтау мүмкіндігі, өйткені коммуникациялық қызметті дамытудағы маңызды фактор - сөйлеу практикасында тілдік құралдарды пайдаланудың қажеттілігі мен қабілеттілігі болып табылады.

Болашақ маман бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларының қалыптасуының келесідей критерийлері мен көрсеткіштерін ажырата білуі қажет. Олар: қарым-қатынас барысында эмоционалдық қарым-қатынасты орнату, әңгімелесушінің эмоционалдық жағдайын ажырату, бұрын алған коммуникативтік білімдерін пайдалану болып табылады. Коммуникацияның әлеуметтік мақұлдалатын нысандарын өз бетінше құрастыра білуі, даулы жағдайларда мінез-құлықтың барабарлығы, коммуникацияның вербалды және вербалды емес құралдарын меңгеруі; сыныптастарымен қарым-қатынаста бастамашылық көрсетуі, өзінің эмоционалдық көріністерін реттеуі, өзін-өзі барабар бағалаудың болуы; қарым-қатынас бойынша тілдесушінің жеке қасиеттерін қабылдауы мен бағалаудың барабарлығы.

Балалармен жұмыс кезінде болашақ маман бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша келесі міндеттерді шешуі қажет:

Ж балалардың дұрыс сөйлеу ортасын қамтамасыз ету үшін бастауыш сынып оқушыларының өз сөйлеу уәждемесін анықтайтын сөйлеу жағдайларын жасау;

Ж олардың қызығушылығын, өз бетінше сөйлеу қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін дамыту үшін оқушылардың лексикалық қорды, грамматикалық формаларды, синтаксистік құрылымдарды, логикалық байланыстарды дұрыс түсінуі мен меңгеруін қамтамасыз ету;

Ж коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша үнемі арнайы жұмыс жүргізу, оны шығармашылық сабақтармен байланыстыру;

Ж сөйлеу мәдениетінің дамуына ықпал ететін атмосфера жасау.

Болашақ маман балалардың коммуникативтік дағдыларын тек сабақ барысында ғана емес, сабақтан тыс уақытта да оңтайлы жағдай жасай алуы қажет. Сабақтан тыс іс-әрекет жеке жоспарланған нәтижелерге жетуге бағытталады.

и	Сабақтан тыс іс-әрекет түрлері
\endash	ойын-іс-әрекеті
\endash	танымдық-іс-әрекет

4	проблемалық-құндылық қарым-қатынас іс-әрекеті
5	бос уақыт өткізу-ойын-сауық қызметі
6	көркемшығармашылық іс- әрекеті
7	еңбекке баулу іс- әрекеті
8	спорттық-сауықтыруқызметі
9	туристік-өлкетануқызметі

Сабақтан тыс іс-әрекет күнделікті сабақтардан ерекшеленеді және мынадай нысандарда жүзеге асырылады: экскурсиялар, үйірмелер, секциялар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, диспуттар және т. б.

Сабақтан тыс іс-әрекет барысында бастауыш сынып оқушысының дамуы үшін: психологиялық қорғаныс сезімін тудыру, баланың эмоционалдық қарым-қатынас қажеттілігін, басқа адамдар үшін маңыздылығын қанағаттандыру сияқты оңтайлы жағдайлар жасалуы тиіс.

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы болашақ маманның міндеті -балаларда достық қарым-қатынас орнату, олардың жүріп жатқан барлық нәрсеге қызығушылығын дамыту, тілектестік, өзара құрмет пен сенім, беріктік және сонымен бірге бастамашылдық атмосферасын құру болып табылады. Осыған жету үшін, шағын топтар мен үйірмелерде жұмысты ұйымдастыру ең қолайлы болып табылады.

Шағын топтарда жұмыс істеу барысында балалар аз шаршайды, өйткені олар өзара тығыз байланыста болады. Шағын топтарда балалар «өзің білсең, басқаға айт», «өзің жасай алсаң, өзгені үйрет» принципімен жұмыс жасайды. Баланың өзіне өзі баға беруі қалыптасады. Бала өз іскерлігін сыныптастарының іскерлерлігімен объективті салыстыруды, өз пікірін басқалардың пікірлерімен салыстыруды үйренеді. Бірінші сынып оқушыларын танысу, қарым-қатынас жасау және жақындасу үшін алдымен жұптарға, одан кейін төрттікке, алтылыққа бөлеміз. Содан кейін ғана тапсырманы талқылау және орындау үшін тақырып пайда болады.

Қарым-қатынас барысында балалар бір-бірімен жаңа білімдермен бөлісетіндіктен, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға коммуникативтік ойын ықпал етеді.

Бастауыш мектепте бейнелі және логикалық ойлауды параллель дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді қолдану ерекше өзекті болып табылады. Коммуникативтік ойын осындай тәсілдердің бірі бола отырып, сөзсіз, балаларды дамыту үшін пайдаланылуы тиіс. Бала іс-әрекетпен ойлайды. Бұл әрекеттер сыртқы әлемнің жалпыланған бейнелері. Ойынның әрбір келесі даму кезеңінде бұл суреттер ақпарат беруші болады. Барлық ойын іс-әрекетіне енетін суреттермен жұмыс ойлау процесін, соның ішінде шығармашылық интуицияны ынталандырады.

Ойын жаттығуларын ұйымдастыру үшін ерекше интонация қажет: ойынға шақырушы ретінде таңқаларлық, қызықты тон, барлық тапсырмалардың тілектес формасы, әр сәтті жауапқа мадақтау айтылуы тиіс деп ғалым Ладыжинская өз еңбегінде көрсетеді. Яғни балаға әр жасаған әрекеті үшін достық жылы сезімге толы мадақтаулар артық болмайды [6, 89].

Коммуникативтік ойын қиял (шартты) жағдайларды жасауды және оларды болжауды көздейді. Ойын арқылы оқушылардың белсенді сөйлеу қызметін ынталандырамыз, олардың коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын дамытамыз және жетілдіруге ықпал етеміз.

Болашақ маманның мақсатты, жүйелі іс-әрекеті нәтижесінде коммуникативтік қиындықтар жоғалады, балалардың бойында қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру жүреді. Бұл оларға өз әлеуетін барынша табысты іске асыруға, қоғамда әлеуметтенуге мүмкіндік береді. Бұл бағыт педагог жұмысындағы өзекті және перспективалы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

В Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы.

В Бастауыш білімге арналған оқу бағдарламасы. 30.03.2015 ж.

В Ротова Н.А. Определение понятия «Коммуникативная компетенция педагога». // Современная наука: актуальные проблемы теории и практики. Серия: Гуманитарные науки. 2014. Вып. 9-10. – С. 44-47.

В Эльконин Д.Б. Детская психология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Ред.-сост. Б.Д. Эльконин. - М.: Академия, 2004;

В Пиаже Ж. Указ. соч. С.20-24, 53-56.

12. Отрывки из II и VII глав монографии Л.С. Выготского "Мышление и речь" (– М., 1934), касающиеся исследований эгоцентрической речи. [Хрестоматия по общей психологии. Психология мышления. // Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.В. Петухова. М., 1982]

13. Ладыженская, Н.В. Развитие коммуникативных умений на уроках риторики в начальной школе. // Начальная школа.– 2007. – №5. – С. 43 - 45.

МРНТИ 14.25.07

Кенжетеева Р.О.¹, Нуржанова С.А.²

В

докторант 2 курса специальности 6D010200-Педагогика и методика начального обучения КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан,

²к.п.н., старший преподаватель КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В ПРАКТИКЕ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

связи с модернизацией Казахстанского образования происходят существенные изменения в контрольно-оценочной деятельности казахстанских школ, изменяются ее цели, содержание и технологии. Применение критериального оценивания в школах Казахстана способствует вытеснению традиционных способов оценивания, приводит к новому видению методов и технологий системы оценивания учебных достижений.

статье представлены результаты эмпирических исследований особенностей перехода к новой для Казахстана критериальной системе оценивания. В исследовании мы старались выявить трудности применения критериального оценивания, в практике учителей начальных классов. Исследовался вопрос о том, какими профессиональными знаниями, умениями и навыками, должен обладать учитель начальных классов, чтобы успешно осуществлять контрольно-оценочную функцию. Особое внимание в исследовании уделено влиянию критериального оценивания на учебную мотивацию в начальной школе. На основе проведенного исследования сделаны выводы о необходимости повышения уровня профессиональной подготовки студентов педагогических вузов в области критериального оценивания.

Ключевые слова: критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание, профессиональная подготовка

Р.О. Кенжетеева¹, С.А. Нуржанова²

7.

Абай атындағы Қаз ҰПУ 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс докторанты, Алматы қ., Қазақстан,

\endash п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазақстандық білім беруді модернизациялауға байланысты қазақстандық мектептердің бақылау-бағалау жұмыстарында елеулі өзгерістер орын алып отыр, оның мақсаттары, мазмұны мен технологиялары өзгеруде. Қазақстан мектептерінде критерийлік бағалауды қолдану дәстүрлі бағалау әдістерін жоюға ықпал етеді, білім беру жетістіктерін бағалаудың әдістері мен технологияларын жаңа көзқарасқа әкеледі.

Мақалада Қазақстан үшін жаңа критериалды бағалау жүйесіне көшудің ерекшеліктері, эмпирикалық зерттеудің нәтижелері келтірілген. Зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің

тәжірибесінде критериалды бағалаудың қиындықтарын анықтауға тырыстық. Мониторинг және бағалау функциясын сәтті орындау үшін бастауыш мектеп мұғалімінің қандай кәсіби білімі, дағдылары мен қабілеттері туралы мәселе зерттелді. Критериалды бағалаудың бастауыш мектептегі оқуды ынталандыруға әсерін зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Жүргізілген зерттеулер негізінде педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін критериалды бағалау саласындағы кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігі туралы қорытындылар жасалды.

Түйін сөздер: критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, оқыту

R.O. Kenzhetaeva¹, S.A. Nurzhanova²

¹*doctorant of 2 course. Code of specialty 6D010200 - Pedagogy and methodology of elementary education KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan,*

²*Candidate of pedagogical sciences, Senior Teacher of KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF THE APPLICATION OF CRITERIA ESTIMATION IN PRACTICE OF TEACHERS OF INITIAL CLASSES

Abstract

In connection with the modernization of Kazakhstan's education, significant changes are occurring in the control and appraisal activities of Kazakhstan schools, its goals, content and technologies are changing. The use of criterion assessment in schools in Kazakhstan contributes to the crowding out of traditional methods of assessment, leads to a new vision of the methods and technologies of the system for evaluating educational achievements.

The article presents the results of empirical studies of the features of the transition to a new criterion assessment system for Kazakhstan. In the study, we tried to identify the difficulties of applying criterion assessment in the practice of primary school teachers. The question of what professional knowledge, skills and abilities an elementary school teacher must possess in order to successfully perform the monitoring and evaluation function was investigated. Particular attention is paid to the study of the influence of criterion assessment on educational motivation in elementary school. On the basis of the conducted research, conclusions are drawn on the need to increase the level of professional training of students of pedagogical universities in the field of criteria-based assessment.

Keywords: criteria-based assessment, formative evaluation, summative assessment, training

последние двадцать лет особое внимание Казахстана и педагогического сообщества привлечено 12. вопросам качества образования и совершенствования его оценки. Актуальность изменения системы оценивания учебных достижений обучающихся в Казахстане определяется современными стратегическими задачами образования, необходимостью повышения уровня образования с учетом международных стандартов.

Теоретические исследования и опыт ряда стран в применении критериального оценивания показали, что оно оказалось одним из самых эффективных способов повысить образовательные достижения каждого ученика, а также сократить дистанцию между наиболее успевающими учащимися и учащимися, имеющими серьезные трудности в обучении.

Внедрение критериального оценивания вытекает из основного регламентирующего документа – государственного общеобязательного стандарта начального образования Республики Казахстан. В разделе «Общие положения» государственного общеобязательного стандарта начального образования включены следующие термины и их определения (пункт 6):

\endash критерии оценки – утверждения, которые позволяют учителям и обучающимся признать, достигнута ли цель обучения, и служат основанием для принятия решения по оценке достижений обучающихся;

\endash формативное оценивание – вид оценивания, которое проводится в ходе повседневной работы в классе, является текущим показателем успеваемости обучающихся, обеспечивает оперативную взаимосвязь между обучающимся и учителем в ходе обучения, обратную связь между учеником и учителем и позволяет совершенствовать образовательный процесс;

\endash суммативное оценивание – вид оценивания, которое проводится по завершении определенного учебного периода (четверть, триместр, учебный год), а также изучения разделов в соответствии с учебной программой [1].

Мы определяем критериальное оценивание как процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем участникам процесса критериями, соответствующие целям и содержанию образования, способствующий формированию учебно-познавательной компетентности учащихся [2].

Процесс оценивания подлежит развитию и является динамическим процессом. Особенности школьной отметки изучали Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский. Характеризуя недостатки современной им системы оценивания, они подчеркивали, что отметка не должна подавлять умственную деятельность учащихся. В течение последних двадцати лет также неоднократно подвергались изучению вопросы, связанные с оцениванием учебных достижений учащихся (Ш.А. Амонашвили, В.Л. Беспалько, В.В. Давыдов, А.И. Липкина, А.Н. Майоров, В.М. Полонский, Е.И. Перовский, А.А. Реан, Н.М. Скаткин, Д.В. Чернилевский, Д.Б. Эльконин и др.). Была доказана необходимость создания универсальной, отвечающей всем требованиям современного общества и потребностям личности учащегося системы оценивания (Ш.А. Амонашвили, Б.Г. Ананьев, В.А. Болотов В.А., А.Б. Воронцов, И.В. Гладкая, А.А. Реан, Д.Б. Эльконин, Н.Ф.Талызина, И.С. Якиманская, Г.А. Цукерман, и др.).

Проблему перехода от традиционной системы оценивания к критериальному исследовала Красноборова А.А., которой были рассмотрены проблемы оценочной деятельности педагогов и предложены технологии критериального оценивания. По мнению, Красноборовой А.А. проблему оценивания учебных достижений учащихся можно решить путем формирования критериальной оценки результатов освоения учащимися основных образовательных программ уже на начальной ступени обучения [3].

Изучение научной литературы по проблеме контрольно-оценочной деятельности, ознакомление с отечественным и зарубежным опытом, проведение эмпирического исследования в высших учебных заведениях позволили выявить ряд существующих *противоречий* между:

27. потребностью общества и личности учащегося в новой, объективной системе оценивания учебных достижений, с одной стороны, и недостаточной разработанностью критериальной системы оценивания, с другой стороны;

28. сложившейся научно-теоретической базой по вопросу оценивания и недостаточной профессиональной подготовленностью к критериальному оцениванию;

29. применением практики критериального оценивания в школах и теоретической недостаточностью учебно-методических материалов, специальных курсов по критериальному оцениванию учебных достижений учащихся.

Исходя из вышеперечисленных противоречий была поставлена *цель эмпирического исследования*: выявить особенности перехода от традиционного к критериальному оцениванию в практике учителей начальных классов.

Для достижения цели нами были использованы следующие методы: анализ психолого-педагогической и методической литературы, синтез и обобщение педагогических изданий и

нормативных документов, проведение социологического опроса, сравнительный анализ, оценка и обобщение результатов.

Субъектами нашего исследования являются студенты, магистранты, докторанты КазНПУ имени Абая специальности «Педагогика и методика начального обучения», учителя начальных классов из разных школ города Алматы, эксперты занимающиеся разработкой вопросов критериального оценивания.

7 ходе эксперимента нами был проведен социологический опрос в виде анкетирования, где респонденты отвечали на следующие вопросы:

1. Что в большей степени влияет на уровень подготовки в области критериального оценивания?
2. Трудности применения критериального оценивания
3. Какими способами Вы решаете трудности применения критериального оценивания?
4. Недостатки в подготовке учителя начальных классов к критериальному оцениванию?
5. Профессиональные знания и навыки учителя начальных классов
6. Профессиональная подготовленность в области критериального оценивания
7. Считаете ли Вы достаточным подготовку к критериальному оцениванию в рамках учебной программы вузов?

8. Какие спец курсы необходимы для профессиональной подготовки студентов к критериальному оцениванию?

9. Предложения по улучшению подготовки будущих учителей начальной школы к критериальному оцениванию.

По результатам проведенного опроса нами были проанализированы мнения респондентов по каждому вопросу анкетирования. На вопрос «*Что в большей степени влияет на уровень подготовки в области критериального оценивания?*» были получены следующие результаты (Диаграмма 1)

62% будущих педагогов считают, что самыми главными являются знания и умения, приобретенные на специализированных курсах по критериальному оцениванию. Следует отметить, что к таким курсам относятся мастер-классы, тренинги и многое другое.

Каждый пятый опрошенный отметил, что наиболее важными являются знания и навыки, приобретаемые в рамках вузовской учебной программы (22%).

14% опрошенных будущих педагогов полагают, что необходимые знания и навыки приобретаются только в процессе работы, а именно практической работы.

Только 2% респондентов уверены, что самообразование может влиять на уровень подготовки в области критериального оценивания (Диаграмма 1).

Диаграмма 1



В рамках социологического исследования мы попросили учителей и экспертов проанализировать и назвать основные трудности применения критериального оценивания (Диаграмма 2).

Диаграмма 2



Было установлено, что практически половина опрошенных респондентов считают самым сложным составление качественных критериев оценивания, что является сложным и трудоемким процессом - 49%.

Кроме того, еще одной серьезной проблемой является непонимание родителями новой критериальной системы оценивания, так считают 31% респондентов.

Отдельно следует отметить мотивацию учеников. Согласно традиционной системе обучения ученики, получая ежедневные оценки, были мотивированы в ежедневной подготовке к занятиям. При новой критериальной системе оценивания нет ежедневного проставления отметок, отметки ставятся в конце прохождения раздела по данному предмету и в конце учебной четверти. 14% экспертов

называют это серьезной проблемой и трудностью применения критериального оценивания. 6% опрошенных респондентов затрудняются ответить на данный вопрос-з/о.

\endash рамках социологического исследования было установлено, что основным недостатком в подготовке учителя начальных классов к критериальному оцениванию, по мнению респондентов, является недостаточное количество специальных курсов по критериальному оцениванию – 40%. Следовательно, необходимо усилить подготовку специалистов с помощью качественного увеличения \endash усиления специальных курсов по критериальному оцениванию.

Кроме того, 28% опрошенных респондентов отмечают, что недостаточно количество учебно-методической литературы по рассматриваемой проблеме. Такая проблема действительно существует, поскольку критериальное оценивание стало внедряться сравнительно недавно и существующие материалы еще фрагментарны.

16% экспертов полагают, что организуемые специальные семинары, мастер-классы и тренинги для учителей недостаточны.

12% респондентов считают, что вузовская система подготовки несовершенна и требует значительных изменений.

Как видно по полученным данным, эксперты, работающие в сфере образования указывают в основном на недостаточность качественной подготовки специалистов и нехватку учебной специальной литературы (Диаграмма 3).

Диаграмма 3



Таким образом, изучив и проанализировав научную, учебно-методическую литературу, а также по результатам нашего эмпирического исследования можем сделать следующие выводы:

24. Применение критериальной системы оценивания в школах Казахстана соответствует - государственному общеобязательному стандарту начального образования и в долгосрочной перспективе нацелена на развитие конкурентно-способной личности.

25. Контроль и оценивание учебных достижений учащихся является одной из самых важных и необходимых составляющих процесса обучения.

26. По результатам исследования у большинства опрошенных респондентов имеется потребность в посещении семинаров, мастер-классов, тренингов по проблемам применения критериального оценивания.

17. В эмпирическом исследовании мы выявили, что основным недостатком в подготовке учителя начальных классов к критериальному оцениванию, является недостаточное количество специальных практико-ориентированных курсов по критериальному оцениванию.

18. Существует необходимость профессиональной подготовки высококвалифицированных кадров в области критериального оценивания учебных достижений обучающихся.

Список использованной литературы:

1. Государственный общеобязательный стандарт начального образования Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 с изменениями и дополнениями от 25.04.2015 – Астана
- Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013.–80с.
- Красноборова А. А. Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся// Автореферат канд. дисс Нижний Новгород –2010.– 140 с.

МРНТИ 14.25.09

Ж.Е. Измуханова¹

¹БМ010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі жаһандану кезеңінде және қазақ халқының рухани жаңғыру сатысында өскелең кейінгі ұрпақты халқымыздың рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары арқылы тәрбиелейтін ғылыми теориялық негіздерді жетік меңгеру, практикалық жағынан жетілдіру қажеттігі айқындалып отыр. Бастауыш сынып оқушыларын өлкетану материалдары арқылы тарихымыз бен мәденетімізге, мемлекеттік тілімізге, рәміздерімізге, ұлттық құндылықтарымызға деген сүйіспеншілік тудыра аламыз. Өлкетану материалдары, өлкетану жұмыстары үлкен педагогикалық шеберлікті, оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Бастауыш сынып оқушыларына өзінің жеке басының құндылығын жоғары бағалай алатын, жеке бас мүддесін қоғамдық мүддемен ұштастыра білетін ұлттық сана сезімі оянған тұлға ретінде тәрбиелеу жұмысының мәні зор. Өлкетану оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруда күшті құрал болып табылады. Сондай-ақ өлкетану материалдары, ұлттық құндылық, өлкетану материалы негізінде ұлттық құндылықты жаңартылған оқу бағдарламасы арқылы қалыптастыру жолдары қарастырылады. Өлкетану материалдары негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда тиімді әдістер көрсетіліп, ғылыми еңбектер талданады.

Түйін сөздер: өлкетану, ұлттық құндылық, ұлттық құндылықты қалыптастыру, бастауыш сынып оқушылары, патриоттық сезім, оқу-тәрбие үдерісі, инновация, мәдениет.

Измуханова Ж.Е. ¹

¹ магистрант 2-курса по специальности 6M010200 – Педагогика и методика начального обучения
КазНПУ имени Абая

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЦЕННОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ КРАЕВЕДЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация

этой статье рассматривается необходимость совершенствования научно-теоретических основ, которые воспитывают следующее поколение в духовных ценностях нашего народа, его национальных ценности, а также совершенствования практических навыков подрастающего поколения на этапе современной глобализации и духовного возрождения казахского народа. С помощью историй мы можем создать любовь к нашей истории и культуре, нашим символам, нашим национальным ценностям. Данные материалы по краеведению требуют больших педагогических навыков, правильно организации учебного процесса. Методы воспитания имеют важное значение для учеников начальной школы, которые могут ценить свою личную ценность, сочетать свои личные интересы с общественными интересами. Материалы по краеведению помогают повышения качества образования

В воспитании. В данной статье рассматриваются материалы краеведения, национальные ценности и их концепции и формирования национальных ценностей по обновленную учебную программу у учащихся начальных классов на основе материалов по краеведению. На основе краеведения проанализированы эффективные методы формирования национальных ценностей учащихся начальных классов и научных работ.

Ключевые слова: ценность, национальные ценности, формирование национальные ценности, ученики начальной школы, патриотические чувства, образовательный процесс, инновация, культура.

Zh.E. Izmukhanova¹

¹ 2-master course by specialty 6M010200 – Pedagogy and methodology of primary education,
Abai Kazakh National Pedagogical University, ms.jaziko@mail.ru

WAYS OF FORMATION OF THE NATIONAL VALUE OF PRIMARY SCHOOL PUPILS OF THE BASIS OF LOCAL HISTORY MATERIALS

Abstract

This article discusses the need to improve the scientific and theoretical foundations that educate the next generation in the spiritual values of our people, their national values, as well as improving the practical skills of the younger generation at the stage of modern globalization and the spiritual revival of the kazakh people. By the stories, we can create a love for our history and culture, our symbols, our national values. These materials on local history require great pedagogical skills, properly organizing the educational process. Parenting methods are important for primary school students who can value their personal value, combine their personal interests with public interests. These articles are regarded as material of ethnography, national values and the formation of national values on the updated program of primary school students on the base of ethnography materials. On the basis of ethnography materials, effective methods of forming national values of primary school students are analyzed and scientific works are analyzed.

Keywords: ethnography, national values, the formation of national values, primary school pupils, patriotic feelings, educational process, innovation, culture.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен өнер жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға мүмкіндіктерін байыту міндеті көзделген. Білім беру жүйесінің басты міндеттері «өз жерін қадірлеуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, туған жер табиғатын сүйуге тәрбиелеу» - деп көрсетілген [1,5]. Демек, рухани және әлеуметтік – адамгершілік дүниесі бай, шығармашылық ойлау қабілеті мен дүниетанымдық мәдениеті жетілген, парасатты да зерделі елжанды, отаншыл сезімдері дамыған тұлға тәрбиесі мәселесін, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жетілдіру, қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі.

Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасында: «...еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, саяси және экономикалық дамуының тірегі болатын ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы білімді жаңа ұрпақ тәрбиелеу, ғылымды жан-жақты дамыту. Ол үшін білім жүйесі жас азаматтардың қазақ тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттік тіліне деген құрметін арттыруға Қазақстан Республикасына, оның мемлекеттік рәміздеріне, құндылықтарына деген сүйіспеншілік бағытталған білім алу және адамның шығармашылық рухани сезімдер мен отансүйгіштік қасиеттерді өсіруге бағыттау керек» – деп көрсетілген [2,4 б]. Мұның өзі болашақтың тізгінін ұстайтын жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру керектігін айқындайды.

Ұлттық құндылықтар сонау ғасырдан пайда болып, қоғамның даму өзгерістеріне қарай дамып келе жатқан ұжымдық шығармашылығы мен педагогикалық мәдениетінде орын алады. Онда халықтың туындылары, шығармашылық тәжірибесі, азды-көпті орнықты қағидалары, мұрат-мүддесі, қоғамдық мінез-құлық ережелері, ұрпақ тәрбиесі туралы көзқарас бейнеленеді [2]. Күні бүгінге дейін атадан балаға мирас болып беріліп отырған көркем туындылар, ауыз әдебиеті үлгілерінде, музыкалық шығармаларда, сәндік қолөнерлерде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда аса маңызды.

Кезінде орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинский «Алғашқы тәрбиеші – халық, ал халық ертегілері – халық педагогикасын жасаудағы алғашқы және тамаша талпыныс. Халықтың тәрбие туралы даналығы идеялық мазмұндылығымен, байқампаздық пәрменділігімен, ойы мен ісінің нақтылығымен соншалықты соны, тіпті, шындап келгенде, халық педагогикасы данышпандығымен ешбірі бәсекеге түсе алмайды» - деп өте орынды айтқан [2, 46.].

Бүгінгі жағдайда ұлттық құндылықтарды жаңа ұрпақ тәрбиесінде жетекші құрал ретінде пайдалануға барлық негіз бар деп ойлаймыз.

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, қазақ халық педагогикасы мән дәстүрлеріне қайта оралу заманның жай ғана ағымы емес, бұл – қоғамдық өмір талабынан туындап отырған қажеттілік, өйткені адам баласы ұлттық мәдениеттің, әлеуметтік тұрмыстың дәстүрлі түрлерін танып-білу арқылы оның рухани бастауына терең бойлайды, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйренеді, ана тілін меңгеруге, адамгершілік қасиеттерін шыңдауға талпынады [2].

Мұндай қажеттілікті Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде, жастарды өз Отанына сүйіспеншілігін, халық дәстүрлеріне құрметін тәрбиелеу» қажет деген жетекші міндеттерінен де байқауға болады [5].

Халық өзінің шығармашылығында адамгершілік қасиеттері толысқан, кісілік келбеті келіскен, таным-талғамы үйлескен, «Сегіз қырлы, бір сырлы» адамды тәрбиелеуге байланысты асыл ойларын

ұсынады. Тіпті осының өзі-ақ бүгінгі жаңа қоғамның жеткіншектері тәрбиесіне қойып отырған міндеттерінің шешіміне жауап береді десе артық болмайды. Көптеген зерттеушілер де әрбір қоғамдық өмірдің, моральдық-этиканың, мәдени қарым-қатынастың, дүниетанымның заңдары мен ережелерінің халықтың өзі жасаған халық педагогикасы туындыларының ықпалы арқылы атап өткен. Мәселен, кезінде Шоқан халықтың ауызекі шығармашылығы халықтың танымдық көзқарасын, ой-өрісін дамытады, өткендегіні дұрыс қабылдап, бағалауға үйретеді деп ескерткен, халықтың тарихи аңыздарының жетекші бағыттарына терең мазмұнды сипаттама берген. Ыбырай болса ауызекі шығармашылығын «халықтың рухани байлығының көздері» деп қарап, қоғамның жаңа буынын, жас адамның халықтық рухта, халықтың арман-тілегіне сай рухта тәрбиелеудің белсенді құралы ретінде пайдаланды, өзіндік гуманистік, ағартушылық, педагогтік озық идеяларына халықтың ауыз әдебиетінен терең үндестік, идеялық жақындық, білік тауып, сол идеяларының бірсыпырасына халық шығармалары арқылы насихаттады. Сөйтіп халық туындыларына жаңа өмір беріп, сол арқылы халық санасына, жүрегіне тура жол тапты, нағыз ұлы мұрат халықты жақсылық пен әділдікке қарай ұмтылдыру екенін дәлелдеді». Сонымен бірге оның «үлгілерін көркемдіктің тамаша мектебі деп танып, сол арқылы жасөспірімдерге ана тілін білдіруді, үйретуді көздеді» [6].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектілік ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық ұстын, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады. Ал, оның түпкі мақсатында инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы менмұндалап тұр. Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің елімізде интеллектуалдық тапшылықты” “дефициті” қай кездегіден де жоғары. Осы орайда мынадай бір сауалға жауап беру маңызды деп есептеймін. Елдік сананы қалыптастыру үшін неге ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қоямыз? Біздің ойымызша, ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көрініс-тері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді. Осы мәселе бойынша оқушылар мен студенттер, ата-аналар мен зерттеушілер арасында жүргізілген сұхбат-сауалдар бойынша ұлттық тәрбие жөнінде болашақта ауқымды және стратегиялық бағытта жұмыстар жүргізу қажеттілігі туындауда [7]. Осы орайда Т.М. Дордевистің мақаласына тоқталып кетсек.

Дордевис Т.М. өз мақаласында, «Мектепте ұлттық және жалпы әлемдік құндылықтарды дамыту арқылы білім беру мен тәрбиелеуді жаңғырту қажеттілігі мен мүмкіндіктерін қарастыру керек. Бұл мәселе өте өзекті және әлеуметтік маңызды болып табылады, оның үстіне жаппай жаһандану дәуіріндегі өмір (біздің қоғамда ғана емес) біздің ұлтымыз қалыптасқан, өскен және дамыған мәдениет, ғылым және өнер қалыптасқан дәстүрлі байлық болып табылатын құндылықтарды елемей немесе олардан бас тарту қауіпін төндіреді. Мектепке оның ұлттық және жаһандық құндылықтарды іске асыруға қосқан үлесін қадағалау мақсатында ерекше көңіл бөліну керек және біз бастауыш мектептің оқушыларының 163 оқушысы мен орта мектептің бірінші сынып оқушыларының жалпы білім тестінің көмегімен таңдау бойынша білімдерін тексердік. Алынған нәтижелер бастауыш және жоғары сынып оқушылары ұлттық және әлемдік құндылықтарға байланысты алған білімдерінің, дағдыларының, әдеттерінің, қалыптасқан қабілеттерінің жоғары деңгейін көрсетпейтінін көрсетеді» деген [8].

Демек, қазіргі таңда жас ұрпақтарымыздың ұлттық құндылықтарымызға, ұлттық тәрбиеге немқұрайлықпен қарайтындарына көз жеткізуге болады. Ол үшін, оқушыларға халық шығармашылығы туындыларын меңгертуде сыныптан тыс тәрбие жұмысының педагогикалық мүмкіндіктерін толық пайдаланған жөн. Мәселен, ауызекі шығармалары үлгілерін оқушылардың өздеріне жинатып, кішігірім кітапшалар жасатқан дұрыс. Халық ертегілерінің негізінде жасалған анимациялық фильмдердің авторлары мен ұйымдастырылған кездесулер де өзінің нәтижесін берері сөзсіз. Ең маңыздысы оқытушы балалармен қатынас барысында халық педагогикасындағы айшықты бейнелердің мәнін қазіргі міндеттердің талабына қарай орынды пайдалануы қажет. Халық

шығармашылығында халықтың әлеуметтік-тарихи тәжірибесінің бейнелі поэтикалық тұжырымдары, кішігірім көркем суреттемелері адамгершілік, этикалық және эстетикалық көзқарасы көрініс алады. Ол тәрбие бағытының бәріне ықпал етіп, мінез-құлық ұғымын қалыптастырады. Халықтың тәрбие туралы ой-пікірлерімен және ғұлама ойшылдар мен жыршы-жыраулардың педагогикалық идеяларымен таныстырады. Бұның бәрі, түптеп келгенде, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын сапаландырады (кесте 1).


Кесте 1. Ұлттық құндылыққа тәрбиелеудің мәні


Шығарманың түрлері	Шығарманың тәрбиелік мақсаты
Бесік жыры	Әуезімен әсерлендір, сөзімен тәрбиелеу.
Жаңылтпаштар	Тіл ширату, дүние таныту, тәрбиелеу.
Санамақтар	Сан үйрену, дүние таныту, ой дамыту.
Жұмбақтар	Ой дамыту, дүние таныту, ықыластандыру.
Мазактамалар	Намыс ояту, әзілге баулу.
Мақал-мәтелдер	Шешендікке баулу, ой дамыту, еңбекке, адамгершілікке, т.б. тәрбиелеу.
Батырлық жырлар	Ерлікке, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу.
Әдет-ғұрын	Адамдардың өзара қарым-қатынасын, мінез-құлқын, іс-әрекетін тәрбиелеу.
Тұрмыс-салт жырлары	Дүние тану, еңбекке, адамгершілікке, кәсіпке баулу.
Дәстүрлер	Салт-дәстүрді қорғауға берік ұстануға тәрбиелеу.
Айтыс өлеңдер	Өнерге баулу, шешендікке, шыншылдыққа тәрбиелеу.
Ойын өлеңдер	Дене тәрбиесін беру, әділдікке, әсемдікке баулу.
Ертегілер	Тәрбиелшенушінің қиялын дамыту, дүние таныту, еңбекке, ерлікке тәрбиелеу.
Аңыз әңгімелер	Үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу, болашаққа сенуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Ал енді осы мүмкіндіктерді заманауи талаптарына қарай қазіргі білім беру жүйесінде қалай пайдаланған жөн дегенге тоқталсақ. Ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесінің барлық сатыларында жүйелі бірізділікте пайдалануға болады. Ол үшін тек нақты бір тәрбиелік мақсатты көздеген тұжырымдамалар жасалуы қажет деп санаймыз. Бұл бүгінгі ұрпақтың өз ұлтының дүниетанымын, рухани мәдениетін, салт-дәстүрлерін, ұлттық бет-бейнесін, мінез-құлқын, арман-мүддесін, адамгершілік мұраттарын, тәрбиедегі талап-тілектерін терең танып-білуге септігін тигізеді.

Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті. Мәдениет үзіліссіз дамиды және әрбір ұрпақ алдыңғы қалыптасқан ережелерге сүйенеді. Алайда мәдени құндылықтардың берілу процесі қиын және қарама-қайшылықты [9, 152б.]. Сондықтан да бұл жоспарда мәдениет адамдардың рухани және физиологиялық дамып, жетілуіне әсер етуі керек (кесте 2).

Кесте 2. Ұлттық салт-сананың мәдени қалыптасу жүйесі





Келешегімізден үмітті болуымыз үшін, жас ұрпақ өткенді, ата-баба мұрасын білуі қажет және салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын жоғалтпай сақтауы керек. Бұл әрбір ұлттың стратегиялық мақсат мүддесі болуы тиіс.

Біз мақаланы жазу барысында теориялық зерттеу әдісін пайдаландық. Зерттеу мақсатымыз Қазақстанның болашақ азаматтарының бойына ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып фольклор, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер арқылы адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Біз осы мақаланы жазу барысында «Ұлттық тәрбие», «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті», «Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі», «Қазақ халық педагогикасы» атты кітаптарға, «Білімді ел» газетіне, ғаламтордан жүктелген ақпараттарға анализ, синтез, абстракциялау, дедукция, модельдеу, тарихи әдістерін пайдалана отырып талдау жасадық. Талдау барысында жан-жақты зерттеу мақсатында мақала тақырыбына сай белгілерін, қасиеттерін, құрамдас бөліктерге бөлдік, зерттеліп отырған тақырыпқа қажетті қасиеттері мен қарым-қатынастарын бөліп алдық, жеке қорытулар негізінде жалпыдан жекеге тұжырым жасадық, шынайы түрде бар процестер мен құбылыстардың графикалық құрлымын жасадық. Барлық іс-әрекеттер өткен және саяси идеялары жүзеге асқан кеңістік пен уақыттағы өркениеттің саяси тарихын зерттедік.

Ойымызды түйіндей келе, жаһандану үрдісі етек алған кезеңде бүлдіршіндерді жаңа заман талабына сай, ұлттық дәстүр негізінде тәрбиелеп, игі нәтижелерге жету жолында аянбай еңбек ету керек екендігіне көз жеткіздік десек болады. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет. Бабалардан мирас болып келе жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамызды жаңғырту мектеп табалдырығынан бастау алады. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап, жалғастыру біздің еншімізде. Жаңғыру жолында, Мәңгілік ел болып қалыптасуда ұрпаққа дұрыс тәрбие беру – ойландырып-толғандыратын өзекті мәселелердің бірі. Дүние есігін ашқан әрбір нәресте отбасында ата мен әженің, әке мен ананың, бауырлардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Әр отбасындағы тәрбие әртүрлі, бала өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары, үлкендердің өмір жолдары арқылы тәрбиеленеді. Ал, білім мен тәрбие беретін орындарда жаңашылдық пен заманауилықты ұштастыра отырып тәрбиелеуге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Ары қарай, өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бірізділік жүйе арқылы баланың өз көзқарасы, өзіндік «Мені» қалыптасып, қоршаған ортада жеке тұлға ретінде өз орнын табады. Мектепте дұрыс тәлім-тәрбие бере алсақ, саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына ұстаздардың сiңiрер еңбегi орасан. Сондықтан да сөзі түзу, еңсесі биік, рухы мықты ұрпақ тәрбиелеуде ықпалы зор мұғалім мамандығын ұлықтай білейік. Ұрпағымыздың тамырына нәр беретін мамандық екендігін естен шығармайық.

Болашақтың қақпасы – әрбір мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіннің қадамына ертеңге деген нық сенім, жүрегіне жалындаған патриоттық сезім ұялататын, білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс. Сол себепті, әр ұрпақтың бойына білім беру жүйесінде әр пәнді ұлттық құндылықтармен сабақтастыра отырып жүргізсек, келесі нәтижелерге жетеміз деп ойлаймыз. Олар, қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өзінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойын ашық айтатын ұрпақ.

Шын білімдінің зейін-зердесі кең, алыстан қарасаң – кербез, жақыннан қарасаң – кішіпейіл, жүзіне үңілсең – мейірімді, жанына үңілсең – шуақты көрінбек. Бүлдіршінге «Мың рет өсиет айтқаннан бір

рет өнеге көрсеткенің» артық екенін ұғынып, Елбасы салған сара жолдан таймай, аты өшпес халықтың ұрпағын тәрбиелеуге атсалысайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- \endash Піралиев С.Ж., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г.К., Нұрғалиева Д.А. *Ұлттық тәрбие: оқу құралы/ С.Ж. Піралиев, С.Т. Иманбаева, Р.К. Төлеубекова, ж.б. – Алматы, 2015. - 219б.*
- \endash Ұзақбаева С. *Қазақ халық педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: «Глобус» баспасы, 2013. -468б.*
- \endash Назарбаев Н. *Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. -255б.*
4. [Қазақстан республикасы президентінің ресми сайты. Кіру режимі:](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. - Атауы. экраннан. - (Өтініш берген күні: 12. 04. 2017).
- \endash «Білім туралы» *Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Литера, 2007. -96б.*
- \endash Табылды Ә. *Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: «Білім», 2004. -288б.*
- \endash <http://startinfo.kz/buisness/shahandany-ulttuk-masels/>
- \endash <https://apps.webofknowledge.com>
- \endash *Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті. Ғылыми мақалалар жинағы/ редкол.: Султанов К.С., Өмірбеков Б.Е., Самашев З.С., Ғабитов Т.Х., Өтегенов Ө.К. – Алматы: «Зият Пресс», 2004. - 160б.*

МРНТИ 14.23.07.

А.М. Утешкалиева.¹

¹ *п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы меңгерушісі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау, Қазақстан*

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

Андатпа

Қазіргі таңда елімізде білім беру мазмұнын жаңарту мәселесіне ерекше мән беріліп, бастауыш мектепте шетел тілін оқытудың негізгі тәсілдері мен ұстанымдары бастауыш сынып оқушыларының білім сапасына оң ықпал етуі басты міндеттердің бірі болып отыр.

Мақалада шетел тілін оқыту арқылы коммуникативті құзіреттілікті дамыту мәселесі, шетел тілін оқытудың ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері қарастырылған. Қазірден бастап бастауыш сыныпта оқушыларымызды заманауи үлгіде білімді, жан-жақты, шетел тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, ағылшын тілінде қатесіз еркін сөйлеу дағдыларын меңгерген тұлға етіп тәрбиелеп оқытуымыз негізгі міндетіміз екені айтылған.

Түйін сөздер: коммуникативтік құзіреттілік, шетел тілі, бастауыш мектеп, сөз, коммуникация.

Утешкалиева А.М.¹

¹ *к.п.н., и.о. ассоциированный профессор., заведующий кафедрой дошкольного и начального образования Атырауский государственный университет им. Х.Досмұхамедова Атырау, Казахстан*

ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ И ПРИНЦИПЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация

и настоящее время в нашей стране особое внимание уделяется вопросам обновления содержания образования, одним из главных задач является позитивное влияние основных подходов и принципов преподавания иностранного языка в начальной школе на качество образования младших школьников.

и статье рассматриваются вопросы развития коммуникативной компетенции через обучение иностранным языкам, принципы и методы обучения иностранному языку. Отныне наша основная обязанность - обучать наших учеников в современном классе, обучать их современным способом, способным выразить свою самооценку на иностранном языке, общаться с кем-либо, общаться, свободно говорить на английском.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, иностранный язык, начальная школа, слова, коммуникация

Uteshkaliyeva A.¹

¹ *candidate of pedagogical sciences, acting associate Professor, head of the Department of preschool and primary education, Atyrau state University. Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan*

BASIC APPROACHES AND PRINCIPLES OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING IN PRIMARY SCHOOL

Annatation

Currently, in our country, special attention is paid to the issues of updating the content of education, one of the main tasks is the positive impact of the basic approaches and principles of teaching a foreign language in primary school on the quality of education of younger students.

The article deals with the development of communicative competence through teaching foreign languages, principles and methods of teaching a foreign language. From now on, our main duty is to teach our students in a modern class, to teach them in a modern way, able to Express their self – esteem in a foreign language, to communicate with someone, to communicate, to speak English fluently.

Keywords: communicative competence, foreign language, primary school words, communication,

Қазіргі Қазақстандық қоғам көпұлттық, көптілділік және көпмәдинеттілік жағдайда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көп тілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру - өзекті мәселелердің бірі. Әлемдік білім беру жүйесі жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл ұстаным Қазақстан республикасының Білім туралы Заңында жан-жақты сипатталған: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» Тіл мәселесін сөзге тиек ете отырып, Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білу тиіс екендігін айтты. Сонымен қатар ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болатындығын ескерте отырып, барлық ата- аналарды

Көп жағдайда бұл мұғалімнің мінез-құлқы стилімен анықталады. Авторитарлық стильде тек өзара сенім атмосферасын ғана емес, сонымен қатар қуаныш сезімін, жайлылық сезімін, оң эмоцияларды (яғни, балаларға арналған тіл үйренудің басты қозғалтқышы). Демек, «оқыту» тонынан бас тарту керек, балалардың сөйлейтін серіктесі, көмекші және байланыс ұйымдастырушысы болу керек.

Мұғалімнің өзі басқа оқушылардың пікірлері мен балалардың қателіктеріне төзімді, өздерінің оқушыларының табысқа жетуіне және эмоционалдық қабілеттеріне таңдауы маңызды болып табылады. Сонымен қатар мұғалім сөздерді, сөз тіркестерін білуі маңызды (Ш.А. Амонашвили). Әрине, қарым-қатынасқа түсуге мұғалімнің дауысы мейірімді болуы, түр-әлпетінің ажарлы болуы шарт. Негізгі педагогикалық құралдар – күлімсіреу, сүйкімді көріністе болу, әр оқушыға деген мейірімділік көрсету [4].

Мәдениетаралық коммуникацияның жайлылығы мұғалімнің балалардың қателіктерін қалай қабылдағанына байланысты. Кішігірім оқушы ересек адамның өз қабілетіне деген сенімін және оның табысқа деген қуанышын білдіруге мұқтаж. Ол мұғалімнің көмегіне және оның оң бағалауын қажет етеді. Сондықтан қателіктерді өте нәзік түзетуге тура келеді, баланы қорлау емес, мысалы, сыпайы сауалнама, түсініктеме, түсінік (И.Л. Бим). Естеріңізге сала кетейік, мектеп оқушыларының ауызша мәлімдемесі, ең алдымен, өздерінің тілдік құзыреттілік қалыптасуына бақылау жасау объектісі ретінде ғана емес, басқалармен өзара түсіністікке бағытталған болуы керек. Сондықтан сіз мынадай жағдайлардан алшақ болу керек, «мұқият тыңдаңыз, ол дұрыс сөйлесе ме?» Ең бастысы, оқушы оған жаңа тілде сөйлесе отырып, қателіктен қорықпай сезінбейді және осы немесе осы коммуникативтік ниетті жүзеге асыру үшін қолында бар барлық құралдармен ұмтылады.

Сонымен қатар, шет тілін оқытын балалар, өздерінің ана тілін білетін балалар сияқты, дұрыс таңдаудан бас тартады. Себебі, коммуникативтік аспект бала үшін маңызды рөл атқарады: егер ол өз сөзін түсінетін болса, ол қателіктерді түзетуді қажет деп есептемейді [5].

Мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде балалар арасындағы өзара іс-қимылдың жайлылығы негізінен оқытудың әр түрлі ұйымдастырушылық формаларының қалай пайдаланылатынына байланысты. Жиі қолданылатын алдыңғы және жеке жұмыстармен қатар, оқу процесіне топтық, ұжымдық және жобалық жұмыс түрлерін белсенді енгізу қажет.

Қабылдау – қарапайым әдістемелік тәсіл. Шешуге бағытталған нақты міндеттер оқытудың белгілі бір кезеңінде практикалық сабақтар, мысалы, пәндердің аты бойынша суреттер, жазу қиын орфограмма тақтада, т. б. Қабылдау әдіске қарағанда, әдіс негізгі әдіснамалық санаттар иерархиясында екінші, жоғары саты ретінде қарастырылуы керек. Әдістің тұжырымдамасы, бір жағынан, белгілі бір оқу жағдайында шет тілін оқытудың және белгілі бір мәселені шешудің жалпыланған үлгісі ретінде ұсынылады, ал екінші жағынан, мұғалімге белгілі бір оқу проблемасын шешуге үйретудің әдісі ретінде таза практикалық түрде болуы мүмкін. Әдіс дәл сол әдістер мен жұмыс формаларын жүйелі түрде қайталау болған кезде дәл көрінеді. «Әдіс» және «қабылдау» ұғымдарының шекаралары өте мобильді және өзара өткізгіш. Мәселен, егер лингвистикалық материалмен жұмыс істеудің ерекше тәсілі болса, мысалы, мәтінді түсіндіріп, оқу процесінің негізін құрайтын болса, онда бұл әдіс оқыту әдісі болып табылады.

Бастауыш сыныптарда коммуникативті оқытуда білім беру – оқушының өзін ауызша (тыңдап түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға (оқу және жазбаша) тарту, яғни, оқылып жатқан тілде қарым-қатынасын қалыптастыру деген сөз. Бұл бағыт ағылшын тілін оқытуда заманауи оқулықтарда, қосымша құралдарда кеңінен қолданылып жүр. Осы коммуникативтік әдіс шетел тілін оқытудағы оқу-тәрбие үрдісінің барлық мақсат-міндеттерін қамтиды. Шындығында, тілді әлеуметтік құбылыс деп қарау оқытудың коммуникативтік бағытын алға шығарады. Тіл арқылы сөйлесіп үйрену, яғни, дыбыстық ауыз екі сөйлесу мен яғни, сөйлесудің жазбаша формасын жүзеге асырады. Осы коммуникативтік оқытуда мынадай ережелерді ұстанған дұрыс деп есептейміз. Оны мына төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте-1

Бастауыш мектепте шетел тілін оқыту процесінде іс-жүзінде қолданылып жүрген әдістер

Шетел тілін оқытудың әдістері		
Демонстрация	Түсіндіру	Жаттығулар
Ауызша, жазбаша жұмыс істеу, суреттер, фотосуреттер, карталар.	сөйлесу, сұрақ-жауап	жаңа сөздермен танысу

Демонстрация – ауызша және жазбаша шет тілінің жұмыс істеуін, сондай-ақ ауызша көрнекі

құралдарды пайдалануды көрсету, суреттер, фотосуреттер, фильм таспалары, шет тіліндегі мәтіні бар жеке карталар.

Жаттығу оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде басымдылық көрсетеді және сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру немесе жетілдіру мақсатында лингвистикалық (сөйлеу) әрекеттер немесе іс-әрекеттердің арнайы ұйымдастырылған жұмысы ретінде анықталады. Сабақта әртүрлі белсенді жаттығулардың таралуы оқушылардың шет тілдеріндегі үздіксіз тәжірибеге барлық қажетті жағдайларды жасайды.

Үшінші негізгі категория оқыту жүйесі - білім беру үдерісінің әмбебап үлгісі, материалды, мақсаттарды, нысандарды, мазмұнды және оқыту құралдарын таңдауды анықтайтын белгілі бір әдіснамалық тұжырымдамаға сәйкес келеді.

Негізгі әдістемелік категориялардың ұсынылған ұғымдарына байланысты «кеңірек қолданылатын терминдердің» мән-мағынасына «құрал» және «тәсіл» ретінде қарау керек.

Шетел тілін меңгеруде 2 түрлі құрал қолданылады:

– табиғи тіл ортасы болып табылатын негізгі құралдар;

– оқушылардың таныс тілін үйренудің табиғи ортасы

Бұған жаттығу құралдарынан бастап компьютерлерге дейін, бейне жабдықтар және т.б. жатады.

Көмекші оқу құралдарына оқушылар жиынтығы және мұғалім жиынтығы кіреді. Оқушының негізін – шет тілінің оқулығы. Бұдан басқа, фонограммалар да бар; фотограммалар (көрнекі құралдары); дидактикалық материалды (әріптер, сөздер, сандар және т.б.); сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған суреттердің альбомы; тілдік материалдарды оқып үйренуге арналған жаттығулар жиынтығы, сондай-ақ сөйлеу белсенділігінің тиісті түрлерін меңгеру; анықтамалық материалдар (грамматикалық, лексикалық және т.б.) және сөздіктер; үйге арналған кітаптар.

Мұғалімнің жинағының негізі оқу бағдарламасы – оқу-тәрбие үрдісін реттейтін және бағыттайтын негізгі құжат, мұғалім үшін кітап – оқу-әдістемелік нұсқауларын қамтитын оқу-әдістемелік нұсқаулық. Бұл сондай-ақ фонограммаларды қамтиды; фотограмм; бейнефонограммалар (теледидар, бейнемагнитофон, дыбыстық кинотеатр, компьютер); дидактикалық материалдарды тарату (әріптер, сандар, транскрипция белгілері, орысша-ағылшынша сөзбе-сөз кітабы, сұхбаттарды құрастыру үшін карталар, жағдайлар және т.б.); аймақтық географиялық материал; фонетика, лексика және грамматика пәндерін оқып үйренуге арналған қабырғалық үстелдер; сөйлеу дағдыларын дамыту үшін қабырғалық кескіндеме; зертханалық жұмыс, оның ішінде тілдік лабораторияларда немесе компьютерлік сыныпта сабақ өткізу үшін; сынақтар; әр түрлі іс-шараларды өткізудің ұтымды формалары мен әдістерін анықтайтын сыныптан тыс оқу ақысы, үздік педагогикалық тәжірибеге негізделген мысалдар келтіреді.

Келесі әдістемелік категория - бұл тәсіл. Егер әдіс оқу үрдісінің тактикалық үлгісі болса, онда бұл тәсіл шет тілін оқытудың стратегиясы ретінде қарастырылады. В.Г. Афанасьев жазған жүйелік тәсіл, жүйелі талдау, өзіндік ерекшелігі бар, ол ең алдымен орындалатын қызметтерінде көрінеді. Педагогикалық үдерістегі жүйелік сипаттың мәні, Б.Т. Лихачев атап өткендей, әр байланыстың құрылымының анықтығы: кәсіп, ұйымдастырылған қызмет түрі.

Г.Н. Серіковтің білім берудегі жүйелі көзқарасы бойынша, ол өзінің (білім беру) аспектісі, үдерістің субъектісі әрбір, құбылыс білім беру жүйесінің бір түрі ретінде қарастырған жөн – деді. Жүйелік тәсіл, бастауыш мектепте білім беру жүйесінде қолданылады.

Бастауыш мектепте шет тілді оқытудағы негізгі мақсат – шет тілді мәдениетаралық коммуникативті күзіреттілікті қалыптастыру және дамыту, және субъектісін қалыптастыру.

Шет тілі – қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары [6].

«Коммуникативтік күзіреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Оның заманауи моделі коммуникативтік-когнитивтік тәсілді қолдануға негізделген және оның басым міндеті коммуникативтік күзіреттілік бойынша бастауыш сынып оқушысын сөйлеуге және ауызша емес әрекеттерді коммуникация міндеттерін ұйымдастыруға қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Қорытындылай келе, шетел тілін үйретуде коммуникативтік күзіреттілікті қалыптастыру қазір заман талабы. Біз қазірден бастап бастауыш сыныпта оқушыларымызды заманауи үлгіде білімді, жан-

жақты, шетел тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, ағылшын тілінде қатесіз еркін сөйлеу дағдыларын меңгерген тұлға етіп тәрбиелеп оқытуымыз негізгі міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- \endash Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 17 қаңтар 2014ж.
- \endash *Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО.* - Париж, 2003. 38 с.
- \endash *2011-2020 ж арналған ҚР-да білім берудің мемлекеттік бағдарламасы 7 желтоқсан 2010ж.*
- \endash *Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан.* – Алматы: *Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана*, 2006г
- \endash *Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе.* - М.: Просвещение, 1988
- \endash *Пассов Е.И. «Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению»* М, 1991

МРНТИ 14.01.17

Кошербаев Р.Н.¹

Докторант института филологии и полиязычного образования КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

НАУЧНЫЕ ПОДХОДЫ К ИНТЕРПРЕТАЦИИ ПОНЯТИЙ «ИНТЕРКУЛЬТУРНОСТЬ», «КРОССКУЛЬТУРНОСТЬ» И «ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ РАЗНООБРАЗИЕ»

Аннотация

\endash статье рассматриваются проблемы интеркультурности, кросскультурности и этнокультурного разнообразия в современном социуме. Взаимовлияние и взаимодополняющая функция этих понятий позволяет автору статьи не только рассмотреть их смысловые различия и схожесть, но и исследовать их сквозь призму литературного образования. Вместе с тем, автор хочет показать их методологическую сущность. В современном мире они являются методологической основой многих наук, в том числе философии, лингвистики, лингводидактики, психологии и др.

Кросскультурный и интеркультурный подходы являются наиболее актуальным в описании языковых фактов как общая методологическая предпосылка научного знания. Это предполагает толерантные отношения этносов и создание благоприятных условий для развития их языковых систем. Однако недостаточность исследований литературных взаимовлияний через эти понятия, подчеркивает актуальность проблемы.

Ключевые слова: интеркультурность, кросскультурность, этнокультурное разнообразие, методология, полифония, взаимовлияния литератур

Р.Н. Кошербаев¹

Абай атындағы ҚазҰПУ Филология және көптілді білім беру институтының докторанты,

"ИНТЕРМӘДЕНИЕТТІЛІК", "КРОССМӘДЕНИЕТТІЛІК" ЖӘНЕ «ЭТНОМӘДЕНИ ӘРТҮРЛІЛІК» ҰҒЫМДАРЫН ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғамдағы интермәдениеттілік, кроссмәдениеттілік және этномәдени әртүрлілік мәселелері қарастырылады. Осы ұғымдардың өзара байланысы мен өзара толықтыратын функциясы мақала авторына олардың мағыналық айырмашылықтары мен ұқсастығын қарап қана қоймай, сонымен қатар оларды әдеби білім призмасы арқылы зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автор олардың әдіснамалық мәнін көрсеткісі келеді. Қазіргі әлемде олар көптеген ғылымның әдіснамалық негізі болып табылады, соның ішінде философия, лингвистика, лингводидактика, Психология т. б.

Кроссмәдени және интермәдениеттік тәсілдер ғылыми білімнің жалпы әдіснамалық алғышарты ретінде тілдік фактілерді сипаттауда ең өзекті болып табылады. Бұл этностардың толерантты қарым-қатынастарын және олардың тілдік жүйелерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді. Алайда, осы ұғымдар арқылы әдеби өзара қарым-қатынасты зерттеудің жеткіліксіздігі проблеманың өзектілігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: интермәдениеттілік, кроссмәдениеттілік, этномәдени әртүрлілік, әдіснама, полифония, әдебиеттің өзара байланысы

R. N. Kosherbayev¹

*Doctoral student, Institute of Philology and multilingual education at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

Abstract

The article deals with the problems of intercultural, cross-cultural and ethno-cultural diversity in modern society. Mutual influence and complementary function of these concepts allows the author not only to consider their semantic differences and similarity, but also to explore them through the prism of literary education. At the same time, the author wants to show their methodological essence. In the modern world, they are the methodological basis of many Sciences, including philosophy, linguistics, linguodidactics, psychology, etc.

Cross-cultural and intercultural approaches are the most relevant in the description of linguistic facts as a General methodological prerequisite of scientific knowledge. This implies tolerant relations of ethnic groups and creation of favorable conditions for the development of their language systems. However, the lack of research of literary interactions through these concepts emphasizes the relevance of the problem.

Keywords: interkulturell, crosscultural, diversity, methodology, polyphony, interaction literatures

Исключительная важность понятий «интеркультурность» и «кросскультурность» в том, что в современном мире они являются методологической основой многих наук, в том числе философии, лингвистики, лингводидактики, психологии и др. В тоже время следует констатировать, что являясь важнейшей составляющей мирного сосуществования разных народов и развития цивилизации в поликультурном социуме смысловой ряд этих понятий целесообразно дополнить понятием «этнокультурное разнообразие».

Взаимодополняющая функция этих понятий и их актуальность не вызывает сомнения. «На сегодняшний день мы больше не можем позволить себе относиться к этнокультурному разнообразию с пренебрежением или игнорировать его вовсе» - справедливо подчеркивается в исследованиях Афанасьевой Л.и соавторов [1]. Далее авторы мысли продолжают свои рассуждения более рельефно: «...однако, то, что многие как европейские, так и украинские города до сих пор не в состоянии полноценно воспользоваться преимуществами такого разнообразия, и даже сталкиваются с конфликтами в связи с отсутствием надлежащей интеграционной политики, остается фактом. Отсутствие надлежащей интеграционной политики в определенной степени обусловлено недооценкой культурного аспекта, недостаточным пониманием концепции этнокультурной интеграции: упрощенным или предвзятым пониманием культуры

разнообразия, достаточно «стандартным» подходом к интеграции, приводит к изоляции существующих культур, нищеты, отчуждения или конфликта... Примером того, где этнокультурное разнообразие есть норма и возможность для всех граждан на творческое самовыражение, является программа Совета Европы «Интеркультурные города».

Возникновению такого необычного программного документа способствовало развитие идей и практической реализации интеграции переселенцев, беженцев и национальных меньшинств города. Назначение программы выражено следующим образом: «В основе положения о межкультурном городе лежит переосмысление и реформатирование важных, но отчасти ежедневных, функций города с межкультурной точки зрения с тем, чтобы обеспечить одинаковые услуги гражданам, независимо от их культурного происхождения».

основу концепции интеркультурных городов положена Интеркультурная компетенция.. Участвующие в проекте люди, обмениваясь опытом, учатся как реагировать на вызовы, связанные с разобщённостью в обществе на примере как собственного города, так и на основе полученного обмена опытом. Наличие позитивных и негативных факторов позволяет выработать общую стратегию поведения для достижения цели по объединению граждан [2]. Ограничимся этой констатацией, ибо, это тема отдельного научного исследования.

Итак, в треугольнике рассматриваемых понятий научный интерес вызывает понятие «интеркультурность». С ним связаны достаточно весомые интерпретации. Например, образовательный феномен. На современном этапе актуально говорить и исследовать интеркультурное образование как аналог поликультурного образования. Именно эти понятия стали насущной потребностью и важнейшим фактором устойчивого развития стран в условиях формирующегося глобального геополитического пространства. Одним словом, интеркультурность имеет множество научно-обоснованных выходов. Во множестве этих «выходов» значительным является межкультурная коммуникация. В общем понятийном смысле, по мнению Федорова, межкультурная коммуникация выражает особенности человеческой деятельности и человеческих взаимоотношений с точки зрения культурных процессов [3]. Е. М. Верещагин

В. Г. Костомаров, исследуя языковую специфику, определяют межкультурную коммуникацию как адекватное взаимопонимание двух участников коммуникативного акта, принадлежащих к разным национальным культурам [4]. Литературные основания интеркультурности находят интересную интерпретацию в трудах У. Шенинга. Акцентируя внимание на морфологических свойствах понятия интеркультурности, ученый подчеркивает тенденции литературного образования, связанные с разными цивилизациями, по крайней мере с двумя [5].

Термин «кросскультурность» пришел к нам в 19 веке и означает в переводе с английского языка «пересечение». Прошло много времени, прежде чем он был востребован в американской философии, затем психологии. Анализ соответствующей литературы свидетельствует, что некоторые исследователи склонны считать, что кросскультурный подход является наиболее актуальным в описании языковых фактов как общая методологическая предпосылка научного знания. Этот подход предполагает толерантные отношения этносов и создание благоприятных условий для развития языковых систем.

Вместе с тем, практически отсутствуют кросскультурные исследования в *литературе*. Однако, как справедливо отмечает Б. Л. Губман, «вся совокупность проблем, волнующих сегодня человечество, настоятельно вызывает к осознанию роли общегуманистических ценностей, на базе которых герменевтический разум призван воссоздавать и переосмысливать культурно-исторический процесс, современную ситуацию и рисовать возможные контуры грядущего» [6].

Согласно этой точке зрения, мощные литературные взаимосвязи народов, воспитывающий потенциал литературных произведений представляют фундамент, на котором можно развить кросскультурные компетенции, необходимые современному человеку.

целом, нужно отметить, общенаучной основой исследования литературной парадигмы личности в поликультурном образовании в настоящее время выступают философские концепции культуры, лингвистические теории о соотношении языка, менталитета и литературы и культуры.

Кросскультурные основания философии открывают новые перспективы для философской деятельности вообще и, в частности, для понимания своеобразия национальных философских культур, выяснения их роли в развитии и становлении полилогического способа осмысления действительности.

Следует отметить, что во многих исследованиях превалирует мысль о том, что кросскультурность в философии – это полифонический процесс, стремящийся к гармонии сосуществования различных «голосов» и с постоянным стремлением понять чужое мнение. В философии такая позиция восходит к

лингвофилософским воззрениям М.М. Бахтина, считавшего диалогическое сознание и слово залогом существования и развития культуры [7].

Чрезвычайно актуально понимание важности кросскультурного взаимодействия в условиях сегодняшней казахстанской действительности с ее этнокультурным разнообразием. Людям, живущим в многонациональном, мультикультурном обществе, необходимо не просто осознавать ценность литературы к культуре разных народов страны, но и строить свое взаимодействие, руководствуясь кросскультурными плюралистическими предпосылками, а также учиться пониманию «чужих» ценностей через литературные взаимосвязи,

На наш взгляд, к литературному образованию, в ее рассмотрении через понятие кросскультурности, наиболее близка лингвокультурология. Вместе с тем, следует отличать понятие кросскультурности от понятий лингвокультурология и межкультурная коммуникация, которые возникли в рамках антропоцентрической парадигмы в лингвистике. Предметом лингвокультурологии являются язык и культура, находящиеся в диалоге, взаимодействии между собой.

Таким образом, кросскультурность представляет собой не только и не столько инструмент или метод познания действительности, но прежде всего кросскультурность рассматривается нами как новый способ мировосприятия, мироотношения и формирующийся на этом основании новый подход к образованию, что проявляется в кросскультурных тенденциях развития литературы.

Наконец, нужно сказать о том, что новые требования в поликультурной системе образования предполагают высокий уровень профессионализма педагогов, который в том числе определяется составляющими его *кросскультурной компетенции*. Компетентностный подход в образовании предполагает, что в процессе осуществления профессиональной подготовки педагога образовательного организации необходимо формировать профессиональную компетентность, который является структурным компонентом профессионального сознания личности.

Итак, резюмируя рассуждения в рамках исследуемого вопроса, следует подтвердить существующие точки зрения: новый опыт мировидения, связанный с современными процессами глобализации и интернационализации, ставит культурные смыслы и символы всех эпох и народов в состояние бесконечного кросскультурного диалога-полилога. Преодоление этноцентризма в современном плюралистическом мире становится жизненно важным. «Глобальный мир необходимо созидать в диалоге цивилизаций как общее пространство многогранной духовности – всегда открытое и вечно совершенствующееся в процессе понимания другого» [8].

Список использованной литературы:

- \endash Афанасьева Л и др. *Интеркультурность как успешная модель развития поликультурного городского сообщества.- Українознавчий альманах, Вип. 18, – С. 13-17., – Л., 2017.*
- \endash Hil Wood, Charles Landry: *The intercultural city: planning for diversity advantage.* Earthscan 2008
- \endash Федоров А. А. *Введение в теорию и историю культуры: словарь.* – М.: Флинта: МПСИ, 2005, – С. 148)
- \endash Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. *Язык и культура, 1990, – 246 с*
- \endash Шенинг У. *Культура и интеркультурность. Направления и тенденции современного литературоведения // Литературоведение как наука. Теория литературы. Литературная критика, 2004. 04.01, с.7-12*
- \endash Губман Б.Л. *Западная философия культуры XX века.* – Тверь: ЛЕАН, 1997. – 287 с.
- \endash Бахтин М.М. *Автор и герой.* – СПб.: Азбука, 2000. – 336 с.
- \endash Алиева Н.Н. *Лингвокультурология, межкультурная коммуникация и кросскультурная лингвистика*
– Дагестан, 2010
